И. СТАЛИН

ШЫҒАРМАЛАР

3

БҮКІЛОДАҚТЫҚ КОММУНИСТ
(большевиктер) ПАРТИЯСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ БОЙЫНША
БАСЫЛЫП ОТЫР

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

ИНСТИТУТ МАРКСА—ЭНГЕЛЬСА—ЛЕНИНА
при ЦК ВКП(б)

И. В. СТАЛИН

СОЧИНЕНИЯ

ОГИЗ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ
Москва · 1946

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

МАРКС—ЭНГЕЛЬС—ЛЕНИН ИНСТИТУТЫНЫҢ
ҚАЗАҚ ФИЛИАЛЫ

И. В. СТАЛИН

ШЫҒАРМАЛАР

★

ҚАЗАҚТЫҢ БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
Алматы · 1948

Қазақша аудармасын
КК(б)П Орталық Комитетінің
редакциялық комиссиясы қараған
КК(б)П Орталық Комитеті ұнатқан

И. В. СТАЛИН

3
ТОМ
1917
МАРТ – ОКТЯБРЬ

АЛҒЫСӨЗ

Үшінші томға И. В. Сталиннің 1917 жылғы Ұлы Октябрь социалистік революциясына әзірлік дәуірінде жазылған негізгі шығармалары еніп отыр.

1917 жылы И. В. Сталин, В. И. Ленинмен берік қол ұстаса отырып, большевиктер партиясына және мемлекеттік өкіметті жеңіп алу жолында күрескен жұмысшы табына басшылық етті.

И. В. Сталиннің үшінші томда басылған шығармаларында едәуір орын алып отырған мәселелер: июнь және июль демонстрациялары кезінде, Петроградтың аудандық және қалалық думаларын сайлау кезінде («Петроградтың барлық еңбекшілеріне, барлық жұмысшылары мен солдаттарына» деген үндеулер, «Бытыраңқы демонстрацияларға қарсы», «Муниципалдық науқан», «Не болды?», «Саптарыңды нығайтыңдар», «Бүгін сайлау» деген мақалалар, т. б.), Корниловтың контрреволюциялық әрекетін талқандау кезінде («Біз талап етеміз», «Заговор әлі тоқталған жоқ», «Шетелдіктер және Корниловтың заговоры», т. б.) және 1917 жылғы сентябрь — октябрь айларындағы қарулы көтеріліске тікелей әзірлену кезінде («Демократиялық ке-

қес жөнінде», «Екі бағыт», «Күтерсіздер — күдер үзерсіздер...», «Контрреволюция күш жыйнауда, — тойтарыс беруге әзірленіңдер», «Бұғау соғып жатыр», «Сұрқыялық емтиханы», т. б.) бұқараға большевикше басшылық ету мәселелері.

Томдағы бірқатар шығармалар Советтерді бұқараны ұйымдастырушы органдардан көтеріліс органдарына, пролетарлық өкімет органдарына айналдыру жолында партияның күрес жүргізу мәселелеріне арналған (РСДЖП(б) Петроградтық ұйымының төтенше конференциясында және большевиктер партиясының VI съезінде жасалған баяндамалар, «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!», «Советтер өкіметі», «Революцияның штрейкбрехерлері», «Біз не істеуіміз керек?» деген мақалалар).

И. В. Сталиннің осы томда басылған мақалаларының көпшілігі «Октябрь жолында» деген кітапта жарияланған; бұл кітап 1925 жылы екі рет басылып шықты. Бірінші рет бұл мақалалар большевиктер партиясының Орталық Органы — «Правда» газетінде, «Пролетарий», «Рабочий», «Рабочий Путь» деген атпен де шығып тұрған осы органда және «Солдатская Правда», «Пролетарское Дело», «Рабочий и Солдат» және басқа большевиктік газеттерде басылды.

БК(б)П Орталық Комитеті жанындағы
Маркс—Энгельс—Ленин Институты

1917

МАРТ – ОКТЯБРЬ

ЖҰМЫСШЫ ЖӘНЕ СОЛДАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ СОВЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

Орыс революциясының күймесі жай оғындай зымырап ілгері ағуда. Революцияшыл күрескерлердің отрядтары барлық жерде де өсіп, ұлғаюда. Ескі өкіметтің тіректері түбірінен әлсіреп, құлай бастады. Петроград кәзірде де, ежелгісіндей, алда келеді. Ұлан-байтақ провинция, ауық-ауық сүріне басып, Петроградтың соңынан ілесіп келеді.

Ескі өкіметтің күштері құлауда, бірақ бұлар әлі біржолата құртылған жоқ. Ол күштер тек жасырына қойып, бас көтерерлік, сөйтіп еркін Россияға тарпа бассаларлық қолайлы кезеңді күтіп отыр. Айналаға көз салыңызшы, сонда сіз қараниет күштердің қаскүнемдік жұмысы үздіксіз жүргізіліп жатқанын көресіз...

Ескі күштерді біржолата құртып, провинциямен бірге орыс революциясын бұдан да ілгері бастыру үшін, жеңіп алған праволардан айрылмау керек, — астана пролетариатының кезектегі міндеті міне осы болуға тиіс.

Бірақ мұны қалай істеуге болады?

Бұл үшін не қажет?

Ескі өкіметті қыйрату үшін көтеріліс жасаған жұ-

мысшылар мен солдаттардың уақытша одағының өзі жеткілікті болды. Өйткені орыс революциясының күші — жұмысшылардың және солдат шинелін киген шаруалардың одағында екендігі өзінен өзі айқын.

Бірақ қол жеткен праволарды сақтап, революцияны бұдан былай да үдету үшін — жұмысшылар мен солдаттардың бір ғана уақытша одағының өзі мүлде жеткіліксіз.

Ол үшін бұл одақты саналы және берік одақ, ұзақ уақыттық және тұрақты одақ ету керек, тұрақты еткенде контрреволюцияның провокаторлық әрекеттеріне төтеп берерлік дәрежеде мейлінше тұрақты ету керек. Өйткені орыс революциясының түпкілікті жеңісіне кепіл болатын нәрсе — революцияшыл жұмысшы мен революцияшыл солдаттың одағын нығайту екені жұрттың бәріне мәлім.

Бұл одақтың органдары — жұмысшы және солдат депутаттарының Советтері болып табылады.

Осы Советтер неғұрлым тығыз топтасқан болса, неғұрлым берік ұйымдасқан болса, олардың еркіндегі революцияшыл халықтың революциялық өкіметі соғұрлым мықты болады. Контрреволюцияға қарсы қолданылатын шаралар соғұрлым жүзеге асқыш келеді.

Осы Советтерді нығайту керек, оларды барлық жерлерде орнату керек, халықтың революциялық өкіметінің органы ретіндегі, жұмысшы және солдат депутаттарының орталық Советін басшы етіп осы Советтерді өзара бірімен бірін байланыстыру керек, — революцияшыл социал-демократтар міне осы бағытта жұмыс істеуге тиіс.

Жұмысшылар! Өз саптарыңды берік нығайтып,

Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының төңрегіне топтасыңдар!

Шаруалар! Шаруа одақтарына ұйымдасып, орыс революциясының көсемі болып табылатын революцияшыл пролетариаттың төңрегіне топтасыңдар!

Солдаттар! Өз одақтарыңа ұйымдасып, орыстың революцияшыл армиясының бірден-бір сенімді одақтасы болып табылатын орыс халқының төңрегіне жыйналыңдар!

Жұмысшылар, шаруалар, солдаттар! Барлық жерлерде, Россиядағы революцияшыл күштердің одағы мен өкіметінің органдары болып табылатын жұмысшы және солдат депутаттарының Советтеріне бірігіңдер!

Ескі Россиядағы қаскүнем күштерді толық жеңудің кілті міне осында.

Орыс халқының: жер — шаруаларға берілсін, еңбек қорғау ісі — жұмысшыларға берілсін, Россияның барлық азаматтарына — демократиялық республика берілсін! — деген негізгі талаптарын жүзеге асырудың кілті де міне осында.

„Правда" № 8,
14 март, 1917 ж.
Қол қойған: К. Сталин

СОҒЫС ТУРАЛЫ

Таяуда генерал Корнилов Петроградтағы жұмысшы және солдат депутаттарының Советіне немістердің Россияға шабуыл жасағалы жатқанын мәлімдеді.

Осы ретте Родзянко мен Гучков армия мен халықты ақырына дейінгі соғысқа әзірленуге шақырды.

Ал буржуазиялық баспасөз: «Бостандыққа қауіп төнді, жасасын соғыс!» деп дабыл қақты. Оның бер жағында революцияшыл орыс демократиясының бір бөлегі де осы дабылға көтермеші болды...

Дабыл қаққандарға құлақ ассаң, Россияда 1792 жылғы Франциядағыға ұқсас жағдайлар туған екен деп ойлауға болады; ол кезде орталық және шығыс Европаның реакцияшыл корольдары ескі тәртіптерді қайта орнату мақсатымен республикалық Францияға қарсы одақ жасасқан болатын.

Егер Россияның қазіргі халықаралық жағдайы шынында да 1792 жылғы Францияның жағдайына ұқсас болса, егер контрреволюцияшыл корольдардың ерекше коалициясы бізге қарсы аттанып, Россияда ескі өкіметті қайта орнатуды ерекше мақсат еткен болса, — онда, күмән жоқ, социал-демократия, сол кездегі

Франция революционерлері сыяқты, бәрі бір кісідей бостандықты жақтап жауға қарсы шығар еді. Өйткені қан төгіп барып қол жеткен бостандықты әйтеуір бір жерден шыққан контрреволюциялық қастық атаулының бәрінен де қару жұмсап қорғау керек екендігі өзінен өзі айқын.

Бірақ істің жайы шынында да осылай ма?

1792 жылғы соғыс Франциядағы революция өртінен үрейленген тежеусіз крепостник корольдардың республикалық Францияға қарсы жүргізген династиялық соғысы еді. Соғыстың мақсаты осы өртті сөндіріп, Францияда ескі тәртіптерді қайта орнату, сөйтіп үрейі ұшқан корольдарды олардың өз мемлекеттерінде революциялық індеттің тарауынан қауіпсіз ету еді. Дәл сондықтан да Франция революционерлері корольдардың әскерлеріне қарсы нағыз жанқиярлық ерлікпен күресті.

Ал қазіргі соғыс олай емес. Қазіргі соғыс — империалистік соғыс. Оның негізгі мақсаты — бөтен елдердің жерлерін, әсіресе аграрлық жерлерді капиталистік жағынан есейген мемлекеттердің басып алуын (аннексиялауын) көздейді. Соңғыларға зат өткізетін жаңа рыноктер керек, сол рыноктерге апаратын қолайлы жолдар керек, шикізат, минералдық байлықтар керек, сондықтан олар, басып алынатын елдің ішкі тәртіптеріне қарамай-ақ, өздерінің керектерін барлық жерден алуға тырысады.

Міне сондықтан да қазіргі соғыс, тегінде, басып алынатын жерде ескі тәртіптерді қайта орнату мағнасында оның ішкі істеріне сөзсіз қол сұғуға әкеліп соқпақшы емес, олай ете алмайды да.

Дәл сондықтан да Россиядағы қазіргі жағдайда:

«Бостандыққа қауіп төнді, жасасын соғыс!» деп жарсалып, дабыл қағудың ешбір қыйсыны жоқ.

Россиядағы қәзіргі жағдай, одан гөрі, 1914 жылғы Францияның, соғыс басталар кездегі Францияның жағдайына, Германия мен Францияның арасындағы соғыстың сөзсіз болатындығы анықталған кездегі жағдайға ұқсайды.

Қәзір Россиядағы буржуазиялық баспасөздегілер қалай дабыл қақса, ол кезде Францияның буржуазиялық лагеріндегілер де: «Республикаға қауіп төнді, немістерді соғыңдар!» деп дабыл қаққан болатын.

Ол кезде осы дабыл Францияда талай-талай социалистерді де (Гед, Самба және басқаларды) еліктіріп әкеткен болса, қәзірде де Россияда біртaлай социалистер «революциялық қорғаныстың» буржуазиялық жаршыларының ізімен кетіп отыр.

Франциядағы оқыйғалардын одан кейінгі барысы дабылдың жалған дабыл екенін, ал бостандық пен республика туралы айқайлар Эльзас-Лотарингия мен Вестфалияны басып алуға талпынған француз империалистерінің шын ниеттерін бүркеген айқайлар екендігін көрсетті.

Россиядағы оқыйғалардың барысы да «бостандыққа қауіп төнді» деген шектен тыс айқайлардың мейлінше жалған екендігін көрсететіндігіне біз әбден сенеміз: «патриоттық» сағым ыдырайды да, орыс империалистерінің... бұғаздарды, Персияны көксеген шын ниеттерін жұрт өз көздерімен көреді...

Гедтің, Самбаның және басқаларының қылықтары жөнінде Циммервальд мен Кинтальда соғысқа қарсы өткізілген социалистік конгрестердің[1] (1915 — 1916

жылдар) белгілі қарарларында лайықты және орынды баға берілді.

Одан кейінгі оқыйғалар Циммервальд — Кинталь қағыйдаларының мейлінше дұрыс және нәтижелі екендігін растады.

Жексұрын патшалық режимді құлата білген революцияшыл орыс демократиясы, Гедтің — Самбаның қателерін қайталап, империалистік буржуазияның жалған дабылынан қаймығып қалса, тымреніштi болар еді...

Жүргізіліп жатқан соғысқа біздің, партия ретінде, көзқарасымыз қандай болуға тиіс?

Соғысты тез арада тоқтатқыза алатын практикалық жолдар қайсы?

Ең алдымен, «жойылсын соғыс!» деген жалаң ұранның, практикалық жол ретінде, мүлде жарамсыз екендігі күмәнсіз, өйткені бұл ұран жалпылама бейбітшілік идеяларын насихаттаудан ары аспайды, сондықтан соғысушы күштерге соғысты тоқтату мақсатымен практикалық ықпал жасау жөнінде ешқандай нәтиже бермейді, бере алмайды да.

Сонсын. Петроградтағы жұмысшы және солдат депутаттары Советінің: өз үкіметтеріңе қырғын соғысты тоқтаттырыңдар деп, бүкіл дүние жүзінің халықтарын шақырған кешегі үндеуін құттықтамауға болмайды. Бұл үндеу, егер қалың бұқараға жететін болса, жүздеген, мыңдаған жұмысшыларды ұмытылған ұранға — «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ұранға қайтаратыны күмәнсіз. Әйткенмен, бұл үндеудің сонда да тікелей мақсатқа жеткізбейтіндігін ескертпеуге болмайды. Өйткені, бұл үндеу соғысушы державалардың халықтарының арасында тіп-

ті кеңінен тарайды дегеннің өзінде де, қазіргі соғыстың жыртқыштық сыйпаты мен басқыншылық мақсаттарын әліде ұғынбаған ол халықтар мұндай шақыруға ере алады деп ұйғару қыйын. Үндеу «сұмдық қырғынды тоқтату» ісін алдын ала Германиядағы «жартылай самодержавиелік тәртіпті» құлату ісіне байланысты етеді, сондықтан бұл үндеу «сұмдық қырғынды тоқтату» ісін шындығында белгісіз мерзімге қалдырып отырғандығын, сөйтіп «ақырына дейінгі соғысты» жақтайтын көзқарасқа ауып кеткендігін айтпасақ та болады, өйткені герман халқының «жартылай самодержавиелік тәртіпті» дәл қай кезде құлата алатындығы және оның сірә таяу арада сәті түсе ме, жоқ па, ол жағы мәлімсіз...

Ал бұдан шығар жол қайсы?

Ол жол — дереу бітім жөнінде келіссөздер жүргізуге өзінің рыйзалығын білдіруін талап етіп, Уақытша үкіметке қысым жасау жолы.

Жұмысшылар, солдаттар және шаруалар митингілер мен демонстрациялар жасауға тиіс, олар Уақытша үкіметтен мынаны талап етуге тиіс: ол **барлық соғысушы державаларды ұлттардың өзін өзі билеу праволарын мойындау негізінде дереу бітім келіссөздеріне кірісуге көндіруді көздеп, ашықтан ашық, жарыя түрде өз пікірін айтатын болсын.**

Тек сонда ғана «жойылсын соғыс!» деген ұран мазмұнсыз ұранға, ешбір мағнасы жоқ пацифизмге айналудан аман қалады, тек сонда ғана ол ұран империалистердің бетпердесін жұлып алатын, сөйтіп қазіргі соғыстың шын сырын әшкерелейтін қуатты саяси науқанға айналады.

Өйткені, соғысушылардың бір жағы белгілі шарт-

гар бойынша келіссөздер жүргізуден тіпті бастартады дегеннің өзінде де, тіпті осы бастартудың өзі, яғни басқыншылық талаптардан безгісі келмеушіліктің өзі, объективтік жағынан алғанда, «сұмдық қырғынды» жою ісін тездететін құрал болып шығады, неге десеңіз халықтар мұндай жағдайда соғыстың басқыншылық сыйпатын және империалистік топтардың қан жұққан бет бейнесін, сол империалистердің озбырлық мүдделеріне бола халықтар өз ұлдарының өмірін құрбан етіп отырғандығын өз көздерімен көреді.

Ал империалистердің бетпердесін жұлып тастау, бұқараның көз алдында кәзіргі соғыстың шын сырын әшкерелеу, — міне соғысқа қарсы нағыз соғыс жариялау, кәзіргі соғысты мүмкін емес нәрсе ету дегеніміздің мәнісі дәл осы.

„Правда" № 10,
16 март, 1917 ж.
Қол қойған: К. Сталин

МИНИСТРЛІК ПОРТФЕЛЬДЕРГЕ ЖЕТУ ЖОЛЫНДА

Таяуда баспасөзде «Бірлік»[3] тобының: Уақытша үкімет туралы, соғыс туралы және бірігу туралы қарары шықты.

Бұл топ — плехановшыл-бурьяновшыл, «қорғампаздық» топ.

Бұл топқа мінездеме беру үшін төмендегіні білсек те болады; оның пікірінше:

1) «Уақытша үкіметтің әрекеттерін қажетті түрде демократиялық жолмен бақылау ісі жұмысшы демократиясының Уақытша үкіметке қатысуы арқылы аса жақсы жүзеге асырылады»;

2) «Пролетариат», былайша айтқанда, «Европаны австрия-герман қаупінен азат ету үшін соғысты созуға мәжбүр болады».

Қысқасы: жұмысшы мырзалар, Гучковтың — Милюковтың Уақытша үкіметіне кепілдік адамдарыңды беріңдер, сөйтіп... Константинопольды басып алу үшін соғысты созуға марқабат етіңдер!

Плехановшыл-бурьяновшыл топтың ұраны міне осы.

Осыдан кейін де бұл топтың Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясын өзімен бірігуге шақыруға батылы барып отыр-ау!

Россиялық социал-демократиялық жұмысшы пар-

тиясы қорғампаздықты да, кәзіргі үкіметке, тіпті уақытшасының өзіне (мұны **революцияшыл** Уақытша үкіметпен шатастырмау керек!) қатысуды да теріс деп білетін Циммервальд — Кинталь қарарларын жақтайтындығын құрметті «Бірлік» тобы ұмытып отыр.

Циммервальд — Кинталь дегеніміз Гедті — Самбаны теріске шығару екенін және, керісінше, Гучковпен— Милюковпен бірігу дегеннің өзі Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясымен бір болуды мүмкін етпейтіндігін бұл топ байқамай отыр...

Бұл топ Либкнехт Шейдеманмен көптен бері бір партияда тұрмайтынын және тұра алмайтынын аңғармады...

Жоқ, мырзалар, сіздер бірігуге шақырғанда сөз салатын жерлеріңізді білмей отырсыздар!

Әрине, министрлік портфельдерге жетуге болар, Милюковпен — Гучковпен... «соғысты созуды» және басқасын көздеп бірігуге де болар, мұның бәрі — әркімнің өз қалауында, бірақ бұл арада Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының не орны бар және онымен бірігудің не қыйсыны бар?

Жоқ, мырзалар, аулақ жүріңіздер.

„Правда“ № 11,
17 март, 1917 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ЖЕҢІС ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ

Революция ілгерілеуде. Петроградта қаулап шыққан революция, бірте-бірте бүкіл ұлан-байтақ Россияны қамтый отырып, провинцияға жайылуда. Ол ол ма. Саяси мәселелерден ол әлеуметтік мәселелерге, жұмысшылар мен шаруалардың тұрмысын түзеу мәселелеріне сөзсіз көшуде, сөйтіп қазіргі кризисті ұластырып, шиеленістіре түсуде.

Осының бәрі қожалы Россиядағы белгілі топтардың арасында қауіп тудырмай қоймайды. Патшашыл-помещиктік реакция бас көтере бастады. Империалистік билеушілер дабыл қағуда. Финансистік буржуазия контрреволюцияны бірлесіп ұйымдастыру үшін күні санаулы феодалдық аристократияға қол созуда. Бүгінше олар әлі осал және батылсыз, бірақ ертеңгі күні олар нығайып алып, революцияға қарсы жұмылуы мүмкін. Қалай деген күнде де олар өздерінің қаскүнемдік жұмысын тынымсыз жүргізіп, халықтың барлық топтарының арасында, оның ішінде армияда да күш жыйнап жатыр...

Бас көтере бастаған контрреволюцияны қалай ауыздықтау керек?

Орыс революциясының жеңісі үшін қажетті шарттар қандай?

Біздің революцияның өзгешеліктерінің бірі — оның базасы осы күнге дейін Петроград болып отыр. Тартыстар мен атыстар, баррикадалар мен құрбандықтар, күрес пен жеңіс, көбінесе, Петроградта және оның маңайында болды (Кронштадт және басқалары). Провинция жеңістің жемістерін қабыл алып, Уақытша үкіметке сенім білдірумен тынды.

Осы фактының бір көрінісі қосөкімет болды, өкімет билігінің Уақытша үкімет пен жұмысшы және солдат депутаттарының Петроградтық Советінің арасында іс жүзінде екіге бөлінуі болды; осының өзі контрреволюцияның жалдамаларының тыншын кетіріп жүр. Жұмысшы және солдат депутаттарының Петроградтық Советі жұмысшылар мен солдаттардың революциялық күресінің органы ретінде, ал Уақытша үкімет революцияның «ұшқарылықтарынан» шошыған баяу буржуазияның — провинция енжарлығын өзіне медеу еткен буржуазияның органы ретінде өмір сүріп отыр, — жағдай осылай.

Революцияның әлсіздігі осында, өйткені мұндай хал-жағдай провинцияның астанадан шалғайлығын, бұлардың арасында байланыстың жоқтығын нығайта түседі.

Бірақ революция өріс алған сайын провинция да революцияшылданып келеді. Жер-жерлерде жұмысшы депутаттарының Советтері ұйымдастырылуда. Шаруалар қозғалысқа қатыстырылып, өз одақтарына ұйымдасуда. Армия демократияшылданып, жер-жерлерде солдаттардың одақтары ұйымдастырылуда. Провинцияның енжарлығы келмеске кете бастады.

Осы себептен Уақытша үкіметтің іргесі солқылдап отыр.

Сонымен қатар жұмысшы депутаттарының Петроградтық Советі де жаңа жағдайда жеткіліксіз бола бастап отыр.

Астаналық демократия мен провинциялық демократияны біртұтас етіп біріктірерлік, сөйтіп керекті кезеңінде халықтың революциялық күрес органынан халықтың барлық жігерлі күштерін контрреволюцияға қарсы жұмылдыратын революциялық өкімет органына айналарлық беделі бар, бүкіл россиялық демократияның революциялық күресін басқаратын жалпыроссиялық орган қажет.

Жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Бүкілроссиялық Советі ғана осындай орган бола алады.

Орыс революциясының жеңісінің бірінші шарты міне осы.

Сонсың. Өмірдегі барша нәрсе секілді, соғыстың жаман жақтарымен қатар мынадай жақсы жағы да бар: соғыс, Россияның бүкіл ересек халқын түгелінен дерлік мобилизациялай отырып, армияны рух жағынан халықтық армия етті, сөйтіп солдаттарды көтеріліс жасаған жұмысшылармен біріктіру ісін оңайлатты. Бізде революцияның едәуір оңайлықпен бұрқ етіп шығып, жеңген себебі міне дәл осы.

Бірақ армия дегеніңіз жылжымалы, ауыспалы келеді, оның басты себебі — соғыстың талаптарына сәйкес ол үнемі бір орыннан екінші орынға ауысып отырады. Армия, революцияны контрреволюциядан қорғарлықтай, бір орында өмір бойы тұра алмайды. Сондықтан басқа қарулы күш керек, революциялық қозғалыстың орталықтарымен табиғи түрде байланысқан қарулы жу-

мысшылардың армиясы керек. Егер революция өзіне қызмет істеуге әрқашанда дайын тұратын қарулы күштің көмегінсіз жеңе алмайды деген қағыйда дұрыс болса, онда революция мүдделерімен тығыз байланысқан өзінің меншікті жұмысшы гвардиясынсыз біздің революцияның да күні жоқ.

Жұмысшыларды дереу қаруландыру керек, жұмысшы гвардиясын жасау керек — революция жеңісінің екінші шарты міне осы.

Революциялық қозғалыстардың, мәселен, Франциядағы қозғалыстардың, өзгешелігін сыйпаттайтын мынадай күмәнсіз факты бар: ондағы уақытша үкіметтер әдетте баррикадалардың басында құрылып отырды, сондықтан олар революцияшыл болды, қалай деген күнде де олардың өздері кейіннен шақырған құрылтай жыйналыстарынан гөрі революцияшыл еді, өйткені құрылтай жыйналыстары әдетте ел «тыншыған» соң барып шақырылатын. Анығында дәл осыны ескере отырып, сол кездердегі аса тәжрибелі революционерлер революцияшыл үкімет арқылы өз программасын құрылтай жыйналысының шақырылуынан едәуір бұрын жүзеге асыруға, құрылтай жыйналысын шақыруды кешеуілдете беруге тырысатын еді. Осы арқылы олар құрылтай жыйналысының алдына жүзеге асырылып қойған реформаларды ұсынуды көздеді.

Біздегі жағдай олай емес. Біздегі Уақытша үкімет баррикадалардың басында емес, баррикадалардың маңында құрылды. Сондықтан да ол революцияшыл үкімет емес, — оның өзі тек аяққа оралып, шалынысып, революцияның соңында салпақтап жүр. Егер революцияның бірте-бірте ұласып, 8 сағаттық жұмыс күні туралы, жерді конфискациялау туралы әлеуметтік ма-

селелерді ұсынып отырғанын және провинцияны революцияшылдандыра түскенін еске алсақ, — онда болашақ Бүкілхалықтық құрылтай жыйналысы үшінші июньдегі Дума сайлаған кәзіргі Уақытша үкіметтен әлдеқайда демократияшыл болады деп кесіп айтуға болады.

Сонымен бірге: революцияның құлаш жаюынан шошыған және империалистік тенденциялар сүйегіне сіңген Уақытша үкімет, белгілі саяси жағдайда, ұйымдасып жатқан контрреволюцияның «занды» қалқаны мен бүркеніші болуы мүмкін деп қауіптенуге болады.

Сондықтан Құрылтай жыйналысының шақырылуын ешбір кешіктірмеу керек.

Осыны ескере отырып, Құрылтай жыйналысын, қоғамның барлық топтары үшін бірден-бір беделді осы мекемені, революция ісін баянды ете алатын және көтеріле бастаған контрреволюцияның қанатын осы арқылы қырқа алатын мекемені мүмкін қадары тез шақыру қажет.

Құрылтай жыйналысын тез шақыру керек, — революция жеңісінің үшінші шарты міне осы.

Осының бәрін бітім жөніндегі келіссөздерді жалпы тез жүргізген жағдайда, мейрімсіз соғысты тоқтатқан жағдайда жүзеге асыру керек, өйткені финансылық, шаруашылық және азық-түлік дағдарысын тудырып отырған ұзақ соғыс революцияның кемесін қыйратарлық қайыр тас болып табылады.

„Правда" № 12,
18 март, 1917 ж.
Қол қойған: К. Сталин

ҰЛТТЫҚ ТЕЖЕУДІ ЖОЮ ТУРАЛЫ

Ескі Россияға тән мерездердің, оған масқара таңбасын түсірген мерездердің бірі ұлт езушілігінің мерезі болып табылады.

«Бөгде халықтарды» дін және ұлт жағынан қудалау, оларды күшпен орыстандыру, ұлт-ұлттың мәдени мекемелерін қуғындау, сайлау праволарын жою, жүріп-тұру бостандығынан айыру, ұлттарды біріне бірін өшіктіру, қырғын-шапқын, — міне осының бәрі ұлт езушілігінің масқара белгілері.

Ұлт езушілігінен қалай құтылу керек?

Ұлт езушілігінің әлеуметтік негізі, оған дем беретін күш — күні санаулы жер иемденуші аристократия. Оның өзі өкіметке неғұрлым жақын тұрса, өз қолында өкімет билігін неғұрлым берік ұстап тұрса, ұлт езушілігі соғұрлым қатты, езу формалары соғұрлым сұмпайы келеді.

Ескі Россияда, өкімет басында бұрынғы жер иемденуші — крепостниктік аристократия тұрған кезде, ұлт езушілігі асқынып кеткен еді, мұның өзі көп реттерде қырғынға (еврейлік қырғынға) және кескілесуге (армян-татар кескілесуі) апарып соғушы еді.

Англияда жер иемденуші аристократия (лендлордтар) өкімет билігін буржуазиямен бөлісіп басқарады, онда аристократияның дара үстемдігі көптен бері жоқ, — сол Англияда, егер соғыстың барысында, өкімет билігі лендлордтардың қолына көшкен кезде, ұлт езушілігі, әрине, едәуір күшейгендігін (ирландарды, индустарды қудалау) есепке алмасақ, ұлт езушілігі біраз босаңдау, мейірімсіздігі кемдеу болды.

Ал Швейцария мен Солтүстік Америкада лендлордизм дегеніңіз жоқ және болған да емес, онда өкімет билігі буржуазияның қолына дара тиген, — бұл елдерде ұлттар азды-көпті еркін дамыйды, ұлт езушілігіне, жалпы айтқанда, орын жоқ деуге болады.

Мұның бәрінің себебі, көбінесе, мынадан: жер иемденуші аристократия дәл өзінің тұрмыс дәрежесі жағынан бостандық атаулының, оның ішінде ұлт бостандығының да, барып тұрған, қас жауы болып табылады (болмасқа ылажы жоқ!), өйткені жалпы бостандық, жеке алғанда ұлт бостандығы, жер иемденуші аристократияның саяси үстемдігінің түпкі негіздерін қопарады (қопармасқа ылажы жоқ!)

Феодалдық аристократияны саяси сахнадан ысырып тастап, оның қолынан өкімет билігін тартып алу керек, — ұлт езушілігін жою, ұлт бостандығына қажетті нақты жағдайлар жасау дегеніміздің мәнісі дәл осы.

Орыс революциясы жеңгеннен кейін, ол, феодалдық-крепостниктік өкіметті құлатып, бостандық орнатып, кәзірдің өзінде осы нақты жағдайларды жасады.

Кәзіргі қажет нәрсе:

1) езушіліктен азат етілген ұлттардың праволарын тәртіптеу керек және

2) ол праволарды заң жолымен баянды ету керек.

Дін ұстау жөніндегі тежеу мен ұлттық тежеуді жою туралы Уақытша үкіметтің декреті нақ осы негізде шықты.

Өсе түскен революцияның түрткісімен Уақытша үкімет Россия халықтарын құлдықтан босату жөнінде осындай алғашқы адым жасауға тиісті болды, осылай істеді де.

Декреттің мазмұны орыс емес ұлт азаматтарының және православие дінін ұстамайтындардың жалпы алғанда мынадай праволарын тежеуді жою: 1) қоныстану, мекендеу және жүріп-тұру жөніндегі, 2) меншіктенуге және басқаларына праволы болу жөніндегі, 3) әралуан кәсіптермен, саудамен және басқаларымен айналысу жөніндегі, 4) акционерлік және басқа қоғамдарға қатысу жөніндегі, 5) мемлекеттік қызметке кіру және басқалары жөніндегі, 6) оқу орындарына түсу жөніндегі, 7) жеке меншікті қоғамдардың істерін жүргізгенде, әралуан жеке меншікті оқу орындарында сабақ бергенде және сауда кітаптарын жүргізгенде орыс тілінен өзге де тілдер мен жергілікті сөздерді қолдану жөніндегі праволарын тежеуді жою болып табылады.

Уақытша үкіметтің декреті міне осындай.

Россияның осы уақытқа дейін күдікті болып келген халықтары, енді еркін тыныстап, өздерін Россияның азаматтары деп есептей алады.

Мұның бәрі өте жақсы ғой.

Бірақ бұл декрет ұлт бостандығын қамтамасыз етерлік декрет деп, ұлт езушілігінен азат ету ісі енді ақырына дейін жеткізілді деп ойлау кешірілмес қате болар еді.

Ең алдымен, декрет тіл жөнінде ұлттарды тең праволы етпейді. Декреттің соңғы тармағында жеке меншікті қоғамдардың істерін жүргізгенде, жеке меншікті оқу орындарында сабақ бергенде орыс тілінен өзге де тілдерді қолдану правосы туралы айтылады. Бірақ орыс тілінен өзге тілде сөйлейтін, орыс емес азаматтары басым облыстарда (Закавказье, Түркстан, Украина, Литва, т. б.) қалай ету керек? Олардың өз сеймдері болатындығы күмәнсіз (болуы керек те!), олай болса, «іс жүргізу» де (әсте «жеке меншіктісі» емес!), оқу орындарында (тек «жеке меншіктілерінде» ғана емес!) «сабақ беру» ісі де — осының бәрі, әрине, тек орыс тілінде ғана емес, сонымен бірге жергілікті тілдерде де жүргізілуге тиіс. Уақытша үкімет орыс тілін мемлекеттік тіл деп жарыялап, аталған облыстарды өздерінің әсте «жеке меншікті» емес мекемелерінде ана тілінде «іс жүргізу» және «сабақ беру» праволарынан айырмақ па? Сірә, солай. Бірақ, мұның өзі ұлттардың праволарын толық теңегендік деп «Речь»[3] пен «Деньдегі»[4] буржуазия ашыналары әрбір үй төбесінен қыйқу салып, лепіріп жүрсе де, бұған, аңқау адамдардан басқа, кім нанбақ? Мұның мәнісі ұлттардың тіл жөніндегі праволары тең болмауын заң етушілік екенін кім ұқпайды?

Сонсын. Кімде-кім нағыз ұлттық тең право орнатам десе, ол тежеуді жою туралы теріс шара қолданумен тына алмайды, — ол тежеуді жоюдан дұрыс жоспарға, ұлт езушілігін құртуды қамтамасыз ететін жоспарға көшуге тиіс.

Сондықтан:

1) тұтас шаруашылық территориясы бар, халқының тұрмыс салты мен ұлттық құрамы өзгеше облыстардың

саяси автономиясын (федерациясын емес!) жарыялау қажет; бұлар өз тілінде «іс жүргізіп», «сабақ беретін» болсын;

2) белгілібір себептермен тұтас мемлекеттің шеңберінде қала алмайтын ұлттардың өзін-өзі билеу правосын жарыялау қажет.

Ұлт езушілігін шындап жоюға жеткізетін, ұлттардың капитализм тұсында мүмкін боларлық бостандығын барынша қамтамасыз етуге жеткізетін жол міне осы.

„Правда" № 7,
25 март. 1917 ж.
Қол қойған: К. Сталин

НЕ ОЛАЙ — НЕ БЫЛАЙ

23 марттағы белгілі мәлімдемесінде сыртқы істер министрі Милюков мырза кәзіргі соғыстың мақсаттары туралы өзінің «программасын» дамытты. Бұл мақсаттардың империалистік мақсаттар екендігі: Константинопольды басып алу, Арменияны басып алу, Австрия мен Түркияны бөліске салу, солтүстік Персияны басып алу екендігі оқушыларға «Правданың»[5] кешегі номерінен мәлім.

Бақсақ, орыс солдаттары ұрыс майдандарында қан төккенде, сатылған буржуазиялық баспасөздің бізді сендірмек болғанындай, «отанды қорғау» үшін емес, «бостандық үшін» емес, — қайта аттөбеліндей империалистердің пайдасына бөтен елдердің жерлерін басып алу үшін қан төгеді екен.

Сайып келгенде, Милюков мырза осылай дейді.

Милюков мырза осының бәрін соншалық ашықтан-ашық, жалпыға жария етіп айтқанда кімнің атынан сөйлеп отыр?

Әрине, орыс халқының атынан емес. Өйткені орыс халқы, орыстың жұмысшылары, шаруалары және солдаттары — бөтен елдердің жерлерін басып алуға қар-

сы, халықтарға зорлық істеуге қарсы. Осылай екендігі орыс халқының тілегін білдіруші — жұмысшы және солдат депутаттарының Петроградтық Советінің белгілі «үндеуінен» айқын көрініп отыр.

Олай болса, Милюков мырза кімнің пікірін білдіріп отыр?

Мүмкін, тұтас алғандағы Уақытша үкіметтің пікірін білдіріп отырған шығар?

Бірақ бұл туралы кешегі «Вечернее Время»[6] былай деп мәлімдейді:

«Сыртқы істер министрі Милюковтың 23 мартта Петроград газеттерінде басылған мәлімдемесі жөнінде заң министрі Керенский заң министрлігі жанындағы баспасөздің информациялық бюросын мынаны айтуға өкіл етті: Россияның қазіргі соғыстағы сыртқы саясатының міндеттері жөнінде мәлімдемеде айтылған пікір — әсте Уақытша үкіметтің көзқарастары емес, Милюковтың жеке өз пікірі».

Сонымен, егер Керенскийге нансақ, Милюков мырза соғыстың мақсаттары туралы күрделі мәселеде Уақытша үкіметтің пікірін білдірмейді.

Қысқасы: сыртқы істер министрі Милюков мырза, қазіргі соғыстың басқыншылық мақсаттары туралы жалпы әлемнің алдында жар саламын деп, орыс халқының тілегіне ғана қарсы шығып отырған жоқ, сонымен бірге, өзі мүше болған Уақытша үкіметке де қарсы шығып отыр.

Тіпті патша өкіметінің тұсында-ақ Милюков мырза министрлердің халық алдында жауапты болуын жақтайтын еді. Біз оның министрлер халық алдында есеп береді және жауапты дегеніне қосыламыз. Сондықтан біздің сұрайтынымыз: Милюков мырза министрлердің жауаптылығы жөніндегі принципті әліде мойындай ма

екен? Егер әліде мойындайтын болса, ол өз орнынан неге түспейді?

Әлде, мүмкін, Керенскийдің хабары дәл... болмас?

Екінің бірі:

Не Керенскийдің хабары дұрыс емес, онда революцияшыл халық Уақытша үкіметті тәртіпке шақырып, оған өз тілегін мойындатуы керек.

Не Керенскийдікі дұрыс, онда Милюков мырзаға Уақытша үкіметте орын жоқ, — ол өз орнынан түсуге тиіс.

Аралық жол жоқ.

„Правда" № 18,
26 март. 1917 ж.
Басмақала

ФЕДЕРАЛИЗМГЕ ҚАРСЫ

«Дело Народаның»[7] 5-номерінде: «Россия — облыстар одағы» деген мақаласымақ шықты. Онда, артық-кемі жоқ, Россияны «облыстар одағына», «Федеративтік мемлекетке» айналдыру жөнінде ұсыныс жасалған. Тыңдаңыздар:

«Россиялық федеративтік мемлекет жеке облыстардан (Малороссия, Грузия, Сибирь, Түркстан, т.т.) суверенитет атрибуттарын қабылдасын... Бірақ оның өзі жеке облыстарға ішкі суверенитет берсін. Келешек Құрылтай жыйналысы облыстардың Россиялық одағын жасайтын болсын».

Осы айтылғанды мақаласымақтың авторы (Иос. Окулич) былайша түсіндіреді:

«Россияның біртұтас армиясы, біртұтас ақшасы, бірыңғай сыртқы саясаты, біртұтас жоғарғы соты болсын. Бірақ тұтас мемлекеттің жеке облыстары жаңа өмірді дербес дамытуға ерікті болсын. Егер американдар 1776 жылдың өзінде-ақ... одақтасу шарты арқылы «Құрама Штаттарды» құрған болса, біз 1917 жылы облыстардың берік одағын жасай алмаймыз ба?»

«Дело Народа» міне осылай дейді.

Бұл мақаласымақ көп жағынан қызғылықты екенін және, қалай деген күнде де, өзгеше екенін мойында-

масқа болмайды. Оның өктем салтанатпен, былайша айтқанда, «манифест түрінде» білдірген емеуріні де («өйтсін», «бүйтсін»!) кісі таң қаларлық.

Мұның бәрін былай қойып, мынаны ескерте кету керек: бұл мақаласымақта түгелінен алғанда әлдененлей бір ғажап түсінбеушілік бар, бұл түсінбеушіліктің өзі Солтүстік Америка Құрама Штаттарының (сонымен қатар Швейцария мен Канаданың) мемлекеттік құрылысының тарихындағы фактыларға шектен тыс жеңілжелпі қараушылықтан туып отыр.

Бұл тарихтан біз нені көреміз?

1776 жылы Құрама Штаттар бұған дейін тәуелсіз болып келген отарлардың немесе штаттардың федерациясы емес, конфедерациясы болды. Яғни тәуелсіз отарлар бар еді, бірақ кейіннен отарлар ортақ мүдделерін жаулардан, әсіресе, сыртқы жаулардан қорғау үшін өзара одақ (**конфедерация**) жасасты, дегенмен бұлар әбден тәуелсіз мемлекеттік тұлға болудан қалған жоқ. XIX ғасырдың алпысыншы жылдарында бұл елдің саяси өмірінде өзгеріс туады: солтүстік штаттар, «централизмге» карсы наразылық білдіруші және ескі тәртіпті мадақтаушы оңтүстік штаттарға қырын келіп, штаттарды саясат жүзінде анағұрлым тығыз жақындастыруды талап етеді. «Азамат соғысы» өршиді де, соның нәтижесінде солтүстік штаттар үстем болып шығады. Америкада **федерация** орнайды, яғни өкімет билігіне құрама (орталық) үкіметпен ортақ еркін штаттардың одағы жасалады. Бірақ мұндай тәртіп ұзаққа бармайды. Федерация да, конфедерация сияқты, өткінші шара болып шығады. Штаттар мен орталық үкіметтің арасындағы күрес тыйылмайды, қосөкімет кісі төзбестік

болады, сөйтіп бұдан былайғы эволюцияның нәтижесінде Құрама Штаттар федерациядан унитарлық (біртұтас) мемлекетке, бірыңғай конституциялық нормалары бар мемлекетке, осы нормаларға сәйкес штаттарының ықшам автономиясы (мемлекеттік емес, әкімшілік-саяси автономиясы) бар мемлекетке айналады. «Федерация» деген атақ Құрама Штаттар жөнінде құрғақ дақпыртқа айналады, шын жағдайға көптен бері-ақ үйлеспейтін, ескіліктің сарқыншағы болып қалады.

Аталған мақаласымақтың авторы тағы бір дәлел етіп көрсеткен Швейцария мен Канада туралы да нақ осыны айту керек. Тарихының бас кезінде бұлардың да нақ сондағыдай тәуелсіз штаттары (кантондары) болды, оларды неғұрлым нық біріктіру жолында нак сондағыдай күрес жүргізілді (Швейцарияда Зондербундке[9] қарсы соғыс, Канадада ағылшындардың француздармен күресуі), бұдан кейінгі жерде федерация нақ сондағыдай унитарлық мемлекетке айналды.

Ал осы фактылар нені көрсетеді?

Бұлардың көрсететіні тек қана мынау: Америкада, сол сияқты Канада мен Швейцарияда да, даму ісі тәуелсіз облыстардан бастап олардың федерациясы арқылы унитарлық мемлекетке қарай жүргізілді, сөйтіп даму тенденциясы федерацияның пайдасын көздемейді, оған қарсы болады. Федерация дегеніміз өткінші форма.

Мұның өзі кездейсоқ нәрсе емес. Өйткені капитализмнің өзінің жоғарғы формаларында дамуы және осыған байланысты шаруашылық территориясының шеңберлерінің ұлғаюы, оның орталықтандырғыш тен-

денциялары мемлекеттік өмірдің федеративтік формасын емес, унитарлық формасын керек етеді.

Егер, әрине, тарихтың тегершігін кері айналдырамыз демесек, біз бұл тенденциямен санаспай отыра алмаймыз.

Ал бұдан шығатын қортынды: өмір жүзінде құрып бітуге айналған федерацияны Россияға әкеліп орнатам деу ақылсыздық болады.

«Дело Народа» Құрама Штаттардың 1776 жылғы тәжрибесін Россияда қолдануды ұсынып отыр. Бірақ 1776 жылғы Құрама Штаттар мен біздің заманымыздағы Россияның арасында титтей де ұқсастық бар ма?

Ол кезде Құрама Штаттардың өзі өзара байланыспаған, бірақ ең болмағанда конфедерация түрінде байланыс жасауды тілейтін тәуелсіз отарлардың жыйнағы еді. Олардың бұл тілегі әбден түсінікті болатын. Ал қәзіргі Россияда сол секілді бірдене бар ма? Әрине, жоқ! Россияның облыстары (шет аймақтары) экономикалық және саяси жағынан орталық Россиямен байланысты екендігі, сондықтан Россия неғұрлым демократияшыл болса, осы байланыс соғұрлым берік болатындығы жұрттың бәріне мәлім.

Сонсын. Америкада конфедерация немесе федерация орнату үшін өзара байланысы жоқ отарларды біріктіру кажет болды. Мұның өзі Құрама Штаттардың экономикалық даму мүдделеріне сәйкес еді. Ал Россияны федерацияға айналдыру үшін облыстардың арасындағы қәзірдің өзінде бар экономикалық және саяси байланыстарды үзуге тура келер еді; мұның өзі мүлде ақылсыздық және реакцияшылдық болар еді.

Ақырында, Америка (Канада мен Швейцария сияқ-

ты) штаттарға (кантондарға) бөлінгенде ұлттық белгісіне қарай емес, географиялық жағдайына қарай бөлінеді. Ондағы штаттар, өздерінің ұлттық құрамына байланыссыз, отар-қауымдардан шығып дамыды. Құрама Штаттарда бірнеше ондаған штаттар бар, ал ондағы ұлттық топтардың саны небәрі 7 — 8 ғана. Швейцарияда 25 кантон (облыс) бар, ал ұлттық топтарының саны небәрі 3. Россияда олай емес. Россияда облыс аталып жүргендер, айталық, автономияны керек ететіндер (Украина, Закавказье, Сибирь, Түркстан, т. б.) — Орал немесе Поволжье секілді жай географиялық облыстар емес, Россияның белгілі түкпірлері, бұлардың халқының белгілі тұрмыс салты бар және өзі (орыс емес) белгілі ұлттан құралған. Сондықтан да Америкадағы немесе Швейцариядағы штаттардың автономиясы ұлт мәселесін шешпейді (оның өзі мұндай мақсатты көздемейді де!), шешпек түгіл, тіпті ол мәселені алға қоймайды да. Ал Россиядағы облыстарға автономия (немесе федерация) берілсін дегендегі көзделетін мақсат — Россияда ұлт мәселесін алға қойып шешу болып табылады, өйткені Россия облыстарға бөлінгенде ұлттық белгі бойынша бөлінген.

1776 жылғы Құрама Штаттар мен біздің заманымыздағы Россияны салыстырудың өзі жасанды және қыйсынсыз нәрсе екендігі айқын емес пе?

Россиядағы федерализм ұлт мәселесін шешпейтіндігі және шеше алмайтындығы, оның өзі тарихтың тегершігін кері айналдырам деп донкихотша тыраштану арқылы бұл мәселені шатастырып, қыйындатып жіберетіндігі айқын емес пе?

Жоқ, 1776 жылғы Американың тәжрибесін Россияда қолдану керек деген ұсыныс — тіпті жарамсыз

ұсыныс. Өткінші тұрлаусыз форма болған федерация — демократияның мүдделерін қанағаттандырмайды, қанағаттандыра алмайды да.

Ұлт мәселесінің шешілуі қаншалық тұжырымды және түпкілікті болса, оның өзі соншалық өмірге үйлесімді болуға тиіс, атап айтқанда:

1) Россияның белгілі облыстарын мекендейтін, біртұтас мемлекеттің шеңберінде қала алмайтын, қалғысы да келмейтін ұлттардың бөлініп шығуына право беру керек;

2) белгілі ұлттық құрамы жағынан өзгеше және біртұтас мемлекеттің шеңберінде қалатын облыстарға бірыңғай конституциялық нормалары бар біртұтас (біріккен) мемлекеттің шеңберінде саяси автономия беру керек.

Россиядағы облыстар туралы мәселе міне осылайша, тек қана осылайша шешілуге тиіс*.

„Правда“ № 19,
28 март, 1917 ж.
Қол қойған: К. Сталин

*АВТОРДЫҢ ЕСКЕРТУІ

Бұл мақала сол кезде біздің партияда үстем болып жүрген көзқарасты, мемлекеттің федерациялы құрылысын ұнатпайтын көзқарасты көрсетеді. Мемлекеттік федерализмді ұнатпайтын осы көзқарас Лениннің 1913 жылғы ноябрьде Шаумянға жазған хатында өте-

нөте айқын көрсетілген. «Біз, — дейді Ленин осы хатында, — демократиялық централизмді жақтаймыз, ол сөзсіз. Біз федерацияға қарсымыз... Біз федерацияға принцип жағынан қарсымыз — өйткені мұның өзі экономикалық байланысты әлсіретеді, мұның өзі бір мемлекет үшін жарамсыз тип. Бөлінгің келе ме? Егер сен экономикалық байланысты үзе алатын болсаң, немесе дұрысырақ айтқанда, егер «бір тұрудан» туатын қысым мен егестер экономикалық байланысты бұзып, құртарлықтай болса, қаңды өшір. Бөлінгін келмей ме? Онда ғапу ет, мен үшін шешпе, федерацияға «правом» бар деп ойлама» (қараңыз: XVII том, 90-бет).

Айта кетерлік нәрсе: ұлт мәселесі жөнінде 1917 жылы партияның Апрель конференциясында қабылданған қарарда[9] мемлекеттің федерациялы құрылысы туралы мәселе мүлде қозғалмай қалды. Қарарда ұлттардың бөлініп шығуға праволы екендігі туралы, біртұтас (унитарлық) мемлекеттің шеңберіндегі ұлттық облыстардың автономиясы туралы, ақыр соңында, қандай да болса ұлттық артықшылықтарға қарсы негізгі заң шығару туралы айтылады, ал мемлекеттің федерациялы құрылысына жол беру мүмкіндігі туралы онда бір ауыз да сөз жоқ.

Лениннің «Мемлекет және революция» деген кітапшасында (1917 жылғы август) партия, Ленин арқылы, «централистік республикаға» апаратын өткінші форма ретіндегі федерацияға жол беру мүмкіндігін мойындау жөнінде тұңғыш рет елеулі адым жасайды,

әйткенмен, осы мойындаудың өзінде бірқатар елеулі ескертулер бар.

«Маркс сияқты, Энгельс те, — дейді Ленин өзінің осы кітабында, — пролетариат пен пролетарлық революцияның тұрғысынан карап, демократиялық централизмді, тұтас және бөлінбейтін республиканы жактайды. Ол федерациялы республиканы не ерекше нәрсе және дамуға кедергі деп карайды, не монархиядан централистік республикаға өту, белгілібір ерекше жағдайларда «бір адым ілгері басқандық» деп қарайды. Ал осы ерекше жағдайлардың ішінде ұлт мәселесі алға қойылады... Тіпті Англияның өзінде, географиялық жағдайлары да, тіл тұтастығы да, әлденеше жүз жылдық тарихы да Англияның жеке ұсақ топтарға бөлінудегі ұлттық маселесін «құртқан» сияқты көрінсе де, Энгельс мұнда да ұлт мәселесінің әлі тынбағандығы жөніндегі айқын фактыны есепке алып, федерациялы республиканы «бір адым ілгері басқандық» деп біледі. Әлбетте, бұл арада федерациялы республиканың кемшіліктерін сынаудан және тұтас централистік-демократиялық республика жолында нағыз үзілді-кесілді түрде насихат жүргізіп, күресуден зәредей де бастартушылық жоқ» (караңыз: XXI том, 419-бет).

Тек Октябрь төңкерісінен кейін ғана партия мемлекеттік федерация көзқарасын берік түрде, айқын қабылдап, өткінші дәуір кезінде совет республикаларының мемлекеттік құрылысы жөніндегі өзінің меншікті жоспары ретінде осыны ұсынады. Тұңғыш рет бұл көзқарас 1918 жылғы январьда «Еңбекші және қаналған халықтың праволары жөніндегі декларацияда», Ленин жазып, партияның Орталық Комитеті ұнатқан белгілі декларацияда, айқын көрсетілді. Осы декларацияда былай делінген: «Россиялық Совет республикасы ерікті ұлттардың ерікті одағының негізінде, Советтік ұлт республикаларының федерациясы ретінде құрылады» (қараңыз: XXII том, 174-бет).

Партия өзінің VIII съезінде (1919 жыл)[10] бұл көзқарасты ресми түрде бекітті. Сол съезде РКП программасының қабылданғаны мәлім. Осы программада былай делінеді: «Партия, толық бірлікке жету жолындағы өткінші формалардың бірі деп, советтік тип бойынша ұйымдастырылған мемлекеттердің федерациялы бірлестігін алға қояды» («РКП программасын» қараңыз).

Федерацияны ұнатпаушылықтан бастап оны «әртүрлі ұлттардың еңбекшілерінің толық бірлігіне жеткізетін өткінші форма» (қараңыз: «Ұлт мәселесі жөніндегі тезистер»[11]; Коминтерннің II конгерсінде қабылданған) деп мойындау жөнінде партияның өткен жолы міне осындай.

Партиямыздың мемлекеттік федерация мәселесі жөніндегі көзқарастарында болған осы эволюцияны үш түрлі себеппен түсіндіру керек.

Бірінші себебі — Октябрь төңкерісінің кезінде Россиядағы бірсыпыра ұлттар іс жүзінде толық бөлініп шығарлық және бірінен бірі толық қол үзерлік жағдайда еді, сондықтан федерацияның өзі осы ұлттардың еңбекші бұқараларын бытыраңқылықтан арылтып, оларды жақындастыру, оларды біріктіру жолында бір адым ілгері басқандық болды.

Екінші себебі — совет құрылысының барысында белгіленген федерация формаларының өзі Россия ұлттарының еңбекші бұқараларын экономика жағынан жақындастыру мақсаттарына бұрынғысындай қайшы келетін сияқты болмай шықты, немесе тіпті—бұл мақсаттарға әсте қайшы келмейтіндігі кейіннен практика жүзінде көрінді.

Үшінші себебі — бұрын, соғысқа дейінгі дәуірде, немесе Октябрь революциясына дейінгі дәуірде ойлауға боларлық шамадан гөрі ұлт қозғалысының салмағы анағұрлым басым болып шықты, ал ұлттарды біріктіру жолы анағұрлым қиын болып шықты.

И. Ст.

Декабрь, 1924 ж.

ЕКІ ҚАРАР

Екі қарар. Біріншісі — жұмысшы және солдат депутаттары Советінің Атқару комитетінікі. Екіншісі — Орыс-Балтық вагон заводының механика бөлімінің жұмысшыларынікі (400 адам).

Біріншісі — «бостандық заёмы» дегенді жақтайды.

Екіншісі — қарсы.

Біріншісі «бостандық заёмын», бостандықтың пайдасын көздейтін заём деп, сол күйінде, сынамастан қабылдайды.

Екіншісі — «бостандық заёмын» бостандыққа қарсы заём деп біледі, өйткені ол «империалистік буржуазияға ғана тиімді болатын, бауырды бауыр өлтіретін қырғынды соза беру мақсатымен шығарылған».

Біріншісі ақылынан адасқан адамдардың: армияны жабдықтау мәселесін қайтпекпіз, заёмды жақтаудан бастартушылық армияны жабдықтау ісіне кесірін тигізбей ме? — деп күдіктенуінен туған.

Екіншісі мұндай күдікті білмейді, өйткені ол қолданарлық амал бар екенін көріп отыр: ол «армияны барлық қажетті затпен жабдықтау ісі ақша-қаражат керек ететіндігін мойындайды, сондықтан жұмысшы

және солдат депутаттарының Советіне мынадай нұсқау береді: бұл ақша қазіргі қырғынды бастап, әліде жүргізіп келе жатқан және осы қанды қарбаластың арқасында миллиондаған пайдаға кенеліп отырған буржуазияның қалтасынан алынуы керек».

Бірінші қарардың авторлары разы болуға тиіс, өйткені олар «өз борышын орындады» ғой.

Екінші қарардың авторлары наразы, олар: алғашқылар пролетариат ісіне осылай қарағандығы арқылы **«Интернационалға опасыздық істеп отыр»** деп есептейді.

Жанап атпай, қадап атқан!

Бостандыққа қарсы бағытталған «бостандық заёмын» бірі **жақтайды**, екіншісі оған **қарсы**.

— Кімдікі дұрыс? — өздерің шешіңдер, жұмысшы жолдастар.

„Правда“ № 29,
11 апрель, 1917 ж.
Қол қойған: К. Сталин

ЖЕР ШАРУАЛАРҒА БЕРІЛСІН

Рязань губерниясының шаруалары министр Шингарёвка арыз жазып: помещиктердің бос қалған жерлерін жыртамыз, тіпті бұған помещиктер тарапынан рыйзалық берілмесе де осылай етеміз дегенді айтты. Шаруалардың айтуынша, помещиктердің егін егуден тартынуы сойқанды нәрсе, сондықтан бос қалған жерлерді жыртып егін егудің өзі тылдағы халықты ғана емес, сонымен бірге майдандағы армияны да астықпен қамтамасыз етудің бірден-бір амалы болып табылады.

Бұған жауап ретінде министр Шингарёв (оның телеграммасын[12] қараңыз) жерді өз бетімен жыртушылыққа үзілді-кесілді тыйым салады, мұны «бейбастақтық» деп атайды, ал шаруаларға: Құрылтай жыйналысының шақырылуын күтіңдер — бәрін де сол шешеді деп ұсыныс етеді.

Ал Құрылтай жыйналысының шақырылар мерзімі белгісіз, Шингарёв мырза мүше болған Уақытша үкімет Құрылтай жыйналысының шақырылуын кешеуілдетіп отыр, сондықтан былай болып шықпақ: **іс жүзінде жер егілмей қалуға тиіс, помещиктер жерлі болады,** шаруалар **жерсіз** қалады, ал Россияның, ал **жұ-**

мысшылардың, шаруалардың, солдаттардың — жетерлік астығы болмай қалады.

Мұның бар мәнісі — тіпті Россия аштықтың шеңгеліне іліксе де, помещиктер ренжіп қалмасын дегендік.

Министр Шингарёв мүше болған Уақытша үкіметтің жауабы міне осындай.

Мұндай жауап бізге таңданарлық нәрсе емес. Фабриканттар мен помещиктер үкіметінің шаруаларға басқаша қарауы мүмкін де емес: оларға шаруалар не керек, помещиктер аман-сау қалса болғаны да!

Сондықтан біз шаруаларға, бүкіл Россияның барлық кедей шаруаларына — өз істеріңді өз қолдарыңа алып, оны ілгері бастырыңдар дейміз.

Біз оларды: революцияшыл шаруа Комитеттеріне (болыстық, уездік комитеттерге т. б.) ұйымдасыңдар, солар арқылы помещиктердің жерлерін өздерің алып, ол жерлерді ұйымдасқан түрде өз беттеріңмен өңдей беріңдер — деп шақырамыз.

Біз: Құрылтай жыйналысын күтпестен және революцияның жолына кедергі жасап отырған реакцияшыл министрлердің тыйым салғанына қарамастан, осы істі дереу жүзеге асыруға шақырамыз.

Бізге: помещиктердің жерлерін дереу басып алудың өзі қоғамның «прогресшіл топтарын» революциядан бездіріп, сол революцияның «бірлігін» бұзар еді деушілер бар.

Бірақ фабриканттармен және помещиктермен егеспей-ақ революцияны ілгері бастыруға болады деп ойлау аңқаулық болар еді.

Жұмысшылар, 8 сағаттық жұмыс күнін енгізгенде,

фабриканттарды және олардың сыбайластарын революциядан «бездірген» жоқ па? Жұмысшылардың тұрмыс жағдайын жеңілдетем деп, жұмыс күнін қысқартам деп революция зиян шекті деуге кімнің батылы барады?

Помещиктердің жерлерін өз бетімен өңдеушілік, ол жерлерді шаруалардың басып алуы — күмән жоқ — помещиктерді және олардың сыбайластарын революциядан «бездіреді». Бірақ, сан миллион кедей шаруаларды революцияның төңрегіне топтастырғанда, біз революцияның күшін әлсіретеміз деуге кімнің батылы барады?

Революцияның аяқ алысына әсер еткісі келетін адамдар мына жағдайды біржолата ұғып алуға тиіс:

1) біздің революцияның негізгі күштері жұмысшылар және соғыстың салдарынан солдат шинелін киген кедей шаруалар болып табылады;

2) революция ұлғайып, өрістеген сайын одан «прогрессшіл элементтер» деп аталатындар, сөз жүзінде прогрессшіл, іс жүзінде реакцияшыл элементтер сөзсіз «безе береді».

Революцияны керексіз «элементтерден» тазарту жөніндегі осы игілікті процесті бөгеушіліктің өзі реакциялық утопия болар еді.

Құрылтай жиналысына дейін істі кешеуілдетіп, аялдау саясаты, конфискациядан «уақытша» бастарту жөнінде халықшылдар, трудовиктер және меньшевиктер ұсынып отырған саясат, таптар арасында күлтектеу саясаты (біреуі ренжіп қалмаса екен деушілік!) және бір орында өрескел түрде шыйыршық ату саясаты — революцияшыл пролетариаттың саясаты емес.

Орыс революциясының жеңімпаз тегеуіріні мұндай саясатты керексіз қоқсық ретінде, революцияның жауларына ғана ұнамды әрі тиімді қоқсық ретінде аластап тастайды.

„Правда" № 32,
14 апрель, 1917 ж.
Басмақала
Қол қойған: К. Сталин

БІРІНШІ МАЙ

Соғысушы елдердің жыртқыш буржуазиясы дүние жүзін қанды қырғынға кірістіргенінен бері үш жылдай уақыт өтті.

Барлық елдердің жұмысшылары күні кеше қандас бауырлар болса, ал енді солдат шинелін киіп, біріне бірі, жаулас адамдардай, қарсы шығып отырғанынан бері, пролетариаттың жауларының айызын қандыра бірін бірі қырып-жойып жатқанынан бері үш жылдай уақыт өтті.

Халықтардың қайратты адамдарын жаппай қыру, жұртты жаппай күйзеліске, қайыршылыққа ұшырату, бір кездері гүлденіп тұрған қалалар мен деревнялардың тас-талқан болуы, жұрттың жаппай аштыққа ұшырап, тағылануы, — осының бәрі тәж киген және тәжі жоқ жыртқыштар бөтен елдердің жерлерін талап, миллиондаған сұрапыл ақшаны күреп алуы үшін істеліп отыр,— міне қәзіргі соғыстың салдары осындай.

Сөйтіп дүние жүзі соғыстың құрсауында тұншыға бастады...

Европа халықтарының тынысы тарылып, енді олар

жалақтаған буржуазияға қарсы бас көтере бастап отыр.

Орыс революциясы жұмысшыларды бір-бірінен айыратын кедергіні бірінші болып бұза бастады. Жалпылама «патриоттық» мастанудың кезінде орыс жұмысшылары ұмытылған ұранды: «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ұранды бірінші болып көтеріп отыр.

Орыс революциясының дабылымен Батыстағы жұмысшылар да меңіреу ұйқыдан бас көтеріп келеді. Германиядағы ереуілдер мен демонстрациялар, Австрия мен Болгариядағы манифестациялар, битарап елдердегі ереуілдер мен митингілер, Англия мен Францияда наразылықтың күшейе түсуі, майдандардағы жаппай бауырласу, — қаулап өскен социалистік революцияның алғашқы жылқұстары міне осындай.

Ал біздің бүгінгі мейрамымыз, бірінші май мейрамы — халықтардың бауырластығын нығайтатын жаңа дәнекерлердің қанды тасқын ішінде шыңдалып отырғанын көрсететін белгі емес пе?

Капитал жыртқыштары табан тірегінен айрылып барады, өйткені Интернационалдың қызыл туы Европаның үстінде қайтадан желбіреуде.

Ендеше бүгінгі күн, Бірінші май күні, Петроградтың жүз мыңдаған жұмысшылары бүкіл дүние жүзінің жұмысшыларына туысқандықпен қол созатын күні, — революцияшыл жаңа Интернационалдың туып өсуіне кепіл болатын болсын!

Бүгін Петроград алаңдарында көтерілген «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ұран дүние жүзін шарлап, социализм жолындағы күресте барлық елдердің жұмысшыларын біріктіретін болсын!

Капитал жырткыштарының бастарынан асыра, олардың ел талағыш үкіметтерінің бастарынан асыра барлық елдердің жұмысшыларына қолымызды созып, былайша уран салайық:

Бірінші май жасасын!

Халықтардың бауырластығы жасасын!

Социалистік революция жасасын!

„Правда" № 35,
18 апрель, 1917 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

УАҚЫТША ҮКІМЕТ ТУРАЛЫ

Васильев Аралындағы митингіде 1917 ж. 18 апрельде (1 майда) сөйленген сөз

Революцияның кезінде елімізде екі өкімет құрылды; ол: үшінші июнь Думасында сайланған Уақытша үкімет және жұмысшылар мен солдаттар сайлаған жұмысшы, солдат депутаттарының Советі.

Осы екі өкімет арасындағы қарым-қатнас барған сайын шиеленісуде, олардың арасындағы бұрынғы ынтымақ кері кетуде, сондықтан бұл фактыны бүркесек, қылмыс істеген болар едік.

Қосөкімет туралы мәселені бірінші болып қойған буржуазия; **не** Уақытша үкімет болсын, **не** жұмысшы және солдат депутаттарының Советі болсын деп бірінші болып таңдауға салып отырған да сол буржуазия. Осы айқын қойылған мәселеге жауап беруден жалтарсақ, онымыз лайықсыз болар еді. Жұмысшылар мен солдаттар қайсысын өз үкіметім деп есептейді: Уақытша үкіметті ме әлде жұмысшы және солдат депутаттарының Советін бе? — олар осыны айқын түрде, ашып айтуға тиіс.

Уақытша үкіметке сену керек, осындай сенімнің өзі қажет нәрсе деушілер бар. Бірақ ең маңызды және негізгі мәселеде өзі халыққа сенбей отырған үкіметке

қалай сенуге болады? Қәзір соғыс жүріп жатыр. Ол соғыс халықтың сыртынан патшаның Англиямен және Франциямен жасасқан шарттарына сәйкес жүргізіліп отыр, ал Уақытша үкімет халықтың рыйзалығынсыз бұл шарттарды қасиеттеп отыр. Халық осы шарттардың мазмұнын білуге праволы, жұмысшылар мен солдаттар қанның не себепті төгіліп жатқанын білуге праволы. Жұмысшылар мен солдаттардың бұл шарттар жарыялансын деген талабына Уақытша үкімет қалай жауап берді?

— Шарттар өз күшінде қалады дегенді айтты.

Ал шарттарды сонда да жарыялаған жоқ, жарыялайтын түрі де көрінбейді!

Уақытша үкімет соғыстың шын мақсаттарын халықтан жасырып отырғандығы, ал оларды жасыруы арқылы халыққа сенбеуін қоймай келе жатқандығы айқын емес пе? Ең маңызды және негізгі мәселеде өзі жұмысшылар мен шаруаларға сенбей отырған Уақытша үкіметке олар қалай сенбекші?

Уақытша үкіметті қолдау керек, осындай қолғабыстың өзі қажет нәрсе деушілер бар. Бірақ өздеріңіз ойлаңыздаршы: өзінің дүниеге келген кезінен бастап, революцияны бөгеп отырған үкіметті революция заманында қолдауға бола ма? Осы күнге дейін істің жайы былай болып келді: революциялық бастама мен демократиялық шаралар жұмысшы және солдат депутаттарының Советінен, тек соның өзінен ғана шығып отырды. Уақытша үкімет, табан тіресіп, қарсыласып барып, кейіннен ғана Советтің айтқанына көніп отырды, оның өзінде де сөз жүзінде ғана көнді, ал іс жүзінде кедергі жасап отырды. Осы күнге дейін істің жайы осылай болып отыр. Бірақ аяққа тұсау болып, революцияны ке-

йін сүйреп отырған үкіметті революцияның қызу кезінде қолдауға бола ма? Уақытша үкімет елді бұдан былай да демократияландыру жөнінде жұмысшы және солдат депутаттарының Советіне бөгет жасамасын деп мәселе қойған жақсы емес пе?

Ел ішінде контрреволюциялық күштер жыйналуда. Армияда үгіт жүргізілуде. Шаруалардың және қалалық ұсақ адамдардың арасында үгіт жүргізілуде. Контрреволюциялық үгіт, ең алдымен, жұмысшы және солдат депутаттарының Советіне қарсы бағытталған. Бұл үгіт Уақытша үкіметтің атағын жамылып отыр. Ал Уақытша үкімет жұмысшы және солдат депутаттарының Советіне шаптыққандарға әдейі ырық беріп отыр. Айтыңызшы, Уақытша үкіметті не үшін қолдамақпыз? Контрреволюциялық үгітке ырық беріп қойғандығы үшін қолдамақпыз ба?!

Россияда аграрлық қозғалыс басталды. Шаруалар помещиктердің егусіз тастаған жерлерін өз беттерімен жыртуды көздеп отыр. Осылай етпейінше еліміз аштықтың ақырғы шегіне жетуі мүмкін. Шаруалардың қалауын істеп, Советтердің Бүкілроссиялық кеңесі[13]: шаруалардың помещиктік жерлерді конфискациялауға бағытталған қозғалысын «қолдауға» қаулы етті. Ал енді Уақытша үкімет не істеп отыр? Ол шаруа қозғалысын «бейбастақтық» деп жарыялап отыр, шаруалардың помещиктік жерлерді жыртуына тыйым салып отыр, өзінің комиссарларына «тиісті» жарлықтар беріп отыр (қараңыз: «Речь», 17 апрель). Айтыңызшы, Уақытша үкіметті не үшін қолдамақпыз? Шаруаларға соғыс жарыялап отырғаны үшін қолдамақпыз ба?

Уақытша үкіметке сенбеушілік революцияның бір-

лігін бұзады, одан капиталистер мен помещиктерді бездіреді деушілер бар. Бірақ капиталистер мен помещиктер халық бұқарасының революциясын іс жүзінде қолдап отыр деуге немесе қолдай алады деуге кімнің батылы барады?

Жұмысшы және солдат депутаттарының Советі 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу арқылы қалың жұмысшылар бұқарасын революцияның төңрегіне топтастырып, капиталистерді өзінен бездірген жоқ па? Революция үшін, миллиондаған жұмысшылардың қанды күресте нығайтылған нағыз достығынан гөрі ат төбеліндей фабриканттардың күмәнді достығы бағалы деуге кімнің батылы барады?

Немесе мынаны алайық: Советтердің Бүкілроссиялық кеңесі шаруаларды қолдауға ұйғарып, шаруа бұқарасын революциямен байланыс жасата отырып, помещиктерді өзінен бездірген жоқ па? Революция үшін, қазір солдат шинелін киген миллиондаған кедей шаруалардың нағыз достығынан гөрі ат төбеліндей помещиктердің күмәнді достығы бағалы деуге кімнің батылы барады?

Революция көрінгеннің тілегін орындай бермейді. Ол әрдайым бір жағынан еңбекші бұқараның тілегін орындаса, екінші жағынан осы бұқараның жасырын және әшкере жауларын соғып отырады.

Сондықтан бұл арада бірін таңдау керек: не жұмысшылармен және кедей шаруалармен бірлесіп революцияны жақтау керек, не капиталистермен және помещиктермен бірлесіп революцияға қарсы болу керек.

Сонымен, біз кімді қолдаймыз?

Біз қайсысын өз үкіметіміз деп есептей аламыз:

жұмысшы және солдат депутаттарының Советін бе, әлде Уақытша үкіметті ме?

Әрине, жұмысшылар мен солдаттар өздері сайлаған жұмысшы және солдат депутаттарының Советін ғана қолдай алады.

„Солдатская Правда" № 6,
25 апрель, 1917 ж.

Қол қойған: К. Сталин

МАРИЯ САРАЙЫНДАҒЫ КЕҢЕС ТУРАЛЫ

Буржуазиялық баспасөзде жұмысшы және солдат депутаттары Советінің Атқару комитетінің Уақытша үкіметпен бас қосқан кеңесі туралы хабар басылды. Бұл хабар, жалпы алғанда... дәл емес, кей жерлерінде фактыларды көрінеу бұрмалап, оқушыны алжастырып отыр. Фактыларды өзгеше құбылтып суреттеу буржуазиялық баспасөздің әдеті екендігі айтпасақ та белгілі. Сондықтан кеңестің шын жағдайын ашып көрсету қажет.

Кеңестің мақсаты — министр Милюковтың жанжалды шиеленістірген нотасына[14] байланысты Уақытша үкімет пен Атқару комитеттің өзара қатнастарын анықтау еді.

Кеңесті ашқан — премьер Львов. Өзінің кіріспе сөзінде ол мынадай жағдайларды айтты. Соңғы кезге дейін ел ішінде Уақытша үкіметке сенушілік бар еді, сондықтан іс қанағаттанарлық түрде еді. Ал қәзір сенушілік деген көрінбейді, тіпті қарсылық туып отыр. Мұның өзі соңғы екі аптаның ішінде, жұрттың бәріне белгілі социалистік топтар баспасөзде Уақытша үкіметке қарсы жорық ашқан кезде, өте-мөте байқалып

отыр. Ендігі жерде бұлай бола беруге тиіс емес. Жұмысшы және солдат депутаттары Советінің тарапынан үзілді-кесілді қолғабыс көрсетілуі керек. Әйтпесе — кетеміз.

Одан соң министрлердің (соғыс, жер, қатнас жолдары, финанс, сыртқы істер министрлерінің) «баяндамалары» тыңдалады, ал бұлардың ішінде өте-мөте ашық сөйлегендер — Гучков, Шингарёв және Милюков. Басқа министрлердің сөздері тек алғашқылардың қортындыларын қайталайды.

Министр Гучков өзінің сөзінде біздің революция жөніндегі белгілі империалистік көзқарасты дәлелдемек болды; бұл көзқарас бойынша Россиядағы революция «ақырына дейінгі соғыстың» құралы деп саналуға тиіс. Россиядағы төңкеріс, — деді ол, — жеңілістен құтылу үшін керекті нәрсе деп сеніп едім. Революция жеңістің жаңа факторын жасаса екен деп едім, ол осы факторды жасайды деп үміттенген де едім. Сөздің шын мағнасында қорғампаз болу, тек қәзіргі шақ үшін ғана емес, сонымен бірге болашақ үшін де қорғампаз болу — міне біздің мақсатымыз осы. Бірақ соңғы апталар ішінде біркатар нашар жағдайлар туды... «Отанымызға қауіп төнді»... Басты себеп — белгілі социалистік топтар уағыздап жүрген «пацифистік идеялардың тасқындауы». Министр: бұл уағыз ауыздықталуға тиіс, тәртіп қайта орнатылсын, бұл жөнінде Атқару комитетінің көмегі керек деп анық емеурін білдіреді...

Министр Шингарёв Россиядағы азық-түлік дағдарысының хал-жайын суреттейді... Негізгі мәселе — нота да емес, сыртқы саясат та емес, астық: егер астық мәселесін шеше алмасақ, онда еш нәрсені де шеше алмаймыз. Азық-түлік дағдарысының шиеленісуінде

жол бұзылуының және басқа өткінші жағдайлардың ролі аз емес. Бірақ Шингарёвтың басты себеп деп есептейтіні мынадай «қайғылы хал»: шаруалар «жер мәселесімен шұғылдана бастады», олар өз бетінше помещиктердің жерлерін жыртып, помещик экономияларындағы әскери тұтқындарды алып қойып жүр, сөйтіп жалпы алғанда аграрлық «жалған үміттерге» беріліп жүр.

Шаруалардың осы қозғалысы, Шингарёвтың пікірінше, зиянды қозғалыс; мұның өзі «лениншілдердің» жерді конфискациялау жолында үгіт жүргізуі арқылы, соңғылардың «партиялық-фанатикалық шеңберде соқырлануы» арқылы «өршіп отыр». «Кшесинская сарайынан»[15], осы «ұлы ордадан» таралатын «зиянды үгітке» тыйым салынуға тиіс... Екінің бірі: **не** қазіргі Уақытша үкімет орнығып, оған сенім білдірілсін, — онда аграрлық «бұзақылықтарға» тыйым салынуға тиіс; **не** басқа бір өкімет болсын.

Милюков. Нота — менің өз пікірім емес, бүкіл Уақытша үкіметтің пікірі. Сыртқы саясат мәселесі — біздің одақтастар жөнінде өз міндеттемелерімізді орындауға әзірлігіміз туралы мәселе болып шығады. Біз одақтастарға байланыстымыз... Бізді, тегінде, белгілі мақсаттарға жарамды я жарамсыз күш деп бағалайды. Әлсіз көрінсек-ақ болғаны, — қатнасымыз нашарлайды... Сондықтан аннексиядан бастартудың өзі қатерлі нәрсе... Бізге сіздердің сенімдеріңіз керек, бізге сол сенімдеріңізді беріңіздер, сонда армияда ынта-жігер туады, сонда бізде майданның бірлігін көздейтін шабуыл жасалады, сонда біз немістерге қысым көрсетіп, француздар мен ағылшындардан олардың назарын аударамыз. Одақтастар жөніндегі біздің міндеттеме-

ріміз осыны талап етеді. Өздеріңіз көріп отырсыздар, — деп қорытты Милюков, — осындай жағдайда, одақтастардың бізге білдіріп отырған сенімін бұзғымыз келмегендіктен, нотаның қазіргіден басқаша болуы мүмкін емес еді.

Сонымен, министрлердің ұзақ сөздері бірнеше қысқа қағыйдаларды айту болып шықты: еліміз ауыр дағдарысқа ұшырап отыр, дағдарысқа себеп — революциялық қозғалыс, дағдарыстан құтылу жолы — революцияны ауыздықтап, соғысты соза беру.

Бұған қарағанда, елді құтқару үшін былай ету қажет екен: 1) солдаттарды ауыздықтау керек (Гучков), 2) шаруаларды ауыздықтау керек (Шингарёв), 3) Уақытша үкіметтің бетпердесін жұлып отырған революцияшыл жұмысшыларды ауыздықтау керек (барлық министрлер). Осы қыйын істе бізді қолдаңыздар, шабуылды соғыс жүргізуге көмектесіңіздер (Милюков), — сонда бәрі де реттеледі. Әйтпесе — кетеміз.

Министрлер осылай деді.

Айрықша бір айта кетерлік нәрсе, министрлердің осы архи-империалистік және контрреволюциялық сөздеріне Атқару комитетінің көпшілігінің өкілі Церетелидің тарапынан тойтарыс берілген жоқ. Министрлердің мәселені үзілді-кесілді қоюынан шошынған, министрлердің кету қаупінен қорқып үрейленген Церетели өзінің сөзінде: мүмкіндігі бар тағы бір кеңшілік жасап, қолайлы мағнада, тым болмаса «ел ішінде қолданарлық» мағнада нотаға «түсінік»[16] жазыңыздар деп олардан өтіне бастады. Егер Уақытша үкімет осындай кеңшіліктен, шындығында сөз жүзіндегі кеңшіліктен, тартынбаса, онда «демократия, — деді ол, — Уақытша үкіметті бар ынтасымен қолдайды».

Уақытша үкімет пен Атқару комитетінің арасындағы жанжалды бүркегісі келгендік, әйтеуір келісімді сақтап қалу үшін, бәріне көнуге әзірлік — міне, Церетелидің сөзінің ұзын ырғасы осындай.

Каменев мүлде басқаша мазмұнда сөйледі. Егерде ел апаттың алдында болса, егерде ел шаруашылық, азық-түлік және басқа дағдарыстарға ұшырап отырса, мұндай жағдайдан құтылу жолы — соғысты созу емес, өйткені соғысты созу дағдарысты тек шиеленістіре түседі және революцияның жемістерін құртады; мұндай жағдайдан құтылу жолы — соғысты тез жою. Барлық сынайына қарағанда соғысты жою ісін өз міндетіне алу қазіргі Уақытша үкіметтің қолынан келмейді, өйткені ол «ақырына дейінгі соғысқа» талпынады. Сондықтан усынарлық жол — өкімет билігі елді тұйықтан шығара алатын басқа таптың қолына көшуге тиіс...

Қаменевтің сөзінен кейін министрлер отырған жерлерден: «олай болса өкімет билігін алыныздар» деген дауыстар есітілді.

„Правда" № 41,
25 апрель, 1917 ж.
Қол қойған: К. Сталин

РСДЖП (БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ) VII (АПРЕЛЬ) КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

24—29 апрель, 1917 ж.

1. КӘЗІРГІ КЕЗЕҢ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ ЛЕНИН ЖОЛДАСТЫҢ ҚАРАРЫН ЖАҚТАП СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

24 апрель

Жолдастар! Бубновтың ұсынып отырғаны Ленин жолдастың қарарында да ескерілген. Ленин жолдас бұқараның аттаныстарын, демонстрацияларын керексіз нәрсе демейді. Бірақ кәзіргі әңгіме мұнда емес. Алауыздық — бақылау мәселесі жөнінде болып отыр. Бақылау ісінде бақылаушы мен бақыланушы болады және бақылаушы бақыланушымен біраз келісім жасайды. Бақылау болды, келісім де болды. Ал бақылау не берді? Түк берген жоқ. Милюковтың (19 апрельдегі) сөзінен кейін бақылаудың құр әурешілік екендігі өте-мөте айқын болды.

Гучков былай дейді: «мен революцияны жақсылап соғысудың құралы деп санаймын, үлкен жеңіс үшін кіші революция жасайық». Бірақ кәзір армияда пацифистік идеялар тарағандықтан, соғысуға мүмкін болмай отыр. Сондықтан үкімет бізге былай дейді: «соғысқа қарсы насихатты жойыңдар, әйтпесе біз кетеміз».

Аграрлық мәселе жөнінде де үкімет шаруалардың мүдделерін, шаруалардың помещиктік жерлерді басып алу жөніндегі тілектерін орындайтын емес. Бізге бы-

лай деседі: «шаруаларды біздің ауыздықтауымызға көмектесіңдер, әйтпесе біз кетеміз».

Милюков былай дейді: «майданның бірлігін сақтау қажет, жауға қарсы шабуыл жасауымыз қажет, сондықтан солдаттарды жігерлендіріңдер, әйтпесе біз кетеміз».

Осыдан кейін бізге бақылау жөнінде ұсыныс жасалып отыр. Бұл — кісі күлерлік нәрсе! Алғашында программаны депутаттар Советі белгілейтін еді, ал енді оны Уақытша үкімет белгілеп отыр. Дағдарыстың ертеңіне (Милюковтың сөзінен кейін) Совет пен үкіметтің арасында одақ жасалуы Советтің үкіметтің соңына ергендігін көрсетеді. Үкімет Советке шабуыл жасауда. Совет шегінуде. Осыдан кейін Советтің үкіметті бақылауы туралы сөз қылу — орынсыз сөйлегендік болады. Міне сондықтан да мен Бубновтың бақылау туралы түзетуін қабылдамау керек деймін.

2. ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ БАЯНДАМА

29 апрель

Ұлт мәселесі жөнінде толық баяндама жасау керек еді, бірақ, уақыттың аздығынан, мен өзімнің баяндамамды қысқартуға тиіспін.

Қарардың жобасына кіріспестен бұрын, кейбір алғышарттарды белгілеп алуымыз керек.

Ұлт езушілігі деген не? Ұлт езушілігі деген — империалистік топтар жүргізіп отырған езілген халықтарды қанау және талау системасы, езілген халықтардың праволарын күшпен тежеу шаралары. Осының бәрі ұлтты езу саясаты деп аталған саясаттың суретін береді.

Бірінші мәселе — белгілібір өкіметтің өзінің ұлтты езу саясатын жүргізуде сүйенетін таптары қандай? Бұл мәселені шешу үшін, түрліше мемлекеттерде ұлтты езу формаларының неліктен әртүрлі екенін, бір мемлекетте ұлт езушілігі екінші мемлекеттегідей емес, анағұрлым ауыр және өрескел болуы неліктен екенін түсіну қажет. Мысалы, Англия мен Австро-Венгрияда ұлт езушілігі еш уақытта қырғын формасында болған жоқ, бірақ ол езілген халықтардың ұлттық праволарын тежеу түрінде болып отырды. Ал енді Россияда ұлт езушілігі көбінесе-ақ қыру, кескілеу формасында болды. Кейбір мемлекеттерде аз ұлтқа қарсы арнаулы шаралар тіпті атымен жоқ. Мысалы, Швейцарияда ұлт езушілігі жоқ, онда французадар, итальяндар, немістер еркін тұрады.

Түрліше мемлекеттерде ұлттарға көзқарастың әртүрлі болуы неліктен?

Осы мемлекеттердегі демократизм дәрежесінің түрліше болуынан. Бұрынғы кездерде, Россиядағы мемлекеттік өкіметтің басында ескі жер аристократиясы тұрған кезде, ұлт езушілігі сорақы кескілеу, қыру формасында болуға мүмкін еді, шынында да солай болды. Белгілі дәрежеде демократизмі және саяси бостандығы бар Англияда ұлтты езу түрінің өрескелдігі кемірек. Ал енді Швейцария болса, ол демократиялы қоғамға жақын, сондықтан ондағы ұлттардың азды-көпті толық бостандығы бар. Қысқасы, ел неғұрлым демократиялы болса, ұлт езушілігі соғұрлым әлсіз болады және керісінше. Біз демократизация дегенді өкімет басында белгілі таптардың болуы деп білеміз, осы тұрғыдан қарағанда, ескі патшалық Россияда болғандай, ескі жер аристократиясы неғұрлым өкіметке жақындаған

сайын, езу соғурлым күшейе түседі және оның формалары соғурлым сорақы бола береді деп айтуға болады.

Бірақ ұлт езушілігін қолдаушылар тек жер аристократиясы ғана емес. Онымен қатар басқа да күш бар, ол — империалистік топтар, бұлар халықтарды құлданудың отарларда тараған методтарын өз елінің ішіне де әкеліп таратады, сөйтіп бұлар жер аристократиясының табиғи одақтасы болады. Олардың соңына ұсақ буржуазия, интеллигенцияның бір бөлегі, жұмысшы атқамінерлердің бір бөлегі ереді, өйткені талан-тараждың жемістерін бұлар да пайдаланып отырады. Сонымен, ұлт езушілігін қолдайтын әлеуметтік күштердің тұтас бір хоры шығып отыр, бұлардың басында жер және финансы аристократиясы тұр. Нағыз шын демократиялық тәртіпті орнату үшін, ең алдымен, іргені тазартып, осы хорды саяси сахнадан аластау қажет. (Қарардың текстін оқыйды.)

Бірінші сұрау: езілген ұлттардың саяси тұрмысын қалай құру керек? Бұл сұрауға былай деп жауап беру керек: Россияның құрамына кіретін езілген халықтарға — Россия мемлекетінің құрамында қалу, немесе өз алдына бөлек мемлекет болып бөлініп шығу мәселесін — өздері шешуге право берілуге тиіс. Кәзір біздің алдымызда Финляндия халқы мен уақытша үкімет арасындағы нақты жанжал тұр. Финляндия халқының өкілдері, социал-демократия өкілдері Уақытша үкіметтен Россияға қосылғанға дейінгі пайдаланып келген праволарын халыққа қайтарып беруді талап етіп отыр. Уақытша үкімет мұны қабыл етпей отыр, Финляндия халқын суверенді деп танымай отыр. Біз кімнің жағына шығуымыз керек? Әрине, Финляндия халқы жағына шығуымыз керек, өйткені қандай халықты болса да

Бірінші мәселе — белгілібір өкіметтің өзінің ұлтты езу саясатын жүргізуде сүйенетін таптары қандай? Бұл мәселені шешу үшін, түрліше мемлекеттерде ұлтты езу формаларының неліктен әртүрлі екенін, бір мемлекетте ұлт езушілігі екінші мемлекеттегідей емес, анағұрлым ауыр және өрескел болуы неліктен екенін түсіну қажет. Мысалы, Англия мен Австро-Венгрияда ұлт езушілігі еш уақытта қырғын формасында болған жоқ, бірақ ол езілген халықтардың ұлттық праволарын тежеу түрінде болып отырды. Ал енді Россияда ұлт езушілігі көбінесе-ақ қыру, кескілеу формасында болды. Кейбір мемлекеттерде аз ұлтқа қарсы арнаулы шаралар тіпті атымен жоқ. Мысалы, Швейцарияда ұлт езушілігі жоқ, онда французлар, итальяндар, немістер еркін тұрады.

Түрліше мемлекеттерде ұлттарға көзқарастың әртүрлі болуы неліктен?

Осы мемлекеттердегі демократизм дәрежесінің түрліше болуынан. Бұрынғы кездерде, Россиядағы мемлекеттік өкіметтің басында ескі жер аристократиясы тұрған кезде, ұлт езушілігі сорақы кескілеу, қыру формасында болуға мүмкін еді, шынында да солай болды. Белгілі дәрежеде демократизмі және саяси бостандығы бар Англияда ұлтты езу түрінің өрескелдігі кемірек. Ал енді Швейцария болса, ол демократиялы қоғамға жақын, сондықтан ондағы ұлттардың азды-көпті толық бостандығы бар. Қысқасы, ел неғұрлым демократиялы болса, ұлт езушілігі соғұрлым әлсіз болады және керісінше. Біз демократизация дегенді өкімет басында белгілі таптардың болуы деп білеміз, осы тұрғыдан қарағанда, ескі патшалық Россияда болғандай, ескі жер аристократиясы неғұрлым өкіметке жақындаған

сайын, езу соғұрлым күшейе түседі және оның формалары соғұрлым сорақы бола береді деп айтуға болады.

Бірақ ұлт езушілігін қолдаушылар тек жер аристократиясы ғана емес. Онымен қатар баска да күш бар, ол — империалистік топтар, бұлар халықтарды құлдақудың отарларда тараған методтарын өз елінің ішіне де әкеліп таратады, сөйтіп бұлар жер аристократиясының табиғи одақтасы болады. Олардың соңына ұсақ буржуазия, интеллигенцияның бір бөлегі, жұмысшы атқамінерлердің бір бөлегі ереді, өйткені талан-тараждың жемістерін бұлар да пайдаланып отырады. Сонымен, ұлт езушілігін қолдайтын әлеуметтік күштердің тұтас бір хоры шығып отыр, бұлардың басында жер және финансы аристократиясы тұр. Нағыз шын демократиялық тәртіпті орнату үшін, ең алдымен, іргені тазартып, осы хорды саяси сахнадан аластау қажет. (Қарардың текстін оқиды.)

Бірінші сұрау: езілген ұлттардың саяси тұрмысын қалай құру керек? Бұл сұрауға былай деп жауап беру керек: Россияның құрамына кіретін езілген халықтарға — Россия мемлекетінің құрамында калу, немесе өз алдына бөлек мемлекет болып бөлініп шығу мәселесін — өздері шешуге право берілуге тиіс. Қәзір біздің алдымызда Финляндия халқы мен уақытша үкімет арасындағы нақты жанжал тұр. Финляндия халқының өкілдері, социал-демократия өкілдері Уақытша үкіметтен Россияға косылғанға дейінгі пайдаланып келген праволарын халыққа қайтарып беруді талап етіп отыр. Уақытша үкімет мұны қабыл етпей отыр, Финляндия халқын суверенді деп танымай отыр. Біз кімнің жағына шығуымыз керек? Әрине, Финляндия халқы жағына шығуымыз керек, өйткені қандай халықты болса да

бір мемлекеттің шеңберінде зорлықпен ұстауды дұрыс деп тану — ақылға сыймайтын нәрсе. Халықтардың өзін өзі билеу принципін ұсына отырып, біз мұнымен ұлт езушілігіне қарсы күресті жалпы жауымыз болып отырған империализмге қарсы күрестің сатысына көтереміз. Мұны істемейінше, біз империалистердің диірменіне су құюшы адамдардың халінде болып қалуымыз мүмкін. Егерде біз, социал-демократтар, Финляндия халқының өздерінің бөлініп шығу еркін талап ету правосын және бұл еркін жүзеге асыру правосын қабылдамай тастасақ, онда біз мұнымызбен патша өкіметінің саясатын жүргізе берушілердің халінде болып қалар едік.

Ұлттардың ерікті түрде бөлініп шығу правосы туралы мәселені белгілібір кезенде ұлттың **міндетті түрде** бөлініп шығуы туралы мәселемен шатастыру — кешірілмейтін іс. Бұл мәселені пролетариат партиясы әрбір жеке реттерде жағдайға байланыстырып, мүлде дербес шешуге тиіс. Езілген халықтардың бөлініп шығу правосын, өзінің саяси тағдырын өзі шешу правосын мойындай отырып, біз мұнымен қазіргі кезенде Россия мемлекетінен пәленбей ұлттар бөлініп шығуға тиіс пе деген мәселені шеше коймаймыз. Мен ұлттың бөлініп шығу правосын мақұлдай алам, бірақ бұл әлі менің оны бөлініп шығуға міндеттегенім болып шықпайды. Халықтың бөлініп шығуға правосы бар, бірақ ол, жағдайға қарай, осы правосын пайдаланбауы да мүмкін. Сонымен, пролетариаттың мүддесіне байланысты, пролетарлық революцияның мүддесіне байланысты, бөлініп шығуды жақтап немесе бөлініп шығуға қарсы үгіт жүргізу еркі біздің жағымызда қалады. Сонымен, бөлініп шығу туралы мәселе әрбір жеке рет-

терде жағдайға байланыстырылып, дербес шешіліп отырады, міне сондықтан да бөлініп шығу правосын мақұлдау туралы мәселені белгілі жағдайларда бөлініп шығудың қолайлы-қолайсыздығы туралы мәселемен шатастыруға болмайды. Мысалы, мен өзім, Закавказье мен Россиядағы жалпы дамуды, пролетариат күресінің белгілі жағдайларын және басқа сондайларды еске алып, Закавказьенің бөлініп шығуына қарсы болар едім. Бірақ, егерде Закавказье халықтары қалайда бөлініп шығуды талап етсе, онда олар, әрине, бөлініп шыға алар еді және олар біздің тарапымыздан қарсы болушылықты кездестірмес те еді. (Қарардың қалған текстін оқыйды.)

Сонсын. Россия мемлекеті ішінде қалғысы келетін халықтарды қайтпек керек? Егер халықтар арасында Россияға сенбеушілік болған болса, бұған, ең алдымен, патша өкіметінің саясаты дем беріп отырды. Ал енді патша өкіметі жойылғансоң, оның езу саясаты жойылғансоң, сенбеушілік кеми беруге тиіс, Россияға қарай бейімделу өсе беруге тиіс. Менің ойымша, патша өкіметі құлатылғаннан кейін халықтардың $^9/_{10}$ бөлегі бөлініп шығуды тілемейді. Сондықтан тұрмыс, тіл өзгешеліктері жөнінен айырмашылығы бар Закавказье, Түркстан, Украина сықылды бөлініп шыққысы келмейтін облыстар үшін, партия облыстық автономия құруды ұсынады. Ондай автономиялы облыстардың географиялық шекараларын шаруашылық, тұрмыс және басқа сондай жағдайларына сәйкестеп сол халықтардың өздері белгілейтін болады.

Облыстық автономияға қарсы қойылған екінші бір жоспар бар, ол жоспарды әлдеқашаннан бері Бунд[17] ұсынып келеді, бәрінен бұрын Шпрингер мен Бауэр

ұсынып келеді, бұлар мәдени-ұлттық автономия принципі болсын дейді. Мен бұл жоспарды социал-демократия үшін қолайсыз деп есептеймін. Оның мазмұны мынау: Россия ұлттар одағына айналуға тиіс, ал ұлттар — бірыңғай қоғамға жыйыстырылған адамдардың одағына айналуға тиіс, ол адамдардың мемлекеттің қай ауданында тұрғандығы есеп емес. Барлық орыстар, барлық армяндар, т. т. тұрған жеріне қарамастан өздерінің жеке ұлт одағына ұйымдасады, содан кейін барып бүкіл Россияның ұлттар одағына кіреді. Бұл жоспар нағыз ыңғайсыз және қолайсыз жоспар. Әңгіме мынада: капитализм дамуы тұтас топты адамдарды ұлттан бөліп, Россияның түрлі түкпірлеріне бытыратып таратып жіберді. Экономикалық жағдайлардың салдарынан болған ұлт бытыраңқылығы тұсында, белгілібір ұлттың жеке адамдарын теріп жыйыстыру — ұлтты қолдан ұйымдастыру, қолдан құрастыру болады. Адамдарды қолдан жыйып-теріп ұлтқа тарту — ұлтшылдық көзқарасты қуаттау болады. Бундтың ұсынған бұл жоспарын социал-демократия қостай алмайды. Бұл жоспар біздің партияның 1912 жылғы конференциясында қабылданбай тасталған және тегінде, Бундтың өзіне болмаса, социал-демократия арасына тараған жоқ. Басқаша айтқанда, бұл жоспар мәдени автономия деп аталынады, өйткені ол ұлттың көңіл бөліп отырған әлденеше түрлі мәселелерінің ішінен мәдениет мәселелерін бөліп алады да, бұларды ұлт одақтарының қолына береді. Бұлай бөлуде мәдениет ұлттарды біртұтас етіп біріктіреді дейтін қағыйда негізге алынады. Ұлттардың ішінде, бір жағынан, ұлтты бөліп жаратын мүдделер бар, мысалы, шаруашылық мүдделері бар, екінші жағынан, ұлтты біртұтас етіп жыйыс-

тыратын мүдделер бар, нақ осындай мәселе — мәдениет мәселесі деп жорылады.

Ақырында, ендігі қалған мәселе — аз ұлттар туралы мәселе. Олардың праволары ерекше қорғалуға тиіс. Сондықтан партия аз ұлттардың мектеп, дін және басқа мәселелер жөнінен толық тең праволы болуын, оларды тежеудің қандайын болса да жоюды талап етеді.

Ұлттардың тең праволылығын белгілеп көрсететін 9-параграф бар. Оны жүзеге асырудың қажетті жағдайлары бүкіл қоғамның толық демократияланған кезінде ғана туады.

Біз түрлі ұлттардың пролетариатын жалпы бір партияға қалай ұйымдастыру мәселесін де шешуіміз керек. Бір жоспар бойынша — жұмысшылар ұлтына қарай ұйымдасады, — қанша ұлт болса, сонша партия болмақ. Бұл жоспарды социал-демократия қабылдамай тастаған. Белгілібір мемлекеттің пролетариатын ұлтына қарай ұйымдастыру таптық ынтымақ идеясын құртуға әкеліп соқтыратынын практика көрсетіп отыр. Белгілібір мемлекеттегі барлық ұлттардың барлық пролетарлары бөлінбейтін бір пролетариат коллективіне ұйымдасуға тиіс.

Сөйтіп, ұлт мәселесі жөніндегі біздің көзқарасымыз мынадай болады:

а) халықтардың бөлініп шығуға правосы бар деп тану;

б) белгілібір мемлекеттің ішінде қалатын халықтарға облыстық автономия беру;

в) аз ұлттардың еркін дамуына мүмкіндік беретін ерекше заң болуы;

г) белгілібір мемлекеттегі барлық ұлттардың про-

литарларын бөлінбейтін біртұтас пролетариат коллективіне, біртұтас партияға ұйымдастыру.

3. ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ ҚОРТЫНДЫ СӨЗ

29 апрель

Жалпы тұтас алғанда карардың екеуі де бір-бірімен үйлеседі. Пятаков, «бөлініп шығу правосын мақұлдау» деген бір пункттен баска, барлық пункттерді біздің карарымыздан көшіріп алыпты. Екінің бірі: не біз ұлттардың бөлініп шығу правосын мақұлдамайтық боламыз, онда мұны ашық айтуымыз керек, не біз бұл правоны мақұлдайтын боламыз. Қәзір Финляндияда ұлт бостандығын қамтамасыз ету жағына бет алған қозғалыс бар және онымен Уақытша үкіметтің күресіп отыруы бар. Мұның қайсысын қолдау керек деген сұрау туады. Не біз Уақытша үкіметтің саясатын, Финляндияны күшпен ұстап тұру және оның правосын минимумға дейін тұқырту саясатын жақтауымыз керек, онда біз аннексионистер боламыз, өйткені біз Уақытша үкіметтің диірменіне су құямыз, не біз Финляндияның тәуелсіздігін жақтауымыз керек. Бұл жерде не ананы, не мынаны қостайтынымызды ашық айтуымыз керек, құр праволарды ғана айтып өтумен тыну мүмкін емес.

Ирландияның тәуелсіз болуын қостайтын қозғалыс бар. Біз кімді жақтаймыз, жолдастар? Не біз Ирландияны жақтауымыз керек, не біз Англияның империализмін жақтауымыз керек. Менің сұрайтыным — біз езушілікке карсы күресіп жатқан халықтарды жақтаймыз ба, әлде оларды езуші таптарды жақтаймыз ба? Біздің айтатынымыз: социал-демократия, социалистік

революцияға бағыт алып тұрғандықтан, халықтардың империализмге қарсы бет алған революциялық қозғалысын қолдауға тиіс.

Не біз социалистік революцияның авангарды үшін ұлт езушілігіне қарсы көтерілуші халықтардан тыл құру қажет деп есептейміз, — онда біз Батыс пен Шығыс арасына жол саламыз, — онда біз шынымен дүниежүзілік социалистік революцияға бет аламыз; не біз мұны істемейміз, — онда біз оңашаланып қаламыз, онда біз империализмді жою мақсаты үшін езілген ұлттар ішіндегі барлық революциялық қозғалыстарды пайдалану тактикасынан бастартқан боламыз.

Біз империализмге қарсы бет алған қозғалыстардың бәрін де қолдауымыз керек. Бұлай етпеген күнде Финляндия жұмысшылары бізге не демекші? Пятаков пен Дзержинский бізге: ұлт қозғалысының бәрі де — реакцияшыл қозғалыс дейді. Бұл дұрыс емес, жолдастар. Англия империализміне қарсы Ирландия қозғалысы империализмге соққы беретін демократиялық қозғалыс емес пе? Бұл қозғалысты біз қолдауға тиісті емеспіз бе?..

Бірінші рет мына кітапта басылған.
РСДЖП-ның 1917 ж. апрельдегі жалпы Петроград қалалық және Жалпыроссиялық конференциясы
М.—Л., 1925

РЕВОЛЮЦИЯДАН ҚАЛЫП ҚОЙҒАНДАР

Революция ілгерілеуде. Оның өзі тереңдеп кеңейе түсіп, еліміздің бүкіл қоғамдық-экономикалық тұрмысын төменнен жоғарыға дейін революцияландырып, бір саладан екінші салаға жайылуда.

Революция, өнеркәсіпке баса-көктеп кіріп, жұмысшылардың өндірісті бақылап, оны тәртіпке келтіруі жөнінде мәселе қойып отыр (Донец бассейні).

Революция, ауыл шаруашылығына жайылып, бос қалған жерлерді бірлесіп өңдеуге, шаруаларды құрал-сайманмен және көлікпен қамтамасыз етуге итермелеп отыр (Шлиссельбург уезі)[18].

Революция, соғыстың жарақаттарын және соғыс жағдайларында туып ұласқан шаруашылық бүлініншілігін әйгілей отырып, өнім бөлу саласына бұзып-жарып енуде, сөйтіп, бір жағынан, қалаларды азық-түлікпен жабдықтау туралы (азық-түлік дағдарысы), екінші жағынан, деревняны фабрикаттармен жабдықтау туралы (товар дағдарысы) мәселе қоюда.

Барлық осы мәселелерді және осылар сияқты кәзірдің өзінде толғағы піскен басқа да мәселелерді ше-

шу ісі революцияшыл бұқаралардың мейлінше ынта-жігер көрсетуін, жаңа тұрмыс орнату ісіне жұмысшы депутаттары Советтерінің белсене араласуын, ақыр соңында, өкімет билігі елімізді революциялық кең жолға шығара алатын жаңа таптың қолына түгелінен көшуін талап етеді.

Жер-жердегі революцияшыл бұқара кәзірдің өзінде осы жолға түсе бастады. Революцияшыл ұйымдар, «қоғамдық құткару комитеттері» дейтіндерден аттап өтіп, кейбір жерлерде кәзірдің өзінде-ақ өкімет билігін өз қолдарына алды (Орал, Шлиссельбург).

Ал енді революцияға басшылық етуге тиісті болған депутаттар Советінің Петроградтық атқару комитеті, бұқаралардан артта қалып және шеттеп шығып, дәрменсіз түрде бір орынды таптауда, ал бүкіл өкімет билігін қолға алу жөніндегі күрделі мәселенің орнына Уақытша үкіметке «кандидаттар ұсыну» жөніндегі түкке тұрғысыз мәселені сөз қылып отыр. Атқару комитеті бұқарадан қалып қоюымен бірге, революцияның өршу қозғалысын қыйындатып, сол революциядан да қалып қойып отыр.

Біздің алдымызда Атқару комитетінің екі документі жатыр: солдаттарға сыйлық апара жатқан «Майдандағы жұмысшылар делегаттарына ескерткіш хат» және «Майдандағы солдаттарға үндеу». Ал енді осы документтер нені көрсетеді? Атқару комитетінің нақ өлгі мешеулігін көрсетеді, өйткені Атқару комитеті өзінің осы документтерінде кәзіргі кездегі ең маңызды мәселелер жөнінде мейлінше кері тартатын, мейлінше революцияға қарсы жауаптар беріп отыр!

Соғыс туралы мәселе

Атқару комитеті аннексиялар мен контрибуциялар туралы Уақытша үкіметпен керісіп жүрген кезде, Уақытша үкімет «ноталар» жасап шығарып, Атқару комитеті «жеңімпаздық» роліне масайрап жүрген кезде, ал басқыншылық соғыстың өзі бұрынғыша жүргізіліп жатқан уақытта, — окоптардағы өмір, солдаттардың шын өмірі, күрестің жаңа әрекетін — жаппай бауырласу әрекетін тудырды. Өздігінен туған бауырласу әрекеті бейбітшілікке ұмтылудың тек стихиялық түрі екендігінде күмән жоқ. Әйткенмен, ұйымдасқан түрде, саналылықпен жүргізілген бауырласу әрекеті соғысушы елдердегі жағдайды революцияландыру үшін жұмысшы табының қолындағы күшті құралға айналуы мүмкін.

Ал Атқару комитетінің бауырласуға көзқарасы қандай?

Тыңдап қараңыз:

«Солдат жолдастар! Сендер бейбітшілікке жеткенде бауырласу арқылы жетпейсіңдер... Бауырласу — бейбітшілікке жету жолы деп сендерді нанғызушы адамдар сендердің өздеріңді құртатын, орыс бостандығын құртатын жолға бастап жүр. Оларға нанбаңдар» («Үндеуді» қараңыз).

Атқару комитеті солдаттарға бауырласудың орнына «ұрыс жағдайы талап етерлік шабуыл әрекеттерінен бастартпау керек» дегенді ұсынады («Үндеуді» қараңыз). Бақсақ, әңгіме былай екен: қорғаныстың, «саяси мағнадағы қорғанудың өзі стратегиялық шабуылдар жасауды, жаңа учаскелерді алуды, тағысын-тағыларын ешбір жоққа шығармайды. Қорғану

мүдделеріне сәйкес... шабуыл жүргізу, жаңа позицияларды алу өте қажет» («Ескерткіш хатты» қараңыз).

Қысқасы: бейбітшілікке жету үшін шабуыл жасап, бөтен «учаскелерді» басып алу керек екен.

Атқару комитеті осындай пікір айтады.

Ал Атқару комитетінің осы империалистік пікірлерінің майдандағы бауырласу әрекетін «опасыздық» деп жариялайтын, солдаттарға «дұшпанмен аяусыз күрес жүргізу керек» деп бұйрық ететін генерал Алексеевтің контрреволюциялық «бұйрығынан» қандай айырмашылығы бар?

Немесе тағыда: бұл пікірлердің «майдан бірлігін» көздеп солдаттардан «шабуыл әрекеттерін жүргізуді» және тәртіптілікті талап ете Мария сарайындағы кеңесте сөйлеген Милюковтың контрреволюциялық сөзінен қандай айырмашылығы бар?

Жер туралы мәселе

Шаруалар мен Уақытша үкіметтің арасында туған жанжал жұрттың бәріне белгілі. Шаруалар помещиктердің бос тастаған жерлерін дереу жыртуды талап етеді, осындай әрекет тылдағы халықты ғана емес, сонымен бірге майдандағы армияны да астықпен қамтамасыз етудің бірден-бір жолы деп есептейді. Бұған жауап ретінде Уақытша үкімет аграрлық қозғалысты «заңнан» тыс қозғалыс деп, шаруаларға үзілді-кесілді соғыс жариялады, оның бержағында помещиктердің мүдделерін «бейбастақ» шаруалардың «қастық әрекеттерінен» қорғау үшін жер-жерге комиссарлар жіберді. Уақытша үкімет шаруаларға: Құрылтай жиналысы шақырылғанша жерді конфискацияламай қоя тұрыңдар

деп ұсыныс етті: Құрылтай жыйналысы бәрін де шешеді десті.

Ал Атқару комитетінің бұл мәселе жөніндегі көзқарасы қандай: ол кімді қолдайды, шаруаларды ма, әлде Уақытша үкіметті ме?

Тыңдап қараңыз:

«Революцияшыл демократия... болашақ Құрылтай жыйналысында... помещиктердің жерлерін... ақы төлемей алуды... мейлінше үзілді-кесілді түрде қорғамақшы. Ал қазіргі уақытта, помещиктердің жерлерін дереу конфискациялаудың өзі... ел ішінде айғақаларлықтай шаруашылық күйзеліс... тудыруы мүмкін екендігін еске ала отырып... революцияшыл демократия шаруаларды жер мәселесін өз бетімен шешушіліктің қандайынан болса да алдын ала сақтандырады, өйткені аграрлық тәртіпсіздіктер шаруаларға емес, контрреволюцияға пайдалы болады», сондықтан: «Құрылтай жыйналысының қарары шыққанша помещиктердің дүниелігін өз бетімен басып алушылық болмасын» делінген («Ескерткіш хатты» қараңыз).

Атқару комитеті міне осылай дейді.

Атқару комитетінің шаруаларды емес, Уақытша үкіметті қолдайтыны анық болып отыр.

Осындай позицияға түскеннен кейін Атқару комитеті Шингарёвтің: «шаруаларды ауыздықта!» деген контрреволюциялық ұранына дейін құлдырап кеткендігі айқын емес пе?

Ал онан соң қай кезден бері аграрлық қозғалыстар «аграрлық тәртіпсіздікке», ал мәселелерді «өз бетімен шешушілік» — жолсыздыққа айналды екен? Советтер дегеніміз, олардың ішінде Петроградтық Совет, «өзбетімен» құрылған ұйым емей немене? Атқару комитеті: «өзбетімен» құрылған ұйымдар мен қабылданған қарарлардың дәуренi өтті деп ойлап жүрген жоқ па?

Атқару комитеті помещиктердің жерлерін өзбетімен

жыртудың салдарынан «азық-түлік бүліншілігі» туады деп қорқытады. Бірақ Шлиссельбургтегі «өзбетімен» құрылған революциялық комитет халықтың азық-түліктік әл-қуатын арттыру мақсатымен мынадай қаулы алды:

«Өте зәру болып отырған астық өнімдерін неғұрлым мол алу үшін, — шіркеулерге, монастырьлерге, бұрынғы уделдерге және жеке иемденушілерге тән бос жатқан егістік жерлерді қауымдасып жырту керек».

Атқару комитетінің «өзбетімен» алынған осы қаулыға қарсы айтатын не дәлелі бар?

Оның өзі осы мағналы қарарға қарсы болғанда Шингарёв мырзаның указдарынан алып пайдаланған: «бейбастақтық», «аграрлық тәртіпсіздік», «өзбетімен шешушілік» деген сияқты бос сөздерден басқа нені қарсы қоя алады?

Атқару комитетінің провинциялардағы революциялық қозғалыстан қалып қойғандығы, қалып қойғанымен тұрмай оған қарсы келіп отырғандығы айқын емес пе?..

Сонымен, біздің көз алдымызда жаңа жағдай өріс алып отыр. Революция, жаңа салаларды қамтый отырып, өнеркәсіпке, ауыл шаруашылығына, өнім бөлу саласына баса-көктей ене отырып, бүкіл өкімет билігін алу туралы мәселені алға қоя отырып, көлемі жағынан да, тереңдігі жағынан да өсіп ұлғаюда. Қозғалысты провинция бастап келеді. Егер революцияның алғашқы күндерінде алда жүрген Петроград болса, кәзір ол кейін қала бастады. Оның бержағында Петроград атқару комитетінің әлдеқашан жеткен жерінде тоқтап қалуға тырысатынын көрсетерлік әсер туып отыр.

Бірақ революция заманында бір жерде тұрып қалу мүмкін емес, мұнда тек — не ілгері, не кейін — қозғалу ғана мүмкін. Сондықтан, кімде-кім революция кезінде тоқтап қалуға тырысса, ондай адам сөзсіз қалып қояды, ал қалып қойғанға рахым жоқ: революция оны контрреволюцияның лагеріне итеріп жібереді.

„Правда" № 48,
4 май, 1917 ж.
Қол қойған: К. Сталин

БІЗ КОНФЕРЕНЦИЯДАН НЕ КҮТКЕН ЕДІК?

Біздің партия — Петроградтан Кавказға дейінгі, Ригадан Сибирьге дейінгі бүкіл Россия социал-демократтарының одағы.

Бұл одақ еңбекшілердің байларға, фабрикантар мен помещиктерге қарсы, ең жақсы игілік жолында, социализм жолында ойдағыдай күрес жүргізуіне көмек көрсету үшін құрылған.

Бірақ біздің партия біртұтас және ұйымшыл болған күнде ғана, оның өзінде бір рух, бір жігер болған күнде ғана, оның өзі Россияның барлық түкпірлерінде, қай жерде болса да белгілібір нысанаға дәлдеп атып отырған кезде ғана ойдағыдай күрес жүргізуге болады.

Ал партияның біртұтас және ұйымшыл болуын қалай қамтамасыз ету керек?

Бұған бір жол бар, атап айтқанда: бүкіл Россияның саналы жұмысшыларынан сайланған адамдарды бір жерге жыйнап, революциямыздың негізгі мәселелерін бірлесіп талқылап, жалпы бір пікірге келу керек, сонсын, үйді-үйге тарап, халыққа бару керек, сөйтіп оны жалпы бір жолмен, жалпы бір мақсатқа бастау керек.

Осындай жыйналыстың өзі конференция деп аталады.

Міне сондыктан бәріміз де Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының Бүкілроссиялық конференциясының шақырылуын тықыршып күткен едік.

Біздің партия революцияға дейін астыртын жағдайда өмір сүріп келді, ол тыйым салынған партия еді, оның мүшелері қамауға алынып каторгаға айдалумен болды. Сондықтан ол астыртын жағдайға бейімделіп ұйымдасты, ол «жасырын» партия болды.

Кәзір жағдайлар өзгерді, революция бостандық әперді, астыртын жағдай жойылды, сондыктан партия жарыя түрде жұмыс істеуге тиісті болды, жаңаша ұйымдасуға тиісті болды.

Біздің алдымызда соғыс пен бейбітшілік туралы мәселе тұр. Соғыста миллиондар құрбан болып отыр және әліде құрбан бола бермек. Соғыс миллиондаған семьяларды күйзелтуде. Соғыс қалаларды аштыққа, жоқшылыққа ұшыратты. Соғыс деревняны аса керекті товарлардан құралақан қалдырды. Соғыс казнаға зат өткізу арқылы қалталарын қампыйтушы байларға ғана пайдалы. Соғыс басқа халықтарды тонаушы үкіметтерге ғана пайдалы. Соғыстың өзі нақ осындай тонаушылық мақсатпен жүргізіліп отыр. Сондыктан мынадай сұрақ туады: соғысты қалай ету керек, оны тоқтату керек пе, әлде, бұдан былайда жүргізе отырып, тұзаққа бурынғыдан бетер іліге түсу керек пе, немесе бұл тұзақты біржола үзу керек пе?

Конференция міне осы сұраққа жауап беруге тиісті болды.

Сонсын. Россия, оның тылы да, майданы да аштық

тың алдында тұр. Бірақ егерде барлық «бос» жерлер кәзірден-ақ жыртылмаса аштық үш есе катаң болады. Оның бержағында, помещиктер жерді бос тастап егін егуден бастартып отыр, ал Уақытша үкімет шаруалардың помещиктерге тән жерлерді алып, егін салуларына ырық бермей келеді... Помещиктерді мейлінше қолдап отырған Уақытша үкіметті қалай ету керек? Помещиктердің өздерін калай ету керек, жерді олардың өздерінде қалдыру керек пе, әлде оны халықтың меншігіне беру керек пе?

Осы мәселелердің бәріне де конференция айқын, анық жауаптар беруге тиіс болды.

Өйткені тек осындай жауаптар ғана партияны біртұтас, ұйымшыл партия етеді.

Тек ұйымшыл партия ғана халықты жеңіске жеткізе алады.

Конференция біздің сенімімізді ақтады ма?

Конференция айқын, анық жауаптар берді ме, — ол жағын, газетіміздің 13-нші номеріне қосымша[19] ретінде басылып шыққан конференция қарарларын оқый отырып, жолдастардың өздері-ақ айтсын.

„Солдатская Правда" № 16,
6 май, 1917 ж.
Басмақала
Қол қойған: К. Сталин

МУНИЦИПАЛДЫҚ НАУҚАН[23]

Аудандық думалар сайлауы жақындап келеді. Кандидаттардың тізімдері қабылданып, жарияланды. Сайлау науқаны қызу жүріп жатыр.

Әлденеше түрлі «партиялар»: шын партиялар мен жалған партиялар, ескі партиялар мен жаңа құрастырылған партиялар, байсалды партиялар мен қуыршақ партиялар өз тізімдерін ұсынуда. К.-д. партиясымен қатар — «адалдықтың, есептіліктің және әділдіктің партиясы»; «Бірлікпен» және Бундымен қатар — «К.-д. партиясынан біраз солшылдау партия»; меньшевиктермен және қорғампаз эсерлермен қатар — «партияда жоқтардың» және «партиядан жоғарылардың» әралуан топтары. Көтерілген жалаулардың ала-құлалығы мен өрескелдігі адам айтқысыз.

Науқанның тетігі муниципалдық «реформаның» жалаң өзі емес, елдің жалпы саяси жағдайы екендігі сайлау алдындағы алғашқы жиналыстардан-ақ көрініп отыр. Муниципалдық реформа — негізгі саяси платформалардың табиғи түрде өріс алатын желісі ғана.

Мұның өзі түсінікті де. Қазір, соғыстың өзі елді бүлiншiлiктің түңғиығына төндіріп отырған кезде, ха-

лықтың көпшілігінің мүдделері елдің бүкіл шаруашылық тіршілігіне революциялық қатысуды талап етіп отырғанда, ал Уақытша үкімет елді тұйықтан шығаруға көрінеу қабілетсіз болып отырған кезде, — әртүрлі жергілікті мәселелер, оның ішінде муниципалдық мәселелер де, соғыс пен бейбітшілік туралы, революция мен контрреволюция туралы жалпы мәселелермен тығыз байланысты түрде ғана ұғынылып, шешілуі мүмкін. Жалпы саясатпен осындай байланыстылық болмаса, муниципалдық науқан бет жуғышты дәнекерлеу туралы және «жақсы дәретханалар жасау» туралы бос мылжыңға айналар еді (қорғампаз меньшевиктердің платформасын қараңыз).

Сондықтан көптеген партия жалауларының ала-құла көрінісінен негізгі екі саяси бағыт: революцияны ілгері дамыту бағыты мен контрреволюцияның бағыты — науқан кезінде сөзсіз жарып шығатын болады.

Науқан неғұрлым күшті болса, партиялық сын соғұрлым өткір болады, осы екі бағыт соғұрлым ерекше айқындала береді, бітіспейтінді бітістіруге тырысатын аралық топтардың халі соғұрлым кісі шыдағысыз болады, революция мен контрреволюцияның арасында отырған меньшевиктер мен халықшылдардың ішіндегі қорғампаздар іс жүзінде контрреволюцияның ісін жеңілдетіп, революцияға кедергі жасап отырғандығы жұрттың бәріне соғұрлым айқын болады.

* * *

«Халық бостандығы» партиясы

Патша өкіметін құлатқан күннен бастап оңшыл партиялар бытырап кетті. Мұның себебі олардың бү-

рынғы түрінде өмір сүруі тиімсіз болып қалды. Ал олар қайда кетті? Олар «халық бостандығы» деп аталатын партияның төңрегіне, Милюковтың және оның серіктерінің партиясының төңрегіне жыйналды. Кәзір Милюковтың партиясы ең оңшыл партия. Мұның өзі таласуға жатпайтын факты. Міне сондықтан да бұл партия кәзір контрреволюциялық күштерді біріктіретін орталық болып отыр.

Милюковтың партиясы шаруаларды ауыздықтауды жақтайды, өйткені оның өзі аграрлық қозғалысты басу жағында.

Милюковтың партиясы жұмысшыларды ауыздықтауды жақтайды, өйткені ол жұмысшылардың «шектен тыс» талаптарына қарсы, оның бержағында ол жұмысшылардың барлық елеулі талаптарын «шектен тыс» талаптар деп жарыялайды.

Милюковтың партиясы солдаттарды ауыздықтауды жақтайды, өйткені ол «темір тәртіп» жағында, яғни командирлер тобының солдаттарға қайтадан үстемдік етуін жақтайды.

Милюковтың партиясы елімізді бүліншілік пен күйзеліске ұшыратқан тонаушылық соғысты жақтайды.

Милюковтың партиясы революцияға қарсы «үзілді-кесілді шаралар» қолдануды жақтайды, ол өзін «халық бостандығының» партиясы деп атағанымен, сол халық бостандығына «үзілді-кесілді» қарсы.

Осындай партия халықтың аса кедей топтарының мүдделерін көздеп қала шаруашылығын жаңартады деп үміттенуге бола ма?

Оған қаланың тағдырын сеніп тапсыруға бола ма?

Ешқашанда! Ешбір жағдайда да болмайды!

Біздің сертіміз: Милюковтың партиясына ешқандай

сенім болмасын, «халық бостандығының» партиясына бірде-бір дауыс берілмесін!

* * *

Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясы (большевиктер)

Біздің партия — к.-д. партиясына тікелей қарама-қарсы партия. Кадеттер — контрреволюцияшыл буржуалар мен помещиктердің партиясы. Біздің партия — қала мен деревнядағы революцияшыл жұмысшылардың партиясы. Бұлар — бітіспейтін екі партия, бірінің жеңуі екіншісінің жеңілуі болып шығады. Біздің талаптарымыз белгілі, біздің жолымыз айқын.

Біз қазіргі соғысқа қарсымыз, неге десеңіз бұл соғыс — тонаушылық соғыс, басқыншылық соғыс.

Біз бейбітшілікті, жалпыға бірдей, демократиялық бейбітшілікті жақтаймыз, неге десеңіз осындай бейбітшіліктің өзі — шаруашылық бүліншілігі мен азық-түлік бүліншілігінен құтылудың ең сенімді жолы.

Жұрт қалаларда астықтың тапшылығына налыйды. Ал астықтың болмауының себебі, соғысқа «айдалып кеткен» жұмысшы күштерінің жетіспейтіндігінен егістік жерлердің көлемі кеміп кетіп отыр. Астықтың болмауының себебі, тіпті бар астықтың өзін де тасып жеткізетін дәнеңе жоқ, өйткені темір жолдар соғысқа жұмыс істеуден босамай отыр. Соғысты тоқтатыңдар — сонда астық та болады.

Жұрт деревняда товардың тапшылығына налыйды. Ал товардың болмай қалуының себебі, фабрикалар мен заводтардың көпшілігі соғысқа жұмыс істеп отыр. Соғысты тоқтатыңдар — сонда товар да болады.

Біз кәзіргі үкіметке карсымыз, неге десеңіз оның өзі, шабуыл жасауға шақыра отырып, соғысты созуда, сөйтіп бүліншілік пен аштықты шиеленістіруде.

Біз кәзіргі үкіметке қарсымыз, неге десеңіз оның өзі, капиталистердің пайдаларын қорғап, еліміздің шаруашылық тіршілігіне, жұмысшылардың революциялық ықпал жүргізу ісіне кедергі жасап отыр.

Біз кәзіргі үкіметке қарсымыз, неге десеңіз оның өзі, шаруа Комитеттерінің помещиктік жерді билеуіне бөгет жасап, деревняны помещиктердің өктемдігінен азат ету ісіне кедергі келтіріп отыр.

Біз кәзіргі үкіметке карсымыз, неге десеңіз оның өзі, «істі» Петроградтан революцияшыл әскерлерді шығарудан бастап, енді революцияшыл жұмысшыларды шығаруға көшіп отыр (Петроградты босату!), — сөйтіп революцияны әлсіздікке ұшыратып отыр.

Біз кәзіргі үкіметке карсымыз, неге десеңіз тегінде елді дағдарыстан құтқару оның қолынан келмейді.

Біз бүкіл өкімет революцияшыл жұмысшылардың, солдаттар мен шаруалардың қолына берілуін жақтаймыз.

Ұзакқа созылған тонаушылық соғысқа тыйым салу тек осындай өкіметтің ғана колынан келеді. Революцияны алға бастырып, елді толық бүліншіліктен сақтап қалу үшін капиталистер мен помещиктердің пайдаларына кол жұмсау тек осындай өкіметтің ғана колынан келеді.

Сайып келгенде, біз полицияның, халықтан қол үзген және жоғарыдан белгіленген «төрелерге» бағынған бұрынғы жексұрын полицияның қайтадан құрылуына қарсымыз.

Біз, сайланып, және ауыстырылып отыратын, жал-

пыға бірдей милицияның болуын жақтаймыз, өйткені тек осындай милиция ғана халық мүдделерінің тірегі бола алады.

Біздің ең таяудағы талаптарымыз осы. Біз: осы талаптар іске аспайынша, осы талаптар үшін күреспейінше бірде-бір айта қаларлық муниципалдық реформа, қала шаруашылығын демократияландырудың қандайы болса да мүмкін емес — дейміз.

Кімде-кім халықты астықпен қамтамасыз етем десе, кімде-кім пәтер-үй дағдарысын жоям десе, кімдекім қала салығы тек қана байларға салынсын десе, кімде-кім барлық осы реформалардың тек сөз жүзінде емес, іс жүзінде жүзеге асырылуын көздесе, — оның өзі басқыншылық соғысқа қарсы, помещиктер мен капиталистердің үкіметіне қарсы, полицияны қайта орнатуға қарсы адамдарға — демократиялық бейбітшілік үшін, өкімет билігі халықтың өз қолына көшуі үшін, бүкілхалықтық милиция үшін, қала шаруашылығын шындап демократияландыру үшін — дауыс беруге тиіс.

Осы шарттар болмайынша «бүтіндей муниципалдық реформа жүргізу» деген — бос сөз.

* * *

Қорғампаздар одағы

К.-д. партиясы мен біздің партияның арасында революциядан контрреволюцияға қарай ауытқып жүрген бірқатар аралық топтар бар. Ондайлар: «Бірлік», Бунд, меньшевиктік және эсерлік қорғампаздар, трудовиктер[21], халықшыл «социалистер»[22]. Булар кейбір аудандарда жеке-жеке әрекет істесе, басқа бір аудан-

ларда өзара одақ жасасып, жалпы тізімдер ұсынып жүр. Олар кімге карсы одақ жасасып отыр? Сөз жүзінде — кадеттерге қарсы. Бірақ шындығында осылай ма?

Ең алдымен олардың одағының мейлінше принципсіздігі көзге түседі. Мысалы, трудовиктердің радикал-буржуазияшыл тобының және өздерін «марксистер», «социалистер» деп есептейтін қорғампаз меньшевиктер тобының арасында қандай ұқсастық бар? Жеңіп шыққанша соғысуды уағыздайтын трудовиктер өздерін «соғысты мақұл көрмейтін» «циммервальдистерміз» деп атайтын меньшевиктер мен бундшыларға қашаннан бері серік бола калды? Ал Плехановтың, патша өкіметінің заманында-ақ, Интернационалдың туын бүктеп тастап, ашықтан-ашық жат тудың астынан, империализмнің сары туының астынан орын алған нақ сол Плехановтың «Бірлігі» ше, — осы атышулы шовинистің және, айғалық, қорғампаздық-меньшевиктік конференцияның құрметті председателі «циммервальдист» Церетелидің арасында қандай ұқсастық бар? Германияға қарсы соғыста патша үкіметін қолдауға Плехановтың шақырғаны, ал «циммервальдист» Церетелидің сол үшін шовинист Плехановты «қыйратқаны» кеше ғана емес пе еді? «Бірлік» пен «Рабочая Газетаның»[23] арасындағы соғыс қызу жүріп жатыр, ал мына мырзалар, дәнеңе сезбегенсіп, кәзірдің өзінде «бауырласуды» бастап отыр...

Рас емес пе: осындай ала-құла элементтерден тек қана кездейсоқ және принципсіз одақтың құрылуы мүмкін еді, — булардың одақ жасарда нұсқау етіп қолданғаны принцип емес, сәтсіздікке ұшыраудан туған қорқыныш болды.

Онан кейінгі жерде мынадай факты көзге түседі: екіауданда, Қазан және Спасскі аудандарында («кандидаттардың тізімдерін» қараңыз) «Бірлік», Бунд және меньшевиктер мен эсерлердің ішіндегі қорғампаздар өздерінің тізімдерін ұсынбай, сол аудандардағы — тек қана сол аудандардағы — жұмысшы және солдат депутаттарының аудандық Советі, Атқару комитетінің қаулысына қарамастан, өз тізімін ұсынып отыр. Сірә, біздің батыр одақшылдар, сайлауда сәтсіздікке ұшыраудан қорқып, аудандық Советтің беделімен пайдалануға бел байлап, аудандық Советтің қалқасына жасырынуды мақұл көрсе керек. Өздерінің «жауапкершілігін» айтып дандайсыйтын осы ізгі джентльмендердің бетпердесіз көрінуге ерлігі жетпегендігі қызық-ақ, — олар «жауапкершіліктен» қорқақтықпен жалтарып кетуді мақұл көріпті...

Алайда осы ала-құла топтардың бәрін одақ етіп біріктірген не нәрсе?

Біріктірген нәрсе, олардың бәрі бірдей кадеттердің соңынан, батылсыз түрде болғанмен, қалмастан салпақтап еріп келеді, олардың бәрі бірдей біздің партияны анықтан жақтырмайды.

Кадеттер сияқты, олардың бәрі де соғысты жақтайды, бірақ жақтағанда басқыншылық ниетімен емес (құдай сақтасын!) тек... «аннексиясыз және контрибуциясыз бітімді» көздеп жақтайды. Соғыс бейбітшілік үшін...

Кадеттер сияқты, олардың бәрі де «темір тәртіпті» жақтайды, бірақ жақтағанда солдаттарды ауыздықтау үшін емес (әрине, жоқ!), тек солдаттардың өздерінің... мүдделері үшін жақтайды.

Кадеттер сыяқты, олардың бәрі де шабуылды жақтайды, бірақ жақтағанда ағылшын-француз банкирлерінің мүдделері үшін емес (құдай сақтасын!) тек... «біздің жас бостандығымыздың» мүдделерін көздеп жақтайды.

Кадеттер сыяқты, олардың бәрі де «жұмысшылардың фабрикалар мен заводтарды басып алу жолындағы анархиялық әрекеттеріне» қарсы (21 майдағы «Рабочая Газетаны» қараңыз), бірақ қарсы болғанда капиталистердің мүдделері үшін емес (неткен сұмдық!), тек капиталистерді революциядан үркітіп алмау үшін, яғни революцияның... мүдделері үшін қарсы болады.

Тегінде олардың бәрі де революцияны жақтайды, бірақ жақтағанда революция капиталистер мен помещиктер үшін қаншалық қорқынышсыз болса, революция соңғылардың мүдделеріне қаншалық қайшы келмейтін болса, соншалық (соншалық!) жақтайды.

Қысқасы: олардың бәрі де нақ сол кадеттер жақтайтын практика жүзіндегі әрекеттерді жақтайды, бірақ «бостандық» туралы, «революция» туралы, т. б. туралы жалтарма сөздер мен тақпақтарды айтып жүретін әдеттері бар.

Ал сөз бен тақпақ айткенмен құр сөз күйінде қалатындықтан, іс жүзінде олар нақ сол кадеттік бағытты жүргізіп отырган болып шығады.

Бостандық пен социализм туралы желсөздер тек олардың кадеттік сырын бүркеп отырады.

Дәл сондықтан да олардың одағы контрреволюцияшыл кадеттерге қарсы бағытталған емес, революцияшыл жұмысшыларға қарсы, біздің партияның «Ау-

данаралықпен»[24] және революцияшыл меньшевиктермен жасасқан одағына қарсы бағытталған.

Барлық осы айтылғандардан соң, кадеттік джентльмендер дерлік бұл джентльмендер бүлінген қала шаруашылығын жаңартып қайта құруға қабілетті деп дәмеленуге бола ма?

Өздері тонаушылық соғысты және капиталистер мен помещиктер үкіметін қолдап, халықтың мүдделерін сағат сайын аяққа басып отырған болса, оларға осы халықтың аса кедей топтарының тағдырын қалай сеніп тапсыруға болады?

Қала шаруашылығын демократияландыру үшін, халықты азық-түлікпен және пәтер-үймен қамтамасыз ету үшін, кедейлерді қалалық салықтардан босатып, салықтың бар ауыртпалығын дәулеттілерге аудару үшін, — бұл үшін капиталистер мен үй иелерінің пайдаларына қол салып, келісімпаздық саясаттан арылу қажет... Буржуазияны ашуландырудан қорқатын, қорғампаздар одағындағы баяу джентльмендердің мұндай революциялық әрекеттерге қабілетсіз екендігі айқын емес пе?..

Кәзіргі Петроградтық думада, көбінесе, қорғампаз-эсерлер мен меньшевиктерден құралған «социалистік муниципалдық топ» дейтін топ бар. Ол топ қала шаруашылығын сауықтыру жөнінде «тығыз шаралар» белгілеу үшін өз ортасынан «финанс комиссиясын» бөлді. Сонда ше? Осы «жаңартушылар», қала шаруашылығын демократияландыру үшін: 1) «су алымын көбейту» керек, 2) «трамвайларда жол ақысын көбейту» керек деп тапты. «Ал трамваймен пайдаланғаны үшін солдаттардан ақы алу мәселесі жөнінде Ж. және

С. Д. Советімен байланыс жасауға уйғарылды» (караңыз: «Новая Жизнь»[25] № 26). Сірә, комиссия мүшелерінде солдаттардан акы өндіріп алу ниеті болса керек, бірак солдаттардың ризалығынсыз бұлай істеуге бата алмаған.

Кедейлерге салык салуды жоюдың орнына, күрметті комиссия мүшелері салыкты көбейтуге уйғарған, тіпті солдаттарды да аямаған!

Эсерлер мен меньшевиктердің ішіндегі корғампаздардың муниципалдык практикасының үлгілері міне осындай.

Рас емес пе: көпірме сөздер мен дaурыкпалы «муниципалдык платформалар» корғампаздардың бишаралык муниципалдык практикасын бүркейді.

Осылай болған — осылай болады да...

Олар «бостандык» және «революция» деген сөздерді неғұрлым айлакерлікпен бүркеніш ететін болса, оларға карсы жүргізілетін күрес соғұрлым батыл, соғұрлым аяусыз болуға тиіс.

Корғампаздар одағының социалистік бетпердесін жұлып тастап, оның буржуазиялык-кадеттік сырын жұрт алдында әшкерелеу керек — кәзіргі науканның кезектегі міндеттерінің бірі осы.

Корғампаздар одағына ешкандай колғабыс көрсетілмесін, одактағы мырзаларға ешкандай сенім болмасын!

Кімде-кім жұмысшыларды жактамаса, оның жұмысшыларға карсы болғаны, ал корғампаздар одағы жұмысшыларды жактамайды, — демек, оның жұмысшыларға карсы болғаны: жұмысшылар осыны түсінуге тиіс.

* * *

«Бипартияшылар»

Өз кандидаттарының тізімдерін ұсынған барлық буржуазиялық топтардың ішінде аса тұрлаусыз жағдайдағылары — бипартиялық топтар. Олардың, осы бипартиялық топтардың саны аз емес, олардың өздері — толық бір үйме, 30 данаға жуық. Олардың арасында кімдер жоқ дейсіз! «Біріккен үй комитеттері» мен «тәлім-тәрбие орындарында қызмет істеушілер тобы», «бипартиялық іскер топ» пен «партиядан тыс сайлаушылар тобы», «үй әкімшілігінің тобы» мен «пәтерүй иелерінің қоғамы», «партиядан жоғары республикалық топ» пен «әйелдер теңдігінің лигасы», «инженерлер одағының тобы» мен «сауда-өнеркәсіп одағы», «адалдық, есептілік, әділдік тобы» мен «демократиялық құрылыс тобы», «бостандық пен тәртіп тобы» және басқа топтар, — бипартиялық шым-шытырықтың ала-құла көрінісі міне осындай.

Олар кімдер, өздері қайдан шыққан және қайда бармақ?

Олардың бәрі де — буржуазиялық топтар. Олардың дені — купецтер, өнеркәсіпшілер, үй иелері, «еркін кәсіп» адамдары, интеллигенттер.

Олардың принципті программалары жоқ. Тоғышарларды өздеріне дауыс беруге шақырушы осы топтардың анығында көздейтіні не екендігін сайлаушылар біле алмайды да.

Олардың муниципалдық платформалары жоқ. Олардың қала шаруашылығына қандай жақсартулар енгізуді талап ететіндігін, анығында, оларға не себепті дауыс беру керектігін сайлаушылар біле алмайды да.

Олардың өткен шағы жоқ, өйткені олардың өздері өткен кезде болған емес.

Олардын келешегі де жоқ, өйткені олар сайлаудан кейін, былтырғы қардай, жоқ болады.

Олар сайлау күндерінде ғана пайда болды, сондыктан олар осы минутта ғана, сайлау бар кезде ғана өмір сүреді: аудандық думаға есебін тауып енсек екен, одан соң шөп шықпаса да бәрібір дейді.

Булар — аудандық думаларға өз кандидаттарын контрабандалық жолмен өткізуге тырысатын, жарық пен шындықтан қорқатын буржуазиялық программасыз топтар.

Олардың мақсаттары қараңғы. Олардың жолы қараңғы.

Мундай топтардың өмір сүруін ақтайтын не бар?

Өткен уақытта, патша өкіметінің тусында, бипартиялық топтардың өмір сүрген себебін түсінуге болады, өйткені ол кезде партиялық, солшыл партиялық «заң» бойынша аяусыз жазаланушы еді, ол кезде қамауға, қуғын-сүргінге ушырамау үшін бірталай журттың бипартияшылар ретінде бой көрсетуіне тура келген еді, ол кезде бипатриялық патша заңшыларынан қорғайтын қалқан еді. Ал кәзіргі уақытта, бостандықтың мейлінше кеңіген жағдайларында, әрбір партия, жауапқа тартылудан қауіптенбей-ақ, ашықтан-ашық, еркін бой көрсете алатын кезде, саяси партиялардың партиялық бағытының айқын болуы және күрестің ашық жүргізілуі буқараларға саяси тәрбие берудің борышы мен шартына айналған кезде, — бипартиялық топтардың өмір сүруіне қандай негіз бар? Олар неден қорқады, өздерінің шын бейнесін, анығында, кімнен жасырады?

Сөз жоқ, бұқараның ішіндегі бірталай сайлаушылар саяси партиялардың программаларының анығына әлі жеткен жоқ, патша өкіметінен мұра болып қалған саяси салғырттық пен мешеулік олардың сана-сезімінің тез жетілуіне бөгет болып отыр. Ал бипартиялық пен программасыздықтың өзі осы мешеулік пен салғырттықты тек нығайтып, әдетке айналдыратындығы айқын емес пе? Саяси партиялардың ашық және адал күресі бұқараны оятудың және олардың саяси белсенділігін арттырудың аса маңызды құралы екендігін бекер деуге кімнің батылы барады?

Тағыда айтайық: бипартиялық топтар неден қорқады, олардың жарықты сүймейтін себебі не және олар, анығында, кімнен жасырынады? Мұның сыры неде?

Әңгіме мынада: Россияның қазіргі жағдайларында, революцияның тез дамып келе жатқан кезінде, бостандықтың мейлінше кеңейген кезінде, бұқаралар саясат жағынан күн санап емес, сағат санап өсіп отырған кезде, — буржуазияның ашықтан-ашық бой көрсетуі оның өзі үшін аса қатерлі нәрсе бола бастады. Осындай жағдайларда бүркеншсіз буржуазиялық платформалармен шығу дегеніңіз, — бұқараның алдында өзін қалайда сәтсіздікке ұшырату болады. «Қауіптен құтылудың» бірден-бір амалы — бипартиялықтың бетпердесін киіп, «адалдық, есептілік және әділдік» тобы тәрізді момақан топ болып көріну. Мұның өзі ылай судан балық аулау үшін өте қолайлы-ақ. Сөз жоқ, бипартияшылар тізімдерінің жалауы астында жасырынып жүргендер — бетпердесін ашып бой көрсетуден қорқатын, аудандық думаларға контрабандалық жолмен өтіп кетуге тырысатын, кадеттенген буржуалар мен

кадет тектес буржуалар. Айта кетерлік нэрсе, олардың арасында бірде-бір пролетарлық топ жок, осы бипартиялық топтардың бәрі де буржуазияның катарынан, тек соның катарынан ғана, алынып отырады. Егер революцияшыл элементтердің тарапынан тиісті тойтарыс көрмесе, бұлар сайлаушылар арасындағы нанғыш аңкаулардың бірталайын өзінің торына түсіріп алатындығы күмәнсіз.

Бар сыр осында!

Сондыктан **«бипартиялық»** қауіп кәзіргі муниципалдық науқандағы аса елеулі қауіптердің бірі.

Сондыктан, бұқараның бұл мырзаларды тиісінше бағалауына мүмкіндік беру үшін, бұлардың бипартиялық бетпердесін жұлып тастап, өздерінің шын бейнесін көрсеттіру керек, — біздің науқанымыздағы аса маңызды міндеттердің бірі осы.

Бипартиялықтың бетпердесі жойылсын, саяси бағыттың айқындығы мен анықтығы жасасын! — біздің сертіміз осы.

* * *

Жолдастар! Ертең сайлау. Салтанатпен сап түзеп урналарға барыңдар, большевиктердің тізіміне бірауыздан дауыс беріңдер!

Кадеттерге, орыс революциясының дұшпандарына, бірде-бір дауыс берілмесін!

Қорғампаздарға, кадеттермен келісуді жактаушыларға, бірде-бір дауыс берілмесін!

«Бипартияшыларға», өз дұшпандарынның жасырын достарына, бірде-бір дауыс берілмесін!

„Правда" № 63, 64 және 66;
1917 ж. 21, 24 және 25 май

Қол қойған: К. Сталин

ҚЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН

(Революция кризисі)

Гучков пен Милюков Уақытша үкіметтен кетер алдында үш түрлі талап қойды: 1) **тәртіпті** қалпына келтіру, 2) **шабуыл** жариялау, 3) революцияшыл интернационалистерді **ауыздықтау.**

Армия ыдырап барады, онда тәртіп болмай кетті, тәртіпті қалпына келтіріңдер, бейбітшілік жөніндегі насихатты тыйыңдар, әйтпесе біз орнымыздан түсеміз, — деп, Мария сарайында (20 апрельде) болған белгілі кеңесте Гучков Атқару комитетіне осылай «баяндады».

Біз одақтастармен байланыстымыз, майданның бірлігін көздеп олар біздің қолғабыс көрсетуімізді талап етіп отыр, армияны шабуыл жасауға шақырыңдар, соғыстың дұшпандарын ауыздықтаңдар, әйтпесе біз кетеміз, — деп, нақ сол кеңесте Милюков «баяндады».

Мұның өзі «өкімет дағдарысының» күндерінде болған оқиға еді.

Атқару комитетіндегі меньшевиктер мен эсерлер әлгі талаптарға көнбейтін кісімсіп көрінді.

Сонсын Милюков өзінің «нотасы» жөнінде «түсінік» қағазын жариялады, Атқару комитетінің шешендері

осыған масайрап, «революциялық демократия» «жеңді» деп жар салды, сонымен — «көңілдің желігі басылды».

Бірақ «жеңістің» өзі жалған болып шықты. Бірнеше күн өткен соң қайтадан «дағдарыс» жарияланып, Гучков пен Милюков кетуге «тиісті болды», Атқару комитетінің министрлермен бас қосқан ұшы-қиыры жоқ кеңестері басталды, сонымен — Атқару комитеті өкілдерінің Уақытша үкіметке енуі арқылы «дағдарыс шешілді».

Нанғыш көруші жұрт көңілдерін демдеді. Ақырында Гучковты — Милюковты «жеңдік»-ау! Енді бейбітшілік орнайды, «аннексиясыз және контрибуциясыз» бітім болады! Бауырластарды қыратын қырғын соғыс құрыйды!

Ал сонан соң не болды? «Демократия» дейтіннің «жеңістері» жөнінде қортынды шығарып үлгіргенше, жансая табуға кеткен министрлерді «жерлеп» үлгіргенше, жаңа министрлер, «социалист» министрлер, Гучковты — Милюковты жұбатарлық тілмен сөйлей жөнелді!

Шындығында «тіріні өлік қармады»!

Өздеріңіз ойлаңыздаршы.

Шаруалар съезінде[26] өзінің сөйлеген бірінші сөзінде-ақ, жаңа соғыс министрі, Керенский азамат, армиядағы «темір тәртіпті» қалпына келтіруді көздейтіндігін айтты. Бұл тәртіптің қандай тәртіп екендігі Керенский қол қойып шығарған, «солдат праволарының декларациясында»[27] ашық айтылады, осыған сәйкес «ұрыс жағдайында» «бұйрықты орындамайтын бағыныштыларға қарсы... қарулы күш жұмсау» жөнінде бастық-

тәрға «право» берілген («Декларацияның» 14-тармағын қараңыз).

Гучковтың сондай көксеген арманын, бірақ іске асыруға оның бағылы бармаған арманын бостандық, теңдік, әділеттік туралы құрғақ сөздердің дабыры арасында Керенский қолды бір сермеп «іске асырды».

Ал осы тәртіптің өзі не үшін керек болды?

Бұл туралы бізге басқа министрлерден бұрын министр Церетели баяндап берді. «Біз соғысты жоюға талпынамыз, — деді ол почтамт қызметкерлеріне, — бірақ жойғанда сепараттық бітім жолымен емес, өзіміздің одақтастармен бірлесіп бостандықтың жауларын жаппай жеңу арқылы жоямыз» (8 майдағы «Вечерняя Биржёвканы»[28] қараңыз).

Егер бостандық туралы осы арада ешбір қиысынсыз қыстырылған сөздерді алып тастасақ, егер министрлік бұлдыр сөзді қарапайым тілге аударсақ, мынадай болып шығады: бейбітшілік мүдделері үшін Англиямен және Франциямен одақтаса отырып Германияны талқандау қажет, ол үшін, қалайда, шабуыл жасау қажет.

Майданның бірлігі үшін, Германияны бірлесіп жеңу үшін, шабуылды әзірлеу қажет, — міне, «темір тәртіптің» керек болған себебі осы.

Милюковтың сондай батылсыз түрде болса да, дамылсыз көздеп жүргенін министр Церетели өзінің меншікті программасы етіп жариялады.

Мұның өзі дағдарыс «шешілгеннен» кейінгі бірінші күндерде-ақ болған оқиға еді. Ал онан соң «социалист» министрлер бұрынғыдан да батыл әрі әйгілі түрге енді.

12 майда Керенскийдің офицерлерге, солдаттарға және матростарға арналған «бүйрығы» шықты:

«... Сендер көсемдерің мен үкімет қайда бастайтын болса, сол жаққа қарай алға барасыңдар... алға барғанда... тәртіптілік борышын арқаланып барасыңдар... сендер халықтың еркі бойынша отанымызды және дүние жүзін зорлықшылар мен басқыншылардан тазартуға тиістісіңдер. Мен сендерді осы ерлік іске шақырамын» (қараңыз: «Речь», 14-май).

Рас емес пе: Керенскийдің бүйрығы шындығында патша үкіметінің белгілі империалистік бүйрықтарынан, «біз ақтық жеңіске дейін соғысуға тиіспіз, біз озбыр жауды отанымыздың шегінен қуып шығуға тиіспіз, біз дүние жүзін герман милитаризмінің езгісінен босатуға тиіспіз...» дейтін, тағы басқа сол сияқты бүйрықтарынан оншалық өзгеше емес.

Сөйтіп, шабуылды сөз қылу іске асырудан гөрі оңай болғандықтан, кейбір полктер, мысалы, жетінші армияның полктері (төрт полк) «аттаныс» туралы бүйрыққа бағынуды мүмкін емес деп тапқандықтан, — Уақытша үкімет Керенскиймен бірге сөзден «іске» көшті, «жазықты» полктер дереу таратылсын деп бүйрық берді және айыптылар «мал-мүлік иелену жөніндегі барлық праволарынан айрылып каторгаға айдалады» деп қорқытты (қараңыз: «Вечернее Время», 1 июнь). Ал мұның бәрі, бақсақ, әлі де жеткіліксіз екен, сондықтан Керенский тікелей бауырласуға қарсы бағытталған жаңа «бүйрық» шығарып кәрін төкті, «айыптылар» «заң бойынша мейлінше қатал жазалану үшін сотқа берілсін» деп қорқытты, яғни тағыда сол каторгамен қорқытты (қараңыз: «Новая Жизнь», 1 июнь).

Қысқасы: дереу шабуыл жасаңдар, қалай болса да шабуыл жасаңдар, әйтпесе — каторга мен ату жаза-

сын қолданамыз, — міне Керенскийдің «бұйрықтарының» мағнасы осы.

Патшаның ағылшын-француз буржуазиясымен жасасқан шарттары күшінде қалып отырған кезде, осы шарттарға лайық Англия мен Францияның Месопотамиядағы, Грециядағы, Эльзас-Лотарингиядағы басқыншылық саясатын белсенді түрде қолдау жөнінде «бізге» айқын міндет жүктеліп отырған кезде, міне осылай болып отыр!

Ал, аннексиясыз және контрибуциясыз бітім ше, Уақытша жаңа үкіметтің барлық «батыл шаралар арқылы» бейбітшілікке жетуді көздейміз деген міндеттемесі ше, — «өкімет дағдарысы» күндерінде берілген осы уәделердің барлығы қайда жоғалды?

О, біздің министрлер бейбітшілік туралы, аннексиясыз және контрибуциясыз бітім туралы ұмытқан жоқ, олар үдете сөй-леу-де, сөйлейді де жазады, жазады да сөйлейді. Онсоң бұлай ететін тек біздің министрлер ғана емес. Соғыстың мақсаттары туралы пікір айту жөніндегі Уақытша үкіметтің ұсынысына жауап ретінде ағылшын және француз үкіметтері таяуда ғана былай деп мәлімдеді: біз де аннексияға қарсымыз, бірақ... мұның өзі Эльзас-Лотарингияны, Месопотамияны, тағы басқаларын қосып алуға қайшы келмейтін болуы керек десті. Ал Уақытша үкімет осы мәлімдемеге жауап ретінде 31 майдағы нотасында, өз тарапынан, мынаны айтты: «одақтастардың ортақ ісіне бұлжымас адал қалыпта қала отырып», біздің ұсынатынымыз соғыстың мақсаттары туралы келісімді қайта қарау үшін «одақтас державалардың өкілдерінің конференциясын» шақыру керек, «бұл конференция жақын арада, бұған қолайлы жағдайлар туған кезде

өткізілуге тиіс» деді (қараңыз: «Рабочая Газета» № 72). Ал, «бұған қолайлы жағдайлар» дәл қай кезде «туатынын» әзір ешкім де білмейтіндіктен, «жақын арада» деп отырған уақыты, қайткенде күнде де, тез бола коймайтындықтан, аннексиясыз бітім жолындағы «батыл күрес», іс жүзінде созалаңға салынып, бейбітшілік туралы көпірме, жалған сөзге айналып отыр. Оның есесіне, каторга және ату жазасымен қорқытуға дейін баратын барлық «батыл шаралар» арқылы әзірленіп жатқан шабуылды бір минут та кешіктіруге болмайды екен...

Күмәндануға болмайды. Соғыстың өзі империалистік соғыс еді, және солай болып қалды да. Іс жүзінде шабуыл әзірленіп жатқан кезде аннексиясыз бітім туралы желсөздер тек қана соғыстың тонаушылық сыйпатын бүркейді. Уақытша үкімет белсенді империализмнің жолына айқын түсті. Кеше ғана мүмкін емес болып көрінген нәрсе, бүгін «социалистердің» Уақытша үкіметке енуі арқасында мүмкін болып отыр. Олар, Уақытша үкіметтің империалистік мәнін социалистік желсөздермен бүркей отырып, көтеріліп келе жатқан контрреволюцияның позицияларын нығайтып, ұлғайтты.

Империалистік буржуазия өзінің контрреволюциялық мақсаттары үшін «социалистік» министрлерді ойдағыдай пайдаланып отыр — міне, кәзіргі жағдай осындай.

Жеңгенде аңқау «революцияшыл демократтар» жеңген жоқ, империализмнің тісқаққан қулары, Гучков пен Милюков жеңді.

Ал, сыртқы саясат істерінде оңшыл бағытқа телудің өзі ішкі саясатта да сөзсіз нақ осылайша бет

бұруға әкеліп соғуға тиіс болды, өйткені бүкіл дүниежүзілік соғыс жағдайларындағы сыртқы саясат — басқа саясат біткеннің негізі, бүкіл мемлекеттік тұрмыстың орталығы болып табылады.

Сөйтіп, шынында да, Уақытша үкімет революцияға қарсы «батыл күрестің» жолына барған сайын ашық түсіп отыр.

Оның өзі таяуда ғана Кронштадт матростарына қарсы шабуыл жүргізді, сонымен бірге Петроград уезіндегі, Пенза, Воронеж, тағы басқа губерниялардағы шаруалардың демократизмнің жай принциптерін жүзеге асыруларына бөгет жасады.

Одан соң бірнеше күннен кейін Скобелев пен Церетели Россиядан Роберт Гримді[29] қуып жіберді, рас, сотсыз, тергеусіз, жай жандармдарша қуды, бірақ оның есесіне орыс империалистерінің айызын қандырды, сөйтіп, өздерінің данқын шығарды (Геростратша данқын шығарды!).

Алайда Уақытша үкіметтің ішкі саясаттағы жаңа бағытын бәрінен де айқын көрсетіп берген министр Переверзев болды («бұл да» социалист!). Артық-кемі жоқ, оның қоятын талабы: «мемлекеттік тыныштыққа қарсы қылмыстар туралы занды дереу енгізу керек». Осы заң бойынша (129-статья)... «Жұрт алдында немесе көп тараған я жұрт көзіне түсерлік жерлерге қойылған баспасөз шығармаларында, хатта немесе суреттерде: 1) ауыр қылмыс істеуге шақырған айыптылар, 2) халықтың бір бөлегін халықтың екінші бөлегіне қарсы зорлық істеуге шақырған айыптылар, 3) заңға я өкіметтің міндетті қаулысына немесе заңды жарлығына бағынбауға яки қарсы шығуға шақырған айыптылар — үш жылдан аспайтын мерзімге құлық түзету

үйіне қамалу жазасына», ал «соғыс кезінде ... мерзімді каторгаға айдалу жазасына кесіледі» (қараңыз: «Речь». 4 июнь).

Бұл агалған «социалистік» министрсымақ министрдің каторгалық заң шығару өнері осындай.

Уақытша үкімет контрреволяцияның құшағына енуге үздіксіз зымырап бара жатқандығы айқын.

Осылай екені мынадан да анық көрінеді: контрреволюцияның тісқаққан қуы Милюков, қазірдің өзінде осыған масайрап, жаңа жеңістің жемісінен дәмеленіп отыр. «Егер Уақытша үкімет,— дейді ол, — ұзақ сонардан кейін, өкіметтің қолында түсіндіру құралдарынан басқа да құралдардың бар екендігін, қазір өзі қолдана бастаған құралдардың бар екендігін ұғынса, егер Уақытша үкімет осы жолға түссе, сонда орыс революциясының жеңістері (ойнамаңыз!) нығайтылады»... «Біздің Уақытша үкімет Колышконы тұтқынға алып, Гримді қуып жіберді. Ал Ленин, Троцкий және олардың жолдастары бостандықта жүр... Әйтеуір бір кездері Ленинді де өз жолдастарымен қоса сол жаққа жіберсе екен деп тілейміз...» (қараңыз: «Речь», 4 июнь).

Орыс буржуазиясының тісқаққан түлкісі Милюков мырзаның «тілектері» осы.

Милюковтың үніне ылғый зейінмен құлақ асып отыратын Уақытша үкімет Милюковтың осындай және осыған ұқсас «тілектерін» орындай ма, қазір мұндай «тілектердің» іске асырылуы мүмкін бе, — мұны біз жақын арада көреміз.

Алайда күмәнсіз бір нәрсе: Уақытша үкіметтің ішкі саясаты оның белсенді империалистік саясатының талаптарына бүтіндей бағындырылып отыр.

Қортынды біреу.

Біздің революцияның дамуы кризис дәуіріне енді. Шаруашылық өмірдің барлық салаларына бұзып-жарып кіріп отырған және оларды төменнен жоғарыға дейін революцияшылдандырып отырған революцияның жаңа кезеңі ескі дүние мен жаңа дүниенің барлық күштерін аяғынан тік тұрғызуда. Соғыс және сонымен байланысты бүліншілік таптардың қайшылықтарын ақырғы шегіне дейін шиеленістіруде. Буржуазиямен келісу саясаты, революция мен контрреволюцияның арасында күлтектеу саясаты көрінеу тыянақсыз бола бастап отыр.

Екінің бірі:

Не буржуазияға қарсы шығып, өкіметті еңбекшілердің қолына көшіру жолында, соғыс пен бүліншілікті жою жолында, өндіріс пен өнім бөлу ісін ұйымдастыру жолында ілгері басу керек;

Не буржуазияны жақтап, шабуылды және соғыстың созылуын жақтап, бүліншілікті жою жолындағы батыл шараларға қарсы шығып, өндірістегі анархияны жақтап, әйгілі контрреволюциялық саясатты жақтап кейін кету керек.

Уақытша үкімет әйгілі контрреволюцияның жолына айқын түсуде. Революционерлердің борышы тығыз топтасып, революцияны алға бастыру.

„Солдатская Правда" № 42,
13 июнь, 1917 ж.
Қол қойған: К. Сталин

БЫТЫРАҢҚЫ ДЕМОНСТРАЦИЯЛАРҒА ҚАРСЫ

Бұдан бірнеше күн бұрын Уақытша үкімет Дурново дачасы анархистерден тазартылсын деп қаулы шығарды. Түп негізінен теріс бұл қаулы жұмысшыларды қатты ызаландырды.Сөз жоқ, жұмысшылар бұл қаулыны белгілібір ұйымның өмір сүру правосына қол сұққандық деп тапты. Біз принцип жағынан анархистерге қарсымыз, бірақ, жұмысшылардың азғана бөлегі болса да анархистердің жағында жүргендіктен, айталық, меньшевиктер мен эсерлердің өмір сүруге қандай правосы болса, анархистердің де өмір сүруге сондай правосы бар. Осы жағынан алып қарағанда, Уақытша үкіметтің қол сұғуына қарсы наразылық білдірген жұмысшылардікі дұрыс. Оның үстіне, бұл дачаны анархистер ғана емес, бірнеше заводтар мен кәсіпшілік одақтары да пайдаланады.

Өздерінің наразылық білдірулерінің нәтижесінде жұмысшылар Уақытша үкіметті айтқанына көндіріп, дачаны алып қалғандығын оқушылар біледі.

Кәзір Дурново дачасында жұмысшылардың жаңа аттанысы «ұйымдастырылып» жатқан көрінеді. Біздің алған хабарымызға қарағанда, бүгін демонстрация жа-

сау мақсатымен Дурново дачасында анархистер бастаған завод комитеттері өкілдерінің жыйналыстары болып жатса керек. **Егер бұл рас болса,** біз бытыраңқы, анархиялық аттаныстардың қандайына болса да қарсы екенімізді білдіреміз. Қәзіргі жағдайларды ажырата білмейтін анархистер бастаған жеке аудандар мен полктердің демонстрацияларын, аудандар мен полктер көпшілігінің тілегінен тыс, одақтардың бюросының және заводтық комитеттердің орталық советінің тілегінен тыс, ақыр соңында, пролетариаттың социалистік партиясының тілегінен тыс жасалған демонстрацияларды, — осындай анархиялық демонстрациялардың бәрін де біз **жұмысшы революциясының ісіне сойқанын тигізетін** демонстрациялар деп есептейміз.

Ұйымдардың, оның ішінде анархистердің де, өмір сүру правосын оларды баспанасыз қалдырғысы келгендерден қорғауға болады және қорғау керек те. Бірақ, анархистерге қосылып, солар мен бірге күн бұрын сәтсіздікке ұшырайтын парасатсыз аттаныстар жасау, — мұның өзі саналы жұмысшыларға лайықсыз әрі қылмысты нәрсе.

Жұмысшы және солдат жолдастар жақсылап ойлансын: өздері кімдер, социалистер ме, әлде анархистер ме, егер социалистер болатын болса, — біздің партияның қаулысына қарамастан, көрінеу қыйсынсыз аттанысқа анархистермен қол ұстасып баруы лайық па екен, оны өздері шешсін.

Жолдастар! 10 июньде демонстрация жасауға әрекеттеніп, біз Атқару комитеті мен Советтер съезіне[30] демонстрация жасау қажеттігін мойындаттық. Білетін боларсыздар, сонда Советтер съезі ұрандау бостанды-

ғын күні бұрын жарыялап, 18 июньге жаппай демонстрация белгіледі.

Біздің кәзіргі міндетіміз — 18 июнь күні Петроградта болатын демонстрацияның біздің революциялық ұрандармен өткізілуін қамтамасыз ету болып табылады.

Дәл сондықтан да біз 18 июньде болатын демонстрацияға неғұрлым жігерлі түрде дайындалу үшін, анархиялық аттаныстардың қандайына болса да біржола тыйым салуға тиіспіз.

Бытыраңқы демонстрацияға **карсы болыңдар**, 18 июньдегі жаппай демонстрацияны қолдаңдар — міне біз сендерді осыған шақырамыз.

Жолдастар! Уақыт қымбат — бір минутті де босқа өткізбеңдер! Әрбір завод, әрбір аудан, әрбір полк пен рота революцияшыл пролетариаттың ұрандары жазылған өз туларын дайындасын. Бәрің де іске кірісіңдер, жолдастар, бәрің де 18 июньде болатын демонстрацияға дайындалыңдар.

Анархиялық аттаныстарға қарсы болып, пролетариат партиясының туы астында жаппай демонстрацияға шығу керек — міне біздің ұранымыз осы.

„Правда" № 81,
14 июнь, 1917 ж.
Қол қойған: К. Сталин

ПЕТРОГРАДТАҒЫ МУНИЦИПАЛДЫҚ САЙЛАУДЫҢ ҚОРТЫНДЫЛАРЫ ЖӨНІНДЕ

Петроград бойынша аудандық думалардың (12 аудан) сайлауы аяқталды. Цифрлы және басқа материалдардың жалпы ақпары әлі жарияланған жоқ; әйткенмен аудандардан түскен кейбір мәліметтер бойынша сайлаудың барысы мен нәтижесі жөніндегі жалпы жағдайды пайымдауға болады.

Миллионнан асғам сайлаушылардың ішінде сайлау правосын жүзеге асырғандар 800 000 адам шамасында. Орта есеппен 70 процент. Абсентеизм әсте «қауіпті» емес. Әзірінше қалаға қосылмаған Нева және Нарва аудандары сияқты аудандардың өте-мөте пролетарлы учаскелері (қала төңрегіндегілері) сайлауға кірмей қалды.

Сайлау күресі, «әдетте» Европада болатын сияқты, жергілікті муниципалдық талаптардың төңрегінде жүргізілген жоқ, негізгі саяси платформалар бойынша жүргізілді. Мұның өзі әбден түсінікті де. Соғыс пен бүліншіліктің салдарынан шиеленісе түскен ерекше революциялық шайқастың кезінде, тап қайшылықтары мейлінше әйгіленген кезде, сайлау күресінде жергілікті мәселелерге бөгеліп қалу мүлде қиысынсыз,

еді, — жергілікті мәселелердің еліміздегі жалпы саяси жағдай мәселелерімен тығыз байланыстылығы қалайда сыртқа жарып шығуға тиісті болды.

Сондықтан сайлауда басты бәсекелестер ретінде үш тізім, негізгі үш саяси платформасына қарай: кадеттердің, большевиктердің және қорғампаздардың (халықшылдардың, меньшевиктердің, «Бірліктің» одағы) тізімдері ұсынылды. Саяси түрлаусыз және программасыз топтар болып табылатын бипартиялық топтар мұндай жағдайда қалайда санаттан қалуға тиісті еді, шынында да санаттан қалды.

Сайлаушы мыналардың бірін қалап алуға тиісті болды:

Не пролетариатпен ажырасуды жақтап, революцияға қарсы «батыл шараларды» жақтап кері кету керек **(кадеттер)**;

Не буржуазиямен ажырасуды жақтап, контрреволюцияға қарсы батыл күресті жақтап, революцияны бұдан былайда дамытуды жақтап ілгері басу керек **(большевиктер)**;

Не буржуазиямен келісуді жақтап, революция мен контрреволюцияның арасында күлтектеу саясатын жақтап, яғни кері де, ілгері де баспай тұрып қалу керек **(қорғампаздардың — меньшевиктер мен эсерлердің одағы)**.

Сайлаушы қалағанын істеді. 800 000 дауыстан қорғампаздар одағына берілген дауыс 400 000 нан астам; кадеттерге берілгені — 160 000 нан сәл асады, оның бержағында бұлар бірде-бір ауданда көпшілік дауыс алған жоқ; большевиктерге берілген дауыс — 160 000 нан астам, оның бержағында астананың ең пролетарлы ауданында, Выборг жағында, большевиктер дауыстың

басым көпшілігін алды. Дауыстың қалғаны (**мардымсызы**) отыз топтың — «бипартиялық», «партиядан жоғары» топтардың және басқа әралуан кездейсоқ топтар мен құрамалардың үлесіне тиді.

Сайлаушылар осылай жауап берді.

Бұл нені көрсетеді?

Біріншіден, көзге түсетіні — бипартиялық топтардың әлсіздігі мен қуатсыздығы. Орыс тоғышарының «табиғаты» бипартиялықты ұнатады деген ертегі сайлау үстінде біржолата әшкереленді. Бипартиялық топтарға қорек болатын саяси мешеуліктің өзі, тәрізі, келмеске кеткен сияқты. Жалпы сайлаушы ашық түрдегі саяси күрестің жолына айқын түсті.

Екінші өзгешелік — кадеттердің толық жеңілуі. Кадеттер қалай бұлтарса да, **сайлау бостандығы** кезіндегі бірінші ашық күресте өздерінің талқаны шығып қирағанын, бірде-бір аудандық думаны өздеріне қарата алмағандығын мойындауға тиіс. Таяуда ғана кадеттер Питерді өздерінің вотчинасы деп есептейтін. Олар өздерінің үндеулерінде: Петроград «тек халық бостандығының партиясына ғана сенім білдіреді» деп әлденеше рет жазған еді, оның бержағында олар үшінші июнь заңы бойынша өткізілген Мемлекеттік дума сайлауын дәлел ететін. Кадеттер Питерде патшаның және оның сайлау заңының мархабаты арқасында дәурен сүргендігі енді біржола айқындалып отыр. Ескі тәртіптің жоғалуы-ақ мұң екен, — кадеттер лезде табан тірегінен айрылды.

Қысқасы: жалпы демократияшыл сайлаушы — **кадеттерді** жақтамайды.

Үшінші өзгешелік — біздің күштеріміздің, біздің партия күштерінің күмәнсіз өскендігі айқындалды. Питерде біздің партия мүшелерінің саны 23 — 25 мың; «Правданың» тиражы 90 — 100 мың, оның Питердің бір өзіне келетіні 70 000 дана; ал сайлауда біздің алған дауысымыз 160 000 нан астам, яғни Питердегі партия мүшелерінің санынан жеті есе, «Правданың» тиражынан екі есе артық. Мұның өзі бульварлық «Биржёвка» мен «Вечёркадан» бастап министрлік «Воля Народа»[31] мен «Рабочая Газетаға» дейінгі бүкіл баспасөзсымақ түгелінен дерлік большевиктерге сұмдық шабаланып, жала жапқанына қарамастан, сөйтіп тоғышардың үрейін алғанына қарамастан, осылай болып отыр. Мұндай жағдайда біздің партия үшін батылы барып дауыс бергендер «құбыжықтан» сескенбейтін ең табанды революцияшыл элементтер ғана екендігі айтпаса да белгілі. Ең алдымен, революцияның көсемі — пролетариат. Выборг думасында біздің басым болуымызға мүмкіндік жасаған пролетариат осындай, бұдан кейін пролетариаттың ең сенімді одақтастары — революцияшыл полктер осындай. Онан соңғы ескертерлік нәрсе, еркін сайлаудың өзі халықтың жаңа қалың топтарын, әлі де саяси күрестің тәсілін біліп болмаған топтарын урналарға келтірді. Бұлар, ең алдымен, әйелдер, онан соң министрліктерде қаптап жүрген он мыңдаған ұсақ чиновниктер, сонан кейін толып жатқан «ұсақ адамдар», қолөнершілер, дүкеншілер, т. б. Халықтың бұл топтары қазірдің өзінде-ақ «ескі әлемнен» безер, сөйтіп революцияшыл пролетариаттың жолына бірден түсер деп біз ешбір дәмеленген емеспіз және дәмелене алған да жоқпыз. Ал сайлаудың тағдырын шешкен, анығында, нақ осылар болды ғой. Егер олар кадеттерден сырт айна-

лып кете білген болса, — олар осылай істеп те отыр,— онда мұның өзі үлкен прогресс.

Қысқасы: жалпы сайлаушы кәзірдің өзінде кадеттерден кетті, бірақ оның өзі әлі де біздің партияға келіп жеткен жоқ, ол орта жолда тоқтап қалды. Оның есесіне біздің партияның төңрегіне кәзірдің өзінде ең батыл элементтер — революцияшыл пролетарлар мен революцияшыл солдаттар топтасып отыр.

Жалпы сайлаушы орта жолда тоқтап қалды. Тоқтап қалды да, сол орта жолдан өзіне лайықты көсем тапты — меньшевиктер мен социалист-революционерлердің одағын тапты. Кәзіргі жағдайды ұғынбаған және пролетариат пен капиталистердің арасында шатасып жүрген ұсақбуржуазиялық сайлаушы, кадеттерден күдер үзгеннен кейін, біржолата шатасқан және революция мен контрреволюцияның арасында дәрменсіз күйде күлтектеп жүрген меньшевиктер мен социалист-революционерлерге табиғи түрде қол созды. Бірі-не бірі сай! Қорғампаздар одағының «тамаша женісінің» бар мағнасы осында. Сайлаудың төртінші өзгешелігі де осы. Сөз жоқ, революцияның бұдан былайда дамуының нәтижесінде одақтың ала-құла армиясы қалайда ыдырай береді, оның бір бөлегі кері кетіп, кадеттерге, тағы бір бөлегі ілгері басып, біздің партияға қосылады. Бірақ әзірше... әзірше одақтың көсемдері өздерін «жеңіспен» жұбата тұрсын.

Ақыр соңында, сайлаудың бесінші және соңғы өзгешелігі — соңғысы болғанда маңызы жағынан емес! — сайлаудың өзі елімізде өкімет туралы мәселені нақтылы түрде алға қойды. Кадеттердің азшылық екендігі сайлауда біржола анықталды, өйткені олар дауыстың 20% ін әрең алды. Дауыстың орасан көпші-

лігі, 70% тен астамы, оңшыл бағыттағы социалистер мен солшыл бағыттағы социалистерге, яғни эсерлер мен меньшевиктерге және большевиктерге берілді. Петроградтағы муниципалдык сайлау—Құрылтай жыйналысына жүргізілетін болашақ сайлаудың сүреңі деседі. Егер осы рас болса, елімізде мардымсыз азшылық болып отырған кадеттердің Уақытша үкіметте орасан көпшілік болып отыруы соракылық емес пе? Халықтың көпшілігі кадеттерге көрінеу сенімсіздік білдіріп отырғанда кадеттердің Уақытша үкіметте үстемдік етуіне төзуге бола ма? Елімізде Уақытша үкіметке карсы наразылықтың барған сайын өршіп, өсе түскен себебі осы әділетсіздіктен емес пе?

Осы әділетсіздікті бұдан былайда сактап қалудың өзі әрі ақылсыздық әрі демократияға қайшы екендігі айқын емес пе?

„РСДЖП Орталық Комитетінің жанындағы Баспасөз бюросының бюллетеньдері" № 1, 15 июнь, 1917 ж.

Қол қойған: К. Сталин

ПЕТРОГРАДТЫҢ БАРЛЫҚ ЕҢБЕКШІЛЕРІНЕ, БАРЛЫҚ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ МЕН СОЛДАТТАРЫНА[32]

Жолдастар!

Россия ауыр сындарды басынан кешіруде.

Сансыз құрбандыққа душар еткен соғыс әлі күнге дейін созылуда. Пайдаға кенелуші **қарақшылар, қан сорғыш банкирлер** соғысты әдейі созып отыр.

Соғыстың салдарынан туған өнеркәсіп бүлінушілігі заводтарды тоқтатады, жұмыссыздыққа ұшыратады. Ұшан-теңіз пайданы көздейтін мейлінше обыр **локаутшы капиталистер** соғысты әдейі шиеленістіріп отыр.

Соғыстың салдарынан азық қорының тапшылығы барған сайын қатерлі бола бастап отыр. Қымбатшылық қала кедейлерін алқындыруда. Ал нарық дегеніңіз **тонаушы саудагерлердің** қылқыны үшін барған сайын көтерілуде.

Аштық пен күйзелістің үрейлі елесі төбемізден төнуде...

Сонымен бірге контрреволюцияның қара бұлты төніп келеді.

Патшаның халықты езуіне көмектескен үшінші июнь Думасы қазір майданда дереу шабуыл жасауды талап етіп отыр, — не үшін? Не үшін десеңіз, «одақтас»

талаушылар мен орыс талаушыларының дегенін істеп, қол жеткен бостандықты қанға батырмақ.

Патшаға дарға асқыш министрлер беріп отырған Мемлекеттік совет оңашада жауыздық қылтұзақ есуде, — не үшін? Не үшін десеңіз, «одақтас» езушілер мен орыс езушілерінің дегенін істеп, ыңғайы келгенде бұл қылтұзақты халықтың мойнына кигізе салмақ.

Патшалық Дума мен депутаттар Советі арасына қойылған, өзінің ішіне 10 буржуаны енгізіп алған Уақытша үкімет помещиктер мен капиталистердің ықпалына көрінеу түсіп кетіп отыр.

Солдаттардың праволарын қамтамасыз етудің орнына — Керенский бұл праволарды бұзатын «декларация» шығарды.

Революция күндерінде солдаттардың қолы жеткен еркіндікті баянды етудің орнына — каторга мен тарату жазасына кіріптар ететін жаңа «бұйрықтар» берілді.

Россия азаматтарының қолы жеткен бостандықты қамтамасыз етудің орнына, — казармада саяси тыңшылық орнатылды, сотсыз, тергеусіз қамау орын алды, каторгаға кіріптар ететін 129-шы статья туралы жаңа пікірлер айтылып жүр.

Халықты қаруландырудың орнына,—жұмысшылар мен солдаттарды қарусыздандыру жөнінде қоқан-лоққы жасалып отыр.

Езілген халықтарды азат етудің орнына, — Финляндия мен Украинаға орынсыз кінә тағылып, оларға бостандық беруге қорқақтық жасалып отыр.

Контрреволюцияға қарсы батыл күресудің орнына, — революцияға қарсы күресу үшін ашықтан-ашық қаруланып жатқан контрреволюционерлердің жүгенсіздігіне жол беріліп отыр...

Ал соғыс әліде жүргізілуде, бірақ соғысты токтату үшін, барлық халықтарға әділ бітім ұсыну үшін ешқандай елеулі нақты шаралар қолданылған жоқ.

Ал бүліншілік ұласа түсуде, бірақ, — бұған карсы ешқандай шара колданылған жоқ.

Ал аштық болса төніп келеді, бірак — бұған қарсы ешқандай нақты шара қолданылған жоқ.

Контрреволюционерлердің үкіметі жұмысшылар мен шаруаларға қарсы, солдаттар мен матростарға карсы айдап салып, барған сайын озбырланып отырғандығына таңдануға болмайды.

Жолдастар! Мұндай тәртіптерге мұнан әрі үнсіз төзіп отыра беруге болмайды! Осының бәрін көре тұрып үндемей отыру қылмыс болады!

Сіздер — ерікті азаматсыздар, сіздердің наразылық білдіруге праволарыңыз бар, сіздер мезгілін өткізіп алмай өздеріңіздің осы праволарыңызбен пайдалануға тиіссіздер.

Ертеңгі күн (18 июнь), бейбіт манифестация күні, кайта туып келе жаткан езушілік пен жүргенсіздікке карсы революцияшыл Петроградтың қаһарлы наразылық білдіретін күніне айналсын!

Ертең бостандык пен социализмнің жеңіс тулары жаудың үрейін ұшыра желбірейтін болсын!

Сіздердің үндеріңіз, революция күрескерлерінің үндері, барлық канауда, құлдықта жүргендердің куанышына бүкіл дүние жүзіне тарасын!

Сонау Батыста, соғысушы елдерде, жаңа тұрмыс таңы, ұлы жұмысшы революциясының таңы атып келеді. Сіздер ту көтергенде Батыстағы туыстарыңызға

соғыс емес, бейбітшілік әперуді, құлдық емес, — азаттық әперуді көздейтіндеріңізді ертең олар білетін болсын!

Жұмысшылар! Солдаттар! Туысқандықпен өзара қол ұстасып, — социализм туы астына алға басыңыздар!

Бәріңіз де көшеге шығыңыздар, жолдастар!

Өз туларыңыздың төңрегіне тығыз топтасып бірігіңіздер!

Салтанатпен сап түзеп астананың көшелерінде бой көрсетіңіздер!

Өз тілектеріңізді былайша салмақпен, батыл білдіріңіздер!

Контрреволюция жойылсын!

Патшалық дума жойылсын!

Мемлекеттік Совет жойылсын!

Он капиталист министр жойылсын!

Бүкіл өкімет жұмысшылардың, солдаттар мен шаруалардың депутаттарының Советтеріне берілсін!

«Солдат праволарының декларациясы» қайта каралсын!

Солдаттар мен матростарға карсы жазылған «бұйрықтар» бұзылсын!

Революцияшыл жұмысшыларды карусыздандыру жойылсын!

Халық милициясы жасасын!

Өнеркәсіптегі анархия және локаутшы капиталистер жойылсын!

Өндіріс пен өнім бөлуді бақылап, ұйымдастыру ісі жасасын!

Шабуыл саясатына карсымыз!

Соғысты бітіретін уақыт жетті! Депутаттар Советі бітімнің әділ шарттарын жарыяласын!

Вильгельммен сепараттық бітім де болмасын, француз және ағылшын капиталистерімен құпия шарттар да жасалмасын!

Астық! Бітім! Бостандық!

РСДЖП Орталық Комитеті
РСДЖП Петербург Комитеті
РСДЖП Орталық Комитетінің жанындағы әскери ұйым
Петроград қаласының фабрика-завод комитеттерінің Орталық советі
Петроградтың Ж. және С. Д. Советіндегі большевиктердің фракциясы
„Праваданың" редакциясы
„Солдатская Праваданың" редакциясы

„Правда" № 84,
17 июнь, 1917 ж.

ДЕМОНСТРАЦИЯДА

Жарқыраған, ашық күн. Ұшы-қиыры жоқ тізілген демонстранттар. Сап түзеген жұрт таңертеңнен кешке дейін Марсов алаңына қарай өтіп жатыр. Самсаған сансыз ту. Өндіріс орындары мен кәсіп орындарының бәрі де жабылған. Жүріс-тұрыс тоқтатылған. Демонстранттар қабырлардың тұсына келгенде туларын иіп өтеді. «Марсельеза» мен «Интернационалдың» орнына «Сендер құрбан болдыңдар» деген жыр айтылады. Көтерілген айқайлар әуені жаңғырықтырады. «Он капиталист министр жойылсын!», «Бүкіл өкімет жұмысшы және солдат депутаттарының Советіне берілсін!» деген ұрандар қайта-қайта естіледі. Бұған жауап ретінде жан-жақтан «ура!» деп қостаған дауыстар саңқылдап естіледі.

Демонстрацияны шолып өткенде көзге түсетін нәрсе, — демонстрацияда буржуазия мен жолбикелердің жоқтығы. Қабырлау күнгі манифестацияда жұмысшылар тоғышарлар мен ұсақ буржуалардың қыруар тобынан көрінбей кеткен еді, ал 18 июнь күнгі демонстрацияның одан айырмашылығы, мұның өзі кілең пролетарлық демонстрация болды, өйткені. бұған негізінде

жұмысшылар мен солдаттар қатысты. Кадеттер демонстрацияның қарсаңында-ақ бойкот жариялап, өздерінің Орталық Комитеті арқылы демонстрацияға қатысудан «бастарту» қажеттігін білдірді. Шынында да буржуалардың демонстрацияға қатыспауы былай тұрсын, — олар мүлде жасырынып қалды. Бұрын адамға лық толып, гуілдеп жататын Нева проспектісі бұл күні буржуазиялық серуеншілерден тап-таза еді.

Қысқасы. Мұның өзі революцияшыл солдаттарды соңына ерткен революцияшыл жұмысшылардың нағыз **пролетарлық** демонстрациясы болды.

Жұмысшылар мен солдаттардың **одағы** тоғышарды бейтарап қалдыра отырып, қашқан буржуаға **қарсы** тұрды, — 18 июньдегі салтанаттың сыртқы көрінісі міне осындай.

Манифестация емес, демонстрация

Қабырлау күнгі манифестация сөзсіз жай серуен, манифестация-парад болса, 18 июньдегі ерсуіл олай болған жоқ. Мұның өзі наразылық білдіру демонстрациясы болды, революцияның әлуетті күштерінің демонстрациясы болды, күштердің ара салмағын өзгертуді көздеген демонстрация болды. Айрықша бір өзгешелік, демонстранттар өздерінің еркін білдіріп қана қойған жоқ, сонымен бірге «Окопная Правданың»[33] бұрынғы қызметкері Хаустов* жолдастың дереу босатылуын да талап етті. Біздің айтып отырғанымыз — партиямыздың әскери ұйымдарының Бүкілроссиялық кон-

* Прапорщик с.-д. большевик; IV Мемлекеттік думаның бұрынғы мүшесі с.-д. меньшевик жұмысшымен фамилиялас.

ференциясы; бұда демонстрацияға қатысып, Орталық атқару комитетінің өкілі Чхеидзеден Хаустов жолдастың босатылуын талап етті, ал Чхеидзе «бүгіннен калдырмай» босатуға барлық шаралар қолданатындығы жөнінде уәде берді.

Уақытша үкіметтің «бұйрықтарына» карсы, оның бүкіл саясатына қарсы наразылық білдіруші ұрандардың бар сыйпатынан айқын көрінетін нәрсе сол, жәй ғана серуенге айналдырмақшы болған «бейбіт манифестация» үкіметке тегеуірін жасаушы куатты демонстрацияға айналды.

Уақытша үкіметке сенбестік

Айрықша көзге түсетін өзгешелік: бірде-бір завод, бірде-бір фабрика, бірде-бір полк «Уакытша үкіметке сенім білдірілсін» деген ұранды ұсынған жоқ. Тіпті меньшевиктер мен эсерлер де бұл ұранды алып шығуды ұмытқан (анығында батылы бармаған!). Бұларда: «Жік жойылсын», «Ауыз бірлік болсын», «Советті қолдайық», «Жаппай оқу үшін күресейік» (ұнатпасаң тындама) деген сыяқты ұрандардың бәрі де болды, — тек негізгі ұраны — Уақытша үкіметке сенім білдіру ұраны болған жоқ, тіпті бұл ұранды «алай да былай болғандықтан» деп боямалап ұсынушылық та болған жоқ. Тек үш топтың ғана сенім білдіру ұранын ұсынуға батылы барыпты, бірақ бұлар да кейін опық жеуге тиісті болды. Бұлар — казактар тобы, Бунд тобы және плехановшыл «Бірлік» тобы. Марсов алаңында жұмысшылар буларды — «Үш әулие» деп ажуалады. Жұмысшылар мен солдаттардың: «жойылсын» деген айқайымен бұлардың екеуі (Бунд пен «Бірлік») өз туларын

бүктеуге мәжбүр болды. Туын бүктегісі келмеген казактардың туы жыртылып тасталды. Марсов алаңына кіре берісте көлденеңінен «аспанда» ілулі тұрған «сенімшіл» бір кесіз туды солдаттар мен жұмысшылар тобы жойып жіберді, көрген жұрт мұны мақұлдап: «Уақытша үкімет жөніндегі сенімнің аяғы аспаннан келді» десті.

Қысқасы демонстранттардың орасан көпшілігі үкіметке сенбестік білдірді, ал меньшевиктер мен эсерлер «ағымға қарсы» шығуға көрер көзге қорқты — демонстрацияның жалпы беталысы міне осылай болды.

Келісім жасау саясатының күйреуі

Барлық ұрандардың ішінде ең көп тарағандары мына ұрандар болды: «Бүкіл өкімет Советке берілсін», «Он капиталист министрлер жойылсын», «Вильгельммен сепараттық бітім де болмасын, ағылшын-француз капиталистерімен құпия шарттар да жасалмасын», «Өндірісті бақылап, ұйымдастыру ісі жасасын», «Дума мен Мемлекеттік совет жойылсын», «Солдаттарға қарсы жазылған бұйрықтар бұзылсын», «Бітімнің әділ шарттарын жариялаңдар» тағы басқалары. Демонстранттардың орасан көпшілігі біздің партиямен бір тілекте болып шықты. Тіпті Волынскі, Кексгольм сияқты полктердің өздері де: «Бүкіл өкімет жұмысшы және солдат депутаттарының Советіне берілсін!» деген ұранмен шықты. Солдат бұқарасымен істес болмай, полк комитеттерімен ғана істес болып келген Атқару комитеті көпшілігінің мүшелері осы «тосын жағдайға» шынымен қайран қалысты.

Қысқасы. Демонстранттардың орасан көпшілігі

(барлық қатысқандар 400—500 мың) буржуазиямен келісу саясатына тікелей сенбестік білдірді — демонстрация біздің партияның революциялық ұрандарымен өтті.

Күмәндануға ешбір болмайды: большевиктердің «заговоры» туралы ертегі біржолата әшкереленді. Астананың жұмысшылары мен солдаттарының орасан көпшілігі сенетін партия «заговорды» керек етпейді. Большевиктердің «заговоры» деген «идея» «жоғары саясатты жасаушылардың» ойында тек арам ниеттілік-тен немесе саяси соқырлықтан туып отыр.

„Правда" № 86,
20 июнь, 1917 ж.
Қол қойған: К. Ст.

САПТАРЫҢДЫ НЫҒАЙТЫҢДАР

3—4 июльдегі оқыйғалар елдегі жалпы дағдарыстан туған. Соғыстың ұзаққа созылуы және халықтың жаппай жүдеуі, адам айтқысыз қымбатшылық және халықтың ішер асқа жарымауы, контрреволюцияның күшейіп, экономикалық бүліншіліктің ұласуы, майданда полктердің таратылуы және жер мәселесінің кейінге қалдырылуы, елдің жалпы күйзеліске ұшырауы және елді дағдарыстан алып шығуға Уақытша үкіметтің қабілетсіздігі, — міне 3—4 июльде бұқараның көшеге шығуына себеп болған жағдайлар осылар.

Осы аттанысты белгілібір партияның қаскүнемдік үгітінен болды деп түсіндірудің өзі — бұқара қозғалысының қай-қайсысын болса да «бүлдіргіштер» мен «азғырғыштардың» әрекеті деп түсіндіруге дайын тұратын охранниктердің көзқарасын жақтағандық болады.

Бірде-бір партия — оның ішінде большевиктер де — 3 июльде аттанысқа шақырған емес. Ол ол ма. Петроградтағы ең ықпалды партия — большевиктер партиясы 3 июльде-ақ жұмысшылар мен солдаттарды аттаныс жасамауға шақырған болатын. Ал бұған қарамай

қозғалыс бүрқ ете түскен кезде, біздің партия, қол қусырып қарап отыруды мақұл көрмей, қозғалысқа бейбіт және ұйымдасқан түр беру үшін, мүмкіндігі бар шараның бәрін де қолданды.

Бірақ контрреволюция қарап отырмады. Оның өзі провокацияшылдықпен оқ ату істерін ұйымдастырды, демонстрация күндерін қан төгіп қара түнекке айналдырды және, майданнан келтірілген кейбір әскер бөлімдеріне сүйене отырып, революцияға қарсы шабуыл жасауға көшті. Контрреволюцияның ұйтқысы болған кадеттер партиясы, осының бәрін сезгендей, өздеріне қол байлау болмасын деп, алдын ала үкіметтен кетті. Ал Атқару комитетіндегі меньшевиктер мен эсерлер, өздерінің шайқалған позицияларын сақтап қалу үшін, Советтердің өкімі толық болуын көздеген демонстрацияны Советтерге қарсы жасалған көтеріліс деп жариялап опасыздық істеді, сөйтіп майданнан шақырылып алынған әскер бөлімдерінің санасыз топтарын революцияшыл Петроградқа қарсы айдап салды. Фракциялық фанатизмнің салдарынан көздерін шел қаптаған олар, революцияшыл жұмысшылар мен солдаттарға соққы бергенде, осы арқылы бүкіл революцияның майданын әлсіретіп отырғанын, контрреволюцияға дем беріп отырғанын өздері де сезбеді.

Осының нәтижесінде — контрреволюция өршіп, әскери диктатура орнап отыр.

«Правда» мен «Солдатская Правданың»[34] талқандалуы, «Труд»[35] баспаханасы мен біздің аудандық ұйымдардың талқандалуы, ұрып-соғу және кісі өлтіру, сотсыз қамауға алу және бірсыпыра «жүгенсіз» зорлықтар, сұмпайы тыңшылардың біздің партияның көсемдеріне пасықтықпен жала жабуы және сатылған

газеттердегі қаламды қарақшылардың асқынып кетуі, революцияшыл жұмысшыларды қарусыздандырып, полктерді тарату, өлім жазасын қайтадан қолдану, — міне әскери диктатураның жүргізіп отырған «жұмысы» осы.

Осының бәрі — «революцияны құтқару» ұранымен, Бүкілроссиялық атқару комитеті қолдап отырған, Керенскийдің — Церетелидің «министрлігінің» «бұйрығы бойынша» істеліп отыр. Оның бержағында, әскери диктатурадан қорыққан эсерлер мен меньшевиктердің билеуші партиялары революцияның дұшпандарына пролетариат партиясының көсемдерін қынжылмай-ақ ұстап беріп отыр, талқандаушылық пен озбырлықты бүркеп отыр, «жүгенсіз» зорлықтарға қарсы әрекет жасамай отыр.

Атқару комитетінің көріне жол беруі арқасында Уақытша үкімет контрреволюцияның штабымен, кадеттер партиясымен астыртын келісім жасасып, Петроградтың революцияшыл жұмысшылары мен солдаттарына қарсы шығып отыр, — қәзіргі жағдай міне осы.

Онсоң билеуші партиялар неғұрлым көнгіш болған сайын, контрреволюционерлер соғұрлым озбырлана түсіп отыр. Большевиктерге шабуыл жасаудан бастап олар енді барлық советтік партиялар мен Советтердің өздеріне шабуыл жасауға кірісіп отыр. Меньшевиктердің Петроград жағындағы және Охтадағы аудандық ұйымдарын талқандауда. Металлистер одағының Нева заставасының аржағындағы бөлімшесін талқандауда. Петроград Советінің мәжілісіне басып кіріп, оның мүшелерін қамауға алуда (депутат Сахаров). Атқару

комитетінің мүшелерін ұстау үшін Нева проспектінде арнаулы топтар ұйымдастыруда. Атқару комитетін таратып жіберу туралы ашықтан ашық сөз қылуда. Уақытша үкіметтің кейбір мүшелеріне қарсы және Атқару комитетінің басшыларына қарсы «заговор» жасалып отырғандығы айтпасақ та белгілі.

Контрреволюционерлердің озбырлығы мен сорақы әрекеттері сағат санап өсуде. Ал Уақытша үкімет «революцияны қорғау» мақсатымен революцияшыл жұмысшылар мен солдаттарды қарусыздандыру ісін тоқтатпай жүргізіп келеді...

Осының бәрі, елдегі ұласа түскен дағдарысты, ашаршылық пен бүліншілікті, соғысты және соғыстан туатын түтқыйыл оқыйғаларды қоса алғанда — жағдайды бұрынғыдан бетер шиеленістіріп, жаңа саяси кризистердің болуын күмәнсіз етеді.

Болашақ ұрыстарға дайын тұру керек, ол ұрыстарды тиісінше, ұйымдасқан түрде қарсы алу керек — ендігі міндет осы.

Бұдан шығатын:

Бірінші борыш — контрреволюционерлердің провокациясына берілмеу керек, ұстамды және салмақты болу керек, болашақ күрес үшін күш сақтап, мезгілі жетпеген ешқандай аттаныска жол бермеу керек.

Екінші борыш — партиямыздың төңрегіне берік топтасу керек, бізге төнген сансыз жауларға қарсы күш біріктіру керек, әлсіздерді жігерлендіріп, артта қалып қойғандарды ілгері бастырып, санасыздардың санасын жетілдіріп, туды жоғары ұстау керек.

Контрреволюциямен ешқандай келісім жасалмасын!

Түрмеші «социалистермен» ешқандай бірлік болмасын.

Контрреволюцияға және оны қорғаушыларға қарсы революцияшыл элементтердің одағы нығайтылсын — біздің серт осы.

«Пролетарское Дело»
(Кронштадт) № 2,
15 июль, 1917 ж.
Қол қойған: Рссс соц-
дем. Ж. П. Орт. Комитетінің
мүшесі К. Сталин

РСДЖП (БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ) ПЕТРОГРАДТЫҚ ҰЙЫМЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

16 — 20 июль, 1917 ж.[36]

1. ИЮЛЬ ОҚИҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ЕСЕПТІ БАЯНДАМАСЫ

16 июль

Жолдастар!

Біздің партияны, әсіресе біздің партияның Орталық Комитетін — 3—4 июльдегі аттанысты бастап ұйымдастырды, ондағы мақсаты Советтердің Орталық атқару комитетінің өкіметті өз қолына алуына оны мәжбүр ету еді, егерде ондағылар өкіметті алғылары келмейтін болса — онда өкіметті өзі басып алмақ болды деп айыптайды.

Мен ең алдымен бұл айыптардың дұрыс емес екендігін көрсетуге тиіспін. 3 июльде пулемет полкінің екі өкілі большевиктердің конференциясының мәжілісіне кіріп келіп, 1-пулемет полкінің аттанысқа шығатындығын айтты. Өздеріңіздің естеріңізде болар, біз делегаттарға: партия мүшелері өз партиясының қаулысына қарсы болуға тиісті емес дегенбіз, сонда полк өкілдері бұған наразылық білдіріп: полктің қаулысына қарсы болғанымызша партиядан шыққанымыз артық деген.

Партиямыздың Орталық Комитеті қазіргі жағдайда Петроградтағы жұмысшылар мен солдаттардың аттанысқа шығуын қолайсыз деп тапқан болатын. Орталық Комитеттің оны қолайсыз деп тапқан себебі: үкіметтің

майданда бастаған шабуылы авантюра екендігі, өздерін қандай мақсат үшін алға апара жатқандығын білмейтіндіктен солдаттардың шабуылға шықпайтындығы, сондықтан егер біз Петроградта аттаныс жасасақ, революцияның дұшпандары майдандағы шабуылдың сәтсіздігі жөніндегі жауапкершілікті бізге арта салатындығы айқын еді. Біздің көздегеніміз — майдандағы шабуылдың сәтсіздігі жөніндегі жауапкершілік — сол авантюраны бастаған нағыз айыптылардың мойындарына жүктелсін дедік.

Бірақ аттаныс басталды. Пулеметшілер заводтарға өз делегаттарын жіберді. Сағат алты шамасында жұмысшылар мен солдаттардың орасан көпшілігі аттаныска шыққанын көрдік. Сағат бесте Советтердің Орталық атқару комитетінің мәжілісінде мен, партияның Орталық Комитетінің және конференцияның атынан, — біз аттанысқа шықпауға ұйғардық — деп ресми түрде мәлімдедім. Осыдан кейін аттанысты ұйымдастырды деп бізге айып тағу нағыз оңбаған жалақорларша жалған сөйлеу болып табылады.

Аттаныс өріс алып кетті. Сонда партияның қол қусырып, шеттеп қалуға правосы бар ма еді? Оқиғаның бұрынғыдан бетер ұласып кетуі мүмкін екенін ескеріп, біз қол қусырып қарап отыруды мақұл көрмедік, — пролетариаттың партиясы ретінде біз аттанысқа қатысуға тиіс болдық, өкіметті қарудың күшімен басып алу мақсатын көздемеcтен, бұл аттанысты бейбіт түрде, ұйымшылдықпен өткізуді көздедік.

Біздің жұмысшы қозғалысының тарихында болған осы сияқты оқиғаларды естеріңізге салайын. 1905 жылы 9 январьда, Гапон бұқараны патшаға ертіп бара жатқан кезде, жұрттың әлде-нендей пәлеге қарай

кетіп бара жатқандығын біле тұрса да, партия бұқарамен бірге жүруден бастартқан жоқ. Кәзір, қозғалыс Гапонның ұрандарымен емес, біздің ұрандарымызбен жүргізіліп отырған кезде, қозғалыстан біздің шеттеп қалуымыз тіпті де лайық емес еді. Қозғалысты тосын жағдайлардан аман сақтау үшін біз, жөн сілтеуіш ретінде, басалқалық айтушы партия ретінде — қозғалысқа қатысуға тиісті болдық.

Меньшевиктер мен эсерлер жұмысшы қозғалысына басшылық етпекші болады, бірақ олар жұмысшы табына басшылық ету қолынан келетін адамдарға ұқсамайды. Олардың большевиктерге қарсы шығуы жұмысшы табының партиясының міндеттерін олардың мүлде ұғынбайтындығын көрсетеді. Жұмысшылардың соңғы аттанысы жөнінде олар жұмысшы табынан қол үзген адамдар сияқты пікір айтады.

Сол күні түнде партиямыздың Орталық Комитеті, Петербург комитеті және Әскери ұйымы солдаттар мен жұмысшылардың осы стихиялы қозғалысына қатысуды ұйғарды. 400 000 нан астам солдаттар мен жұмысшылардың бізге еріп жүргенін көрген соң, өздерінің табан тірейтін таянышынан айрыла бастағанын көрген соң, меньшевиктер мен эсерлер жұмысшылар мен солдаттардың аттанысын Советтерге қарсы жасалған аттаныс деп жарыялады. 4 июльдің кешінде, большевиктерді революцияның опасыздары деп жарыялаған меньшевиктер мен эсерлердің өздері революцияға опасыздық жасағандығын, біртұтас революциялық майданды бұзғандығын, сөйтіп контрреволюциямен одақ жасасқандығын мен ашық айтамын. Большевиктерге соққы беру арқылы олар революцияға соққы берді.

5 июльде меньшевиктер мен эсерлер соғыс жағдайын жарыялады, штаб ұйымдастырып, барлық істі әскери сұрқиялардың қолдарына өткізді. Сонымен біз, Советтердің өкімі толық болуын көздеп күрессек те, Советтердің қарулы дұшпаны деген атаққа іліктік. Большевиктердің әскерлері Советтердің әскерлеріне қарсы тұратын жағдай туды. Мұндай жағдайда біздің ұрысқа шығуымыз ақылсыздық болар еді. Советтердің басшыларына біз былай дедік: кадеттер кетті, сіздер жұмысшылармен одақтасыңыздар, ал үкімет Советтердің алдында жауапты болатын болсын. Бірақ олар опасыздық істеді, олар казактарды, юнкерлерді. бұзақыларды бізге қарсы шығарды, майданнан келтірілген бірнеше полктерді де бізге қарсы қойды, большевиктер Советтерге қарсы шығып отыр деп оларды алдады. Меньшевиктер мен эсерлердің бізді арандатқанына қарамастан, мұндай жағдайларда біздің ұрысқа шықпағандығымыз өзінен өзі түсінікті. Сөйтіп біз шегінуді дұрыс деп таптық.

5 июльде Советтердің Орталық атқару комитетінің өкілі Libермен келіссөз жүргізілді. Либер бізге мынадай шарт қойды: біз, яғни большевиктер, Кшесинская сарайынан сауытты автомобильдерді кетіреміз, матростар Петропавл қамалынан Кронштадтқа қайтады. Біз бұған келістік, бірақ Советтердің Орталық атқару комитеті біздің партияның ұйымдарын ықтимал сойқанды әрекеттен қорғайтын болсын дедік. Біздің қойған шарттарымыздың орындалатыны жөнінде, бізге қашан түпкілікті үй тауып бергенше, Кшесинская сарайы біздің қарамағымызда болатыны жөнінде Либер Орталық атқару комитетінің атынан бізге сенім берді. Біз өз уәдемізді орындадық. Сауытты автомобильдер әкетіл-

ді, кронштадтықтар кайтып кетуге көнді, бірақ олар каруымен кетпек болды. Ал Советтердің Орталық атқару комитеті өз міндеттемелерінің біреуін де орындаған жоқ. 6 июльде эсерлердің әскери өкілі Кузьмин телефон арқылы: $^3/_4$ сағаттың ішінде Кшесинская сарайы мен Петропавл қамалы босатылсын деп талап етті, егерде бұл орындалмайтын болса қарулы күш жұмсайтындығын айтып Кузьмин сес қылды. Партиямыздың Орталық Комитеті қан төгісті болдырмауға бар күшін салды. Орталық Комитет мені Петропавл қамалына өкіл етіп жіберді, онда матростар гарнизонын ұрысқа шықпауға көндірудің сәті түсті, өйткені жағдайдың бет алысына қарағанда, біз Советтерге қарсы шыққан болып қалуымыз мүмкін еді. Советтердің Орталық атқару комитетінің өкілі ретінде мен, меньшевик Богдановпен бірге, Кузьминге бардым. Ұрысқа Кузьмин мейлінше әзірленген: артиллериясы, кавалериясы, жаяу әскерлері сай. Біз оның қарулы күш жұмсамауын сұрадық. Кузьмин: «жай адамдар килігe кетіп, кісіге әрқашан кедергі жасайды» деп ренжіді, ақырында лажсыздан Советтердің Орталық атқару комитетінің талабын орындауға көнді. Маған әбден аян нәрсе, әскери эсерлер, жұмысшыларға, солдаттар мен матростарға «тәлім» беру үшін, қан төгуді көздеген еді. Олардың осы қастық ниетті орындауына біз бөгет жасадық.

Бұл екі арада контрреволюция шабуылға көшті: «Правда» мен «Труд» талқандалды, біздің жолдастарды ұрып-сабау, өлтіру басталды, біздің газеттер жабылды, т. б. Контрреволюцияны басқарушы — кадеттер партиясының Орталық комитеті, онан кейін штаб және армияның командирлік құрамындағылар, — соғыс

жүргізуді, сол соғыстың арқасында пайдаға кенелуді көздейтін кәдімгі буржуазияның өкілдері.

Контрреволюция күннен күнге нығая берді. Біз Советтердің Орталық атқару комитетіне барып түсінік сұраған сайын оның бұзақылықтарды тыюға дәрменсіз екендігіне, өкімет Орталық атқару комитетінің қолында емес, контрреволюцияға дем беріп отырған кадеттік-әскери сұрқылардың қолында екендігіне біздің көзіміз жетіп отырды.

Министрлер — қуыршақтай ұшып түсіп жатыр. Советтердің Орталық атқару комитетін Москвада шақырылатын төтенше кеңеске[37] айналдырмақ, ал ол кеңесте Орталық атқару комитетінің 280 мүшесі буржуазияның жүздеген әйгілі өкілдерінің арасында, сүтке батқан шыбындай, көзге ілінбей қалады.

Большевизмнің өсуінен қорыққан Орталық атқару комитеті контрреволюциямен арсыздық келісім жасасып, оның: большевиктерді ұстап беру жөніндегі, Балтық делегациясын қамауға алу[38] жөніндегі, революцияшыл солдаттар мен жұмысшыларды қарусыздандыру жөніндегі талаптарын орындап отыр. Осының бәрі оп-оңай жүзеге асырылуда: қорғампаз билеушілер провокация мақсатымен оқ ату арқылы қарусыздандыруға сылтау тауып, қарусыздандыру ісіне кірісіп отыр. Мысалы, қыр көрсетуге қатыспаған, Сестрорецкі жұмысшылары[39] жөнінде олар осыны істеді.

Контрреволюция атаулының бірінші белгісі — жұмысшылар мен революцияшыл солдаттарды қарусыздандыру болып табылады. Бізде осы қаскүнемдік контрреволюциялық жұмыс Церетелидің және Советтердің Орталық атқару комитетіндегі басқа да «министр социалистердің» қолымен жүзеге асырылды.

Барлық қауіп міне осында. «Революцияны қорғау үкіметі» революцияны тұншықтыру арқылы революцияны «нығайтып отыр».

Біздің міндетіміз — күш жинау, қазірде бар ұйымдарды нығайтып, бұқараны мезгілсіз аттаныстан сақтандыру. Бізді қазір ұрысқа арандату контрреволюция үшін пайдалы, бірақ біз провокацияға берілмеуге тиіспіз, біз барынша революциялық ұстамдылық көрсетуге тиіспіз. Партиямыздың Орталық Комитетінің жалпы тактикалық жолы осы.

Немістің ақшасына жұмыс істеп отыр деп, біздің көсемдерге пасықтықпен жала жабушылар жөнінде партияның Орталық Комитетінің позициясы мынадай. Барлық буржуазиялық елдерде пролетариаттың революцияшыл көсемдеріне опасыздық істеді деген жалақорлық айып тағылып жүрді. Германияда — Либкнехт, Россияда — Ленин. Орыс буржуалары «жарамсыз элементтерге» қарсы күрестің сыналған әдісіне ұмтылатындығына партияның Орталық Комитеті таңданбайды. Өздерінің көсемдерін кіршіксіз таза деп білетіндігін, олармен тілектерінің бірлігін және өздерін олардың ісіне қатысушылар деп есептейтіндігін жұмысшылардың ашық айтулары қажет. Жұмысшылардың өздері Петербург комитетіне келіп, біздің көсемдер жөніндегі өсекке қарсы наразылық хаттың жобасын сұрады. Петербург комитеті осындай жобаны жазды, мұны жұмысшылар өз қолдарын қойып толтырмақ.

Біздің дұшпандарымыз, меньшевиктер және эсерлер, оқиғаның тууы жеке адамдарға емес, революцияның қайнар бұлақ күштеріне байланысты екендігін ұмытып кетті де, соның салдарынан охранканың жолына түсті.

Өздеріңіз білесіздер, «Правда» 6 июльден бастап жабылып қалды, «Труд» баспаханасы да жабулы тұр, ал оның бержағында контрразведка: баспахана шамада, тергеу біткеннен кейін барып ашылар дегенді айтады. Жұмыс істелмеген уақытқа «Правда» мен баспахананың әріп терушілеріне, қызметкерлеріне 30 000 сом шамасында ақша төлеуге тура келеді.

Июль оқыйғаларынан кейін, содан бергі уақыттың ішінде болып өткен оқыйғалардан кейін, біз ендігәрі меньшевиктер мен эсерлерді социалистер деп есептей алмаймыз. Кәзір жұмысшылар оларды социал-түрмешілер деп атап жүр.

Осының бәрін көре отырып, социал-түрмешілермен бірлесу туралы сөз қылу — қылмыс болады. Басқа ұран ұсынуымыз керек: олардың солшыл жағымен — интернационалистермен, яғни азда болса революциялық арын сақтап қалғандарымен, контрреволюцияға қарсы күресуден бастартпайтындарымен бірлік жасалсын — деген ұранды ұсынуымыз керек.

Партияның Орталық Комитетінің бағыты осы.

2. КӘЗІРГІ КЕЗЕҢ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

16 июль

Жолдастар!

Кәзіргі кезеңнің ерекше бір өзгешелігі — өкімет дағдарысы. Басқа екінші қатардағы мәселелер осы мәселенің төңрегінде болып отыр. Өкімет дағдарысы оның тұрлаусыздығынан туып отыр: өкіметтің бұйрықтары не мазақ болатын, не мүлде ескерілмейтін жағдай туды, әйтеуір ол бұйрықтарды ешкімнің де орындағысы келмейді. Өкіметке сенбеушілік халықтың

қалың көпшілігіне таралып отыр. Өкімет шайқалуда. Өкімет дағдарысының негізі осында.

Біз өкіметтің үшінші дағдарысын бастан кешіріп отырмыз. Бірінші дағдарыс — патша өкіметінің дағдарысы, осының нәтижесінде патша өкіметі жоқ болды. Екінші дағдарыс — бірінші Уақытша үкіметтің дағдарысы, осының нәтижесінде Милюков пен Гучков үкіметтен кетті. Үшінші дағдарыс — коалициялық үкіметтің дағдарысы, бұл дағдарыста өкіметтің тұрлаусыздығы өзінің ең ақырғы шегіне жетті. Социалист министрлер өз портфельдерін Керенскийге тапсырып жатыр, ал буржуазия Керенскийге сенбестік білдіріп отыр. Жаңа үкімет құрылды, ал ол үкімет ертеңінде-ақ бұрынғыдай тұрлаусыз болып шықты.

Біз, марксистер болғандықтан, өкімет дағдарысына тек формалды тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар, ең алдымен, таптық тұрғыдан қарауға тиіспіз. Өкімет дағдарысы дегеніміз — өкімет үшін таптардың табан тірескен, әйгілі күресі. Бірінші дағдарыстың нәтижесінде помещиктер өкіметі буржуазия өкіметіне орын берді, ол буржуазияны пролетариат пен ұсақ буржуазияның мүдделерін «көздейтін» Советтер қолдады. Екінші дағдарыстың нәтижесінде коалициялық үкімет құру арқылы ірі буржуазия мен ұсақ буржуазияның арасында келісім жасалды. Бірінші дағдарыстың кезінде де, екінші дағдарыстың кезінде де өкіметтер жұмысшылардың революциялық аттаныстарына қарсы күресті (27 февральда және 20—21 апрельде). Екінші дағдарыс, буржуазиялық үкіметке Советтердің атынан «социалистердің» енуі арқылы, советтердің «пайдасына» шешілді. Үшінші дағдарыстың тұсында солдаттар мен жұмысшылар өкіметті еңбекшілердің ұсақ буржуазия

демократиясы мен пролетариат демократиясының өз қолына алуы туралы, барлық капиталистік элементтерді үкіметтен тайдыру туралы ашықтан-ашық мәселе қойды.

Үшінші дағдарыс неден туды?

Кәзір бар «айыпты» большевиктерге тағып жүр. 3—4 июльдегі аттаныс дағдарыстың шиеленісуіне себеп болыпты-мыс. Революцияның ілгері басқан әрбір адымына жауап ретінде контрреволюция бір адым кейін кетеді деп К. Маркс әлдеқашан айтқан болатын. Большевиктер, 3 және 4 июльдегі аттанысты революциялық адым деп тауып, социалист ренегаттар таңып отырған, ілгері ұмтылған қозғалыстың жетекшілік абройын өз мойындарына алады. Бірақ өкіметтің осы дағдарысы жұмысшылардың пайдасына шешілмеді. Бұған кім айыпты? Егерде меньшевиктер мен эсерлер жұмысшылар мен большевиктерді қолдаған болса, контрреволюция жеңілген болар еді, бірақ олар большевиктерді ұра бастады, революцияның біріккен майданын бұзды, сондықтан да дағдарыс тек большевиктер үшін ғана емес, олардың өздері үшін де, эсерлер мен меньшевиктер үшін де, қолайсыз жағдайларда өте бастады.

Дағдарысты шиеленістірген бірінші фактор осы.

Екінші фактор кадеттердің үкіметтен кетуі болды. Кадеттер істің жайы нашарға айналғанын, экономикалық дағдарыстың ұласа гүскенін, ақшаның аздығын сезе қойды да, тайып шығуды мақұл көрді. Олардың кетуі Коновалов бойкотының жалғасы еді. Үкіметтің тұрлаусыздығын байқап, кадеттер басқалардан бұрын үкіметтен кетті.

Өкімет дағдарысын әйгілеп, шиеленістірген үшінші фактор — майдандағы біздің әскерлеріміздің жеңілуі

болды. Қазір соғыс мәселесі негізгі мәселе болып отыр, еліміздің ішкі және сыртқы өмірімен байланысты басқа мәселелердің бәрі де осыған келіп тіреліп отыр. Міне осы негізгі мәселе жөнінде үкімет құлап қалды. Майдандағы шабуылдың авантюра екендігі әуел бастан-ақ айқын еді. Жүз мыңдаған адамымыз пленге түсті, солдаттар бет-бетімен қашып барады деген лақап тарап жүр. Майдандағы «бүлініпілікті» тек қана жалғыз большевиктердің үгітінен көру, — большевиктердің ықпалын асыра дәріптегендік болады. Мұндай ауырт-палықты көтеруге ешқандай партияның әлі жетпейді. 200 мыңдай мүшелері бар біздің партияның армияны «ыдырату» қолынан келгендігін, ал 20 миллион азаматтарды біріктіріп отырған Советтердің Орталық атқару комитетінің армияны өз ықпалында ұстай алмағандығын қалай түсіндіруге болады. Әңгіме мынада: не үшін соғысатындықтарын білмейінше, солдаттардың соғысқылары келмейді, олар шаршады, жер бөлу мәселесі, тағы сол сияқты мәселелер олардың көңілдерін алаң қылып жүр. Мұндай жағдайларда солдаттарды соғысқа шығаруға болады деп есептеу, кереметке сенгендік болады. Советтердің Орталық атқару комитетінің армия арасында бізден гөрі анағұрлым күшті үгіт жүргізерлік мүмкіншілігі болды, ол үгітті жүргізді де, бірақ солай бола тұрса да соғысқа қарсы күрестің ұлы стихиясы өзінің дегенін істеді. Бұған біз айыпты емеспіз, бұған революция «айыпты», өйткені ол әрбір азаматтың: соғыс не үшін жүргізіліп жатыр? деген сұрауға жауап алуына право берді.

Сонымен, өкімет дағдарысы мынадай үш фактордан туды:

1) жұмысшылар мен солдаттар үкіметке наразы болды, оларға үкіметтің саясаты тым оңшыл көрінді;

2) буржуазия да үкіметке наразы болды, үкіметтің саясатын ол тым солшыл деп санады, және

3) майдандағы сәтсіздік.

Өкімет дағдарысын туғызған сыртқы күштер осылар.

Ал соғыстың салдарынан туған, елдегі экономикалық бүліншілік осының бәріне негіз болды, дағдарысты өршіткен қайнар бұлағы болды. Коалициялық үкіметтің өктемдігін шайқалтқан әлгі үш фактор тек осы негізде ғана пайда болды.

Егерде дағдарыс дегеніміз таптардың өкімет үшін күресі болатын болса, онда біз, марксистер болғандықтан, мынадай сұрақ қоюға тиіспіз: қазіргі кезде өкіметке көтеріліп келе жатқан қай тап? Фактыларға қарағанда өкіметке көтеріліп келе жатқан тап жұмысшы табы. Буржуазия табы ұрыссыз оны өкімет басына жібермейтіндігі айқын. Россия халқының көпшілігі болып отырған ұсақ буржуазия, біресе бізге қосылып, біресе кадеттерге қосылып, бұлталақтауда, сөйтіп өзінің салмағымен таразының бір жағын басуда. Біздегі қазіргі өкімет дағдарысының таптық мағнасы осында.

Бұл дағдарыста жеңілуші кім және жеңуші кім болып шықпақ? Қазіргі кезде өкіметті кадеттер түріндегі буржуазияның иеленетіндігі анық. Кадеттер үкіметтен кеткен кезде, өкімет билігі бір сәтке Советтердің Орталық атқару комитетінің қолына тиіп қалды, бірақ ол өкіметті алудан бастартты, сөйтіп кабинет құру ісін үкімет мүшелеріне тапсырды. Қазір Орталық атқару комитеті өкіметке таңылған құйысқан болып қалды, министрлер кабинетінде аласапыран болып жатыр,

Керенский жалғыз қалды. Әлдекім өз әмірін айтуда, ал оның әмірін министрлер де, Советтердің Орталық атқару комитеті де орындауға тиісті. Тегінде, бұл ұйымдасқан буржуазияның әмірі, ең алдымен, кадеттердің әмірі. Буржуазия өзінің шарттарын айтуда: оның талабы — өкімет басында партия өкілдері емес, «іскер адамдар» отырсын дейді, Черновтың аграрлық программасы алынып тасталсын дейді, 8 июльдегі үкімет декларациясы[10] өзгертілсін дейді, большевиктер өкімет орындарының барлығынан да шығарылсын дейді. Орталық атқару комитеті буржуазияның алдында бас иіп, оның шарттарына көніп отыр.

Күні кеше кейін шегінген буржуазияның бүгінгі күні Советтердің Орталық атқару комитетіне бұйрық беріп отырған себебі не? Әңгіме мынада: майдандағы жеңілістен кейін шетелдік банкирлердің алдында өкіметтің құны кеміп қалды. Аса көңіл бөлуге тұрарлық, кейбір мәліметтерге қарағанда, бұл арада ағылшын елшісі Бьюкененнің және банкирлердің ықпалы жүрсе керек; егерде үкімет өзінің «социалистік» ниеттерінен бастартпаса, бұлар үкіметке қарыз бермей қоятын көрінеді.

Бірінші себеп осы.

Екінші себеп, революция майданына қарағанда, буржуазия майданының жақсы ұйымдастырылғанында. Меньшевиктер мен эсерлер буржуазиямен бірігіп, большевиктерге соққы бере бастаған кезде, революцияның біріккен майданының бұзылғандығын контрреволюция түсіне қойды. Кадеттер партиясының Орталық комитетін басшы етіп, әскери және финанс-империалистік шонжарлардың топтарына ұйымдасқан контрреволюция қорғампаздарға брсыпыра талаптар қойды. Өз өктемдігінен айрылудан қорыққан меньшевиктер

мен эсерлер, контрреволюцияның талаптарын табанда орындап отырды.

Контрреволюцияны жеңіске жеткізген жағдай міне осы.

Қазіргі кезде контрреволюцияның большевиктерді жеңгендігі айқын, жеңген себебі, меньшевиктер мен эсерлер большевиктерді оқшау қалдырды, оларға опасыздық істеді. Біз үшін қолайлы жағдай туатындығы да айқын, сол кезде біз де буржуазияға үзілді-кесілді соққы беретін боламыз.

Контрреволюцияның екі орталығы бар. Бір орталығы — ұйымдасқан буржуазияның партиясы — кадеттер, бұларды қорғампаз Советтер бүркеп отыр. Оның атқарушы органы — штаб, ол штабтың басында отырғандар — командирлік құрамдағылардың барлық тізгіндерін меңгеретін көрнекті генералдар. Екінші орталығы — империалистік финанс шонжарлары, бұлар Англиямен және Франциямен байланысты, кредиттің барлық тізгіндері осылардың қолында. Парламентарлық комиссияның мүшесі, кредитті өзі басқарып отырған Ефремовтың — үкіметке енгізілуі кездейсоқ нәрсе емес.

Аталған фактылар контрреволюцияның революцияны жеңуін қамтамасыз етті.

Ал келешекте не болмақ? Соғыс әлі жүргізіліп жатыр, — жүргізіле береді де; өнеркәсіп бүліншілігі әлі түзетілген жоқ, — түзетілмейді де, өйткені солдаттар мен жұмысшыларды жазалау арқылы оны түзей алмайсың, ал батыл шаралар қолдану билеуші таптардың қолынан келмейді; шаруаларға әлі жер берілген жоқ, — берілмейді де, неге десеңіз шамалы ғана про-

грамма ұсынған Черновтың өзі де үкіметке лайықты мүше болмай шықты, ал істің жайы осылай болып отырған кезде, — дағдарыстар болмай қалмайды, бұқара сан рет көшеге шығады, үзілді-кесілді ұрыстар болады.

Революцияның бейбіт даму дәуірі бітті. Жаңа дәуір басталды, қым-қиғаш жанжалдардың, ұрыс-шекістің, талас-тартыстың дәуірі басталды. Өмір қызып қайнай бермек, дағдарыстан соң дағдарыс болып отырмақ. Солдаттар мен жұмысшылар үндемей қалмақшы емес. Тіпті «Окопная Правданың» жабылуына қарсы 20 полк өзінің наразылығын білдірді. Үкіметке жаңа министрлерді әкеліп қосақтағанымен дағдарыс әлі шешілген жоқ. Жұмысшы табы әлсіреген жоқ. Дұшпандардың ойлағандарынан гөрі жұмысшы табы анағұрлым естілік көрсетті: Советтердің опасыздық жасағанын білген соң, жұмысшы табы 4 және 5 июльде ұрыс ашқан жоқ. Ал аграрлық революцияны алатын болсақ, ол енді ғана өріс алып келеді.

Алда болатын ұрыстарды біз ойдағыдай және ұйымдасқан түрде қарсы алуға тиіспіз.

Біздің негізгі міндеттеріміз мыналар болуға тиіс:

1) жұмысшыларды, солдаттар мен шаруаларды ұстамдылыққа, табандылыққа және ұйымшылдыққа шақыру керек;

2) ұйымдарымызды жаңартып, нығайтып, ұлғайту керек;

3) жария мүмкіншіліктерді пайдаланудан қашпау керек, өйткені ешқандай контрреволюция бізді құпия жағдайға шындап түсіре алмайды.

Жүгенсіз сойқандардың кезеңі өтіп, енді «заң

бойынша» кудалау кезеңі басталып отыр, сондыктан біз жарыя мүмкіншіліктің кандайын болса да кұры жібермей, пайдалануға тиіспіз.

Сөйтіп большевиктер оқшау калдырылды, өйткені Советтердің Орталык аткару комитетінің көпшілігі бізге опасыздық жасап, контрреволюциямен одактасып кетті; осыған байланысты, мынадай сурак туады: Советтерге және олардың көпшілігіне, меньшевиктер мен эсерлерге біз қалай карауға тиіспіз? Орталык аткару комитетінің мәжілісінде Мартов: каражүздіктер мен кадеттердің жыйналысында кабылданған карарларды әкеліп отырсыңдар деп, Гоц пен Данға айып тақты. Большевиктерді қудалау ісінен олардың одактассыз калғандығы көрінді. Біздің көсемдеріміздің камауға алынып, газеттеріміздің жабылған хабарын еcіткенде меньшевиктер мен эсерлер ду қол шапалақтап куаныш білдірген. Осыны біле турып меньшевиктермен және эсерлермен бірлесу туралы сөз қылу дегеніңіз — контрреволюцияға кол созғандык болады.

Менің муны айтып отырған себебім, кейбір заводтарда меньшевиктер мен эсерлердің большевиктермен одактасуын көздеп әрекеттенушілер бар. Мұның өзі революцияға карсы күрестің бүркеніштi түрі, өйткені корғампаздармен одақтаскан күнде революцияның құрып кетуі мүмкін. Меньшевиктер мен эсерлердің ішінде контрреволюцияға карсы күресуден тайынбайтын элементтер бар (эсерлердің ішінде — камковшылдар[41], меньшевиктердің ішінде — мартовшылдар), — біртутас революциялық майданда біз міне осылармен бірігуге дайынбыз.

3. БЕРІЛГЕН СҰРАҚ ХАТТАРҒА ЖАУАП

16 июль

1) **Масловскийдің сұрақ хаты:** Болашақ жанжалдардың кезінде, мүмкін қарулы аттаныстардың кезінде, біздің партия бұған қаншалық көмек көрсетпек және біздің партияның өзі қарулы қарсылықты бастап шыға ма?

Сталиннің жауабы: Аттаныс қарулы аттаныс болуы мүмкін, сондықтан бәріне де дайын тұру керек. Болашақ жанжалдар анағұрлым қым-қйғаш болмақ, сондықтан партия қол қусырып отыруға тиіс емес. Латыш ауданының атынан сөйлеген Салн: қозғалысқа басшылық етуді өз қолына алмады деп партияны айыптады. Бірақ бұл дұрыс емес, неге десеңіз партия қозғалысты пақ бейбіт түрде өткізуді өзінің алдына мақсат етіп қойған болатын. Бізді кінәлағанда өкіметті қолға алуға тырысады деп кінәлауға болады. 3 және 4 июльде біз өкіметті қолға ала алатын едік, біз Советтердің Орталық атқару комитетін өз өкіметімізді мақұлдауға міндеттендіретін де едік. Бірақ мәселе мынада, біз өкіметті ұстап тұра алған болар ма едік? Майдан да, провинция да, бірсыпыра жергілікті Советтер де бізге қарсы көтерілген болар еді. Провинцияға сүйенбейтін өкімет тыянақсыз болып шығар еді. Мұндай жағдайларда өкіметті қолға алсақ, масқара етілген болар едік.

2) **Ивановтың сұрақ хаты:** «Өкімет Советтерге берілсін» деген ұранға біздің көзқарасымыз қандай? «Пролетариат диктатурасы болсын» дейтін уақыт жеткен жоқ па?

Сталиннің жауабы: Өкімет дағдарысы шешілген болса, оның аты, өкімет басына белгілібір тап келді

деген сөз, ал қазіргі жағдайда өкімет басына буржуазия келіп отыр. Олай болса, біз: «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деген ескі ұранмен отыра аламыз ба? Олай ете алмайтынымыз өзінен өзі түсінікті. Іс жүзінде сөзге келмей буржуазиямен қол ұстасып отырған Советтерге өкіметті әперу дегеніңіз, — жаулардың пайдасына жұмыс істегендік болады. Егерде біз жеңетін болсақ, өкіметті деревняның ең кедей топтары қолдайтын жұмысшы табына ғана әпере аламыз. Біз жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтерін ұйымдастырудың басқа формасын, ең қолайлы формасын ұсынуға тиіспіз. Өкіметтің формасы бұрынғыша болады, бірақ біз бұл ұранның таптық мағнасын өзгертеміз, біз тап күресінің тілімен сөйлейміз: бүкіл өкімет революциялық саясат жүргізетін жұмысшылардың және ең кедей шаруалардың қолына берілсін дейміз.

3) Белгісіз біреудің сұрақ хаты: егерде жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Орталық атқару комитеті — азшылық көпшілікке бағынатын болсын десе, біздің қалай етуіміз керек? Ол уақытта біз Советтердің Орталық атқару комитетінен кетеміз бе, жоқ па?

Сталиннің жауабы: бұл жөнінде тиісті қаулы алынған болатын. Большевиктер фракциясының мәжілісі болып өтті, ол мәжілісте мынадай жауап әзірленді: біз, Советтердің Орталық атқару комитетінің мүшелері болғандықтан, Орталық атқару комитетінің барлық қарарларына бағынамыз және оларға қарсы шықпаймыз, бірақ, партия мүшелері болғандықтан, біз дербес қыймыл көрсете аламыз, өйткені Советтердің өмір сүруі партиялардың дербес өмір сүруін жоққа шығармайтындығына біз күмәнданбаймыз. Біздің жауабымыз

ертен Орталық атқару комитетінің мәжілісінде жарияланады.

4. ҚОРТЫНДЫ СӨЗ

16 июль

Жолдастар! Советтердің Орталық атқару комитетінің большевиктер туралы қаулысына қалай қарайтындығымыз жөнінде қарар жазу үшін комиссия сайланған, ол комиссияда мен де болатынмын. Комиссия сол карарды жазды, қарарда былай делінген: біз, Советтердің Орталық атқару комитетінің мүшелері болғандығымыздан, көпшілікке бағынамыз, бірақ большевиктік партияның мүшелері болғандығымыздан, дербес жұмыс жүргізіп, Советтердің Орталық атқару комитетінің каулыларына да карсы пікір айта аламыз.

Прохоров пролетариат диктатурасы дегенді біздің партияның диктатурасы деп түсінеді. Ал біздің айтып отырғанымыз — шаруалардың ең кедей топтарын соңына ертіп алатын таптың диктатурасы.

Шешендердің сөздеріндегі дәлсіздік: біздің басымыздан кешіріп отырғанымыз не, реакция ма әлде контрреволюция ма деген мәселе жөнінде. Революциялар кезінде реакция деген болмайды. Өкімет басындағы таптар ауысса, мұның аты реакция емес, революция немесе контрреволюция болып табылады.

Өкімет дағдарысын туғызған төртінші факторды, Харитонов айткан халықаралық факторды алатын болсақ, тек соғыстың ғана және соғыспен байланысты сыртқы саясат мәселелерінің ғана біздің өкімет дағдарысына әсері тиді. Мен өз баяндамамда, өкімет дағ-

дарысын туғызған фактор деп, соғыстың маңызын баса көрсеттім.

Ал ұсак буржуазияны алатын болсак, кәзірде оның өзі бір бүтін нәрсе емес, ол жедел жіктеліп келеді (Петроград гарнизонындағы шаруа депутаттары Советі шаруа съезінің Аткару комитетіне карсы келіп отыр). Деревняда күрес жүргізілуде, және шаруа депутаттарының кәзіргі Советтерімен катар, өз беттерімен билейтін жаңа Советтер де кұрылуда. Біз шаруалардың жоғары өрлеп келе жаткан нак осы ең кедей топтарына арка сүйейміз. Өздерінің экономикалык тұрмыс жағдайы жағынан тек осылар ғана бізбен бірге жүре алады. Шаруалардың баска топтары, шаруа съезінің Аткару комитетіне, пролетариаттың канына кұмар Авксентьев сыякты адамдарды әкеліп отырғызған топтары, бізге ермейді, бізге бұрылмайды да. Церетели Ленин жолдасты тұтқынға алу туралы бұйрыкты жариялаған кезде, мен осы адамдардың калайша кол шапалактағанын байкадым.

Пролетариаттың диктатурасы мүмкін емес, өйткені пролетариат халыктың азшылык жағы дейтін жолдастар — көпшіліктің күшін үстірт түсінеді. Ал Советтердің өздері де тек 20 миллион адамды ғана ұйымдастырып отыр ғой, бірак өздерінің ұйымшылдығы аркасында олар өздерінің соңына бүкіл халыкты ертіп алды. Экономикалык бүлініпіліктің шырмауларын үзе білетін ұйымдаскан күштің соңынан бүкіл халык ереді.

Володарский жолдас конференцияда кабылданған карарды менен гөрі баскаша ұғынады, бірак оның көзкарасы кандай екенін түсіну кыйын.

Біз өз ұранымызды өзгерте аламыз ба? — деп сұрайды жолдастар. Советтер өкіметі жөніндегі біздің

ұранымыз революцияның бейбіт түрде даму дәуіріне арналған болатын, ол дәуірден біз өттік. Кәзір өкіметтің қолға өту шарттарының бірі көтеріліс жасау арқылы контрреволюцияны жеңу болып табылады, бұл фактыны ұмытпау керек. Біз Советтер туралы өз ұранымызды ұсынған кезде, өкімет іс жүзінде Советтердің қолында болатын. Сонда біз Советтерге қысым жасау арқылы үкіметтің құрамын өзгертуге әсер ете алған болар едік. Кәзір өкімет билігі Уақытша үкіметтің қолында. Сондықтан біз Советтерге қысым жасау арқылы өкімет бейбіт түрде жұмысшы табының қолына өтеді деп дәмелене алмаймыз. Марксистер болғандықтан, біз былай деуге тиіспіз: әңгіме мекемелерде емес, әңгіме мекеме қай таптың саясатын жүргізіп отырғандығында. Біз көпшілігі өзіміз болып отырған Советтерді сөзсіз жақтаймыз. Ондай Советтерді құруға біз тырысамыз да. Контрреволюциямен одақ жасасып отырған Советтерге біз өкіметті бере алмаймыз.

Жоғарыда көрсетілгендердің бәрін қорыта келіп, мынаны айтуға болады: қозғалыстың бейбіт түрде даму жолы бітті, өйткені қозғалыс социалистік революция жолына түсіп отыр. Шаруалардың ең кедей топтарынан өзге ұсақ буржуазия кәзір контрреволюцияны қолдап отыр. Сондықтан: «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деген ұран кәзіргі жағдайда ескіріп қалды.

Бірінші рет 1923 ж.
„Красная Летопись" журналының
7-номерінде басылған

НЕ БОЛДЫ?

Бұл оқыйға 3 — 4 июльде болды. Жұмысшылар мен солдаттар бірлесіп, Петроградтың көшелерінде: «Бүкіл өкімет жұмысшы және солдат депутаттарының Советтеріне берілсін!» деген ұранмен қыр көрсетті.

Ол кезде жұмысшылар мен солдаттардың тілегі не еді, көздегені не еді?

Мүмкін, Советтерді құлатуды көздеген шығар?

Әрине, олай емес!

Жұмысшылар мен солдаттар ол кезде бүкіл өкіметті Советтердің алуын көздеді, сөйтіп жұмысшылардың, шаруалардың, солдаттардың және матростардың ауыр турмысын жеңілдетуді көздеді.

Олар Советтерді әлсіретіп, жоюды көздеген жоқ, қайта Советтерді күшейтуді көздеді.

Олар: Советтер, өкіметті қолға алып, помещиктерден байланысын үзсе екен, істі созалаңға салмай, шаруаларға дереу жер берсе екен деп тіледі.

Олар: Советтер, өкіметті қолға алып, капиталистерден байланысын үзсе екен, еңбек жағдайларын жақсартса екен және фабрикалар мен заводтарда жұмысшы бақылауын орнатса екен деп тіледі.

Олар: Советтер, бітімнің әділ шарттарын жарияласа екен, сөйтіп, миллиондаған жас өмірді жалмап отырған ауыр соғысты ендігі жерде тоқтатса екен деп тіледі.

Ол кезде жұмысшылар мен солдаттардың көздегені міне осы болатын.

Бірақ Атқару комитетінің жетекшілері, меньшевиктер мен эсерлер, революция жолымен жүруді қаламады.

Олар революцияшыл шаруалармен одақ жасасудан гөрі помещиктермен келісім жасасуды артық көрді.

Олар революцияшыл жұмысшылармен одақ жасасудан гөрі капиталистермен келісім жасасуды артық көрді.

Олар революцияшыл солдаттармен және матростармен одақ жасасудан гөрі юнкерлермен және казактармен одақ жасасуды артық көрді.

Олар опасыздық істеп большевиктік жұмысшылар мен солдаттарды революцияның дұшпандары деп жариялады, өз қаруын оларға қарсы жұмсап, контрреволюцияның қалауын істеді.

Соқырлар! Олар, большевиктерге оқ атамыз деп, революцияға оқ атқанын, сөйтіп контрреволюцияның үстем болуына жол ашқанын байқамады.

Бұған дейін қараңғы түкпірде тығылып жатқан контрреволюционерлердің сол кезде өрмелеп шыға келген себебі міне нақ осы.

Ал сол аралықта майдан шебінің бұзыла бастауы, қорғампаздар саясатының сойқанды саясат екенін көрсете отырып, контрреволюцияны бұрынғыдан бетер өсіртіп жіберді.

Сөйтіп, контрреволюция меньшевиктер мен эсерлердің «қателіктерін» дереу пайдалана қойды.

Оларды қорқытып, шырмап алғаннан кейін, қолға үйретіп, өздерінің төңрегіне топтастырғаннан кейін, контрреволюцияның бастықтары, Милюков сияқты мырзалар, революцияға қарсы жорық жасады. Газеттерді талқандап, жауып тастау, жұмысшылар мен солдаттарды қарусыздандыру, қамауға алу және ұрыпсабау, өтірік пен жала, арын сатқан тыңшылардың біздің партия көсемдеріне пасықтықпен, арсыздықпен жала жабуы, — келісім жасау саясатының жемістері міне осылар

Істің жайы мынаған дейін барып отыр: озбырланған кадеттер, күш көрсетіп, террор жүргізуде, Советтерді сөгіп, балағаттауда, сөйтіп ультиматум ұсынуда, ал үрейі ұшқан меньшевиктер мен эсерлер бір позициядан соң бір позициясын беруде, оның бержағында, батырсынған министрлер кадеттердің соққыларына шыдамай жанқаша ұшып кетіп жатыр, сөйтіп... революцияны... «құтқару» мақсатымен, Милюковтың қолшоқпарларына жол босатып отыр.

Осыны көре тұрып, контрреволюцияның жеңіске масайрап отырғандығына таңдануға бола ма?

Кәзіргі жағдай осылай.

Бірақ бұл жағдайдың көпке созылуы мүмкін емес.

Контрреволюцияның жеңісі — помещиктердің жеңісі болып табылады. Бірақ шаруалар жерсіз отырып ұзақ күнелте алмайды. Сондықтан помещиктерге қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізілуі сөзсіз.

Контрреволюцияның жеңісі — капиталистердің жеңісі болып табылады. Бірақ жұмысшылар өздерінің тұрмыстарын түбірінен жақсартпайынша тынбайды.

Сондықтан капиталистерге қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізілуі сөзсіз.

Контрреволюцияның жеңісі — соғыстың созылғандығы болып табылады, бірақ соғыстың көпке созылуы мүмкін емес, өйткені соғыстың ауыртпалығынан бүкіл елдің тынысы тарылып отыр.

Сондықтан контрреволюцияның жеңісі — баянды емес, тек өткінші нәрсе.

Болашақ жаңа революциянікі.

Тек халық өкіметін толық орнатқанда ғана шаруаларға жер тиеді, елдің шаруашылық тіршілігі тәртіпке салынады және Европаның хасрет шеккен халықтары сондай аңсап отырған, бейбітшілік ісі қамтамасыз етіледі.

„Рабочий и Солдат“ № 1,
23 июль, 1917 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

КОНТРРЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ЖЕҢІСІ[13]

Контрреволюция ұйымдасты. Ол өсуде, бар тарапта шабуыл жасауда. Кеше ғана үкіметке бойкот жариялаған контрреволюция басшылары кадет мырзалар елге қожалық жүргізу үшін бүгін өкімет басына қайтып келуге дайын.

Эсерлер мен меньшевиктердің «билеуші» партиялары өздерінің «революцияны қорғаушы» үкіметімен қоса бейберекет шегінуде. Олар неге болса да көнуге дайын, олар неге болса да баруға дайын — тек әмір етіңіз.

Большевиктерді және олардың жақтастарын ұстап беру керек пе?

— Рақым етіңіз, кадет мырзалар, алыңыздар большевиктерді.

Балтық делегациясын және Кронштадтағы большевиктерді ұстап беру керек пе?

— Қызметіңізге дайынбыз, «контрразведчик» мырзалар, алыңыздар делегацияны.

Кадеттерге ұнамсыз большевиктердің, жұмысшылар мен солдаттардың газеттерін жабу керек пе?

— Аянып қалмаймыз, кадет мырзалар, жабамыз.

Революцияны қарусыздандыру керек пе, жұмысшылар мен солдаттарды қарусыздандыру керек пе?

— Шын ықласымызбен, помещик және капиталист мырзалар. Біз Питер жұмысшыларын ғана қарусыздандырып қоймаймыз, 3 — 4 июльдегі оқиғаларға қатыспағанына қарамастан Сестрорецкі жұмысшыларын да қарусыздандырамыз.

Сөз бостандығы мен жыйналыс бостандығына шек қою керек пе, жеке адамның еркіне және пәтер-үйге қол сұғылмасын деген ережеге шек қою керек пе, цензура мен охранканы орнату керек пе?

— Бәрін де орындаймыз, қаранғет мырзалар, ақырына дейін орындаймыз.

Майданда өлім жазасы қайта қолданылсын ба?

— Шын ықласымызбен қолданамыз, тойымсыз мырзалар...

Совет қабылдаған платформаны жақтаушы Финляндия сеймін тарату керек пе?

— Бұда орындалады, помещик және капиталист мырзалар.

Үкімет программасын өзгерту керек пе?

— Аяныл қалмаймыз, кадет мырзалар.

Сөйтіп, меньшевиктер эсерлермен бірге бұдан былайда көне беруге дайын, тек кадеттермен мәмлеге келсе болғаны, тек солармен әйтеуір саудасын пісірсе болғаны...

Ал контрреволюция, жаңадан құрбандықтар шалуды талап етіп, Уақытша үкімет пен Атқару комитетін өзінен өзі айнуға дейінгі масқаралық халге жеткізіп, барған сайын озбырлана түсуде. Кадеттер өз пайдасын көздеп, әлдеқашан таратылған Мемлекеттік дума мүшелерін және басқа цензовиктерді жыйнап Москвада

«төтенше жыйналыс» шақыруды ұсынды, ал осы думаның ішінде Орталык атқару комитеті тіпті елеусіз аэшылық болып қалады. Министрлер, естері шығып, өздерінің портфельдерін Керенскийдің аяқ астына апарып үюде. Кадеттердің әмірі бойынша үкімет мүшелерінің тізімі жасалуда.

Қан төгіп қол жеткен бостандықты патшалық Думаның және опасыз кадеттердің жәрдемімен жоймақшы, — біздің саяси өміріміздің қазіргі қамқоршылары бізге міне осындай масқарашылық істеп отыр...

Ал соғыс әлі болып жатыр, бұл майдандағы бақытсыздықты ұластыра түсуде, оның бержағында майданда өлім жазасын қайта қолдану арқылы жағдайды жақсартпақ болады. Соқырлар! Соғыстың мақсаты армияға анық және түсінікті болғанда ғана, өзі үшін, өзінің игілікті ісі үшін қан төгетінін армия ұғынғанда ғана шабуылды көпшілік унатады деп сенуге болатындығын көрмей отыр, — демократиялық Россияда солдаттардың митингілері мен еркін жыйналыстары болып тұрғанда осындай сана болмайынша жаппай шабуыл жасау қыйсынсыз екенін көрмей отыр.

Ал бүліншілік әлі болып жатыр, бұл — аштыққа, жұмыссыздыққа және жаппай күйзеліске ұшырау қаупін туғызуда, оның бержағында революцияға қарсы полициялық шаралар қолдану арқылы шаруашылық дағдарысын шешпекші болады. Контрреволюцияның әмірі міне осындай! Соқырлар! Буржуазияға қарсы революциялық шаралар қолданбайынша елді бүліншіліктен сақтап қалу мүмкін еместігін көрмей отыр.

Жұмысшылардың қуғынға түсуі, ұйымдардың қыйратылуы, шаруалардың елеусіз қалуы, солдаттар мен матростардың қамауға алынуы, пролетариат партия-

сының көсемдеріне жала жабылуы, өтірік-өсектің таңылуы, сонымен қатар контрреволюционерлердің масайрауы, жалақорлануы, озбырлануы, міне, осының бәрі революцияны «қорғау» сылтауымен жүргізіліп отыр, — эсерлер мен меньшевиктердің партиялары бізді міне осындай халге жеткізіп отыр.

Осының бәрін көре тұрып, бізге революцияны тұншықтыру арқылы революцияны «қорғаушы» осы мырзалармен бірлік жасау керек дейгін адамдар әлі де дүниеде бар! («Новая Жизнь» газетін қараңыз).

Олар бізді кімге балайды екен?!

Жоқ, мырзалар, революцияны сатушылардың жолымен біздің жолымыз бір емес!

Июль күндерінің ауыр минуттарында, ызаланған контрреволюция революцияны атқылаған кезде жұмысшы кварталдарын тастап кетпеген бірден-бір партия большевиктер партиясы болғанын жұмысшылар еш уақытта ұмытпайды.

Сол ауыр минуттарда эсерлер мен меньшевиктердің «билеуші» партиялары жұмысшыларды, солдаттар мен матростарды талқандап қарусыздандырушылардың лагерінде болғанын жұмысшылар еш уақытта ұмытпайды.

Жұмысшылар осының бәрін есте сақтап, бұдан тиісті қортындылар жасайды.

«Рабочий и Солдат» № 1,
23 июль, 1917 ж.
Қол қойған: К. Ст.

КАДЕТТЕРДІҢ ЖЕҢІСІ

Министрлік аласапыраң әлі бітпеген тәрізді. Кадеттер Керенскиймен әлі күнге дейін саудаласуда. Бір «комбинациядан» соң бір «комбинация» жасалуда.

Кадеттер, әрине, үкіметке енеді, өйткені бәрі де солардың айтуымен істеліп отыр. Черновтың үкіметте қалуы мүмкін. Церетелиді енді «қаламайтын» тәрізді. Церетели жұмысшыларды қарусыздандыру үшін «керек еді». Жұмысшыларды қарусыздандырғаннан кейін оның қызметі бітті. «Мавр өз міндетін атқарды, Мавр енді кетсе де болады»[43]. Оның орнын Авксентьев басады.

Бірақ мұндағы әңгіме, әрине, адамдарда емес. Чернов па, Церетели ме, әлде осы сияқты үшінші біреу ме, — оның бәрібір емес пе? Бұл дүмше циммервальдистер империализмнің қызметін істеуге келгенде Гендерсондардан, Томалардан[44] ешбір қалыспайтынын кім білмейді?

Қайыра айтамын, мұндағы әңгіме адамдарда емес.

Әңгіме мынада: өкімет үшін күрес тудырған осы сан-сапалақтың нәтижесінде, портфельдер үшін және басқалары үшін таласудың нәтижесінде — ішкі сая-

сатта кадеттердің бағыты, контрреволюцияның бағыты, сырткы саясатта — «ақырына дейінгі согыстың» бағыты үстем болып отыр.

Мәселе былайша койылған еді:

Не соғысты соза беру керек, сонда Англия мен Американың ақшалы рыногіне толық тәуелділік болады, кадеттердің үстемдігі жүреді, революция ауыздықталады, өйткені кадеттер де, «одактас» капитал да орыс революциясын ешбір ұнатпайды.

Не өкіметті революцияшыл таптың колына әперу керек, Россияның кол-аяғын матаушы одақтас капиталдың финанс тұсауларын үзу керек, бітім шарттарын жарыялау керек, бүлінген халық шаруашылығын помещиктер мен капиталистердің пайдасының есебіне тәртіпке салу керек.

Үшінші жол жоқ, ал үшінші жолды іздеген эсерлер мен меньшевиктер сөзсіз құлауға тиісті болды.

Бұл жөнде кадеттер естірек болып шықты.

«Өкіметті циммервальдизмнің және «утопиялық» социализмнің қатерлі бағыттарынан үзілді-кесілді айырып алу» қажет, — деп жазады «Речь».

Былайша айтқанда: соғыс сөзсіз жүргізілсін, соғыс ақырына дейін жүргізілсін дейді.

Белгілі кеңесте Некрасов: «актык кортынды жасау керек»: не өкіметті өздерің алыңдар (мұны ол Советке айтады), не бұл өкіметті баскалардың алуына мүмкіндік беріңдер дейді.

Былайша айтканда: не революция болсын, не контрреволюция болсын дейді.

Меньшевиктер мен эсерлер революциялық жолдан бастартты, демек, олар кадеттердің ыкпалына, контрреволюцияның ыкпалына сөзсіз түсуге тиісті болды...

Өйткені кадеттер тұрғанда — ішкі заём қамтамасыз етіледі. Өйткені кадеттер тұрғанда — одақтас капиталмен достық болады, яғни сыртқы заём қамтамасыз етіледі.

Тылда, әсіресе майданда бүліншілік туып отырғандықтан ақша дегеніңіз өте керек-ақ...

«Дағдарыстың» бар мәні осында.

Кадеттердің жеңісінің бар тетігі осында.

Бұл жеңіс ұзаққа бара ма, жоқ па, оны таяудағы уақыт көрсетеді.

„Рабочий и Солдат" № 2,
24 июль, 1917 ж.
Басмақала

ПЕТРОГРАДТЫҢ БАРЛЫҚ ЕҢБЕКШІЛЕРІНЕ, БАРЛЫҚ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ МЕН СОЛДАТТАРЫНА[15]

Жолдастар!

Россия ауыр күндерді басынан кешіруде.

Сансыз құрбандықты жалмаған үш жылғы соғыс елдің тыйтығына жетті.

Транспорттың бұзылуы және азық-түлік тапшылығы жаппай ашаршылық қаупін туғызып отыр.

Өнеркәсіптегі бүліншілік және заводтардың тоқтап қалуы халық шаруашылығының ең түпкі негіздерін әлсіретіп отыр.

Ал соғыс әлі жүргізілуде, соғыс жалпы дағдарысты шиеленістіріп, елді мейлінше күйзелтіп отыр.

Елді «қорғауға» тиісті болған Уақытша үкімет өз міндетін орындауға қабілетсіз болып шықты. Бұл-бұл ма, — Уақытша үкімет майданда шабуыл бастап, осы арқылы елдегі жалпы дағдарыстың басты себебі болып отырған соғысты ұзаққа созып, істі бұрынғыдан бетер шатастырып жіберді.

Осының нәтижесінде — өкімет мейлінше тұрақсыз халге жетті, өкімет дағдарысқа ұшырап, кері кетті, бұл туралы жұрттың бәрі даурығысып жүрсе де, бұған қарсы ешқандай елеулі шара қолданылмай отыр.

Кадеттердің үкіметтен кетуі коалицнялық министрліктің мейлінше жасанды екенін, өмір сүруге қабілетсіз екенін тағыда айқын көрсетті.

Белгілі шабуылдан кейін біздің әскерлердің майданда кері шегінуі, шабуыл саясатының мейлінше қатерлі екенін әйгілеп, дағдарысты ақырғы шегіне дейін жеткізді, «отандық» буржуазияның алдында да, «одақтас» буржуазияның алдында да өкіметтің беделін түсіріп, оны кредиттен айырды.

Қиын-қыстау жағдай туды.

Революцияны «құтқарушыларға» екі жол ашылды.

Не соғысты созып, «шабуыл» жасай беру жолы; бұлай еткенде — ішкі және сыртқы заёмдар арқылы ақша өндіру үшін өкімет билігі қалайда контрреволюцияшыл буржуазияның қолына берілер еді, өйткені, олай болмаған күнде, буржуазия үкіметке сенбес еді, ішкі заём болмас еді, Англия мен Америка кредит бермейтін болар еді, ал мұндай жағдайда елді «қорғау» дегеннің мәнісі соғыс шығындарын жұмысшылар мен шаруалардың есебінен өтеп империализмнің орыс жалмауыздары мен «одақтас» жалмауыздарының пайдасын көздегендік болады.

Не өкімет билігі жұмысшылар мен дәулетсіз шаруалардың қолына өтуі керек еді, революцияны ілгері бастырып, жерді шаруаларға әперу үшін, өнеркәсіпте жұмысшы бақылауын орнату үшін және бүлінген халық шаруашылығын капиталистер мен помещиктердің пайдаларының есебінс тәртіпке салу үшін бітімнің демократиялық шарттарын жарыялап, соғысты тоқтату керек еді.

Бірінші жол дәулетті таптардың еңбекшілерге өк-

темдігін күшейте түсіп, Россияны Англияның, Американың, Францияның отарына айналдырады.

Екінші жол Европада жұмысшы революциясының дәуірін туғызады, Россияны финансылық шырмаудан құтқарады, буржуазия үстемдігінің түпкі негіздерін әлсіретеді және Россияны шындап азат ету үшін жол ашады.

3—4 июльдегі демонстрация жұмысшы және солдат бұқарасының социалистік партияларға арналған үндеуі еді, — екінші жолға түсуге, революцияны дамыта беру жолына түсуге шақырған үндеуі еді.

Оның саяси мәні мен ұлы тарихи маңызы міне осында.

Бірақ, жұмысшылар мен шаруалардың революциялық қыймылы арқылы емес, кадет буржуазиясымен келісім жасау комбинациялары арқылы күш-қуат алып отыратын Уақытша үкімет және эсерлер мен меньшевиктердің министрлік партиялары, — бірінші жолды — контрреволюцияға икемделу жолын ұнатты.

Демонстранттарға қол созу орнына және, өкіметті алып, сол демонстранттармен бірге революцияны шын қорғап қалу үшін «одақтас» және «отандас» империалистік буржуазияға қарсы күресу орнына, — олар контрреволюцияшыл буржуазиямен одақ жасасып, өзінің қаруын демонстранттарға қарсы, жұмысшылар мен солдаттарға қарсы жұмсады, бұларға қарсы юнкерлер мен казактарды айдап салды.

Сөйтіп олар контрреволюцияға кеңінен есік ашып, революцияның мүддесін сатты.

Сондықтан өмірдің шырау түбінен қара лайсаң шыға келіп, әрі адал, әрі ардақты нәрсенің бәрінластады.

Тінту жүргізіп, ойран салу, қамауға алып, ұрыпсоғу, азап көрсетіп, кісі өлтіру, газеттер мен ұйымдарды жабу, жұмысшыларды қарусыздандырып, полктерді тарату, Финляндия сеймін тарату, бостандықты қысымға алып, өлім жазасын қайта қолдану, ойраншылдар мен контрразведчиктердің асқынып кетуі, өтірік пен жеркенішті жаланың өріс алуы, міне осының бәрі эсерлер мен меньшевиктердің үнсіз мақұлдауы арқылы іске асырылып отыр, — контрреволюцияның алғашқы әрекеттері міне осындай.

Кадеттер партиясымен бірге одақтық-орыс империалистері, юнкерлерімен, казактарымен және контрразведчиктерімен бірге жоғарғы командалық құрамдағылар, — мінеки, контрреволюцияның күштері осылар.

Осы топтардың айтуы бойынша Уақытша үкімет мүшелерінің тізімі жасалуда, ал министрлер жанды қуыршақ сияқты бір көрініп, қайтадан ғайып болып жатыр.

Осы топтардың нұсқауы бойынша большевиктер мен Черновты ұстап берісіп отыр, полктер мен кеме командаларына тазалау жүргізіліп жатыр, майданда ату жазасы қолданылып, полктер таратылып жатыр, Уақытша үкімет Керенскийдің қолындағы ойыншыққа айналды, Советтердің Орталық атқару комитеті осы ойыншықтың шылауына айналды, «революцияшыл демократия» өзінің праволары мен міндеттерінен масқара түрде бастартты, таяуда жойылған патшалық Дума бұрынғы праволарына қайта енгізіліп отыр.

Мұнымен де тынбай, олар революцияны бұдан былайда ауыздықтау жөнінде Қысқы ордадағы «тарихи кеңесте»[46] (21 [illegible]льде) сөз байласуға дейін барды (за-

говор!), оның бержағында, әшкерелеп қояр деп, большевиктерді бұл кеңеске шақырмады.

Алдағы уақытта «Москва кеңесі» шақырылмақ. қан төгіп барып қол жеткен бостандықты олар сол кеңесте біржолата жоймақшы...

Осының бәрі қорқақтықпен бір позициядан соң бір позициясын беруші меньшевиктер мен эсерлердің қатысуымен істеліп отыр, бұлар өздерінің де, өз ұйымдарының да бетін жыртып қорлауда, революцияның жеңістерін масқаралықпен аяққа басуда...

Демократияның «өкілдері» ешқашанда кәзіргідей, кәзіргі тарихи күндердегідей сорақы болған емес!

Олар ешқашанда кәзіргідей масқара болып құлаған емес!

Осыдан кейін, контрреволюцияның озбырланып кеткендігіне, контрреволюцияның адал әрі революциялық істі ыландап отырғандығына таңдануға бола ма?

Осыдан кейін, сатылған жалдамалардың және сужүрек жалақорлардың біздің партияның көсемдерін «опасыздық» істеді деп ашықтан «айыптауға» батылы барғандығына, буржуазиялық газеттердегі қаламды қарақшылардың осы «айыпты» арсыздықпен шимайлап отырғандығына, ал прокурорлық өкімет дейтіннің «Лениннің ісі жөніндегі», т. б. жөніндегі материалсымақ бірдемелерді жүзікаралықпен жарыялап отырғандығына таңдануга бола ма?

Бұл мырзалар, тегінде, біздің арамызға іріткі салудан, біздің арамызда күдік пен дүрбелең туғызудан, біздің көсемдерімізге сенімсіздікті күшейтуден дәмеленеді.

Бишаралар! Бұлар біздің көсемдеріміздің есімдері жұмысшы табы үшін ешқашанда нақ кәзіргі кездегі-

дей, озбыр буржуазияшыл айуандардың жала жауып отырған кезіндегідей, ардақты және жақын болып көрмегендігін білмей отыр!

Сатылғандар! Бұлар буржуазияшыл жалданбалардың жапқан жаласы неғұрлым соракы болса, жұмысшылардың көсемдерге деген сүйіспеншілігі соғұрлым күшті болатындығын, өз көсемдеріне сенімі соғұрлым шексіз арта түсетіндігін пайымдамай отыр; ал жұмысшылардың өз тәжрибесінен білетіні сол, егер дұшпандар пролетариаттың көсемдерін қаралап отырған болса, мұның өзі көсемдердің пролетариатқа адал қызмет істеп жүргендігін сыйпаттайтын айқын белгі.

Алексинскийлер мен Бурцевтер, Переверзевтер мен Добронравовтар, сіздердей мырзаларға біз арам ниет жалақорлар деген масқара таңбаны сыйлыққа тартамыз. Петроградтың бізді сайлаған 32 000 ұйымдасқан жұмысшыларының атынан осы таңбаны қабыл алыңыздар, бұл таңба көрге кіргендерініздше бойларыңыздан кетпесін. Сіздер осы таңбаға лайықсыздар.

Ал сіздер, капиталистер мен помещиктер, банкирлер мен алыпсатарлар, поптар мен контрразведчиктер, халықтарға бұғау әзірлеуші мырзалар, бәрлеріңіз де жеңіске тым ерте масайрап жүрсіздер, Ұлы Орыс Революциясын жерлеуге тым ерте кірісіп отырсыздар.

Революция өмір сүруде, ол өзін әлі-ақ танытады, көр қазушы мырзалар.

Соғыс пен бүліншілік болып жатыр, ал осылардан келген жарақатты айуандық жазалау шаралары арқылы емдеп жазуға болмайды.

Революцияның қайнар бұлақ күштері өмір сүруде, елді революцияшылдандыру жолында бұл күштер талмай қызмет етуде.

Шарулар әлі жер алған жоқ. Бірақ олар жер үшін күрес жүргізеді, өйткені олар жерсіз өмір сүре алмайды.

Жұмысшылар заводтар мен фабрикаларда өзінің бақылауын әлі жүргізе алған жоқ. Бірақ олар бақылау жүргізбей қоймайды, өйткені өнеркәсіп бүліншілігі оларға жұмыссыздық қаупін туғызады.

Солдаттар мен матростарды ескі тәртіпке қарай кері сүйремекші. Бірақ солдаттар мен матростар бостандық үшін күреседі, өйткені олар бостандық алуға талырлық еңбек сіңірді.

Жоқ, контрреволюционер мырзалар, революция өлген жоқ, ол тағыда өзіне жақ адамдардың басын қосып, жаңа күшпен жауға қарсы тап беру үшін әзірше қалтарыста тұр.

«Біз тіріміз, біздің алқызыл қанымыз сарқылмас күштің жігерімен қайнауда!»[47].

Ал Батыста ше, Англия мен Германияда, Франция мен Австрияда жұмысшы революциясының туы желбіреп тұрған жоқ па, жұмысшы және солдат депутаттарының Советтері ұйымдасып жатқан жоқ па!

Әліде урыс болады!

Әліде жеңіс болады!

Бар әңгіме болашақ ұрыстарды лайықты түрде және ұйымдасып қарсы алуда.

Жұмысшылар! Сіздер орыс революциясының көсемдері деген ардақты рольге ие болып отырсыздар. Бұқараны өз төңіректеріңізге топтастырып, оларды біздің партияның туы астына жиныңыздар. Июль күндерінің ауыр минуттарында, халық жаулары революцияны аттқылағанда, жұмысшы кварталдарынан кетпеген бірден-бір партия большевиктер партиясы бол-

ғандығын ұмытпаңыздар. Сол қыйын-қыстау күндерде меньшевиктер мен эсерлер жұмысшыларды талқандаушылар мен қарусыздандырушылардың лагерінде болғандығын ұмытпаңыздар.

Біздің тудың астына жыйналыңыздар, жолдастар!

Шаруалар! Сіздердің көсемдеріңіз сенімдеріңізді ақтамады. Олар контрреволюцияның соңына ілесіп кетті, ал сіздер жерсіз қалып отырсыздар, өйткені контрреволюция үстемдік құрып тұрғанда, сіздер помещиктердің жерлерін ала алмайсыздар. Сіздердің ең сенімді одақтастарыңыз — жұмысшылар ғана. Тек жұмысшылармен одақтасқанда ғана жер мен еркіндікке қолдарыңыз жетеді. Жұмысшылардың төңрегіне топтасыңыздар!

Солдаттар! Революцияның күші халық пен солдаттардың одағында. Министрлер келіп те, кетіп те жатады, ал халық өз орнында қала береді. Әрқашанда халықпен бірге болыңыздар, халық қатарында жүріп күресіңіздер!

Контрреволюция жойылсын!

Революция жасасын!

Социализм жасасын, халықтардың бауырластығы жасасын!

Россиялық социал-демократиялық жұмысшы партиясының (большевиктердің) Петроградтағы жалпықалалық конференциясы

„Рабочий и Солдат" № 2,
24 июль, 1917 ж.

ЕКІ КОНФЕРЕНЦИЯ*

Екі конференция. Екеуі де жалпықалалық, петроградтық конференциялар.

Бірі меньшевиктердікі. Екіншісі большевиктердікі.

Біріншісі небәрі 8 мың жұмысшының өкілі.

Екіншісі — 32 мың жұмысшының өкілі.

Біріншісінде тәртіпсіздік пен ырың-жырыңдық өріс алып отыр, сондықтан ол қәзір-ақ екіге бөлінгелі тұр.

Екіншісінде — бірлік пен ынтымақ күшті.

Біріншісі кадеттік буржуазиямен келісімдер жасауға арқа сүйейді. Ол нақ осы негізде екіге бөлінді, өйткені ары бар адамдар, буржуазияның құйыршығы болғысы келмейтін адамдар, меньшевиктердің арасында әлі де бар.

Екіншісі, керісінше, буржуазиямен комбинациялар жасауға арқа сүйемейді, капиталистер мен помещиктерге қарсы жұмысшылардың революциялық күресіне арқа сүйейді.

Біріншісі «елді қорғау» жолы—большевизмді жоюда, революцияға опасыздық істеуде деп біледі.

Екіншісі бұл жол — контрреволюцияны оның «со-

циалистік» құйысқандарымен қоса аластауда деп біледі.

Большевизм жойылды және жерге көмілді деушілер бар.

Көр қазушы мырзалар бізді тым ерте жерлемекші екен. Біз әлі тіріміз, біздің қуатты үнімізден буржуазия сан рет тітіркеніп, қалтырайды.

Революцияны жақтайтын 32 мың ұйымшыл большевиктер бар және көпшілігі революцияны сатып кеткен 8 мың бытыраңқы меньшевиктер бар, — ал таңдаңыздар, жұмысшы жолдастар!

„Рабочий и Солдат" № 2,
24 июль, 1917 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

ЖАҢА ҮКІМЕТ

Министрлік аласапыраң бітті. Жаңа үкімет құрылды. Кадеттер, кадеттенушілер, эсерлер, меньшевиктер — үкіметтің құрамы міне осындай.

Кадеттердің партиясы қанағаттанды. Кадеттердің негізгі талаптары қабылданды. Бұл талаптар жаңа үкіметтің атқаратын қызметінің негізі болып алынды.

Кадеттер Советтерді әлсірету есебіне үкіметті күшейтуді, үкіметті Советтерге тәуелсіз етуді көздеген еді. Эсерлер мен меньшевиктердің ішіндегі «оңбаған пастырлар» басқарып отырған Советтер бұған көніп, өзін өзі өлім жазасына кіріптар етті.

Уақытша үкімет, бірден-бір өкімет болды, — кадеттер міне осылай істетті.

Кадеттер «армияны сауықтыруды», яғни армияда «темір тәртіп» орнатуды, армияны тек өз бастықтарына ғана, ол бастықтарды үкіметке ғана бағындыруды талап еткен еді. Эсерлер мен меньшевиктер басқарып отырған Советтер бұған да көніп, өздерін қарусыздандырып тастады.

Советтер армиясыз қалды, армия кадеттенуші элементтердің үкіметіне ғана бағынатын болды, — кадеттер міне осылай істетті.

Кадеттер одақтастармен сөзсіз бірігуді талап еткен еді. Советтер өздерінің «интернационалистік» декларацияларын ұмытып, «ел қорғау»... мақсатымен «батыл түрде» осы жолға түсті. Оның бержағында 8 июль программасы дейтін программаның аяғы аспаннан келді.

«Рақымсыз» соғыс, «ақырына дейінгі соғыс» жүргізіле беретін болды, — кадеттер міне осылай істегті.

Кадеттердің өздері былай дейді:

«Кадеттердің талаптары бүкіл үкіметтің жұмысына сөзсіз негіз етіліп алынды... Міне сондықтан да, кадеттердің негізгі талаптары қабылданып отырғаннан кейін, партия ендігі жерде партиялардағы ерекше алауыздықтарға бола дауласа беруді мүмкін деп таппады». Өйткені қазіргі жағдайда «атышулы 8 июль программасының демократиялық элементтері үшін уақыт пен мүмкіншілік өте аз қалатынын» кадеттер біледі («Речьті» қараңыз).

Түсінікті сияқты.

Советтердің революциялық өзгерістер енгізе отырып, декреттер мен указдар арқылы осы өзгерістерді қығайтуға Уақытша үкіметті мәжбүр ете отырып, жаңа өмір туғызып келген кездері болды.

Март — апрель айларында осылай еді.

Ол кезде Уақытша үкімет, Советтердің революциялық шараларын өзінің революцияға жат уранымен бүркесе де, Советтердің жетегінде жүретін.

Қазір уақыт өзгерді: Уақытша үкімет теріс бағып кетті де, контрреволюциялық «өзгерістер» енгізді, ал Советтер өздерінің сылдыр қарарларында осы «өзгерістерді» үнсіз қостауға «мәжбүр» болып отыр.

Қазір Орталық атқару комитеті, барлық Советтердің осы өкілі, Уақытша үкіметтің контрреволюциялық

бейнесін революциялык желсөзбен бүркей отырып, сол Уақытша үкіметтің жетегінде жүр.

Рольдердің өзгергендігі, өзгергенде Советтердің пайдасына өзгермегендігі айқын.

Я, кадеттердің «қанағаттанатын» реті бар.

Бұл жағдай ұзаққа бара ма, жоқ па, оны біз жақын арада көреміз.

„Рабочий и Солдат" № 3,
26 июль, 1917 ж.
Басмақала

ҚҰРЫЛТАЙ ЖЫЙНАЛЫСЫН САЙЛАУ ЖӨНІНДЕ[49]

Құрылтай жыйналысын сайлау науқаны басталды. Партиялар өз күштерін жұмылдыруға кірісті. Кадеттердің болашақ кандидаттары, табысқа жету мүмкіншілігін тексеріп, қәзірде Россияны аралап жүр. Соц.-революционерлер сайлауды «ұйымдастыру» мақсатымен Петроградта шаруалардың губерниялық өкілдерінің кеңесін өткізді. Халықшылдардың басқа бір тобы нақ сол мақсатпен Москвада Бүкілроссиялық шаруа одағының[50] съезін өткізбек. Сонымен қатар, бір есептен, деревняда сайлауды ойдағыдай жүргізу мақсатымен, партиядан тыс өз бетімен құрылған «шаруа депутаттарының гарнизондық Советтері» де пайда болуда. Нақ сол мақсатпен, жұмысшылардың көптеген жерлестіктері құрылды, олар деревняны әдебиетпен жабдықтап, адамдарын жіберуде. Ақырында, жеке заводтар сайлау үгітін жүргізу үшін деревняға арнаулы өкілдер жіберуде. Біз жеке-дара «делегаттардың», көбінесе, Россияны аралап, шаруаларға «қаладағы жаңалықтарды» жеткізіп жүрген солдаттар мен матростардың есепсіз көп екендігін айтпасақ та болады.

Анығында, қәзіргі кезеңнің маңызы күшті екенін,

Құрылтай жыйналысының шешуші маңызы бар екенін халықтың ең қалың топтары ұғынып отыр. Оның бержағында, халықтың көпшілігі тұратын деревняның ролі шешуші роль екенін, сондықтан барлық басы артық күшті деревняға жұмсау керек екенін жұрттың бәрі біліп отыр. Біздің партияның деревнядағы негізгі тірегі — ауылшаруашылық жұмысшыларының бытыраңқылығын және шашаулығын қоса алғанда, осының бәрі деревнядағы біздің міндеттерімізді едәуір қыйындатады. Қала халқының барлық топтарының ішіндегі ең ұйымшылы қала жұмысшылары, ал бұларға қарағанда — село жұмысшылары ең бір ұйымдаспаған бұқара болып табылады. Шаруа депутаттарының Советтері ұйымдастырып отырғандар, көбінесе, шаруалардың орташа және ауқатты топтары, бұлар «либерал помещикпен және либерал капиталиспен» келісім жасауға ежелден бейім келеді. Деревнядағы пролетарлық және жартылай пролетарлық элементтерді сондарына ертіп жүргендер де, трудовиктер мен соц.-революционерлердің келісімпаз партияларының ықпалына оларды бағындырып отырғандар да нақ осылар. Деревнядағы ауылшаруашылық капитализмі мен тап күресінің жеткіліксіз дамуы осы сияқты келісімпаз саясатқа қолайлы жағдай туғызады.

Біздің партияның кезектегі міндеті — шаруалардың ең кедей топтарын трудовиктер мен соц.-революционерлердің ықпалынан құтқарып, оларды қала жұмысшыларымен бауырлас бір семья етіп топтастыру.

Келісім саясатының жарамсыздығын қадам басқан сайын әшкерелей отырып, өмірдің өзі осы бағытта дамып келеді. Партия қызметкерлерінің міндеті — мұндай саясаттың мейлінше қатерлі екендігін әшкерелеу

үшін, сөйтіп шаруалардың ең кедей топтарын қала пролетариатының төңрегіне топтастыру ісін жеңілдету үшін Құрылтай жыйналысының сайлауына барынша белсене қатысу.

Бұл үшін кәзірден бастап деревняларда біздің партияның ұйтқысын жасау керек, оларды қалалардағы партия комитеттерімен тығыз байланыстыру керек. Әрбір болыста, әрбір уезде, әрбір сайлау округінде ең кедей еркек-әйел шаруалардан біздің партия топтары ұйымдастырылуға тиісті. Бұл топтар губернияның өнеркәсіп орталықтарындағы біздің комитеттермен байланысты болуға тиісті. Комитеттердің міндеті — сол топтарды сайлауға қажетті материалдармен, әдебиеттермен, адамдармен қамгамасыз етіп отыру.

Тек осындай жолмен ғана науқанның барысында қала мен деревня пролетарларын шындап біріктіруге болады.

Біз капиталистермен және помещиктермен келісім жасауға қарсымыз, өйткені мұндай келісімнің жұмысшылар мен шаруалардың мүдделеріне нұқсан келтіретінін біз білеміз.

Бірақ бұдан: біз келісім атаулының бәріне де қарсымыз деген ұғым тумайды.

Біз ең кедей шаруалардың партияда жоқ топтарымен келісім жасауды жақтаймыз, өйткені оларды помещик пен капиталиске қарсы революциялық күрестің жолына түсуге өмірдің өзі итермелейді.

Біз солдаттар мен матростардың бипартиялық ұйымдарымен келісім жасауды жақтаймыз, өйткені олар байларға емес, кедейлерге сенеді, буржуазияның үкіметіне емес, халыққа сенеді, ең алдымен жұмысшы табына сенеді. Біздің партияға қосыла алмайды неме-

се қосылғысы келмейді деген сылтаумен мұндай топтар мен ұйымдарды шетке қағудың өзі — жөнсіз және зиянды әрекет болар еді.

Сондықтан осындай топтармен, осындай ұйымдармен ынтымақтаса білу керек, жалпы революциялық платформа жасау керек, солармен біріге отырып барлық сайлау округтері бойынша кандидаттардың тізімдерін жасау керек, ол тізімдерге «профессорлар» мен «ғалымдарды» емес, халықтың талаптарын жан-тәнімен қорғауға дайын шаруаларды, солдаттар мен матростарды кіргізу керек, — деревнядағы біздің сайлау науқанымыз міне осы бағытта өткізілуге тиіс.

Тек осылай еткенде ғана деревняның еңбекші халқының қалың топтарын біздің революция көсемінің төңрегіне, пролетариаттың төңрегіне ұйымдастыруға болады.

Партияда жоқ мұндай топтар ұзақ іздемей-ақ табылады, өйткені бұлар барлық жерлерде, күн сайын шығып жатыр. Помещик жерлерін шаруа Комитеттерінің билеуіне бөгет жасаушы Уақытша үкіметке сенбеушілігі күшейгендіктен бұл топтар бұдан былайда шыға бермек. Уақытша үкіметке құйыршық болып жүрген, шаруа депутаттарының Бүкілроссиялық атқару комитетінің саясатына наразы болғандығынан бұл топтар өсіп отыр, өсе береді де. Бұған Петроградтағы бүкіл гарнизонды біріктіретін және жұмысқа кіріскен күнінен бастап-ақ Уақытша үкіметпен, шаруа депутаттарының Бүкілроссиялық атқару комитетімен қақтығысып қалған, таяуда ұйымдасқан «Петроградтың шаруа депутаттарының Советі»[51] мысал бола алады.

Шаруалар мен солдаттардың партияда жоқ осын-

дай ұйымдарымен келісім жасау үшін негіз боларлық үлгі платформа мынау.

1. Біз помещиктерге, капиталистерге, олардың «халық бостандығы партиясына» карсымыз, өйткені орыс халкының басты жаулары осылар, тек осылар ғана. Бұларға және олардың үкіметіне ешбір сенім болмасын, ешбір көмек көрсетілмесін!

2. Біз социализм үшін жан-тәнімен күресуші жұмысшы табына сенім көрсетіп, куаттауды жактаймыз, біз помещиктер мен капиталистерге карсы шаруалардың, солдаттардың және матростардың жұмысшылармен одактасуын, келісім жасауын жактаймыз.

3. Біз соғыска карсымыз, өйткені ол — баскыншылык соғыс. Ағылшын-француз капиталистерімен патшаның құпия жасаған шарттары бойынша соғыс жүргізіліп жаткан кезде, аннексиясыз бітім туралы әңгіме құрғак сөз күйінде кала бермек.

4. Біз халыктардың өздерінің империалистік үкіметтеріне карсы батыл күрес жүргізулері аркылы соғысты неғұрлым тез токтатуды жактаймыз.

5. Біз өнеркәсіптегі, капиталистер шиеленістіріп отырған анархияға карсымыз. Біз өнеркәсіпте жұмысшы бакылауының болуын жактаймыз, біз жұмысшылардың өздерін және жумысшылар таныған өкіметті катыстыра отырып, өнеркәсіпті демократиялык жолмен ұйымдастыруды жактаймыз.

6. Біз кала мен деревня арасында өнім айырбасын дұрыс ұйымдастыруды жактаймыз, сөйтіп каланы жеткілікті мөлшерде азык-түлікпен, ал деревняны кантпен, керосинмен, аяк киімдерімен, кездемемен, темір бұйымдарымен және баска кажетті товарлармен жабдыктау керек дейміз.

7. Біз — удельдік, казналық, кабинеттік, помещиктік, монастырлік-шіркеулік жерлердің бәрі де бүкіл халықтың қолына тегін көшсін дейміз.

8. Біз помещиктердің басы артық жерлерінің, егістік және жайылым жерлерінің бәрі де демократия жолымен сайланған шаруа Комитеттерінің қарамағына дереу көшсін дейміз.

9. Біз помещиктердің қолдарындағы және складтардағы басы артық ауылшаруашылық көлік-саймандардың бәрі де егістік және шабындық жерлерді өңдеу үшін, егін орағы және басқалары үшін дереу шаруа Комитеттерінің қарамағына берілсін дейміз.

10. Біз соғыста еңбекке жарамдылығынан айрылған барлық мүгедектерге, сонымен бірге жесірлер мен жетімдерге адамша өмір сүрерліктей мөлшерде қаражат беріліп отырсын дейміз.

11. Біз тұрақты армиясы жоқ, бюрократиясы жоқ, полициясы жоқ халық республикасы болсын дейміз.

12. Тұрақты армияның орнына біз бастықтары сайланып қойылатын бүкілхалықтық ополчение болсын дейміз.

13. Жауапсыз чиновник-бюрократтардың орнына біз сайланып қойылатын және ауыстырылып отыратын қызметкерлердің болуын талап етеміз.

14. Халыққа қамқорсынған полицияның орнына біз сайланып қойылатын және ауыстырылып отыратын милицияның болуын талап етеміз.

15. Біз солдаттар мен матростарға қарсы бағытталған «бұйрықтардың» жойылуын жақтаймыз.

16. Біз полктердің таратылуына және солдаттарды бір-біріне өшіктіруге қарсымыз.

17. Біз жұмысшы және солдат баспасөзін қуғын-

дауға қарсымыз; біз тылда болсын, майданда болсын сөз бостандығы мен жыйналыс бостандығына қысым жасауға қарсымыз; біз сотсыз, тергеусіз қамауға қарсымыз, жұмысшыларды қарусыздандыруға қарсымыз.

18. Біз өлім жазасын қайта қолдануға қарсымыз.

19. Біз Россияның барлық халықтарына еркін өмір сүруге право берілсін, бұл халықтар езілмесін дейміз.

20. Ақырында, біз елдегі бүкіл өкімет жұмысшылар мен шаруалардың революцияшыл Советтерінің қолына берілсін дейміз, өйткені соғыстың, бүліншіліктің, қымбатшылықтың салдарынан және халық мұқтажының есебіне пайдаға кенелуші капиталистер мен помещиктердің содырынан тұйыққа тірелген елді сол тұйықтан шығару тек осындай өкіметтің ғана қолынан келеді.

Шаруалар мен солдаттардың партияда жоқ революцияшыл топтарымен біздің партия ұйымдарының келісім жасауына жағдай тудырарлық платформа, жалпы алғанда, міне осындай.

Жолдастар! Сайлау уақыты жақындап келеді. Кешікпей іске кірісіңіздер де, сайлау науқанын ұйымдастырыңыздар.

Жұмысшылар мен жұмысшы әйелдерден, солдаттар мен матростардан көшпелі үгітшілер топтарын ұйымдастырып, платформа туралы қысқаша лекциялар өткізіңіздер.

Бұл топтарды әдебиетпен жабдықтап, оларды Россияның барлық түкпірлеріне жіберіңіздер.

Олардың үні деревняны алдағы Құрылтай жыйналысының сайлауына оятатын болсын.

Болыстар мен уездерде партия топтарын ұйымдастырып, олардың төңрегіне кедей шаруалардың қалың топтарын біріктіріңіздер.

Революциялық-партиялық байланысты нығайту үшін, Құрылтай жыйналысына кандидаттар белгілеу үшін болыстар, уездер, губерниялар бойынша кеңестер өткізіңіздер.

Құрылтай жыйналысының маңызы зор. Бірақ Құрылтай жыйналысынан тыс қалғалы тұрған бұқараның маңызы да өлшеусіз артық. Күш Құрылтай жыйналысының өзінде емес, күш күрес арқылы жаңа революциялық право жасап, Құрылтай жыйналысын алға бастыратын жұмысшылар мен шаруаларда.

Біліп алыңыздар, революцияшыл бұқара неғұрлым ұйымшыл болса, Құрылтай жыйналысы олардың үніне соғұрлым ұқыпты түрде құлақ асады, орыс революциясының тағдыры соғұрлым қамсыз етіледі.

Сондықтан сайлаудағы басты міндет — шаруалардың қалың бұқарасын біздің партияның төңрегіне ұйымдастыру.

Іске кірісіңіздер, жолдастар!

„Рабочий и Солдат" № 4,
27 июль, 1917 ж.
Қол қойған: К. Сталин

РСДЖП (БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ) VI СЪЕЗІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

26 июль — 3 август, 1917 ж. [53]

1. ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ЕСЕПТІ БАЯНДАМАСЫ

27 июль

Жолдастар!

Орталық Комитеттің есепті баяндамасы Орталық Комитеттің екі жарым ай ішіндегі жұмысын — май, июнь айларын, июль айының алғашқы жартысын қамтиды.

Орталық Комитеттің май айындағы жұмысы үш бағытта жүргізілді.

Біріншіден, жұмысшы және солдат депутаттарының Советтерін қайта сайлау жөнінде ұрандар ұсынылды. Орталық Комитет осылай еткенде бізде революцияның бейбіт жолмен дамып отырғандығын, жұмысшы және солдат депутаттарының Советтерін қайта сайлау жолымен Советтердің құрамын, демек үкіметтің құрамын да, өзгертуге болатындығын ескерді. Дұшпандар бізге өкіметті басып алмақшы деп айып тақты. Бұл — жала. Бізде ондай ниеттер болған жоқ. Біз: Советтерді қайта сайлау жолымен қалың бұқаралардың тілектеріне сәйкес Советтердің жұмыс сыйпатын өзгерту үшін бізде мүмкіндік туып отыр дегенді айттық. Жұмысшы және солдат депутаттарының Советтерінде бір дауыс артық алсақ болғаны, сонда өкі-

меттің басқаша жолмен жүруге тиісті екендігі бізге айқын еді. Сондықтан май айындағы бүкіл жұмыс қайта сайлау ұранымен жүргізілді. Сайып келгенде біз Советтің жұмысшы фракциясындағы орындардың жартысына жуығын, солдат фракциясындағы орындардың $^1/_4$ іне жуығын меңгеріп алдық.

Екіншіден — соғысқа қарсы үгіт жүргізу. Біз Фр. Адлердің[53] өлім жазасына кесілгенін пайдаланып, өлім жазасына қарсы және соғысқа қарсы наразылық білдіре бірқатар митингілер ұйымдастырдық. Солдаттар бұл науқанды жақсы қабыл алды.

Орталық Комитет жұмысының үшінші жағы — май айындағы муниципалдық сайлау. Контрреволюцияның негізгі күші болған кадеттерге де қарсы, өз ықтыярымен немесе өз ықтыярынсыз кадеттердің соңынан іле-сіп отырған меньшевиктер мен эсерлерге де қарсы ұрыс жүргізу үшін Орталық Комитет Петроград Комитетімен бірлесіп бар күшін жұмсады. Петроградтағы 800 000 дауыс берушілерден барлық дауыстардың 20% ке жуығын біз алдық, оның бержағында Выборг аудандық думасын түгелінен өзімізге қараттық. Солдат жолдастар мен матрос жолдастар партияға айрықша зор еңбек сіңірді.

Сонымен, май айы: 1) муниципалдық сайлау ұранымен, 2) соғысқа қарсы үгіт жүргізу ұранымен және 3) жұмысшы және солдат депутаттарының Советін қайта сайлау ұранымен өтті.

Июнь айы. Майданда шабуыл жасауға әзірлік туралы лақаптар солдаттарға жайсыз тиді. Солдаттардың праволарын жоққа шығаратын бірсыпыра бұйрықтар берілді. Осының бәрі бұқараны серпілтті. Әрбір лақап бүкіл Питерге лезде тарап, жұмысшылар-

ды, әсіресе солдаттарды қатты толқытып отырды. Шабуыл туралы лақаптар; солдаттың праволарын декларациялайтын Керенскийдің бұйрықтары; өкімет орындарының сөзімен айтқанда, Петроградты «керексіз» элементтерден арылту, арылтқанда Петроградты революцияшыл элементтерден босатқылары келетіндігі айқын болды; барған сайын айқындала түскен бүлікшілік, — осының бәрі жұмысшылар мен солдаттарға жайсыз тиді. Заводтарда жыйналыстар өткізіліп жатты, әралуан полктер мен заводтар аттаныс ұйымдастыру керек деп бізге дүркін-дүркін ұсыныс жасап отырды. 5 июньде аттаныс-демонстрация жасау ұйғарылған еді. Бірақ Орталық Комитет: әзірінше аттаныс жасалмасын, ал 7-сінде аудандардың, фабрикалардың, заводтардың және полктердің өкілдерінің жыйналысы шақырылсын, сөйтіп аттаныс мәселесі сол жыйналыста шешілсін деп қаулы етті. Осындай жыйналыс шақырылды да, — оған 200 ге жуық адам қатысты. Әсіресе солдаттардың толқып жүргені анықталды. Көпшілік дауыс аттаныс жасау керек деп шешті. Егер нақ сол кезде ашылған Советтер съезі аттаныска қарсы болса, онда не істеу керек деген мәселе қойылды. Сөйлеген жолдастардың орасан көпшілігі: ешқандай күш аттанысқа бөгет бола алмайды деген пікір айтты. Осыдан кейін Орталық Комитет бейбіт демонстрацияны ұйымдастыру ісін өз міндетіне алуға ұйғарды. Солдаттардың: — қару алып шығуға болмас па екен деген сұрауына Орталық Комитет: қарумен шықпау керек деп қаулы етті. Алайда солдаттар: қарусыз шығу мүмкін емес, өйткені қарудың өзі — буржуазияшыл жұрттың тарапынан жасалатын бұзақылықтарға қарсы қолданылатын бірден-бір дұрыс қор-

ганыш, біз кару алганда тек кана өзімізді корғау үшін аламыз дегенді айтты.

9 июньде Орталык Комитет, Петроград Комитеті және Әскери ұйым біріккен мәжіліс шакырады. Орталык Комитет: Советтер съезі және барлык «социалистік» партиялар біздің демонстрациямызға карсы болып отыр, сондыктан аттанысты кейінге калдырған дұрыс емес пе деп мәселе кояды. Жұрттың бәрі карсы жауап береді.

9 июньде түнгі сағат 12 де Советтер съезі үндеу шығарады, осы үндеуінде съезд өзінің бар беделін бізге карсы жұмсайды. Орталык Комитет каулы етеді — Советтер съезінің өзі демонстрацияны 18 июньге белгілеп отыр, сол демонстрацияда бұкара өз тілегін білдіре алады, сондыктан демонстрация 10 июньде жасалмасын, 18 июньге калдырылсын дейді. Жұмысшылар мен солдаттар Орталык Комитеттің осы каулысын іштен тынып карсы алады, бірак оны орындайды. Айта кетерлік бір нәрсе, жолдастар, сол күні, 10 июньде, танертен, Советтер съезінен келген бірсыпыра шешендер «демонстрация жасау әрекетін жою» үшін заводтарда сөз сөйлеп жаткан кезде, жұмысшылардың арасынан көпшілігі тек біздің партияның ғана шешендерін тындауға ризалык білдірді. Орталык Комитет жұмысшылар мен солдаттарды тыныштандыра білді. Осы аркылы біз өзіміздің ұйымшылдығымызды көрсеттік.

Советтер съезі, демонстрацияны 18 июньге тағайындай отырып, сонымен бірге: демонстрация ұрандау бостандығының туы астында өтеді деп жариялады. Съездің біздің партияға карсы күреске шыкпак болғаны айкын еді. Бұдан біз де тайынбай, алдағы демонстрацияға өз күштерімізді әзірлей бастадык.

18 июньдегі демонстрацияның қалай өткендігі жолдастарға мәлім. Тіпті буржуазиялық газеттер де: демонстранттардың орасан көпшілігі большевиктер ұсынған ұрандарды қуаттады дегенді айтты. Негізгі ұран — «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!». Демонстрация жасағандар ең кемінде 400 000. Тек кішкене үш топ — Бунд, казактар мен плехановшылдар: «Уақытша үкіметке сенім білдірілсін!» деген ұранды көтеріп талаптанған еді, бірақ онысына өздері опық жеді, өйткені жұрт олардың туларын жыйнаттырып тастады. Біздің партияның күші мен ықпалы орасан зор екенін Советтер съезі өз көзімен көріп білді. Жұрттың бәрі: 18 июньдегі демонстрация, 21 апрельдегі демонстрацияға қарағанда анағұрлым айбарлы демонстрация болғандықтан, тегін кетпес деген пікірге келіп еді. Шынында да бұл демонстрация тегін кетпеуге тиісті еді. «Речь» газеті: істің түріне қарағанда, үкіметтің құрамында елеулі өзгерістер болады, өйткені бұқара Советтердің саясатын ұнатпай отыр деп жазды. Бірақ дәл сол күні майданда біздің әскерлердің шабуылы басталды, шабуыл сәтті болды, осыған байланысты Нева проспектінде «қаралардың» манифестациялары басталды. Бұл жағдай большевиктердің демонстрациядағы моральдік жеңісін жоққа шығарды. «Речь» газеті де, эсерлер мен меньшевиктердің билеуші партияларының ресми өкілдері де сөз қылған, практика жүзінде күтерлік нәтижелер де болмай қалды.

Уақытша үкімет өкімет басында қалды. Шабуылдың ойдағыдай болу фактысы, Уақытша үкіметтің шінара табыстары, Петроградтан әскерлерді алып шығу туралы бірсыпыра жобалар солдаттарға тиісінше әсер етті. Осы фактыларды көріп, енжар империализм-

нің белсенді империализмге айнала бастағанына солдаттардың көздері жетті. Олар жаңа құрбандықтар шалынатын кезеңнің басталғанын ұқты.

Белсенді империализмнің саясатына майдан өзінше мән берді. Бірсыпыра полктер, тыйым салуға қарамастан, шабуыл жасау керек пе, жоқ па дегенді дауысқа салды. Жоғарғы командование, Россияның жаңа жағдайларында және соғыстың мақсаттары түсініксіз болып отырған кезде, бұқараны шабуылға көзсіз айдап салу мүмкін емес екендігін ұғынбады. Дәл біздің айтқанымыз келді: шабуыл сәтсіздікке ұшырайтын шабуыл болып шықты.

Июньнің аяқ кезі мен июльдің бас кезі шабуыл саясатының ұранымен өтеді. Майданда өлім жазасының қайта қолданылуы туралы, бірсыпыра полктердің таратылуы туралы, ұрып-соғу әрекеті туралы лақаптар тарайды. Майданнан делегаттар келіп, олардың арасында қамауға алу, ұрып-соғу әрекеттері өріс алғанын баяндайды. Гренадерлік және пулемет полктерінен де осындай хабарлар келеді. Осының бәрі Питердегі жұмысшылар мен солдаттардың қайтадан аттанысқа шығуына себепкер болды.

Мен 3—5 июльде болған оқыйғаларға көшейін. Бұл іс 3 июль күні, түс қайта сағат 3 те, Петербург комитетінің үйінде басталды.

3 июль. Күндізгі сағат 3. Партиямыздың жалпықалалық Петроград конференциясы мәжіліс жасайды. Муниципалдық сайлау туралы ең бір сыпайы мәселе талқыланады. Гарнизондағы полктердің бірінен екі өкіл келіп, өздерінің «бүгін кешке аттанысқа шығуға ұйғарғаны» туралы, «майданда полктен соң полктің таратылып жатқанына бұдан әрі төзіп отыра алмай-

тындығы» туралы, «кәзірдің өзінде заводтар мен полктерге делегаттар жіберіп», аттаныска косылуға ұсыныс еткендігі туралы кезектен тыс мәлімдеме жасайды. Осы ұсыныска жауап ретінде конференция президиумының өкілі Володарский жолдас: «партияның аттаныска шықпау керек деген қарары бар, сондықтан осы полктегі партия мүшелері партияның қаулысын бұза алмайды» дегенді айтады.

Күндізгі сағат 4. Партияның Петербург комитеті, Әскери ұйымы және Орталық Комитеті, мәселені талқылай келіп, аттаныска шықпау керек деп қаулы етеді. Бұл қаулы конференцияда қабыл алынып, конференция мүшелері жолдастарды аттаныска шықпауға көндіру үшін заводтар мен полктерге жөнеледі.

Күндізгі сағат 5. Таврич сарайы. Советтердің Орталық атқару комитеті Бюросының мәжілісі. Сталин жолдас партияның Орталық Комитетінің тапсыруы бойынша Орталық атқару комитетінің Бюросында оқыйғаны түгел баяндап өтеді, онсоң большевиктердің аттаныска шықпау керек деген қарарын білдіреді.

Кешкі сағат 7. Петербург комитетінің үйінің алдында. Бірнеше полк ту көтеріп өтеді. Ураны: «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!». Петербург комитетінің үйінің алдына тоқтап, жұрт біздің ұйымның мүшелерінен «бірдеңе айтыңыздар» деп өтінеді. Шешендер, большевиктер Лашевич пен Кураев, өз сөздерінде кәзіргі саяси жағдайды сыйпаттай келіп, аттаныстан бастартуға шақырады. Жұрт оларды «аулақ!» деген айқайлармен карсы алады. Сонда біздің ұйымның мүшелері: делегация сайлауды, өздерінің тілектерін Советтердің Орталық атқару комитетіне білдіруді, онан соң полк-полкке тарауды ұсынады. Бұған жауап ретінде

жер күңіренткен «ура!» деген айқай естіледі. Музыка «Марсельеза» күйін ойнайды... Сол кезде кадеттердің үкіметтен кеткендігі туралы хабар бүкіл Петроградқа лезде тарап, жұмысшыларды елеуретеді. Солдаттардың ізінше жұмысшылардың колонналары келеді. Бұлардың ұрандары да солдаттардың ұрандарындай. Жұмысшылармен қатар, солдаттар да Таврич сарайына бет алады.

Кешкі сағат 9. Петербург комитетінің үйі. Заводтардан келген лек-лек делегаттар. Бәрі де біздің партияның ұйымдарына: осы іске қатысыңдар, демонстрацияға басшылық ету жұмысын өз қолдарына алыңдар деп ұсыныс етеді. Әйтпесе «қан төгіс болады». Заводтар мен фабрикалардан делегациялар сайлау қажет, бұлар Советтердің Орталық атқару комитетіне демонстранттардың тілегін білдіретін болсын, ал бұқара, делегациялардың баяндамаларын тыңдағаннан кейін, тып-тыныш тарап кетсін деген дауыстар естіледі.

Түнгі сағат 10. Таврич сарайы. Жұмысшы және солдат депутаттарының Петроградтық Советінің жұмысшы секциясының мәжілісі. Аттаныстың басталғандығы туралы жұмысшылардың баяндамаларына сәйкес секцияның көпшілігі — бұзақылықтарды болдырмау үшін, демонстрацияға қатысу керек, сөйтіп оны бейбіт түрде, ұйымдасқан қалыпта өткізу керек — деп қарар шығарады. Бұл қарарға қосылмаған азшылық жағы мәжіліс залынан кетіп қалады. Көпшілік жағы жаңа ғана қабылданған қарарды орындау үшін Бюро сайлайды.

Түнгі сағат 11. Партиямыздың Орталық Комитеті мен Петроградтық комитетінің явкасы Таврич сарайына көшіріледі; сол жерге кештен бастап демонс-

транттар ағылып келіп жатады. Аудандардан үгітші-лер мен завод өкілдері келеді. Партиямыздың Орталық Комитетінің, Петроград комитетінің, Әскери ұйымының, Ауданаралық комитеттің, Петроград Советінің жұмысшы секциясы Бюросының өкілдерінің жиналысы. Аудандар жөніндегі баяндамалардан мынадай жағдай анықталады:

1) жұмысшылар мен солдаттарды ертеңгі демонстрациядан тоқтату мүмкін емес;

2) демонстранттар тек қана өздерін қорғау үшін қару алып шығады, сөйтіп, Нева проспектісінен арандату мақсатымен оқ атушылардан өздерін шын қауіпсіз ететін болады: «қарулы жұртқа оқ ату онша оңай емес».

Жиналыс қарар етеді: революцияшыл жұмысшылар мен солдаттар бұқарасы «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деген ұранмен демонстрация жасап отырған кезде, пролетариат партиясы қол қусырып, қозғалыстан шеттеп шығуға тиісті емес, ол бұқараны есіз тастап кете алмайды, партия бұқарамен бірге болуға тиіс, сөйтіп стихиялы қозғалысқа саналы және ұйымдасқан сыйпат беруі керек. Жиналыс полктер мен заводтардан делегаттар сайлау жөнінде, солар арқылы Советтердің Атқару комитетіне өз тілектерін білдіру жөнінде жұмысшылар мен солдаттарға ұсыныс жасалсын деп қарар етеді. Осы қарарға сәйкес «бейбіт және ұйымдасқан түрдегі демонстрацияға» шақырған үндеу жазылады[54].

Түнгі сағат 12. 30 мыңнан астам путиловшылар Таврич сарайының қасына келеді. Тулар. Ұран: «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!». Делегаттар сайланады. Делегаттар путиловшылардың талабы туралы Атқару

комитетіне баяндайды. Таврич сарайының қасында тұрған солдаттар мен жұмысшылар тарай бастайды.

4 июль. Күндіз. Жұмысшылар мен солдаттардың салтанатты жыйыны. Тулар: урандары большевиктік урандар. Жыйын Таврич сарайына қарай жүрсді. Жыйынның соңғы жағында Кронштадтың мыңдаған матростары. Демонстранттар саны, буржуазиялық газеттердің («Биржёвка») анықтамасы бойынша, 400 мыңнан кем емес. Көшелер бойы шаттанған жұрт. Тоғышарлар демонстранттарды «ура!» деген көңілді айқаймен қарсы алады. Түс қайта бұзақылықтар басталады. Буржуазиялық кварталдардың қаскүнем күштері провокациялық қылмысты ниетпен жұртқа оқ атып жұмысшылардың аттанысына кірбің келтіреді. Тіпті «Биржевые Ведомости» газетінің өзі де оқ атушылық демонстрация дұшпандарының тарапынан басталғанын бекер дей алмайды. «Дәл күндізгі сағат екіде, — деп жазады «Биржёвка» (4 июльдегі кешкі номері),— Садовая көшесі мен Нева проспектісінің бұрышында, қарулы демонстранттар өтіп бара жатқан кезде, ал жыйналған бірталай жұрт оларға жайбарақат қарап тұрған кезде, Садованың оң жағынан құлақ тұндырған атыс естілді, соның артынша жиі-жиі оқ атыла бастады».

Оқ ата бастаған демонстранттар емес, «белгісіз адамдар» екендігі, қайта, демонстранттарға оқ атылғандығы айқын.

Сонымен қатар қаланың буржуазиялық бөлегіндегі әртүрлі жерлерден оқ атыла берді. Сөйтіп, провокаторлар тек жатпады. Сонда да демонстранттар қажетті түрде өздерін өздері қорғаудың шегінен шықпады. Заговор немесе көтеріліс болды деудің ешбір қыйсыны

жоқ. Үкіметтік немесе қоғамдық мекемелерді басып алушылықты көрсететін бірде-бір оқиға байқалған жоқ, бірде-бір мұндай басып алу әрекеті болған жоқ, ал осыны қалаған күнде, қыруар қарулы күштері бар демонстранттар, жеке мекемелер былай тұрсын, бүкіл қаланы да басып алуға жарар еді...

Кешкі сағат 8. Таврич сарайы: Орталық Комитеттің, Ауданаралықтың және партиямыздың басқа да ұйымдарының жыйналыстары. Алынған қарар: революцияшыл жұмысшылар мен солдаттардың тілегі көрсетілгеннен кейінгі жерде аттаныс тоқтатылуға тиіс. Осы қарардың негізінде үндеу жазылады: «Демонстрация аяқталды... Біздің серт: табандылық, ұстамдылық, сабырлылық» («Правда Листогіндегі»[55] үндеуді қараңыз). «Правдаға» берілген бұл үндеу 5 июльде шыға алған жоқ, өйткені сол түні (4-нен 5-іне қараған түні) юнкерлер мен контрразведчиктер «Правданы» талқандап кеткен болатын.

Түнгі сағат 10—11. Таврич сарайы. Советтердің Орталық атқару комитетінің мәжілісі. Өкімет туралы мәселе талқыланады. Кадеттер үкіметтен кеткеннен кейін эсерлер мен меньшевиктердің халі өте-мөте мүшкілге айналады: оларға буржуазиямен одақтасу «керек», бірақ одақтасуға мүмкіндік жоқ, өйткені буржуазияның олармен ендігәрі келіскісі келмейді. Кадеттермен одақтасу идеясы сәтсіздікке ұшырайды. Сондықтан өкіметті Советтердің алуы туралы мәселе тікесінен қойылады.

Герман әскерлерінің біздің майданды бұзып өткендігі туралы лақаптар, әлі анықталмаған лақаптар болса да, дүрбелең тудырады.

Ертең баспасөзде Ленин жолдасқа пасықтықпен жала жабатын хабар басылады деген лақаптар.

Советтердің Орталық атқару комитеті Таврич сарайына волыншыларды (солдаттарды) шақыртып алады, ондағы мақсаты — сарайды қорғамақ, — кімнен? Бақсақ, большевиктерден қорғамақ екен; өйткені олар сарайға келгенде Атқару комитетін «қамау» үшін және «өкіметті басып алу» үшін келіпті-мыс. Советтерді күшейту жолында, елдегі бүкіл өкіметті Советтерге әперу жолында күресіп келген большевиктер туралы осыны айтып отыр!..

Түнгі сағат 2—3. Советтердің Орталық атқару комитеті өкіметті алмайды. Ол: жаңа үкімет құрастыруды, үкіметке тым болмаса бірен-саран буржуаларды енгізуді «социалист» министрлерге тапсырады. «Анархиямен күресу» үшін министрлерге айрықша өкілдіктер беріледі. Әңгіме айқын: Орталық атқару комитеті, буржуазиядан біржолата қол үзу қажеттігіне ұшыраған соң, осылай болуынан қатты қорықты, — өйткені осы күнге дейін оның күш алып отыратын тірегі буржуазиямен белгілібір «комбинациялар» жасасу болушы еді, сөйтіп, оның өзі жұмысшылар мен большевиктерден біржолата қол үзуге барды, ондағы ойы — буржуазиямен бірігіп алып, өзінің қаруын революцияшыл жұмысшылар мен солдаттарға қарсы жұмсау еді. Осылайша революцияға қарсы жорық жасалады. Эсерлер мен меньшевиктер революцияға оқталып, контрреволюцияның айызын қандырады...

5 июль. Газеттерде (атап айтқанда «Живое Слово»[56] газетінде) Ленин жолдасқа пасықтықпен жала жапқан хабар басылады. «Правда» жарыққа шыққан жоқ, өйткені июльдің 4-нен 5-не қараған түні оны тал-

қандаң кеткен. Кадеттермен одақ жасасуды іздеген «социалистік» министрлердің диктатурасы орнайды. Өкіметті алғысы келмеген меньшевиктер мен эсерлер бұл жолы өкіметті қолға алады (азғана уақытқа), ондағы мақсаты — большевиктерді мұқату... Көшелерде майданнан келтірілген әскер бөлімдері. Юнкерлер мен контрреволюцияшыл бандалар қыйратуда, тінтуде, озбырлық істеуде. Алексинскийдің — Панкратовтың — Переверзевтің Ленинге және большевиктерге жапқан жаласын контрреволюция мейлінше пайдаланады. Контрреволюция сағат санап өседі. Диктатураның орталығы — соғыс штабы. Контрразведканың, юнкерлердің, казактардың жүгенсіздігі. Қамау, ұрып-соғу. Советтердің Орталық атқару комитетінің большевиктік жұмысшылар мен солдаттарға қарсы жасаған жорығы контрреволюцияның күштерін еркінсітеді...

Алексинскийдің және оның серіктерінің жаласына жауап ретінде біздің партияның Орталық Комитетінің — «жалақорлар сотқа тартылсын!»[57] деген листогі шығады. Ереуіл мен демонстрацияның тоқтатылуы туралы Орталық Комитеттің жеке үндеуі («Праваданың» талқандалуы себепті оған басылмай қалған үндеуі) шығады. Басқа «социалистік» партиялардың қандайда болсын үндеулерінің жоқтығы қайран қалдырады. Большевиктер жалғыз. Большевиктердің оң жағындағы элементтердің бәрі де — Суворин мен Милюковтан бастап Дан мен Черновқа дейін — большевиктерге қарсы үнсіз бірігеді.

6 июль. Көпірлер бузылған. Жуасытқыш Мазуренконың құрама отряді. Көшелерде көнбейтіндерді жуасытушы әскерлер. Іс жүзінде қысылшаң жағдай. «Күдіктілер» қамауға алынып, штабқа әкетіледі. Жұмыс-

шыларды, солдаттарды, матростарды қарусыздандыру ісі жүргізіледі. Петроград әскерилердің билеп-төстеуіне берілген. «Дәулеттілер өкіметі» «ұрыс» дейтін нәрсені тудыруға қаншама тырбанса да, жұмысшылар мен солдаттар провокацияға елікпейді, «ұрысқа шығудан» тартынады. Петропавловскі қамалы қарусыздандырушыларға қақпасын ашады. Петербург комитетінің үйін құрама отряд алады. Жұмысшы кварталдарында тінту, қарусыздандыру. Церетелидің жұмысшылар мен солдаттарды қарусыздандыру туралы идеясы, алғаш рет 11 июньде батылсыз түрде айтылған идеясы, енді іске асырылады. Жұмысшылар Церетели жөнінде: «қарусыздандыру министрі» деп кіжінеді...

«Труд» газетінің баспаханасы талқандалған. «Праваның Листогі» шықты. «Листокті» таратып жүрген жұмысшы Воиновтың өлтірілуі... Ленин жолдасқа жабылған пасық жаланы шынға балап, буржуазиялық баспасөз шабалануда, оның бержағында буржуазиялық баспасөз революцияға қарсы өзінің шабуылында большевиктермен ғана тынбайды, сонымен бірге Советтерге, меньшевиктерге, эсерлерге қарсы шабуыл жасайды.

Эсерлер мен меньшевиктердің, большевиктерге қастық істейміз деп, өздеріне де қастық істегендігі, революцияға қастық істегендігі, сөйтіп контрреволюцияның күштерін еркінсітіп, есіртіп жібергендігі айқын болады. Контрреволюциялық диктатураның тыл мен майдандағы бостандыққа қарсы жорығы мейлінше күшеюде. Күні кеше революцияшыл Россияға күңкілдеп жүрген кадеттік баспасөз бен одақтық баспасөздің кенеттен көңілі көншіп қалғандығына қарағанда, жуасыту «ісіндегі» жорыққа ел ішіндегі және одақтастардағы ақ-

шалы калғалардың қатысы болмай қалған жоқ деп пікір қорытуға болады.

2. ҚОРТЫНДЫ СӨЗ

27 июль

Жолдастар!

Жарыссөздерден көрініп отыр, жолдастардың ешкайсысы Орталык Комитеттің саяси бағытын сынаған жок, партияның Орталык Комитетінің ұрандарына карсы болған да жок. Орталык Комитеттің ұсынған негізгі үш ұраны: бүкіл өкімет Советтерге берілсін, өндіріс бақылауға алынсын және помещик жері конфискациялансын деген ұрандар. Бұл ұрандар жұмысшылар бұкарасы мен солдаттар арасында ұнамды ұрандар болды. Бұл ұрандар дұрыс болып шыкты, сондықтан біз, осы негізде күресе отырып, бұқараны өз жағымызда сактап калдык. Мұның өзін мен Орталық Комитетті куаттайтын негізгі факт деп есептеймін. Егер Орталык Комитет аса кыйын кезендерде дұрыс ұрандар ұсынып отырған болса, демек, негізінде дұрыс істегендігі.

Сын негізгі мәселе жөнінде емес, жай мәселе жөнінде болды. Сынаушылар Орталык Комитеттің провинциямен байланыс жасамағандығын, оның жұмысы көбінесе Петроградта жүргізілгендігін көрсетті. Провинциямен байланыс болмағандығы жөніндегі кінә кыйсынсыз емес. Бірак бүкіл провинцияны камтуға ешкандай мүмкіндік болмады. Орталык Комитет іс жүзінде Петербург комитетіне айналды деген кінә шінара дұрыс. Мұның өзі осылай. Бірақ Россияның саясаты осы Петроградта шындалады. Революцияның басшы күштері осында. Провинция Петроградта болып жаткан

оқыйғаға құлақ асып отырады. Ақыр соңында, осылай болуының себебі: бүкіл өкімет билігін өз қолына алып отырған Уақытша үкімет осында, бүкіл ұйымдасқан революцияшыл демократияның үні болған Орталық атқару комитеті осында. Екінші жағынан, оқыйғалар ұласуда, ашық күрес жүргізілуде, сондықтан күні ертең-ақ кәзіргі үкіметтің ұшып түспеуіне ешбір сенім жоқ. Осындай жағдайларда, біздің провинциялық достар қашан пікір айтқанша, күтіп отыру қыйсынсыз болды. Орталық атқару комитетінің революция мәселелерін провинцияны күтпей-ақ шешіп отыратындығы мәлім. Бүкіл үкімет аппараты солардың қолында. Ал бізде ше? Біздегі — Орталық Комитет аппараты. Бірақ Орталық Комитет аппараты, әрине, осал. Сондықтан: Орталық Комитет алдын ала провинцияның пікірін сұрамайынша, ешқандай әрекет істемесін деп талап ету дегеніңіз Орталық Комитеттің оқыйғаларға мұрындық болмай, шашпаушы болып жүруін талап еткендік болады. Бірақ мұндай Орталық Комитет — Орталық Комитет болмас еді. Тек біз қолданған методтың арқасында ғана Орталық Комитет өзінің биік дәрежесін сақтай білді.

Кейбір жеке мәселелер жөнінде кінә тағушылар болды. Жолдастар 3—5 июльдегі көтерілістің сәтсіз болғанын айтты. Я, жолдастар, сәтсіздік болды, бірақ мұның өзі көтеріліс емес, демонстрация еді. Бул сәтсіздіктің себебі, революцияға теріс қарап кеткен эсерлер мен меньшевиктердің ұсақбуржуазиялық партияларының опасыздық істегендігінен революция майданы қақ бөлінді.

Безработный[58] жолдас: Орталық Комитет 3—5 июльдегі оқыйғалардың мәнісін түсіндіретін үндеухат-

тарды Петроград пен Провинцияға қаптатып жібермеді дегенді айтты. Бірақ біздің баспахана талқандалып қалған, ал басқа баспаханаларда бірер нәрсе басып шығаруға ешқандай қолдан келер лаж болмады, өйткені мұның өзі ол баспаханалардың да талқандалу қаупін тудырды.

Дегенмен, мұнда істің жайы онша жаман болған жоқ: егер бір кварталдарда бізді қамауға алып жатқан болса, екіншілеріндегі жұрт бізді жақсы ниетпен, өзгеше ықласпен қарсы алып отырды. Сөйтіп қазір Питер жұмысшыларының көңілдері көтеріңкі, большевиктердің беделі өте жоғары.

Енді алдарыңызға бірнеше мәселе коймақшымын.

Біріншіден, біздің көсемдерімізге жабылған жала жөнінде не істеуіміз керек. Соңғы уақыттағы оқиғаларға сәйкес, бүкіл халыққа арнап манифест жазып, барлық фактыларды анықтап көрсету қажет, ол үшін комиссия сайлау керек. Егер оны сайлайтын болсаңыздар, менің усынысым: нақ осы комиссия Германияның, Англияның, Францияның тағы басқаларының революцияшыл жұмысшылары мен солдаттарына арнап үндеу жазып, 3—5 июльдегі оқиғаларды мәлімдесін, сөйтіп біз осы үндеуде жалақорлардың бетіне күйе жағуға тиіспіз. Біз — пролетариаттың ең алдыңғы қатарлы бөлегіміз, біз революция үшін жауаптымыз, біз болған оқиғалар туралы бар шындықты айтып, қаранет жалақорларды әшкерелеуге тиіспіз.

Екіншіден — Ленин мен Зиновьевтің «сотқа» барудан бастартуы туралы. Қазіргі кезде өкімет кімнің қолында екендігі әлі де мәлімсіз. Егер бара қалған күнде, оларға өрескел зорлық істелмейді деп кепілдік айтуға болмайды. Егер сот демократиялық жолмен ұйымдас-

тырылатын болса және зорлыққа жол берілмейтіндігі жөнінде кепілдік берілетін болса, онда әңгіме басқа. Бұл туралы сұрағанымызда Орталық атқару комитетіндегілер бізге: «Не боларын біз білмейміз» деп жауап қайырды. Ендеше, жағдай әлі де айқындалмай отырған кезде, ресми өкімет пен нақты өкіметтің арасында әлі де томаға-тұйық күрес жүргізіліп жатқан кезде, жолдастардың «сотқа» баруына ешқандай қыйсын жоқ. Ал егер біздің жолдастарды зорлықтан қауіпсіз етерлік өкімет орнайтын болса, онда олар барады.

3. САЯСИ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

30 июль

Жолдастар!

Россияның саяси жағдайы туралы мәселе — біздің революцияның тағдыры туралы мәселе, оның империалистік соғыс жағдайларындағы жеңістері мен жеңілістері туралы мәселе болып табылады.

Біздің революцияның негізгі күштері пролетариат және соғыстың салдарынан солдат шинелін киген шаруалар екендігі февральдың өзінде-ақ айқын болды.

Орайы келіп, патша өкіметіне қарсы күресте осы негізгі күштермен бір лагерьде, осылармен бір коалициядағылар есебінде, басқа да күштер — либералдық буржуазия мен одақтас капитал — болған еді.

Пролетариат патша өкіметінің қас жауы болды және солай болып қалады да.

Шаруалар пролетариатқа сенді және, патша өкіметін құлатпайынша өзіне жер тимейтіндігін көріп, пролетариаттың соңына ерді.

Либералдық буржуазия патша өкіметінен түңіліп,

одан шеттеп шықты, өйткені патша өкіметі оған жаңа рыноктер жаулап әпермегені былай тұрсын, тіпті ескілерін де сақтап қала алмады, Германияға 15 губернияны қолдан берді.

II Николайдың досы және тілекшісі болған одақтас капитал да патша өкіметінен айнып кетуге «мәжбүр» болды, өйткені патша өкіметі оның қалауындағы «майдан бірлігін» қамтамасыз етпегендігі былай тұрсын, оның үстіне Германиямен сепараттық бітім жасасуға көрнеу әрекет істеді.

Сонымен патша өкіметі шеттетілді.

Патша өкіметінің сондай «жым-жырт, үнсіз қайтыс болуы» жөніндегі «таңғажайып» фактының себебі, анығында, нақ осы.

Бірақ бұл күштер мүлде түрлі-түрлі мақсаттар көздеді.

Либералдық буржуазия мен ағылшын-француз капиталистері, халық бұқарасының еңсесін көтеріп, мұны үлкен соғысқа пайдалану үшін Россияда, жас түрік революциясы тектес, кіші революция жасауды көздеді, осылай еткенде капиталистер мен помещиктердің өкіметі негізінде бұлжымай қалар еді.

Үлкен соғыс үшін кіші революция!

Жұмысшылар мен шаруалар, керісінше, ескі укладты бүтіндей қыйратуға, біздіңше айтқанда, ұлы революцияны болдыруға тырысты, осы арқылы помещиктерді төңкеріп тастап, империалистік буржуазияны ауыздықтап, соғысты бітіруге, бейбітшілік ісін қамтамасыз етуге тырысты.

Ұлы революция мен бейбітшілік!

Біздің революцияның дамуының негізі, «өкімет дағ-

дарыстары» атаулының негізі нақ осы ерекше қайшылық болды.

20—21 апрельдегі «дағдарыс» осы қайшылықтың ең бірінші айқын көрінісі болып табылады. Егер осы «дағдарыстардың» тарихында әзірінше табысқа жетуші әрдайым империалистік буржуазия болып келген болса, оның себебі, кадет партиясы бастаған контрреволюцияның ұйымшылдығынан ғана емес, оның себебі, ең алдымен, мынау: әзірінше бұқараның қалың көпшілігін соңына ертіп жүрген эсерлер мен меньшевиктердің келісімпаз партиялары империализм жағына ауытқып, революцияның майданын әрдайым ірітіп отырды, буржуазияның лагеріне өтіп кетіп отырды, сөйтіп контрреволюцияның күшін арттырып отырды.

Апрельде осылай болды.

Июльде осылай болды.

Империалистік буржуазиямен коалиция жасау жөнінде меньшевиктер мен эсерлер ұсынған «принцип» іс жүзінде сойқанды нәрсе болып шықты; осының арқасында капиталистер мен помещиктердің кадеттік партиясы, большевиктерді шеттете отырып, нақ сол меньшевиктер мен эсерлердің қолымен өзінің позициясын бірден бірге нығайта берді...

Майдандағы әрекеттердің март — апрель — май айларында толастап қалуы революцияны дамыта беру үшін пайдаланылды. Елдегі жалпы бүліншіліктің тауқыметімен және соғысушы басқа елдердің бірде-бірінде жоқ кәзіргі бостандықтардың шарапатымен ілгерілеген революция, әлеуметтік мәселелерді алға қоя отырып, барған сайын тереңдей түсті. Оның өзі шаруашылық саласына ендіркелеп еніп, өнеркәсіпке жұмысшы бақылауын жүргізу туралы, жерді национализациялап, дәу-

летсіз шаруаларды құрал-сайманмен жабдықтау туралы, қала мен деревня арасында айырбас ісін дұрыс ұйымдастыру туралы, банктерді национализациялау туралы, ақыр соңында, пролетариаттың және ең кедей шаруалар топтарының өкіметті алуы туралы мәселелерді алға қоюда. Революция социалистік қайта құрылыс ісін тікелей қажет етіп отыр.

Кейбір жолдастар: бізде капитализм нашар дамыған, сондықтан социалистік революция туралы мәселе қою қиялшылдық болады дейді. Егерде соғыс болмаса, егерде бүліншілік болмаса, халық шаруашылығын капиталистік жолмен ұйымдастырудың негіздері шайқалмаған болса, олардікі дұрыс болар еді. Шаруашылықтың саласына ықпал жүргізу мәселесі, соғыс жағдайларындағы қажетті мәселе ретінде, барлық мемлекеттерде алға қойылып отыр. Германияда да бұл мәселе өмір жүзінде алға қойылып, бұқараның тікелей, белсенді түрде қатысуынсыз-ақ шешіліп отыр. Ал біздің Россияда істің жайы басқаша. Біздегі бүліншілік анағұрлым сұрапыл түрге енді. Екінші жағынан, біздегідей бостандық соғыс жағдайларында еш жерде де жоқ. Онан соң, жұмысшылардың орасан ұйымшылдығын еске алу керек: мәселен, біздің Питерде металшылардың 66% ұйымдасқан. Ақыр соңында, пролетариаттың жұмысшы және солдат депутаттарының Советтері сияқты көлемді ұйымдары басқа еш жерде жоқ, болған да емес. Бостандық пен ұйымшылдықты барынша пайдаланып отырған жұмысшылардың социалистік өзгерістер жасау жолында еліміздің шаруашылық тіршілігіне белсенді түрде ықпал жүргізуден бастарта алмағандығы түсінікті, ал бастартқан күнде өзін өзі саяси мерт қылар еді. Европа «бастап» жол

көрсетпейінше, Россия социалистік өзгерістер жасамай «қоя тұрсын» деп талап етудің өзі лайықсыз педантизм болар еді. Қай елдің мүмкіндігі көп болса, сол ел «бастайды» ғой..:

Революция осыншалық ілгері басып отырғандықтан, мұның өзі контрреволюционерлердің қырағылығын қоздырмай қойған жоқ, мұның өзі контрреволюцияның әрекеттенуіне себепкер болды. Контрреволюцияның күш жыйнауы жөніндегі бірінші фактор осы.

Екінші фактор — майданда шабуыл жасау саясаты арқылы авантюра басталды, бірсыпыра жерлерде майдан шебі бұзылды, мұның өзі Уақытша үкіметтің бар беделін түсіріп, контрреволюцияның көңлін өсірді, сонсын контрреволюция үкіметке шабуыл жүргізді. Бізде провокациялар кезеңі кеңінен басталды деген лақаптар тарап жүр. Майданнан келген делегаттардың пікірінше, шабуыл да, шегіну де, қысқасы, майданда болған оқыйғаның бәрі де революцияны маскаралау үшін, сөйтіп Советтерді құлату үшін қолданылған амалдар. Бұл лақаптар рас па, жоқ па, мен оны білмеймін, бірақ, қызық жері сол, 2 июльде үкіметтен кадеттер кетті, 3-і күні июль оқыйғалары басталды, 4-і күні майдан шебінің бұзылғаны туралы хабар келді. Қалай дәл келген! Кадеттер Украина мәселесі жөніндегі қарардың салдарынан кетті деуге болмайды, өйткені кадеттер Украина мәселесін шешуге қарсы болған емес. Шындығында провокациялар кезеңі басталғандығын расқа шығарарлық екінші факты да бар: менің айтып отырғаным Украинадағы атыс[59]. Осы фактыларға қарағанда, майдан шебінің бұзылуы контрреволюция жоспарлаған шарттардың, ұсақ буржуазиялық қалың бұқараның алдын-

да революцияның идеясын жексұрын етерлік шарттардың бірі екендігі жолдастарға айқын болуға тиіс.

Россиядағы контрреволюциялық күштерді күшейткен үшінші фактор да бар: ол фактор — одақтас капитал. Одақтас капитал патша өкіметінің сепараттық бітімге беталғанын көріп, Николайдың үкіметінен айнып кетті, сондықтан, егер кәзіргі үкімет майдан «бірлігін» сақтауға қабілетсіз болып шықса, одақтас капиталдың бұл үкіметтен де қол үзіп кетуіне ешкім бөгет бола алмайды. Мәжілістердің бірінде Милюков былай деді: халықаралық рынокте Россия адам өткізгіш ел болып есептеледі, сол үшін ақша алып отырады, ал егер Уақытша үкімет түріндегі жаңа өкіметтің Германияға шабуыл жасауда майдан бірлігін қолдануға қабілетсіз екендігі анықталған болса, онда мұндай үкіметті қаржыландырудың қажеті де жоқ. Сонымен ақшасыз, кредитсіз үкімет құлауға тиісті болды. Дағдарыс кезінде кадеттердің қатты күшейіп алғандығының кілті міне осында. Ал Керенский мен барлық министрлер кадеттердің қолындағы қуыршақ болып шықты. Кадеттердің күштілігі сол, бұларды одақтас капитал қолдап отырды.

Россияның алдында тұрған екі жол бар еді:

не соғыс тоқтатылады, империализммен екі арадағы барлық финанс қатнастары үзіледі, революция ілгерілей береді, буржуазиялық әлемнің негізі қопарылады, сөйтіп жұмысшы революциясының эрасы басталады;

не екінші жол, соғысты созу жолы, майданда шабуыл жүргізе беру жолы, одақтас капитал мен кадеттердің барлық бұйрықтарына бағыну жолы, — сонда бұл жол одақтас капиталға толық тәуелді етеді (Таврич сарайында: шаруашылықты «қалпына келтіруге»

Америка 8 миллиард сом қаржы береді екен деген белгілі лақаптар тараған), сөйтіп контрреволюцияны масайратады.

Үшінші жол жоқ.

Эсерлер мен меньшевиктердің 3—4 июльдегі аттаныстарды қарулы бүлік етіп көрсетуге әрекеттенуі — тіпті кісі күлерлік нәрсе. 3 июльде біз контрреволюцияға қарсы революциялық майдан бірлігін ұсындық. Біздің ұран: «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!», демек—біртұтас революциялық майдан құру. Бірақ меньшевиктер мен эсерлер, буржуазиядан қол үзуге қорқып, бізге теріс қарап кетті, сондықтан контрреволюционерлердің пайдасына революциялық майдан бұзылды. Егер контрреволюцияның жеңуіне кім айыпты екендігін айтсақ, айыпты болып отырған эсерлер мен меньшевиктер. Біздің сорымызға, Россия — ұсақбуржуазиялы ел, мұның өзі кадеттермен келісімге келіп отыратын эсерлер мен меньшевиктердің соңына әзірінше еріп жүр. Сондықтан буржуазиямен келісу идеясынан бұқара түңілмейінше, революция ақсап та, сүрініп те отырмақ.

Қәзір біздің көріп отырғанымыз империалистік буржуазия мен контрреволюцияшыл генералитеттің диктатурасы. Үкімет, сырттан қарағанда осы диктатурамен күресіп отырған сияқты көрінсе де, іс жүзінде, соның әмірін орындап отыр, соны халықтың қаһарынан бүркейтін тек қана шымылдық болып отыр. Әлсіреген және абройдан айрылған Советтер өзінің үздіксіз көнгіш саясаты арқылы осы диктатураға тек қосымша дем беріп отыр, онсоң, бұларды қуып жібермей отырған себебі, бұлар аса «қажетті» және өте «қолайлы» бүркеніш ретінде «керек».

Сонымен, жағдай мүлде өзгерді.

Біздің тактикамыз да өзгеруге тиіс.

Бұрын біз өкіметтің Советтерге бейбітшілік жолымен өтуін жақтаушы едік, оның бержағында: Советтердің Орталық атқару комитеті өкіметті алу туралы қарар шығарса болғаны, буржуазия бейбіт түрде жол босатады деп ұйғарылған еді. Шынында да, март, апрель, май айларында Советтердің әрбір қарары заң болып есептелетін, өйткені ол қарарды әрдайым күшпен нығайтуға мүмкіндік бар еді. Советтер қарусыздандырылып, олардың дәрежесі (іс жүзінде) жай «кәсіпшілік» ұйымдарының дәрежесіне дейін төмендетілген соң, жағдай өзгеріп кетті. Енді Советтердің қарарларымен санаспайды. Ендігі жерде өкіметті алу үшін ең алдымен қазіргі диктатураны құлату керек.

Империалистік буржуазияның диктатурасын құлату керек — қазір партияның кезектегі ұраны міне осы болуға тиіс.

Революцияның бейбіт дәуірі аяқталды. Шайқасулар мен дүмпулер дәуірі басталды.

Қазіргі диктатураны құлату ұранын жалпы орыс көлеміндегі жаңа қуатты саяси өрлеу жағдайында ғана жүзеге асыруға болады. Осындай саяси өрлеудің сөзсіз болатындығы еліміздің бүкіл даму беталысынан анық көрініп отыр, мұның өзі мына жағдайдан да көрініп отыр, революцияның күрделі мәселелерінің бірде-бірі шешілген жоқ, өйткені жер туралы, жұмысшы бақылауы туралы, бітім туралы, өкімет туралы мәселелер — шешілген жоқ.

Жазалау шаралары, революцияның бірде-бір мәселесін шешпестен, тек жағдайды шиеленістіріп отыр.

Жаңа қозғалыстың негізгі күштері қала пролета-

риаты мен шаруалардың ең кедей топтары болады. Женген күнде өкіметті нақ осылар өз қолына алады.

Қазіргі кезеңнің бір өзгешелігі сол, контрреволюциялық шаралар «социалистердің» қолымен іске асырылып отыр. Тек осындай шымылдықтың арқасында ғана, контрреволюция тағыда бір ай — екі ай өмір сүре алады. Алайда революцияның күштері дамып келе жатқандықтан, дүмпулер болады және жұмысшылар шаруалардың кедей топтарын көтеріп, өзінің төнрегіне топтастыратын, жұмысшы революциясының туын көтеретін, сөйтіп Европада социалистік революцияның эрасын ашатын күн туады.

4. САЯСИ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА ЖӨНІНДЕГІ СҰРАУЛАРҒА ЖАУАП

31 июль

Бірінші тармақ бойынша: «Баяндамашы жұмысшы депутаттары Советтерінің орнына жауынгерлік ұйымның қандай формаларын ұсынады» деген сұрауға менің беретін жауабым, мәселені бұлайша қоюдың өзі дұрыс емес. Мен жұмысшы табын ұйымдастырудың формалары ретіндегі Советтерге қарсы болған жоқпын, бірақ ұранның өзі революциялық мекемені ұйымдастырудың формасына қарай белгіленбейді, нақ сол мекеменің арқауы мен өзегі болатын мазмұнына қарай белгіленеді. Егер Советтердің құрамына кадеттер енген болса, біз өкіметті оларға эперу туралы ұранды ешқашанда ұсынбас едік

Қазір біз өкіметті пролетариат пен ең кедей шаруалардың қолына эперу ұранын ұсынып отырмыз. Енде-

ше, мәселе формада емес, өкімет қай тапқа әперілетіндігінде, мәселе Советтердің құрамында.

Советтер өкіметті алу жолында жұмысшы табының күресін ұйымдастырудың ең мақсатқа үйлесімді формасы болып табылады, бірақ Советтер революциялық ұйымның бірден-бір түрі емес. Бұл форма таза орыстық форма. Шет елдердің тәжрибесінен біздің білетініміз — ұлы француз революциясы кезінде муниципалитеттер, Коммунаның кезінде ұлт гвардиясының Орталық комитеті осындай роль атқарды. Бізде де революциялық комитет туралы пікір айтылып жүрді. Мүмкін, өкіметті алу жолында күрес жүргізудің ең ыңғайлы формасы жұмысшы секциясы болар.

Бірақ шешуші маңызы бар мәселе ұйымның формасы туралы мәселе емес екендігін айқын ұғыну керек.

Шындығында шешуші маңызы бар мәселе: жұмысшы табы диктатура орнату үшін жетілді ме, әңгіме осы жайында болып отыр, ал былайғысының бәрі реттеле береді, революцияның жасампаздығы арқылы жасалады.

Екінші тармақ пен үшінші тармақ бойынша — кәзіргі Советтерге біздің көзқарасымыз практика жүзінде қандай болмақ, — деген сұрауға берілетін жауап мүлде айқын. Әңгіме бүкіл өкіметті Советтердің Орталық атқару комитетіне әперу туралы болып отырса, онда бұл ұран ескіріп қалды. Әңгіме тек осы туралы ғана болып отыр. Советтерді құлату туралы мәселе ойдан шығарылған. Бұл арада ондай мәселені ешкім алға қойған жоқ. Егер біз: «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деген ұранды алып тастауды ұсынып отырсақ, бұдан: «Советтер жойылсын!» деген ұғым туа қоймайды. Сондықтан біз, осы ұранды алып тастаумен қатар.

Советтердің Орталық атқару комитетінің соңғы кездегі ролі мейлінше бишаралық роль екендігіне қарамастан, оның қатарынан тіпті шықпай да отырмыз.

Жергілікті Советтердің әлі де роль атқаруы мүмкін, өйткені оларға Уақытша үкіметтің өктемдігінен қорғану қажет болады, ал бұл күресте біз оларды қолдаймыз.

Сонымен, қайыра айтамын: өкіметті Советтердің қолына әперу жөніндегі ұранның өзгертілуі «Советтер жойылсын!» дегендік емес. «Өзіміз көпшілігі болып отырған Советтерге біздің көзқарасымыз», — ең тілектестік көзқарас. Мұндай Советтер өмір сүріп, нығая берсін. Бірақ кәзірде күш Советтерде емес. Бұрын Уақытша үкімет декрет шығарса, Советтердің Орталық атқару комитеті қарсы декрет шығарушы еді, онсоң тек соңғысы ғана заң күшіне енетін. Бұл жөнде № 1 бұйрықтың[60] жайын еске түсіріңіздер. Ал енді Уақытша үкімет Орталық атқару комитетімен санаспайды. Советтердің Орталық комитетінің 3—5 июльдегі оқиғаларды тексеретін тергеу комиссиясына қатысуы жөніндегі қарарды Советтердің Орталық атқару комитеті бұзған емес, бірақ Керенскийдің бұйрығы бойынша іске аспай қалды. Кәзіргі мәселе Советтерде көпшілік дауысты меңгеріп алуда емес, бұл өздігінен де өте маңызды нәрсе, кәзіргі мәселе контрреволюциялық диктатураны құлатуда.

Төртінші тармақ бойынша — «ең кедей шаруалар» деген ұғымға неғұрлым нақты анықтама беріп, оларды ұйымдастыру формасын көрсету туралы сұрауға жауабым, «ең кедей шаруа» деген термин — жаңа термин емес. Ленин жолдас мұны бесінші жылдан бастап

марксистік әдебиетке енгізген, содан бері «Правданың» әрбір номерінде дерлік қолданылып келеді және Апрель конференциясының қарарларында көрсетілген.

Шаруалардың ең кедей топтары дегеніміз шаруа атқамінерлеріне қосылмайтындар. 80 миллион шаруалардың (әйелдерді де қоса есептегенде) атынан «өкілдік етеді» десіп жүрген, шаруа депутаттарының Советі атқамінер шаруалардың ұйымы болып табылады. Төмен шаруалар бұл Советтің саясатына қарсы қатты күрес жүргізуде. Социалист-революционерлер партиясының бастығы Чернов, онан кейін Авксентьев және басқалары — жерді дереу алмау керек, Құрылтай жыйналысы жер мәселесін жалпылама шешкенше күте тұру керек деп шаруаларға ұсыныс айтып отырған кезде, шаруалар бұған жауап ретінде жерді алып, оған егін салуда, соқа-сайман, т. б. алуда. Біз Пенза, Воронеж, Витебскі, Қазан және басқа бірқатар губерниялардан осындай хабар алып отырмыз. Осының өзі-ақ деревняның төмендерге және жоғарыларға жіктеліп отырғандығын айқын көрсетеді, бөлінбейтін біртұтас қалыптағы шаруалардың кәзірде жоқ екендігін көрсетеді. Атқамінерлері көбінше социалист-революционерлердің соңына еріп отыр, ал төмендері жерсіз күнелте алмайды, сондықтан бұлар Уақытша үкіметке оппозицияда. Бұлар — жері тапшылар, жалғыз аттылар, атсыздар, т. с. Жерден құралақан дерлік, жартылай пролетарлық топтар да осыларға қосылады.

Революция дәуірінде шаруалардың осы топтарымен келісім жасасуға әрекеттенбеудің өзі ақылсыздық болар еді. Бірақ сонымен бірге шаруалардың батрақ

топтарын бөлек ұйымдастырып, оларды пролетарлардың төңрегіне топтастыру керек.

Осы топтарды ұйымдастырудың формасы қандай болатынын кесіп айту қыйын. Қәзір төмен шаруалар не өз бетімен құрылған Советтерге ұйымдасуда, не кәзіргі Советтерді басып алуға тырысуда. Мәселен, будан $1^1/_2$ ай бұрын Петербургте ең кедей шаруалардан (80 солдаттық бөлімдердің өкілдерінен және заводтардың өкілдерінен) Совет ұйымдасты; бұл Совет шаруа депутаттары Советінің саясатына қарсы өршелене күрес жүргізуде.

Тегінде Советтер бұқараны ұйымдастырудың ең мақсатқа үйлесімді формасы болып табылады, бірақ біз **мекемелердің** тілімен сөйлеуге тиісті емеспіз, мәселенің **таптық мазмұнын** көрсетуге тиіспіз, бұқараның да **форманы мазмұннан** ажырата білетін болуын көздеуге тиіспіз.

Жалпы айтқанда, ұйымның формалары туралы мәселе негізгі мәселе емес. Революциялық өрлеу болса, ұйымдастыру формалары да жасалады. Формалар туралы мәселе, өкімет **қай таптың** қолына көшуге тиіс деген негізгі мәселені қағаберіс қалдырмасын.

Ендігі жерде қорғампаздармен біздің одақтасуымыз қыйсынсыз нәрсе. Қорғампаз партиялар өз тағдырын буржуазиямен байланыстырды, сондықтан социалист-революционерлерден бастап большевиктерге дейінгі одақтасу идеясы күйреп қалды. Шаруалардың ең кедей топтарымен одақтаса отырып Советтердің үстемшілеріне қарсы күрес жүргізу керек және контрреволюцияның күлін көкке ұшыру керек — кезектегі мәселе міне осы.

5. ҚОРТЫНДЫ СӨЗ

31 июль

Жолдастар!

Ең алдымен мен бірнеше нақты түзетулер енгізуге тиіспін.

Ярославский жолдас, менің: Россия пролетариаты — ең ұйымшыл пролетариат деген пікірімді теріске шығару үшін, Австрия пролетариатын мысал етеді. Бірақ, жолдастар, менің айтқаным «қызыл» ұйымшылдық, революцияшыл ұйымшылдық, ал Россия пролетариатындағыдай дәрежеде мұндай ұйымшылдық басқа елдердің бірде-бірінде жоқ.

Ангарскийдің айтуынша, мен барлық күштерді біріктіру идеясын жүргізіп отырған сияқтымын; оның бұл ойы мүлде теріс. Бірақ, түрліше себептермен шаруалар мен пролетариаттың ғана емес, сонымен қатар буржуазия мен шетелдік капиталдың да патша өкіметіне теріс қарап кеткендігін біз көрмей қала алмаймыз. Мұның өзі факт. Егер марксистер фактыдан тайсалатын болса, онысы жақсы емес. Бірақ кейіннен алғашқы екі күш революцияны дамыта беру жолына түсті де, соңғылары — контрреволюцияның жолына түсті.

Енді істің мәніне көшейін. Мәселені бәрінен гөрі өткір қойған Бухарин, бірақ бұ да мәселені ақырына дейін жеткізе алған жоқ. Бухариннің айтуынша, империалист буржуа мұжықпен одақ жасасқан. Бірақ қандай мұжықпен? Бізде әртүрлі мұжықтар бар. Бұл одақ оңшыл мұжықтармен жасалған, бірақ бізде шаруалардың ең кедей топтары болып отырған төмен мұжықтар, солшыл мұжықтар бар. Міне нақ осылармен мұндай одақтың жасалуы мүмкін емес. Олар ірі

буржуазиямен одақ жасасқан жоқ, бірақ сол буржуазияның соңына санасыздықтан еруде, буржуазия бұларды тек алдап, соңына ертіп жүр.

Ал одақ кімге қарсы жасалған?

Ол жағын Бухарин айтқан жоқ. Мұның өзі одақтас капитал мен орыс капиталының одағы, шаруалардың Чернов тектес социалист-революционерлер түріндегі бастықтары мен үстемшілерінің одағы. Бұл одақ төмен шаруаларға қарсы, жұмысшыларға қарсы құрылған.

Бухариннің болжауы қандай? Оның анализі негізінен дұрыс емес. Оның ойынша, алғашқы кезеңде біз шаруа революциясына қарай беталамыз. Бірақ оның өзі жұмысшы революциясымен кездеспей, қабыспай қоймайды ғой. Революцияның авангарды болып отырған жұмысшы табының сонымен бірге өзінің меншікті талаптары үшін де күреспеуі мүмкін емес. Сондықтан мен Бухариннің схемасын ойланбай жасалған схема деп есептеймін.

Бухаринше екінші кезең — Батыс Европаның қолғабысымен болатын пролетарлық революция, ал жер алып, қанағаттанған шаруалар бұған қатыспақшы емес. Бірақ бұл революция кімге қарсы бағытталған? Өзінің ойыншық схемасында Бухарин бұған жауап бермейді. Оқиғаны талдаудың бұдан басқа әдістері ұсынылған жоқ.

Саяси жағдай туралы. Қазір қосөкімет туралы ешкім сөз қылмайды. Егер бұрын Советтер нақты күш болған болса, қазір тек бұқараны топтастыратын органдар ғана болып қалды, өйткені қолдарында ешқандай өкімет билігі жоқ. Дәл сондықтан да бұларға өкіметті «жайша» әпере салу мүмкін емес. Ленин жолдас

өзінің кітапшасында[61] бұл пікірді дамыта түсіп, мынадай айқын нұсқау береді: қосөкімет жоқ, өйткені бүкіл өкімет капиталдың қолына көшті, сондықтан кәзір «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деген ұранды ұсыну — донкихоттық әрекет болады.

Егер бұрын Советтердің Орталық атқару комитетінің ықтыярынсыз ешқандай заң күшіне енбейтін болса, кәзір қосөкімет туралы әңгіме де жоқ. Барлық Советтерді басып ала беріңдер, бірақ сендерде өкімет болмайды!

Аудандық думаларды сайлаған кезде біз кадеттерді мазақтаушы едік, өйткені олар 20% қана дауыс алған енбір бишара топ болатын. Кәзір бізді олар мазақтайды. Оның мәнісі қалай? Оның мәнісі, Советтердің Орталық атқару комитетінің жол беруі арқасында өкімет буржуазияның қолына көшті.

Жолдастар өкіметті ұйымдастыру мәселесі жөнінде асығыстық істеп жүр. Бірақ сол өкіметтің өзі сіздерде әлі де жоқ қой!

Басты міндет — кәзіргі өкіметті құлату қажеттігін насихаттау. Біздің бұған дайындығымыз әлі жеткіліксіз. Бірақ дайындалу керек.

Кәзіргі өкіметті құлатпайынша өздеріне ерік те, жер де тимейтіндігін жұмысшылардың, шаруалар мен солдаттардың ұғынулары керек!

Сонымен, мәселе өкіметті ұйымдастыру туралы болып отырған жоқ, өкіметті құлату туралы болып отыр, ал біз өкіметті өз қолымызға тартып алған кезде, оны ұйымдастыра білеміз.

Енді, Россияда социалистік өзгерістер жасауға қарсы болған Ангарский мен Ногинге жауап ретінде, бірнеше сөз. Апрель конференциясының өзінде-ақ біз

социализмге карай кадам басатын кез келді дегенбіз (Апрель конференциясының «Кәзіргі кезең туралы» карарының соңын оқыйды):

«Европадағы ең мешеу елдердің бірінде, ұсақ шаруалар халкы бұкарасының арасында әрекет істеуші Россия пролетариаты социалистік өзгерістерді дереу жүзеге асыру максатын көздей алмайды. Бірақ бұған карап жұмысшы табының буржуазияны колдауы кажет екен деп білу, немесе өз әрекетін ұсақ буржуазияға ұнамды шеңберде ғана ықшамдап жүргізу, не болмаса социализм жолындағы әбден мезгілі жеткен біркатар шаралардың аса зарулігін халыкка түсіндіру ісінде пролетариаттың басшылык ролінен бастарту — орасан зор кателік болар еді, ал практика жүзінде біржолата буржуазияның жағына өткендік болар еді».

Жолдастар үш ай кейін қалыпты. Ал осы үш айдың ішінде кандай өзгерістер болды? Ұсақ буржуазия жіктелді, төмендер жоғарылардан кете бастаулы, пролетариат ұйымдасуда, бүліншілік өсуде, бұл жағдай жұмысшы бақылауын орнату мәселесін бурынғыдан да өктем түрде алға койып отыр (мәселен, Питерде, Донец облысында, т. б.). Осының бәрі апрельде-ак кабылданған қағыйдалардың дұрыс екендігін көрсетеді. Ал жолдастар бізді кері сүйрейді.

Советтер туралы. Советтер туралы бұрынғы ұранды алып тастағандығымыз аркылы біз Советтерге карсы шығып отырган жокпыз. Қайта, Советтерде, тіпті контрреволюциялык бүркеніш органы — Советтердің Орталык аткару комитетінің өзінде жұмыс істеуге болады, жұмыс істеу керек те. Советтер кәзір бұкараны топтастырудың органы ғана болып отырғанымен, біз әрқашанда бұкарамен біргеміз, сондыктан, бізді куып жібергенше, біз Советтерден кетпейміз. Өздерінің кол-

дарында өкімет жоқ болса да, біз фабрика-завод комитеттері мен муниципалитеттерде де қалып отырмыз ғой. Бірақ, Советтерде қала отырып, біз социалист-революционерлер мен меньшевиктердің тактикасын әшкерелей береміз.

Контрреволюция біздің буржуазияның одақтас капиталмен байланыстылығын әбден әйгілеп ашып бергеннен кейін, өзіміздің революциялық күресімізде біз үш факторға арқа сүйеуге тиісті екендігіміз бұрынғыдан да айқын болып отыр; ол факторлар: Россия пролетариаты, біздің шаруалар және халықаралық пролетариат, өйткені біздің революцияның тағдырлары батыс-европалық қозғалыспен тығыз байланысты.

6. «САЯСИ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ» ҚАРАРДЫҢ 9-НШЫ ПУНКТІ ЖАЙЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ ПРЕОБРАЖЕНСКИЙГЕ ҚАРСЫ ДӘЛЕЛ

3 август

Сталин қарардың 9-ншы пунктін оқыйды:

9. «Сонда осы революцияшыл таптардың міндеті барлық күштерін қарыштап, мемлекеттік өкіметті өз қолдарына алу және, алдыңғы қатарлы елдердің революцияшыл пролетариатымен одақтаса отырып, ол өкіметті бейбітшілік орнатуға және қоғамды социалистік жолмен қайта құруға пайдалану болады».

Преображенский. Қарардың соңғы жағын былайша өзгертіп жазуды ұсынамын: «ол өкіметті бейбітшілік орнатуға және Батыста пролетарлық революция болған күнде — социализм орнатуға пайдалану болады». Егер біз комиссияның жазғанын қабылдасақ, онда Бухариннің бұдан бұрын қабылданған қарарымен үйлеспеушілік туады.

Сталин. Мен мұндай түзетуге карсымын. Дәл Россияның социализмге жол салушы ел болып шығуы ғажап емес. Осы күнге дейін бірде-бір ел соғыс жағдайларында бостандыкпен Россия сыякты пайдаланған емес және өндірісте жұмысшылардың бакылауын жүргізіп көрген де емес. Оның үстіне, біздің революцияның базасы Батыс Европадағыға карағанда кеңірек, ал Батыс Европадағы пролетариат жападан жалғыз буржуазиямен бетпе-бет келіп отыр. Ал біздегі жұмысшыларды шаруалардың ең кедей топтары колдайды. Акыр соңында, Германиядағы мемлекеттік өкімет аппараты, біздің буржуазиянын кемелсіз аппаратына карағанда, жұмысты әлдекайда жаксы істейді, оның бержағында біздің буржуазияның өзі де Европалык капиталдың тәуелшісі болып отыр. Бізге тек Европа ғана жол көрсете алады деген ескі ұғымды аластап тастау керек. Догмалык марксизм бар да, жасампаз марксизм бар. Мен соңғысының тұрғысындамын.

Председатель. Преображенскийдің түзетуін дауыска саламын. Кабылданбайды*.

Бірінші рет: РСДЖП (большевиктердің) VI съезінің протоколдары деген кітапта басылған. „Коммунист" баспасы, 1919.

---

*«РСДЖП(б) VI съезінің протоколдарының» кыскалығын және көпе-көрнеу жеткіліксіз екендігін, оның үстіне бұлардың съезден соң екі жылдан кейін ғана басылып шыккандығын еске ала отырып, редакция Сталин жолдастың VI съезде сөйлеген сөздерінің текстін анықтарда «Протоколдармен» катар Сталин жолдастың съездегі сөздері туралы ресми есептерді де пайдалануды кажет деп тапты; бұл есептер 1917 жылғы июль — август айларында мына газеттерде басылған: «Рабочий и Солдат» № 7, 14 және «Пролетарий» № 3.

ҚАПИТАЛИСТЕРДІҢ КӨЗДЕЙТІНІ НЕ?

Жақын арада Москвада жалдаптар мен өнеркәсіпшілердің екінші Бүкілроссиялық съезі ашылды. Ұлтшылдардың басшысы миллионер Рябушинский съезді ашып, программалық сөз сөйледі.

Рябушинский не жайында сөйледі?

Капиталистердің программасы қандай?

Мұны жұмысшылардың біліп алуы қажет, әсіресе қазіргі кезде, капиталистер өкіметке билігін жүргізіп отырған кезде, ал меньшевиктер мен эсерлер, «тірі жандар» деп оларға жағымпазданып отырған кезде — мұны біліп алуы қажет.

Өйткені капиталистер — жұмысшылардың қас жаулары, ал жауды жеңу үшін ең алдымен жаудың кім екендігін білу керек.

Сөйтіп, капиталистердің көздейтіні не?

* * *

Өкімет кімнің қолында?

Капиталистер көк мылжыңдар емес. Олар істің адамдары. Революцияның және контрреволюцияның

түпкі мәселесі — өкімет туралы мәселе екендігін олар біледі. Сондықтан Рябушинскийдің өзінің сөзін осы негізгі мәселеден бастауы таңқаларлық нәрсе емес.

«Өкіметсымақ әйтеуір бір нұсқасы бар біздің Уақытша үкімет, — дейді ол, — бөгде адамдардың қысымында болып келді. Іс жүзінде бізде саяси алаяқтардың шайкасы үстем болып алды. Халықтың советтік жалған көсемдері халықты қатерлі жолға салды, міне сондықтан бүкіл орыс патшалығы түпсіз шыңырауға кезігіп отыр» («Речь»).

«Іс жүзінде бізде саяси алаяқтардың шайкасы үстем болып алғаны», әрине, рас. Бірақ тағы бір рас нәрсе: бұл «алаяқтарды» «советтік көсемдердің» арасынан іздемеу керек, Рябушинскийлердің өздерінің арасынан іздеу керек, Рябушинскийдің: 2 июльде Уақытша үкіметтен шығып кеткен, министрлік портфельдерге таласып, апталар бойы саудаласқан, үкіметті кредитсіз қалдырамыз деп эсер-меньшевик аңқауларды қорқытып бопсалаған, ақырында, өздерінің мақсатына жетіп, эсер-меньшевиктерге өздерінің жырын жырлатқан достарының арасынан іздеу керек.

Өйткені үкіметке қамау мен ойрандау істерін жүргіздіріп отырғандар, ату мен өлім жазасын қолдандырып отырғандар «советтік көсемдер» емес, нақ осы «алаяқтар».

Өйткені үкіметке «қысым жасап» отырғандар, үкіметті өздерін халықтың қаһарынан қорғайтын бетпердеге айналдырып отырғандар нақ осы «алаяқтар».

Өйткені Россияда «кәзір іс жүзінде үстем болып алғандар» қолында билігі жоқ «советтік көсемдер» емес, нақ осы «алаяқтар».

Бірақ бұл арадағы әңгіме, әрине, мұнда емес. Әңгіме тек мынада ғана: күні кеше өзінің алдында капи-

талистерді құрдай жорғалатқан, ал бүгінгі күні өзінің талқаны шығып отырған Советтерде өкіметтің жұрнағы әлі де бар, ал кәзір капиталистер Советтердің қолындағы осы ақырғы жұрнақты тартып алмақшы, сөйтіп өзінің өкіметін мықтап нығайтпақшы.

Рябушинскийдің айтып отырғаны, ең алдымен, міне осы.

Капиталистердің көздейтіні не екендігін білгілеріңіз келе ме?

Бүкіл өкімет капиталистерге берілсін дейді — олардың көздейтіні міне осы.

* * *

Россияны бүлдіріп отырған кім?

Рябушинский кәзіргі жағдай жөнінде ғана сөйлеген жоқ. Ол «өткен айларға да көз жіберуге» қарсы емес. Сонда ше? «Қорыта келгенде» оның көріп-білгені, бір есептен, мынау: «біз қайдағыбір тұйыққа келіп тірелдік, енді одан шыға алмай отырмыз... азық-түлік мәселесі мүлде шешілмей қалды, Россияның экономикалық және финанс тіршілігінің қыры кетті, т. б.».

Бұған айыптылар, бақсақ, Советтердегі әлгі «жолдастар» екен, «сырапқорлар» екен, бұларды «қамқорлыққа алу» керек екен.

«Олардың жолдастық құшағына іліккен орыс жері күңренуде, халық әлі әзір олардың сырын білген жоқ, бірақ біле салысымен-ақ халық оларды: «халықты алдаушылар!» деп атамақ».

Россия тұйыққа тірелді, ол қатты дағдарысқа ұшырап отыр, ол құрып бітуге таянып отыр, — бұл, әрине, рас.

Бірақ, ғажап емес пе:

1) Россияда соғыстан бүрын астық жетіп артылатын еді, онсоң біз шетке 400—500 миллион пүт астық шығарушы едік, ал кәзір, соғыс кезінде, бізде астық жетпей отыр, біз ашаршылыққа кіріптар болып отырмыз.

2) Россияда соғыстан бүрын мемлекет борышы 9 миллиардка тең еді, онсоң процент төлеу үшін жылына небәрі 400 миллион сом ғана керек болушы еді, ал кәзір соғыстың үш жылында борыш 60 миллиардқа жетіп отыр, процентнің бір өзін алғанда жылына 3 миллиард сом төлеу керек болып отыр.

Россияның түйыққа тіреліп отырған себебі соғыстың, тек қана соғыстың салдарынан екендігі анық емес пе?

Ал Россияны соғыстың жолына итермелегендер, оны кәзір де соғысты соза беру жолына итермелеп отырғандар — нақ сол Рябушинскийлер мен Коноваловтар, Милюковтар мен Винаверлер болмағанда енді кім?

Россияда «сырапқорлар» көп-ақ және Россияны бүлдіріп отырғандар солар, — мүнда ешбір күмән болуға тиіс емес. Бірақ оларды іздегенде «жолдастардың» арасынан іздемеу керек, нақ сол Рябушинскийлер мен Коноваловтардың арасынан іздеу керек, соғысқа керекті заттар өткізу арқылы және мемлекеттік заёмдар арқылы миллиондап пайда тауып отырған капиталистер мен банкирлердің арасынан іздеу керек.

Егерде орыс халқы әйтеуір бір кездері олардың сырын білетін болса, ол оларды мықтап жазалайды, — бүған олардың өздері сене берсін.

Бірақ бүл арадағы әңгіме, әрине, мүнда емес. Әңгі-

ме мынада: капиталистер өздеріне пайдалы «ақырына дейінгі соғысты» көксейді, бірақ соғыстың салдары үшін жауап беруден қорқады, сондықтап олар кінәні «жолдастарға» артуға, сөйтіп революцияны соғыстың толқынына оп-оңай батырып жіберуге тырысады.

Рябушинский мырзаның сөзінің төркіні міне осы.

Капиталистердің көздейтіні не екендігін білгілеріңіз келе ме?

Революцияны толық жеңіп шыққанға дейін соғыс жүргізілсін деп отыр — олардың көздейтіні міне осы.

* * *

Россияны сатып отырған кім?

Россияның мүшкіл жағдайын суреттей келіп, Рябушинский «мүшкіл жағдайдан құтылу жолын» да көрсетеді. Ал онысы қандай «жол» екен, тыңдаңыздар:

«Мемлекет халыққа астық та, көмір де, мата да бермеді... мүмкін, мүшкіл жағдайдан құтылу үшін, халықтың жалған достарын, демократиялық Советтер мен комитеттерді алқымнан алып қысатын, ашаршылықтың құрсаулы шеңгелі, халықтың қайыршылыққа ұшырауы керек болар».

Естіп отырсыздар ғой: «ашаршылықтың құрсаулы шеңгелі, халықтың қайыршылыққа ұшырауы **керек болар**» дейді...

Рябушинский мырзалар, бақсақ, «демократиялық Советтер мен комитеттерді» «алқымнан алып қысу» үшін, Россияны «ашаршылықпен» және «қайыршылықпен» сыйлаудан тайынбайды екен.

Олар, бақсақ, халықты мезгілсіз ұрысқа шығару үшін, сөйтіп жұмысшылар мен шаруаларды неғұрлым тез жазалау үшін заводтар мен фабрикаларды жауып

гастаудан, жұмыссыздық пен ашаршылықты туғызудан тайынбайды екен.

«Рабочая Газета» мен «Дело Народаның» аттестациясы бойынша, елдегі «тірі жандар» міне осылар.

Россияның нағыз сатқыншылары мен опасыздары міне осылар.

Россияда қазір опасыздық туралы көп айтылып жүр. Бұрынғы жандармдар мен қазіргі контрразведчиктер, дарынсыз жалдамалар мен бұзылған сутенёрлер — осылардың бәрі де қазір, «демократиялық Советтер мен комитеттер» жаққа иек нұсқап, опасыздық туралы жазып отыр. Опасыздар жөніндегі жалған сөздер тек, көп хасірет шеккен Россияның нағыз опасыздарын бүркеу үшін ғана айтылып жүр, мұны жұмысшылар біліп алсын!

Капиталистердің көздейтіні не екендігін білгілеріңіз келе ме?

Россияны мүлде құртып жіберу арқылы болса да. өздерінің қалтасын толтыру — олардың көздейтіні міне осы.

„Рабочий и Солдат" № 13,
8 август, 1917 ж.
Басмақала

МОСКВА КЕҢЕСІНЕ ҚАРСЫ[2]

Контрреволюцияның дамуы жаңа кезеңге түсіп отыр. Ойрандау және бүлдіру әрекеттерінен кейін ол жеңіп алған позицияларын нығайтуға көшіп отыр. Жүгенсіздік пен бейбастақтық істегеннен кейін — ол «конституциялы құрылыстың» «заңды арнасына» көшіп отыр.

Революцияны жеңуге болады және жеңу керек те, дейді контрреволюционерлер. Бірақ бұл-бұл ма. Тағыда мұны мақұлдату керек. Оны «халықтың» өзі, «ұлттың» өзі мақұлдайтын ету керек, мақұлдатқанда, тек Питерде ғана емес, немесе майданда ғана емес, сонымен бірге бүкіл Россияда мақұлдату керек. Сонда жеңіс тыянақты болады. Сонда жеңіп алған табыстары контрреволюцияның болашақ жаңа жеңістеріне негіз бола алады.

Ал мұны қалай істеу керек?

Бүкіл орыс халқының бірден-бір өкілі болатын Құрылтай жыйналысын тез шақырып, одан соғыс пен күйзелту саясатын, ойрандау мен қамау саясатын, ұрып-сабау мен ату саясатын — мақұлдауды сұрауға болар еді.

Бірақ буржуазия бұған бармайды. Көпшілігі шаруалар болатын Құрылтай жыйналысына контрреволюцияның саясатын мойындатуға да, мақұлдатуға да болмайтынын буржуазия біледі.

Сондықтан ол Құрылтай жыйналысын кейінге калдыртуға тырысады (кейінге қалдыртып та отыр!). Тегінде ол, Құрылтай жыйналысын мүлде болдырмау үшін, оны бұдан былай да кейінге қалдыра бермек.

Ал «шығар жол» қайсы?

«Шығар жолы» — Құрылтай жыйналысының орнына «Москва кеңесін» шақыру.

«Шығар жолы» — Құрылтай жыйналысының орнына «Москва кеңесін» шақырып, халықтың қалауын орындамай, үстемші буржуазия мен помещиктердің қалауын орындау.

Купецтер мен өнеркәсіпшілердің, помещиктер мен банкирлердің, патшалық Дума мүшелерінің және әлдеқашан қолға үйретілген меньшевиктер мен эсерлердің өкілдерінен кеңес шақырмақ, сөйтіп, ол кеңесті «жалпы ұлтық жыйын» деп жарияламақ, оған империализм мен контрреволюцияның саясатын мақұлдатпақ, соғыстың ауыртпалығын жұмысшылар мен шаруалардың мойындарына артпақ, — контрреволюцияның тапқан «жолы» міне осы.

Контрреволюцияға өзінің парламенті, өзінің орталығы керек, сондықтан ол осыны тудырғалы отыр.

Контрреволюцияға «қоғамдық пікірдің» сенімі керек, сондықтан ол осыны жасағалы отыр.

Әңгіменің жай-мәнісі міне осында.

Бұл жағынан алып қарағанда контрреволюция революцияның жүрген жолымен келеді. Ол революциядан сабақ алып отыр.

Революцияның өз парламенті, өзінің нақты орталығы болды, сондықтан ол өзінің ұйымдасқандығын сезіп отырды.

Кәзір контрреволюция өзінің парламентін құруға тырысып отыр, сөйтіп ол өз парламентін Россияның дәл ортасында, Москвада құрғалы отыр, құрғанда, эсерлер мен меньшевиктердің — тағдырдың жазмышы да! — қолдарымен құрғалы отыр.

Революцияның парламенті буржуазиялық-империалистік контрреволюцияның жәй шылауы дәрежесіне дейін төмендетіліп отырған кезде, жұмысшылардың, шаруалардың және солдаттардың Советтері мен Комитеттеріне жойқын соғыс жарияланып отырған кезде осылай істеліп отыр!

Оңай ұғынарлық нәрсе, мұндай жағдайларда, 12 августа Москвада шақырылатын кеңес контрреволюцияның заговор жасау органына сөзсіз айналады; ал контрреволюция заговор жасағанда жұмысшыларға қарсы заговор жасап отыр, оларды локауттар арқылы, жұмыссыздық тудыру арқылы қорқытып отыр, — контрреволюция шаруаларға қарсы заговор жасап отыр, оларға жер «бермей» отыр, — контрреволюция солдаттарға қарсы заговор жасап отыр, оларды революция күндерінде қол жеткен бостандықтан айырып отыр, — сөйтіп бұл кеңес, эсерлер мен меньшевиктер қолдайтын кеңес, солардың «социалистік желсөздерімен» бүркеліп отырған заговордың органына айналады.

Сондықтан алдыңғы қатарлы жұмысшылардың міндеттері:

1) Кеңестің халық өкілдігі деген бетпердесін жұлу

керек, оның контрреволюциялық бейнесін, халыққа қарсы бейнесін әшкерелеу керек.

2) «Революцияны қорғауды» сылтау етіп, осы кеңесті қорғап отырған және Россия халықтарын алдап отырған меньшевиктер мен эсерлерді әшкерелеу керек.

3) Помещиктер мен капиталистердің пайдаларын... «қорғаушылардың» осы контрреволюциялық қулықсұмдығына қарсы жаппай наразылық білдіретін митингілер ұйымдастыру керек.

Жұмысшылар алдауға берілмейді, олар революцияның айбынды туын қолдарынан ешқашанда түсірмейді, революцияның дұшпандары мұны біліп қойсын.

„Рабочий и Солдат" № 14,
8 август. 1917 ж.
Басмақала

ТАҒЫДА СТОКГОЛЬМ ТУРАЛЫ[68]

Соғыс жүріп жатыр. Оның қанды күймесі дүлейленіп, үздіксіз ілгері зырғуда. Ол европалық соғыстан бірте-бірте бүкіл дүниежүзілік соғысқа айналып, өзінің кесепатты ісіне жаңа мемлекеттерді бірінен соң бірін тартуда.

Сонымен бірге Стокгольм конференциясының маңызы кете бастап отыр.

Ымырашылдар жарыялаған, «бітім жолындағы күрес» және империалистік үкіметтерге «қысым жасау» тактикасы «құрғақ сөзге» айналды.

Ымырашылдардың әртүрлі елдердегі «қорғампаз көпшіліктерінің» арасында келісім жасату арқылы соғыстың аяқталуын тездетіп, жұмысшы Интернационалын қайта орнатпақ болған әрекеті мүлде іске аспай қалды.

Меньшевиктер мен эсерлердің Стокгольмдегі бастамасы, империалистік айла-шарғының шырмауына ілігіп, не дәрменсіз парадқа айналуға тиіс, не империалистік үкіметтердің қолындағы ойыншығына айналуға тиіс.

Советтердің Бүкілроссиялық съезінің делегаттары-

ның Европаны аралауы[64] және ағылшын-француз социал-империализмінің өкілдерімен бірге салтанатты қонақ асы беріп жүрген қорғампаздардың «социалистік» дипломатиясы — жұмысшылардың халықаралық бауырластығын қайта орнататын жол емес екендігі кәзір жұрттың бәріне де аян.

Апрель конференциясының өзінде-ақ біздің партияның Стокгольмнен жігін ажыратқандығы дұрыс болып шықты.

Соғыстың дамуы және бүкіл дүниежүзілік жағдай таптар арасындағы қайшылықтарды сөзсіз шиеленістіріп, орасан зор әлеуметтік ұрыс-қағыс дәуіріне әкеліп соғады.

Соғысты жою жөніндегі демократиялық жолдарды осыдан, тек осыдан ғана іздеу керек.

Жұрт ағылшын-француз социал-патриоттарының көзқарастарындағы «эволюция» туралы, олардың Стокгольмге баруға ұйғарғаны, т. б. туралы сөз қылып жүр.

Бірақ бұл істі өзгерте ме? Орыс және герман-австрия социал-патриоттары да (тіпті ағылшын-француздардан бұрын!) Стокгольм конференциясына қатысуға ұйғарған жоқ па еді? Олардың осы тоқтамы соғыстың бітуін тездетті деп кім айта алады?

Стокгольм конференциясына қатысып отырған Шейдеманның партиясы, шабуыл жасаушы және Галиция мен Румынияны басып алушы өз үкіметін қолдауын қойып отыр ма?

«Бітім жолындағы күрес» туралы және Стокгольм туралы сөз қылушы Ренодель мен Гендерсонның партиялары, сонымен қатар Месопотамияны, Грецияны басып алушы өз үкіметтерін қолдап отырған жоқ па?

Осы фактылар тұрғанда олардың Стокгольмдегі сөздерінің соғысты жою үшін қандай маңызы бола қоймақ?

Соғыс саясаты мен басып алу саясатын мықтап қолдайтындар өз сырын бүркеу үшін бітім туралы тәтті сөздер айтады, — империалистердің халықты алдау жөнінде қолданатын осы тым ескі әдістерін кім білмейді?

Өткен уақытпен салыстырғанда кәзіргі жағдай өзгерді, сондықтан Стокгольм жөніндегі көзқарасымызды да өзгерткен дұрыс болар еді деушілер бар.

Рас, жағдай өзгерді, бірақ өзгергенде Стокгольмнің пайдасына өзгерген жоқ, мүлде оған қарсы өзгерді.

Ең алдымен, өзгерген нәрсе: соғыс европалық соғыстан бүкіл дүниежүзілік соғысқа айналды, жалпы дағдарысты ақырғы шегіне дейін ұлғайтып, асқындырып жіберді.

Сондықтан империалистік бітімнің және үкіметке «қысым» жасау саясатының мүмкіншіліктері ең төменгі дәрежесіне дейін кеміп қалды.

Екіншіден, өзгерген нәрсе: Россия майданда шабуыл жасау жолына түсті, бостандық біткенді ауыздықтау жөнінде елдің ішкі тіршілігін шабуыл жасау саясатының талаптарына қарай бейімдеді. Өйткені, шабуыл жасау саясатының «кең бостандықпен» сыйыса алмайтындығын, біздің революциямыздың дамуындағы келелі өзгеріс июнь айында-ақ басталғандығын тым болмаса енді түсіну керек қой. Оның бержағында большевиктер түрмелерде «отырып қалды», ал қорғампаздар, шабуылшылдарға айналып, түрмешілердің міндетін атқарып жүр.

Сондықтан «бітім жолындағы күресті» жақтаушы-

лардың халі мүшкілге айналды, өйткені егерде бұрын, өтірік ашылады деп қорқпастан-ақ, бітім туралы айтуға болатын болса, кәзір, «қорғампаздар» жақтаған шабуыл жасау саясатынан кейін, «қорғампаздардың» бітім туралы айтқан сөздері күлкі болып естіледі.

Ал осының бәрі нені көрсетеді?

Көрсететіні сол, Стокгольмдегі бітім туралы айтылған «жолдастық» сөздер және майдандардағы қан төгіс істері бірімен бірі мүлде үйлеспейтін болып шықты, олардың арасындағы қайшылықтар бадырайып, өзінен өзі айқындалды.

Стокгольм конференциясының сөзсіз құлауының себебі осында.

Осыған байланысты Стокгольм жөніндегі біздің көзқарасымыз да біраз өзгерді.

Бұрын біз Стокгольм ісінің бетін ашып әшкерелеп келіп едік. Кәзір оны әшкерелеп жатудың ешқандай қажеті жоқ, өйткені ол өзін өзі әшкереледі.

Бұрын оны, бітім жөніндегі ойыншық деп, бұқараны алдауға түсіретін ойыншық деп масқаралау керек болды. Кәзір оны масқаралап жатудың ешқандай қажеті жоқ, өйткені жығылғанды ұрмас болар.

Ал бұдан шығатын қортынды: Стокгольмге апаратын жол бітімге жеткізетін жол емес.

Бітімге жеткізетін жол Стокгольмге соқпай, жұмысшылардың империализмге қарсы революциялық күресі арқылы жүреді.

„Рабочий и Солдат" № 15,
9 август, 1917 ж.
Басмақала

МОСКВА КЕҢЕСІ ҚАЙДА АПАРАДЫ?

Петроградтан қашу

Москва кеңесі ашылды. Кеңес Петроградта емес, революцияның орталығында емес, одан қашығырақ жерде, «Москваның тыныш саясында» ашылды.

Революция күндерінде маңызды кеңестер, әдетте, Петроградта, патша өкіметін құлатқан революцияның осы берік қорғанында шақырылатын. Ол кезде жұрт Петроградтан қорықпаушы еді, ол кезде оның бауырына кіріп отырушы еді. Ал енді революция күндерінің орнын контрреволюцияның қара көлеңкесі басты. Кәзір Петроград қауіпті, кәзір одан обадан қорққаннан бетер қорқады, және... тікеннен қашқан шайтандай одан аулақ, Москваға қарай қашып жатыр, контрреволюционерлердің ойынша, «ол жер онша тынышсыз емес», ол жерде олар өздерінің қаскүнемдік істерін оп-оңай жүзеге асырмақ.

«Кеңес Москваның туы астында өткізілмек, ал Москва идеялары, Москва ойлары шірік Петроградтан, — Россияны дертке шалдықтырып отырған мерезден аулақ жатыр» («Вечернее Время», 11 август).

Контрреволюционерлер міне осылай дейді.

«Қорғампаздар» оларға әбден қосылып отыр.

«Елдi қорғаушылар», Петроградтан зытып бара жатып — Москваға, Москваға тарт! — деп сыбырласады.

— Барсаң, жолың ашық, — деп оларға революцияшыл Петроград жауап қайырады.

— Кеңеске бойкот, — деп олардың артынан Петроград жұмысшылары үн қатады.

Ал Москва ше? Москва контрреволюционерлердің сенімін ақтай қояр ма екен?

Ондай дәнеңе көрінбейдi. Москвада жалпы ереуiл болып жатқандығы туралы хабарларға газеттер лық толы. Ереуiл жариялаған Москва жұмысшылары. Питер жұмысшылары сияқты, Москва жұмысшылары да кеңеске бойкот жариялап отыр. Москва Петроградтан қалыспай отыр.

Москва жұмысшылары жасасын!

Не iстеу керек, тағыда қашу керек пе?

Петроградтан Москваға қашты, ал Москвадан — қайда қашпақ?

Мүмкiн, Царевококшайскiге қашатын болар?

Версальшыл мырзалардың халдерi нашар, өте нашар...

* * *

Кеңестен «ұзақ парламентке»[65] дейiн

Москва кеңесiн дайындағанда, «қорғаушы» мырзалар, ешнәрсе шешпейтiн, ешқандай мiндет артпайтын «жай кеңес» шақырғалы жүрген адамдарға ұқсап көрiндi. Бiрақ «жай кеңес» бiрте-бiрте «мемлекеттiк» кеңеске, одан соң — «ұлы жиынға» айнала бастады, ал қазiр кеңестi бiздiң өмiрдегi маңызды мәселе-

лерді шешетін «ұзақ парламентке» айналдыру жөнінде ашықтан-ашық сөз қылып жүргендер бар.

«Егер Москва кеңесінде — дейді Терек казак әскерлерінің атаманы Караулов, — елді біріктіретін орталық шындалып шықпаса, онда Россияның болашағы өте қайғылы күйге ұшырамақ. Бірақ осындай орталық құрылар деп ойлаймын... ал егерде... мұндай іргелі тірек құрылатын болса, онда Москва кеңесінің қабілетті орган болатындығы былай тұрсын, Кромвель заманындағы «ұзақ парламент» сияқты оның өте ұзақ, айқын дәурен сүруге мүмкіншілігі бар. Казактардың өкілі ретінде, мен, өз тарапымнан, осындай біріктіргіш орталықты құруға көмектесуге барынша тырысамын» («Русские Ведомости», кешкісі, 11 август).

«Казактардың өкілі» міне осылай дейді.

Москва кеңесі контрреволюцияны «біріктіретін орталық» болсын дейді — Карауловтың ұзын сөзінің қысқаша мағнасы міне осы.

Өзінің өкілдеріне берген тапсырмасында Дон казактары да нақ осыны айтады:

«Үкіметті бұрынғыша белгілібір партия емес, Москва кеңесі немесе Мемлекеттік думаның Уақытша комитеті ұйымдастыратын болсын. Осындай үкіметтің қолына өкімет билігі толық беріліп, ол тәуелсіз етілетін болсын».

Дон казактарының әскери қауымы міне осылай дейді.

Ал «казактар — белді күш» екенін қәзір кім білмейді?

Ешбір күмәнсіз нәрсе: не кенес болмайды, не ол сөзсіз контрреволюцияның «ұзақ парламентіне» айналады.

Кеңесті шақырған меньшевиктер мен эсерлер, өздері қалады ма, жоқ па, — бәрібір, қалайда контрреволюцияның ұйымдасу ісін жеңілдетіп отыр.

Факты осындай.

* * *

Олар кімдер?

Олар, контрреволюцияның осы шонжарлары, кімдер?

Олар, ең алдымен, соғысқұмарлар, казактардың және Георгиев кавалерлерінің белгілі топтарын сондарына ертіп жүрген командалық құрамдағы басшылар.

Олар, екіншіден, Рябушинский бастаған, егерде халық өзінің талаптарынан бастартпайтын болса, оны «ашаршылыққа» және «қайыршылыққа» ұшыратам деп қорқытатын кәдімгі Рябушинский бастаған біздің өнеркәсіпті буржуазия.

Олар, ақырында, орыс халқына қарсы, революцияға қарсы генералдар мен өнеркәсіпшілерді бірлестіріп отырған Милюковтың партиясы.

Осының бәрі генералдардың, өнеркәсіпшілердің және кадеттердің 8—10 августа болған «алғашқы кеңесінде»[66] толық анықталды.

«Ген. Корниловтың есімі барша жұрттың аузында, — деп жазады «Биржёвка». — Кеңесте басым ықпал жүргізіп отырғандар — ген. Алексеев бастаған әскери партия дейтіннің өкілдері және казактар одағының делегаттары. Ген. Алексеевтің бірінші мәжілісте сөйлеген және кеңес сүйсініп қарсы алған сөзі Москвада болатын мемлекеттік кеңесте қайталап айтылмақ» («Вечерняя Биржёвка», 11 август).

Милюковтың жеке листок етіп басып шығаруды ұсынғаны нақ осы сөз!

Онан соң:

«Ген. Каледин өзіне көп көңіл бөлгізіп отыр. Оған ерекше көз жіберіп, оның айтқанына құлақ қойып отырғандар бар. Бүкіл

әскери адамдар соның төңрегіне жыйналып отыр» («Вечернее Время», 11 август).

Ақыр соңында, орындарынан түсірілген және орындарынан әлі түсірілмеген нақ сол генералдар бастаған Георгиев кавалерлерінің және казак одақтарының ультиматумдары жұрттың бәріне мәлім.

Және ол ультиматумдар дереу орындалуда. Өйткені әскери адамдар «бос мылжыңды» сүймейді.

Ешбір күмәнсіз нәрсе: істің түрі әскери диктатураның орнығып, қалыптасуына қарай беталып барады.

Отандық буржуазия мен одақтас буржуазия оны «тек қана» қаржымен қамтамасыз етеді.

«Бьюкенен мырзаның кеңеске» соншама «көңіл бөліп отырғандығы» тегін емес («Биржёвканы» қараңыз), ол да Москваға баруға әзірленіп жатқан сыякты.

Милюков мырзаның сабаздарының масайрап жүргендігі де тегін емес.

Рябушинскийдің өзін өзі «құтқарғыш» Мининге балап отырғандығы, т. б. тегін емес.

* * *

Олардың көздейтіні не?

Олар контрреволюцияның толық үстем болуын көздейді. Алғашқы кеңестің қарарын тыңдаңыздар.

«Әскерлер арасында тәртіп қалпына келсін, сөйтіп өкімет билігі командалық құрамдағылардың қолына өтсін».

Басқаша айтқанда: солдаттарды ауыздықта!

«Орталық өкімет, біртұтас және күшті өкімет бола отырып, коллегиялы мекемелердің жауапсыздықпен билеп-төстеу тәртібін жоятын болсын».

Басқаша айтқанда: жұмысшылар мен шаруалардың Советтері жойылсын!

Үкімет «комитеттердің, Советтердің және сол сықты басқа да ұйымдардың қай-қайсысына болса да тәуелді болудың ізін түгел жоятын болсын».

Басқаша айтқанда: үкімет тек казактардың «советтеріне» ғана және Георгиев кавалерлерінің «конференттеріне» ғана тәуелді болсын.

Қарардың сендіруінше, тек осылай еткенде ғана «Россия аман қалады».

Түсінікті шығар деймін.

Ал, қалай, келісімпаз мырзалар, эсерлер мен меньшевиктер, сіздер «тірі жандардың» өкілдерімен келісім жасауға разысыздар ма?

Әлде, мүмкін, айныған боларсыздар!

Бахытсыз келісімпаздар-ай...

* * *

Москваның үні

Ал Москва өзінің революциялық ісін істеп отыр. Газеттер осы күнге дейін халық жауларының құйыршығы болып келе жатқан, Бүкілроссиялық атқару комитетінің қарарына қарамастан, большевиктердің шақыруы бойынша Москвада кәзірдің өзінде жалпы ереуіл басталды деп хабарлайды.

Атқару комитетіне нағлет таңбасы басылсын!

Москваның революцияшыл пролетариаты жасасын!

Барлық езілгендердің және құл етілгендердің айызын қандыра Москвадағы біздің жолдастарымыздың үні неғұрлым қаттырақ шықсын!

Революцияның ісін жан-тәнімен қорғаудан бас-тартпайтын адамдар дүниеде әлі де бар екенін бүкіл Россия білетін болсын.

Москва ереуіл жасауда. Москва жасасын!

„Пролетарий" № 1,
13 август, .917 ж.
Басмақала

КОНТРРЕВОЛЮЦИЯ ЖӘНЕ РОССИЯ ХАЛЫҚТАРЫ

Революцияның және демократиялық жаңа өзгерістердің күндерінде қозғалыс азат ету ұранымен жүргізілді.

Шаруалар помещиктердің өктемдігінен азат етілді. Жұмысшылар завод әкімшілігінің озбырлығынан азат етілді. Солдаттар генералдардың зорлықтарынан азат етілді...

Азат ету процесі патша өкіметі ғасырлар бойы езіп келген Россия халықтарына да соқпай кете алған жоқ.

Халықтардың «тең праволылығы» туралы декрет және ұлттық тежеудің іс жүзінде жойылуы, украиндардың, финдердің, белорустардың съездері және құрама республика туралы мәселе, ұлттардың өз билігі өзінде болу правосын салтанатты түрде жариялау және оған «кедергі жасамау» жөнінде берілген ресми уәделер — осының бәрі Россия халықтарының ұлы азаттық қозғалысын көрсетті.

Революция күндерінде, помещиктер өмір төрінен тайдырылып, империалистік буржуазия демократия-

нын тегеурінімен тықсырылған кезде осылай болған еді.

Өкімет басына помещиктер (генералдар!) қайта келісімен-ақ және контрреволюцияшыл буржуазия үстем болғансон-ақ жағдай мүлде өзгеріп кетті.

Ұлттардын өз билігі өзінде болуы туралы «ұлы сөздер» және оған «кедергі жасамау» жөнінде берілген салтанатты уәделер ұмыт қалып отыр. Халықтардын ішкі тіршілігіне тікелей қол сұғуға дейін, аса сорақы кедергілер жасалып отыр. Финляндиядағы сеймді[67] таратып отыр: «егер керек болса, Финляндия қысылшаң жағдайда деп жарияланады» деп қорқытып отыр («Вечернее Время», 9 август) Украинанын автономиясын бассыз қалдыруды көрнеу мақсат етіп, Украинанын Радасы мен Секретариатына[68] қарсы жорық басталып отыр. Сонымен қатар, ұлттарды қайрап бір-біріне соқтықтыру және оларға қылмысты түрде «опасыздар» деп сенбеушілік туғызу жөніндегі жексұрын ескі әдістер қалқып үске шығып отыр, мұндағы мақсат: контрреволюциялық-шовинистік күштерге жол ашып, ұлт азаттығы жөніндегі идеяның өзін қанға батыру, Россия халықтарының ортасынан ор қазу, олардын арасында өшпенділік тарату, сөйтіп революция дұшпандарының айызын қандыру.

Бұл халықтардың бауырлас бір семья болып бірігуіне осы арқылы қатерлі соққы беріліп отыр.

Өйткені өзінен өзі айқын нәрсе сол, ұлттарды «түрткілеу» саясаты халықтарды біріктірмейді, қайта, олардың арасында «сепараттық» талаптарды күшейтіп, олардың бірлігін бұзады.

Өйткені өзінен өзі айқын нәрсе сол, контрреволюцияшыл буржуазия жүргізіп отырған, ұлттарды езу

саясатының өзі Россияның «ыдырау» қаупін туғызады, ал буржуазиялық баспасөз соншама жалған түрде және екі жүзділікпен байбалам салып, осы «ыдырауға» қарсы болғансыйды.

Өйткені өзінен өзі айқын нәрсе сол, ұлттарды бірбіріне айдап салу саясаты халықтардың бір-біріне сенімсіздігін және өшпенділігін күшейтетін, революцияның түпкі негіздерін әлсіретіп, бүкілроссиялық пролетариаттың күшін жікке бөлшектейтін ең жексұрын саясат болып табылады.

Дәл сондықтан да біз табиғи түрде осындай саясатқа қарсы күресіп отырған, кем праволы, езілген халықтарға әбден тілектеспіз.

Дәл сондықтан да біз өзіміздің қайраулы қаруымызды жұмсағанда, халықтың «өз билігі өзінде болсын» дегенді сылтау етіп, империалистік аннексия саясатын және күштеп «біріктіру» саясатын жүргізіп отырғандарға қарсы жұмсаймыз.

Біз халықтарды тұтас бір мемлекетке біріктіруге өсте қарсы емеспіз. Біз ірі мемлекеттерді ұсақ мемлекеттерге бөліп майдалауды ешбір жақтамаймыз. Өйткені өзінен өзі айқын нәрсе сол, ұсақ мемлекеттерді ірі мемлекеттер етіп біріктірудің өзі социализмді жүзеге асыру ісін оңайлататын шарттардың бірі болып табылады.

Бірақ біз халықтар осылай біріккенде қалайда өз еркімен біріксін дейміз, өйткені тек осындай бірлік қана тыңғылықты және берік бірлік болады.

Ал бұл үшін, ең алдымен, Россия халықтарының өз билігі өзінде болу правосын, тіпті олардың Россиядан бөлініп шығуға да праволы болуын толық және сөзсіз мойындау қажет.

Онан соң, осы сөз жүзінде мойындауды іспен дәлелдеп, халықтардың өздерінің құрылтай жыйналыстарында территорияларын және саяси құрылысының формаларын кәзірден бастап-ақ белгілеуіне ерік беру қажет.

Тек осындай саясат қана халықтардың сенімі мен достығын күшейте алады.

Тек осындай саясат қана халықтардың шындап бірігуіне жол аша алады.

Сөз жоқ, Россия халықтары күнәсіз емес, сондықтан өздерінің тіршілігін жөнге салу ісінде олардың белгілібір қателер жіберіп алулары мүмкін. Орыс марксистерінің міндеті — осы қателерді олардың өздеріне, ең алдымен, олардың пролетарларына көрсету керек, сын арқылы, ұғындыру арқылы осы қателерін түзеттіру керек. Бірақ ұлттардың ішкі тіршілігіне зорлықпен қол сұғуға және олардың қатесін күшпен «түзетуге» ешкімнің правосы жоқ. Өздерінің ішкі тіршілігін басқару жөнінде ұлттар толық ерікті, сондықтан өздерінің қалауынша өмір сүруге олардың правосы бар.

Россия халықтарының революция жарыялаған, бірақ кәзіргі кезде контрреволюция аяққа басып отырған, негізгі талаптары осылар.

Өкімет басында контрреволюция тұрған кезде, бұл талаптарды жүзеге асыру мүмкін емес.

Революцияның жеңуі керек — Россия халықтарын ұлт езушілігінен азат ететін бірден-бір жол міне осы.

Қортынды біреу: ұлт езушілігінен азат ету мәселесі — өкімет туралы мәселе болып табылады. Ұлт езушілігі помещиктер мен империалистік буржуазияның үстемдік етуінен туады. Өкіметті пролетариат пен революцияшыл шаруалардың қолына әперу керек — Рос-

сия халықтарын ұлт езушілігінен толық азат ету дегеніміздің мәнісі нақ осы.

Не Россия халықтары жұмысшылардың өкіметті алу жолындағы күресін қолдайды, онда — олар азаттық алады, не олар бұл күресті қолдамайды, онда — олар азаттықты өңі түгіл, түсінде де көре алмайды.

„Пролетарий" № 1,
13 август, 1917 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

ЕКІ ЖОЛ

Кәзіргі жағдайдағы негізгі мәселе — соғыс туралы мәселе. Экономикалық бүліншілік және азық-түлік ісі, жер мәселесі және саяси бостандық — осылардың бәрі де соғыс туралы жалпы бір мәселеден шығатын жеке мәселелер.

Азық-түлік бүліншілігі неден туды?

— Транспортты кері кетіріп, қаланы астықсыз қалдырған созалаң соғыстан туды.

Финансылық-экономикалық бүліншілік неден туды?

— Россияның барлық күштері мен қаражатын сорып алған, бітпес соғыстан туды.

Майдандағы және тылдағы жазалау шаралары неден туды?

— «Темір тәртіп» болуын талап ететін соғыстан және шабуыл жасау саясатынан туды.

Буржуазиялық контрреволюцияның үстем болуының себебі неден туды?

— Тағыда миллиардтап ақша жұмсауды керек етіп отырған соғыстың жалпы беталысынан туды, оның бержағында, одақтас буржуазияның қолдауындағы отандық буржуазия революцияның негізгі же-

ңістерін алдын ала жоймайынша, кредит беруден бас-тартып отыр.

Тағысын тағылары, тағы басқа осы сияқтылары толып жатыр.

Сондықтан соғыс мәселесін шешу керек — елді тұншықтырып отырған «дағдарыс» атаулының бәрін де шешу дегеніміздің мәнісі нақ осы.

Ал мұны қалай істеу керек?

Россияның алдында тұрған екі жол бар.

Не соғыс созыла түсіп, майданда «шабуыл» жасала береді, онда — ішкі және сыртқы заёмдар арқылы ақша табу үшін өкімет билігі контрреволюцияшыл буржуазияның қолына сөзсіз көшеді.

Мұндай жағдайда елді «қорғау» дегеннің мәнісі империализмнің орыс жалмауыздары мен одақтас жалмауыздарының пайдасына бола соғыстың шығындарын жұмысшылар мен шаруалардың есебіне өтегендік болады (көлденең салықтар!).

Не, революцияны ілгері бастырып, жерді шаруаларға әперу үшін, өнеркәсіпте жұмысшы бақылауын орнату үшін және бүлініп жатқан халық шаруашылығын капиталистер мен помещиктердің пайдаларының есебіне тәртіпке келтіру үшін, өкімет жұмысшылар мен шаруалардың қолына өтеді, бітімнің демократиялық шарттары жарияланып, соғыс тоқтатылады.

Мұндай жағдайда елді қорғау дегеннің мәнісі империализм жалмауыздарына нұқсан келтіре жұмысшылар мен шаруаларды соғыстың финансылық ауыртпалықтарынан босатқандық болады.

Бірінші жол еңбекшілердің үстінен помещиктер мен капиталистердің диктатурасын орнатуға алып барады, елге орасан ауыр салық түсіреді, Россияны бірте-бірте

шет ел капиталистеріне саткызады (концессия!) және Россияны Англияның, Американың, Францияның отарына айналдырады.

Екінші жол Батыста жұмысшы революциясының эрасын ашады, Россияны шырмап алған финансы торын бұзады, буржуазия үстемдігінің түп негізін қопарады, сөйтіп Россияны шындап азат ету үшін жол ашады.

Қарама-қарсы екі таптың — империалистік буржуазия мен социалистік пролетариаттың мүдделерін білдіретін екі жол міне осы.

Үшінші жол жоқ.

Империализм мен социализмді бітістіру қандай мүмкін емес болса, бұл екі жолды бітістіру де сондай мүмкін емес.

Буржуазиямен келісім (коалиция) жасау жолы сөзсіз сәтсіздікке ұшырайтын жол.

«Демократиялық платформаға негізделген коалиция керек—міне жол осы» деп жазады қорғампаз мырзалар Москва кеңесі жөнінде («Известия»[69]).

— Дұрыс емес, келісімпаз мырзалар!

Сіздер буржуазиямен үш рет коалиция жасадыңыздар, бірақ әрқашан жаңадан «өкімет дағдарысына» ұрынып отырдыңыздар.

Неге?

Неге десеңіз, буржуазиямен коалиция жасау жолы — қазіргі жағдайдың мерездерін жасыратын жалған жол.

Неге десеңіз коалиция не құрғақ сөзге айналады, не өзінің өкіметін «социалистердің» қолымен нығайтатын империалистік буржуазияның қолындағы құралға айналады.

Екі лагерьдің ортасынан орын алуға тырысқан кәзіргі коалициялық үкімет кейіннен империализмнің жағына шығып кеткен жоқ па?

«Москва кеңесі», контрреволюцияның позицияларын нығайту үшін, сөйтіп «ізгі адамдардың» тарапынан осы іске санкция (және кредит!) алу үшін шақырылмағанда, не үшін шақырылды?

Әрине, «отан» мен «соғыстың» мүдделері үшін «құрбандықтан» тайынбауға және «таптық шеңберді тарылтуға» шақырған Керенскийдің «кеңесте» сөйлеген сөзі империализмді қолдағандық емей немене?

Ал Прокоповичтің: үкімет «жұмысшылардың өндіріс орындарын басқару ісіне араласуына (жұмысшы бақылауы!) жол бермейді» деген сөзін қайтесіз?

Ал нақ сол министрдің: «жер мәселесі жөнінде үкімет ешқандай күрделі реформалар жасамақ емес» деген сөзін қайтесіз?

Ал Некрасовтың: «үкімет жеке меншікті конфискацияламайды» деген сөзін қайтесіз?

Мұның өзі империалистік буржуазияның мүддесі үшін тікелей қызмет еткендік емей немене?

Коалицияның Милюковтар мен Рябушинскийлерге жағымды және пайдалы бетперде ғана екендігі айқын емес пе?

Келісім жасау және таптар арасында күлтектеу жолы — халықты алдап, ақмақ ету жолы екендігі айқын емес пе?

Жоқ, келісімпаз мырзалар! Бұлталақтыққа және келісімпаздыққа ендігәрі жол беруге болмайтын уақыт жетті. Контрреволюционерлердің «заговоры» туралы Москвада кәзір анық сөз болып жүр. Буржуазиялық баспасөз, «Риганың берілгендігі»[70] туралы лақап тара-

тып, бопсалаудың сыналған әдісін қолданып отыр. Мұндай кезеңде таңдау керек.

Не пролетариатты жақтау керек, не оған қарсы шығу керек.

Петроград және Москва пролетариаты, «кеңеске» бойкот жарыялап, революцияны шындап қорғау жолына түсуге шақырып отыр.

Олардың үніне құлақ асыңдар, немесе жолдан былай кетіңдер.

„Пролетарий“ № 2,
15 август, 1917 ж.
Басмақила

МОСКВА КЕҢЕСІНІҢ ҚОРТЫНДЫЛАРЫ

Москва кеңесі жабылды.

«Қарама-қарсы екі лагерьдің қатты шайқасуынан» кейін, Милюковтардың Церетелиге қарсы жүргізген «қанды ұрысынан» кейін, ұрыс аяқталып, жаралыларды жыйнап алғаннан кейін, — Москвадағы «ұрыс» немен тынды, кім ұтты, кім ұтылды? — деп сұрау әбден орынды.

Кадеттер рыйза болып, қолын қысып мәз болуда. «Халық бостандығының партиясы, дейді олар, өзінің ұрандары... бүкілхалықтық ұран болып... танылғанын мақтаныш ете алады» («Речь»).

Қорғампаздар да рыйза, өйткені олар «демократияның (қорғампаздардың — деп оқыңыз!) салтанаты» туралы әңгіме етуде, олардың айтуынша, «демократия Москва кеңесінен нығайып шығып отыр» («Известия»).

«Большевизмді жою керек», — дейді Милюков кеңесте, ал «тірі жандардың» өкілдері оның сөзін ду қол шапалақтап қостайды.

Мұны біз істеп жатырмыз, деп жауап қайырады Церетели, өйткені большевизмге қарсы «қазірдің өзін-

де-ақ ерекше заң іске асырылды». Сонымен қатар «революция (контрреволюция — деп оқыңыз!) солшыл қауіпке қарсы күреске әлі тәжрибелі емес», — біздің тәжрибе алуымызға мұрсат беріңіздер дейді.

Мұны кадеттер де мақұлдайды: большевизмді бірден емес, бірте-бірте жойған дұрыс деп есептейді, жойғанда өз қолымызбен емес, өзгенің қолымен, нақ сол қорғампаз «социалистердің» қолымен жою жөн дейді.

«Комитеттер мен Советтерді жою керек», — дейді генерал Каледин, ал «тірі жандардың» өкілдері оның сөзін ду қол шапалақтап қостайды.

Дұрыс айтасыз, деп жауап қайырады оған Церетели, бірақ әлі ерте, өйткені «еркін революцияның (контрреволюцияның — деп оқыңыз!) мекені әбден салынып бітпей тұрып, бұл сатыны алып тастауға әзір болмайды». «Салып бітіруге» мұрсат беріңіздер, сонсын Советтер де, Комитеттер де жоғалады!

Мұны кадеттер де мақұлдайды: Комитеттер мен Советтерді бірден жойғаннан гөрі оларды империалистік механизмнің қарапайым шылауына айналдырған жөн деп есептейді.

Осының нәтижесінде — «жаппай салтанат та болды», «көңілдері де көншіді».

Газеттерде: «социалист министрлер мен кадет министрлердің арасында кеңестен бұрынғыдан гөрі зор ынтымақ жасалды» деп тегін жазылып отырған жоқ («Новая Жизнь»).

Кім ұтты, деп сұрайсыз ғой сіз?

Капиталистер ұтты, өйткені үкімет кеңестің өзінде «өндіріс орындарын басқару ісіне жұмысшылардың араласуын (бақылау!) болдырмауға» міндеттенді.

Помещиктер ұтты, өйткені үкімет кеңестің өзінде «жер мәселесі жөнінде ешқандай күрделі реформалар жасамауға» міндеттенді.

Контрреволюцияшыл генералдар ұтты, өйткені Москва кеңесінде өлім жазасын жүргізу мақұлданды.

Кім ұтты, деп сұрайсыз ғой сіз?

Контрреволюция ұтты, өйткені ол бүкіл Россия көлемінде ұйымдасты, ел ішіндегі Рябушинский мен Милюков тектес, Церетели мен Дан тектес, Алексеев пен Каледин тектес барлық «тірі жандарды» өзінің төңрегіне топтастырды.

Контрреволюция утты, өйткені ол «революцияшыл демократия» дейгінді өзінің қарамағына алып отыр, оны халық қаһарынан қорғанатын бүркеніш етіп пайдаланып отыр.

Енді контрреволюционерлер жалғыз емес. Енді бүкіл «революцияшыл демократия» соларға жұмыс істеп отыр. Енді «орыс жерінің» «қоғам пікірі» солардың қарамағында болып отыр, ал қорғампаз мырзалар осы «қоғам пікірін» «үздіксіз» пісіре бермек.

Контрреволюцияға тәжі кигізілді — Москва кеңесінің нәтижесі міне осындай.

«Ал демократияның салтанаты» туралы кәзір оттап жүрген қорғампаздар өздерінің масайраушы контрреволюционерлерге қызмет істеу үшін тек малайлыққа алынғандығын сезбей де отыр.

«Адал коалицияның» саяси мағнасы осы, тек қана осы; Церетели мырза нақ осыны «жалбарынып» тіледі, ал Милюков сиякты мырзалар бұған ешбір қарсы емес.

Революцияшыл пролетариат пен кедей шаруаларға қарсы империалистік буржуазия ішіндегі «тірі жандар-

мен» қорғампаздар «коалиция» жасасты, — Москва кеңесінің қортындылары осындай.

Осы контрреволюциялық «коалиция» қорғампаздар үшін қаншалық ұзақ өмір сүреді — оны таяудағы болашақ көрсетеді.

„Пролетарий" № 4,
17 август, 1917 ж.
Бас мақала

МАЙДАНДАҒЫ ЖЕҢІЛІСІМІЗ ТУРАЛЫ ШЫНДЫҚ

Төменде біз майдандағы әскерлеріміздің июльдегі жеңілуінің себептері туралы жазылған документтік маңызы бар екі мақаладан үзінділер алып басып отырмыз.

Мақаланың екеуі де, Арсений Меричтің мақаласы да («Дело Народа» газетінде), В. Борисовтың мақаласы да («Новое Время»[71] газетінде) июльдегі жеңілісті әділ зерттеу жолына түсуге, сорақы адамдардың большевиктерге тағып жүрген қыйсынсыз айыптарын түріп тастауға тырысады.

Сондықтан да бұлардың мойындаулары мен мәлімдемелері аса бағалы.

А. Меричтің мақаласында көбінесе жеңіліске **айыптылар** туралы айтылады. Айыптылар «бұрынғы городовойлар мен жандармдар», ең алдымен әлдекімнің, «әлденендей автомобильдері» көрінеді; бұлар Тарнополь мен Черновицыны қорғаған армияны аралап жүріп, солдаттарға кейін шегінуге бұйырыпты. Бұл неткен автомобильдер және командирлер осы нағыз барып тұрған провокацияға қалай жол берген, — амал не, бұл туралы автор ләм демейді. Бірақ ол «шегінуге

арандатушылықтың болғаны» туралы, «күн бұрын көңілге тоқылған, екшелген жоспар бойынша жасалған опасыздық» туралы, тексеру жүргізіліп жатқандығы туралы, көп ұзамай «жасырын сырдың жария болатындығы» туралы айқындап, ашық айтады.

Ал большевиктер ше? «Большевизмнің опасыздығы» ше?

Бұл туралы А. Меричтің мақаласында — бір жол да, бір ауыз сөз де жоқ!

В. Борисовтың «Новое Времяда» басылған мақаласы одан да қызғылықты. Бұл мақалада айыптылардан гөрі жеңілістің себептері туралы көбірек айтылады.

Ол мақала тура былай дейді: «біздің жеңілісіміз жөнінде большевиктерге тағылып жүрген дәлелсіз айыпты бекерге шығарамыз», әңгіме большевизмде емес, «анағұрлым астарлы себептерде», бұл себептерді анықтап, жою керек. Ал бұл неғылған себептер? Бұл, ең алдымен, «шала генералдарымыз» барда, әскерлеріміздің «жабдық жағы» нашар кезінде, солдаттардың ұйымшылдығы жоқ кезде біз үшін шабуыл тактикасының жарамсыздығы болып отыр. Онан соң июнь айында шабуыл жасау жөнінде омыраулап қоймаған, ақырында өз айтқанын істеткен «дилетант» (тәжрибесіз) элементтердің араласқандығы болып отыр. Ақырында, майдандағы шын жағдаймен есептеспестен, шабуыл жасау қажеттігі туралы одақтастардың берген кеңестерін орындауға үкіметтің тым тақ тұрғыштығы болып отыр.

Қысқасы: шабуыл жасауға «біздің» жалпы дайынсыздығымыз болды, осының салдарынан шабуыл қанды авантюраға айналды.

Яғни большевиктер мен «Праванының» әлденеше рет

ескерткендерінің бәрі де расталып отыр, ал бұларға нақ сол үшін кім көрінген кінә тағып келген болатын.

Майдандағы жеңіліс жөнінде күні кеше бізді кінәлап жүргендер енді осыны айтып отыр.

Енді «біздің жеңілісіміз жөнінде большевиктерге тағылып жүрген дәлелсіз айыпты бекер деу керек» деп есептейтін «Новое Времяда» келтірілген стратегиялық және басқа әшкерелеулер мен пікірлерге жайбарақаттанып отырудан біз аулақпыз.

А. Меричтің хабарларын әбден тыңғылықты деп есептеуден де біз аулақпыз.

Бірақ біз мынаны атап айтуға тиіспіз: егер министрлік газет «Дело Народа» жеңіліс жөніндегі нағыз айыптылар туралы ендігі жерде үндемей отыруға мүмкін емес деп тапқан болса, егер күні кеше жеңіліс жөнінде большевиктерді айыптап жүрген суворииндік «Новое Время» газетінің өзі де (өзі де!) бүгін бұл айыпты «большевиктерге тақпау керек» деп отырған болса, — онда мұның өзі қанжарды қап түбіне тығып жасыруға болмайды, жеңіліс туралы шындықтың көзге бадырайып тұрғандығы сонша, ол жөнінде үндемей отыруға болмайды, жеңілістің айыптылары туралы шындықты солдаттардың өздері әйгілеп отырғанда, айыптаушылардың нақ өздерін бетке соққалы отырғанда үндемей отыру дегеніңіз өз басына бәле тілеп алғандық болады дегенді көрсетеді...

Анығында, «Новое Время» газетіндегі мырзалар тектес революция дұшпандарының қыйыстырып, «Дело Народа» газетіндегі мырзалар тектес революция «достарының» қолдап большевиктерге таққан айыбы, жеңіліске большевиктер кінәлі деп таққан айыбы — **біржолата күйреді.**

Сондықтан, тек сондықтан ғана, енді осы мырзалар жеңіліс жөніндегі **нағыз** айыптылар туралы сөйлеуге мәжбүр болды.

Бұл мырзалардың апатқа ұрынған кемені елден бұрын тастай қашатын әккі атжалмандарға өте ұқсайтыны рас емес пе...

Бұдан қандай қортындылар шықпақ?

Бізге майдандағы жеңіліс жайы тексеріліп жатыр дегенді айтады, оның үстіне, көп ұзамай «жасырын сыр жарыя болады» деп сендіреді. Бірақ тексерудің нәтижелері көзден таса болмайды деуге, тексеру ісі әділ жүргізіледі деуге, сөйтіп айыптылар лайықты жазасын тартады деуге қандай дәлел бар?

Сондықтан біздің бірінші ұсынысымыз: **тексеру комиссиясына солдаттардың өз өкілдерінің қатысуын қамтамасыз ету керек.**

Тек осындай қатысу ғана «арандатудан болған шегіну» жөніндегі айыптыларды анықтап әшкерелеуді қамтамасыз етеді!

Бірінші қортынды осындай.

Бізге жеңілістің себептерін айтып, ескі «қателерді» қайталамау керек деседі. Бірақ «қателер» «күн бұрын ойланып жасалған жоспар» емес, шынында да қате болды деуге қандай дәлел бар? Тарнопольді қолдан беруге «арандатқаннан» кейінгі жерде, революцияның беделін түсіру мақсатымен, сонсын революцияның қыйраған қонысына ескі тәртіптерді орнату мақсатымен Рига мен Петроградты да қолдан беруге «арандатушылықтың» болмайтындығына кім кепіл бола алады?

Сондықтан біздің екінші ұсынысымыз: **өз бастықтарының әрекеттерін солдаттардың өз өкілдері бақы-**

лап отыратын ету керек, барлық күдіктілерді дереу алып тастап отыру керек.

Тек осындай бақылау ғана революцияны зор көлемдегі қылмысты провокациялардан қауіпсіз ете алады.

Екінші қортынды осындай.

„Пролетарий" № 5,
18 август, 1917 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

МАЙДАНДАҒЫ ИЮЛЬ ЖЕҢІЛІСІНІҢ СЕБЕПТЕРІ ТУРАЛЫ

Майдандағы жеңіліс жөнінде орынсыз айыпталған большевизмге жауыздық жала жабылғаны барлық жұрттың есінде. Буржуазиялық баспасөз бен «Дело Народа», «Биржёвкадағы» және «Рабочая Газетадағы» провокаторлар, «Новое Время» мен «Известиядағы» патшаның бұрынғы малайлары — осылардың бәрі де большевиктердің басына бірауыздан қарғыс жаудырып, оларды жеңіліс жөніндегі айыптылар деп жариялады.

Айыптыларды большевиктердің арасынан емес, «сырлы автомобильдерін» жұмсап, шегінуге шақырып, солдаттардың ішінде үрейшілдік тудырған адамдардың арасынан іздеу керек екендігі кәзір анықталып отыр (қараңыз: «Дело Народа», 16 август).

Бұл неткен «автомобильдер», онсоң **командирлер қайда жүрген,** осы сырлы автомобильдердің әрлі-берлі сумаңдауына қалай жол берген, — амал не, «Дело Народаның» тілшісі бұл туралы үн қатпайды

Жеңілістің себебін большевизмнен емес, «анағұрлым астарлы себептерден», біз үшін шабуыл тактикасының жарамсыздығынан, шабуылға біздің

дайындалмағанымыздан, «біздің генералдардың шалалығынан» және басқа жақтардан іздеу керек екендігі енді анықталып отыр (қараңыз: «Новое Время», 15 август).

Жұмысшылар мен солдаттар «Дело Народа» мен «Новое Времяның» көрсетілген номерлерін бір емес, әлденеше рет оқып шықсын да, мына жағдайларды біліп алсын:

1) майдың аяқ кезінде-ақ майданда шабуыл жасаудан сақтандырған большевиктердің айтқаны мейлінше дұрыс болып шықты («Правданың» номерлерін қараңыз);

2) июньнің бас кезінде-ақ Советтер съезінде большевиктердің шабуылға қарсы ұсынысын өткізбей тастаған және шабуыл жасауды үгіттеген меньшевиктер мен эсерлердің көсемдерінің әрекеті мейлінше қылмысты әрекет болып шықты;

3) июль жеңілісі жөніндегі жауапкершілік, ең алдымен, Милюковтар мен Маклаковтардың, Шульгиндер мен Родзянколардың бастарына, июньнің бас кезінде-ақ майданда «дереу шабуыл жасауды» Мемлекеттік думаның атынан «талап еткендердің» бастарына түседі.

Аталған мақалалардан үзінділер мынадай.

1) Арсений Меричтің хабарынан үзінділер («Дело Народа», 16 август):

«Неліктен? Бұл бәлекет екі жақтан бір мезгілде дерлік—Тарнополь тұсында да, Черновицы тұсында да — неліктен сап ете түсті? Сонда тұрған полктердің тұтқыйыл рухсыздануы неліктен? Не болды? Адамдар ниетіндегі осы тұтқыйыл өзгерістің себебі не?

Офицерлер, солдаттар іркілмей жауап береді. Жауаптарының

бәрі дерлік сөзбе-сөз үйлесіп жатыр, сонсын әрбір жеке жауаптың өзі сұрапыл оқиғаны ерекше сыйпатпен толықтыра түседі...

Майданшылар үрейшілдіктің, алдыңғы шептерден кейін лықсудың ең басты себепкерлері бұрынғы городовойлар мен жандармдар болды деп есептейді.

Олар ұйымдасып әрекет істеді ме?

— Айту қиын, — дейді интеллигенттеу прапоршик, өзі шаруадан шыққан, партияда бар, социал-революционер, Солдат және Жұмысшы Депутаттары Советінің жергілікті Атқару Комитетінің мүшесі. — Бірақ әрдайым сөзсіз анықталып отырған нәрсе: жау жақын деп, жаудың саны есепсіз деп, бір-екі сағаттан соң бізге улы газдар жібереді деп үрей тудырған, өсек-аяң таратқан — тек қана бұрынғы «перғауындар» болды... Көпшілігіміз былай деп ойлаймыз: бұрынғы городовойлар, жандармдар — тіпті саналы опасыздар емес, әншейін «бассауғалаушылар», әншейін қорқақтар. Ал көзге түспейтін шпиондар, провокаторлар өздеріне аса керекті адамдарды осылардың арасынан табуға болатынын бірден тіміскіп біле қойды...

Пайымды және аңдағыш адамдардың әңгімелеріне қарағанда, біздің әскерлердің масқара шегінуі міне былай болған...

Рота-ротасымен ағылып кележатқандар, кең жол... Роталар арасы онша алшақ болмаған...

Кенет — будақтаған шаң... Алдағылар бөгеледі, оның мәнісін ешкім білмейді... Роталар тоқтап, шыйыршық атуда, өзара тіл қатысады... Алдағыны көру үшін, будақтап келе жатқан шаңның мәнісін білу үшін, мойындарын созып қарасады... Ағып келе жатқан автомобильдер, сырнайын шалады, міне олар тіпті жақын қалды, сонда айқай шықты: «қайт кейін... қайт... австриялықтар». Айқайлаған кімдер, автомобильдегілер кімдер, — біліп болмайды, сондай зымырап барады. Кейде әрең ажыратасың — бірі гимнастеркалы, әлде-неңдей погондары бар, кейде тіпті дәнеңе ажырата алмайсың... Іс бітті — австриялықтардың қайда екенін, ескертушілер кімдер екенін әлі де ешкім аңғарып болмай-ақ, жұрт кейін қарай зыта бастады... Ес жыйғанша — екінші автомобиль. Тағыда айқай: «Австриялықтар!!! австриялықтар!!! Позиция... түгел берілді... Газ. Тез, тез... қайт кейін... қайт...»

Мұның өзі жұртты лезде індеттей шырмап алған үрейшілдік болды... Нақ сөз байласып қойғандай бірауыздан, таңғажайып

ептілікпен істелген осы опасыздык, тәрізі, күн бұрын көңілге тоқылған, әбден екшелген жоспар бойынша болса керек... Осындай номерсіз автомобильдердің жыйырма шақтысын көз алдымыздан өткіздік. Жетеуін ұстап алдық, әрине, ішіндегілер біздің полктерге мүлде жат, бөтен адамдар болып шықты... Ал он сегізі ұстатпай кетті. Айқайдан есі шыққан, алдағылардың шегіне бастағанын көрген роталар, кілт бұрылып, қаша жөнелді... Австриялықтар бос қалған калаға, бос қалған мекендерге келіп кірді, сонсын бейне жексенбіде- серуен құрғандай, бізге таман, ілгерілей берді — оларға бөгет жасаған жан болған жок...

Екінші бір топқа Тарнопольдан шыққан солдаттар біріндеп келе бастайды, екі-үшеуінде университет белгілері бар. Бәрі де болған оқыйғаны толықтыра, арандатушылық шегінуді сыйпаттайды. Шегінудің батырлары алаяқтар, шпиондар, опасыздар болыпты... Олар кімдер? Бұл сұрауға таяудағы болашақ жауап береді. Ал ұстатпай кеткендері, осы күнге дейін қолға түспей жүргендері қайда жоғалды? Олар қай бағытта жұмыс істеп жүр? Өздерінің қылмысты жұмыстарын қазір қандай ұрандармен бүркеп жүр? Тарнопольден шегінудегі сұмдықты өз көзімен көргендер, майдан адамдары: осы күнге дейінгі барлық жасырын сыр көп ұзамай жұрттың бәріне жарыя болады, сөйтіп масқара сыр ашылған соң-ақ, ең пасық опасыздықтың, алдаудың торына іліккен Тарнополь түбіндегі армиядан да наглет таңбасы алынады деп сенеді».

2) Борисовтың «большевизм және біздің жеңілуіміз» деген мақаласынан үзінділер («Новое Время», 15 август):

«Біздің жеңілуіміз жөнінде большевизмге тағылып жүрген орынсыз айыпты біз бекерге шығарғымыз келеді. Жеңілуіміздің шын себептерін біз ашып бергіміз келеді, өйткені тек сонда ғана біз өз бахытсыздығымызды қайталамайтын халге жетеміз. Әскери бахытсыздықтың себебін табылатын жерден іздемесе, соғыс өнері үшін бұдан асқан қатерлі нәрсе жоқ. Июль жеңілісі жалғыз большевизмнің әрекетінен болған жок, ол анағұрлым күрделі себептерден туып отыр, айтпесе аса үлкен жеңілістің өзі біздің армия ішінде большевизм идеяларының аса зор маңызы бар екендігін көр-

сеткен болар еді, ал шындығында мұндай жағдай, әрине, жоқ және болуы да мүмкін емес. Онда тіпті большевиктердің өздері де өз насихатының келелі нәтижелер бергеніне қайран болулары ықтимал. Ал егер бар әңгіме большевиктерде ғана болған болса, орыс армиясының соры енді арылды деп есептеуге болар еді. Амал не, жеңілістің мәнісі бұдан анағұрлым терең жатыр: 18 июньдегі шабуылдың басталар алдында-ақ соғыс өнерінің мамандары осылай боларын білген; 18 июньдегі «революцияшыл» полктер туралы «шаттық» хабарларда, «қызыл» туларда, тағыда басқаларында қатерлі қауіп бар еді.

Ставкаға 18 июнь күні тамаша нәтижелерге жеттік деген оперативтік телеграммалар келгенде, біз анығында мұның ешбір тамаша жері жоқ екенін білгенбіз, өйткені біздің алғанымыз болмашы ғана бекіністер еді; жау қазіргі күресте өзінің жеңуін қамтамасыз ету үшін бұл бекіністерді құрбан етуге тиісті болды; сонда біз: «егер немістер қарсы соққымен жауап бермесе, онда бұл біз үшін зор бахыт» дегенді айтқанбыз. Бірақ қарсы соққы жасалды, соның нәтижесінде орыс армиясы, 1815 жылғы француз армиясы сияқты, үрейлі жұрттың тобырына айналды. Анығында апаттың өзі жалғыз большевизммен болған жоқ, армияның организмінде терең жатқан басқа бір себептен болды, ал жоғарғы командование мұны аңғара білмеді, ұғынбады. Газет мақаласына лайықты мүмкіншіліктерді барынша пайдалана отырып, біз өзімізді жеңіліске ұшыратқан нақ осы себепті, большевизмнен гөрі анағұрлым маңызды себепті көрсетіп өтпекшіміз, өйткені уақыт тығыз.

Герман «милитаризмі»: «шабуыл дегеніміз ұрыс әрекеттерінің ең күшті формасы» деген әскери-ғылыми ереже шығарған болатын. Немістің ережесі соғыстың алғашқы кезінен бастап-ақ (Самсонов пен Ренненкампфтың орасан жеңіліске ұшырауы) біз үшін жарамсыз болып шықты: шала генералдар мен шала солдаттар үшін төңірегі қамтамасыз етілген қорғаныс қана мүмкін нәрсе. Соғыстағы табиғи шығын артқан сайын, генералдардың, офицерлердің құрамы да, сол сияқты төменгі чиндердің құрамы да нашарлай берді, сондықтан қорғаныс біз үшін ұрыс әрекетінің ең тиімді формасы бола бастады. Егер осының үстіне позициялық соғыстың өріс алғанын және жабдық заттың сорақы тапшылығын еске алсақ, «шабуылдан» сақтану үшін большевик болмай-ақ, тек нәрсенің парқын ұғыну керек! «Народное Слово» газеті, Б. В. Савинковтың айтуынша

былай дейді: солдат бұқарасы, большевиктік үгіттің әсерімен, дезертирлер — отанға опасыздық істеушілер емес, «халықаралық социализмнің» жолын қуғандар деп сене бастады. Солдаттың сырын «комитеттердің» білгенінен гөрі артық білетін ескі офицерлердің қандайы болса да: бұлайша ойлау — біздің төменгі чиндегілердің даңқты және естиярлы құрамын тым төмен бағалағандық дер еді. Бұл құрамдағылардың ақыл-есі бүтін; мемлекет жөнінде ап-айқын ұғымдары бар; генерал мен офицердің де — айтулы солдат екендігін әбден жақсы біледі; төменгі чин деген атауды солдат деген жалпы атақпен (мағнасыздықпен) өзгерткенге күледі, ал бұлай етудің өзі осы құрметті атақтың қадірін кетірді, өйткені ең артқы тылдағы қоқыс команда да «солдаттардан» құралған; онсон «дезертирдің» аты дезертир екендігін, яғни жексұрын қашқын екендігін әбден жақсы түсінеді. Ал егер «шабуылдан бастарту» жөніндегі большевиктер насихаттап жүрген идеяны армиямыздың осы естиярлы құрамы орындай бастаған болса, оның бірден-бір себебі, бұл идея табиғи нәтижелерден, соғыстағы біздің бүкіл тәжрибемізден туды. Екі түрлі нәрсе бар: шабуыл жаса, соққы бер деп ағылшынға, французға айту бір басқа да, нақ осыны орысқа айту бір басқа. Аналар жанға жайлы тамаша бекіністерге орналасқан, сөйтіп өздерінің құдіретті артиллериясы алдағының бәрін қашан жайпағанша күтіп отырады да, тек сонда ғана олардың жаяу әскері шабуылға шығады. Ал біз болсақ, әрдайым, әр жерде-ақ қыруар жұрттың омырауымен қайрат көрсеттік, сөйтіп таңдаулы полктерімізді түгелінен қырғынға ұшыратып отырдық. Біздің гвардиямыз қайда? біздің атқыштарымыз қайда? Полк 2 — 3 рет қырғынға ұшыраған болса, сонша рет, кәдімгідей емес, тіпті ең жақсы элементтермен толықтырылған болса, осындай полк «шабуыл ұрыс әрекеттерінің ең күшті формасы» дей қояр ма екен, әсіресе, орасан шығындардың қасында нәтижелер мандымсыз болып отырғанда, олай дей қоймас. Бұрынғы жоғарғы командование осы тәжрибені еске ала отырып, аса қажет болған күнде ғана соққы беруге көнуші еді, 1916 жылғы майда Брусиловтың Галицияда соққы беруіне осылай рұқсат етілген болатын. Нәтижесі жағынан әлсіздеу болған осы соққы тек тәжрибеден туған қорытындыларды растады. Бұрынғы жоғарғы командованиенің тұсында «шабуыл» жауынгерлік рухты көтеретін идея ретінде ғана жарлықтардан орын алуы әбден ықтимал, бірақ ол шабуыл осы күнге дейін жүргізілмеген бо-

лар еді. Бірақ соғыс өнерінен тыс тұрған әлденендей кесепат кенеттен душар болды. «дилетантизм» басшылықты қолға алды, сонда анау да, мынау да: «шабуыл» деп айқай салды, оның аса қажеттігі бар деп лепірді, жүйелі соғыс теориясы теріске шығаратын нәрсеге сыйынды, — айрықша «революцияшыл» батальондардың, «ажал сепкіш» батальондардың, «тегеуірінді» батальондардың күшіне сыйынды, мұның бәрі аса шикі материал екендігін, оның, мүмкін, полктердегі ең пысық адамдарды ада қылатындығын, сонда бұл полктердің «тобыр-толаңсаға» айналатындығын ұғынбады. Бізге: одақтастар «шабуыл» жасауды талап етті, олар бізді «опасыздар» деп атады дер. Біз француздың дарынды және іскер бас штабын аса жоғары бағалаймыз, сондықтан оның пікірі соғыс өнеріндегі дилетанттардың қоғамдық пікір деп аталатын пікірімен үйлеседі дегенге нанбаймыз. Әрине, соғыстың мынадай жағдайында — дұшпанның орталықта екенін, ал біз одақтастармен бірге айнала-төңректе екенімізді еске алғанда, дұшпанға беретін соққымыздың қандайы болса да, мардымсыз нәтижелердің қасында адам шығыны бізде орасан көп болады дегеннің өзінде де, одақтастарымыз үшін бұл әрқашанда тиімді, өйткені олардан жаудың күшін бері аударады. Ал мұның өзі, одақтастардың мейрімсіздігі емес, табиғи нәрсе. Бірақ бұған ақылды көзбен, пайымдылықпен қарау керек, одақтасымыз талап етіп отыр деп, тек осыған бола өз халқымызды орынсыз қырғынға ұшыратпау керек. Соғыс өнері ешқандай қиялды керек етпейді, ал қиялға ерік берген жерде оның сазайын тарттызады. Әбден ысылған бас штабы бар дұшпан осындайға көзін тігіп отырады».

„Пролетарий" № 5,
16 август, 1917 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

МАЙДАНДАҒЫ ЖЕҢІЛІСКЕ КІМ АЙЫПТЫ?

Осы сұраққа жауап беретін материалдар енді күн сайын келе бермек. Майдандағы июль жеңілісі жөніндегі жауапкершілікті большевиктерге артпақшы болғандардың әрекеті қаншалық пасық, қаншалық жиренішті екендігі күн сайын дәлелдене бермек.

Советтердің ресми органында — «Известияның» 147-номерінде — «Млынов полкі туралы шындық» деген мақала басылды. Бұл — ерекше саяси маңызы бар документ.

7 июльде Петроградтағы оқиғалардың сарыны тынбаған кезде ешбір адам күтпеген жерден баспасөзде Ставканың телеграммасы басылды; онда: 607-Млынов полкі «окоптарды өз бетімен тастап кетті», осының салдарынан немістер біздің территорияға бұзып кіруге мүмкіндік алды және осы бахытсыздықтың өзі «едәуір дәрежеде большевиктердің үгітінің әсерінен туып отыр...» делінген. Онсыз да жала жабылған большевиктерге айыптың үстіне айып жамала берді. Большевиктерге деген өшпенділікте шек жоқ. Бүкіл «патриоттық» баспасөз күн сайын отқа май құя түсті. Жала дегеніңізді барған сайын түрлендіріп таратты.

Тіпті таяуда ғана осылай болған еді.

Ал енді біз нені көріп отырмыз?

Бақсақ, жала жабу науканына бүтіндей арқау болған, Ставканың ең бірінші негізгі хабарының өзі мейлінше жалған екен. 607-Млынов полкінің полк комитеті кәзір, жалақорларға арнап, мәлімдеме жасап отыр, онда былай делінген:

— «6 июльдегі ұрыста сіз болдыңыз ба?

798 солдаты мен 54 офицері бар полктің $2^1/_2$ шақырым шепті қорғағанын сіз білемісіз. Ұрыстан 12 офицер мен 114 солдат аман шығып, басқалары отан үшін қаза тапқанын білемісіз (шығын 75 %)?

607-полк адам айтқысыз дозақы-сұрапыл оқтың астында 7 сағат отырғанын және сағат $8^1/_2$ да таяныш пункттерге шегініңдер, деген бұйрыққа қарамастан, күндізгі сағат 11 ге дейін (таңертеңгі сағат 3 $^1/_2$ нан бері) табан тіреп тұрып алғанын білемісіз?

Біздің қандай окоптарда отырғанымызды, қорғаныс үшін қандай техникалық құралдарымыздың болғанын әлде сіз білесіз бе?..»

Бірақ ол-ол ма. «Известияда» ресми тексерудің документтері келтірілген, оған қол қойғандар: генерал-майорлар Гоштофт пен Гаврилов, штаб бастығының міндетін атқарушы Колесников және басқалары; осы документтерден біз мынаны оқимыз:

«Тексерудің нәтижелеріне қарағанда... 607-Млынов жаяу әскер полкін және бүкіл 6-Гренадер дивизиясын опасыздық, азғындық жасады деп, позицияларынан өз бетімен кетіп қалды деп айыптауға болмайды. Дивизия 6 июльде қайрат көрсетіп, қазаға ұшырады... Жаудың 200 ден астам зеңбіректерінің артиллериялық оғы дивизияны жайпап кетті, ал дивизияның өзіндегі зеңбіректер әбәрі 16 ғана еді».

Ал — большевиктердің зиянды үгіті туралы бірде сөз жоқ.

Фактылар осындай.

Тіпті «Известияның» өзі де — қолынан келсе бір қасық суға большевиктерді батырып жіберуден тайынбайтын осы газет — бұл жөнде былай деп жазады:

— «Әрине, жеңілудегі айыпкер — армияның революциялық құрылысы емес. Бірақ соған жабылған жала жеңіліс жөніндегі бүкіл жауапкершілікті большевиктік үгітке жүктеуге, осы үгітті жақтайтын комитеттерге жүктеуге мүмкіндік беріп келді».

Ә, солай ма, «Известиядағы» мырзалар! Сұрауға рақым етіңіз: ал өздеріңіз ше, сіздер де нақ осылай еткен жоқсыздар ма? Өздеріңіз де, бүкіл қаражүздік нағлеттердің ізінше, большевиктер жөніндегі жауыздық жала мен пасықтық өтірік-өсекті газетке басқан жоқсыздар ма? Өздеріңіз де: құрт большевикті, құрт, барлық кінә осыдан — деп даурыққан жоқсыздар ма?..

Ал енді тағыда тыңдаңыз:

— «Онсоң осы жала (Ставкада қиыстырылған жала) кездейсоқ нәрсе емес, бұл — әдетке айналған! — дейді тағыда, ресми «Известия». — Ставкадан келген ресми хабарларда гвардия корпусы турәлы да нақ осылай делінген еді... Ал біз дарынсыз контрреволюцияшыл генералдардың мыңдаған кісі өмірін жалмаған өз дарынсыздығы жөніндегі жауапкершілікті армия ұйымдарының мойнына артпақшы болғанын көріп-білдік.... Стоход түбінде кішігірім көлемде осылай болып еді, ал енді орасан зор көлемде осы оқиға қайтадан кездесіп отыр... Контрреволюцияшыл штабтар жалақорлық ақпарлар жіберу арқылы полктерді таратарлық, комитеттерді жоярлық сылтау тапты. Жала жабу арқылы олар жүздеген адамды атуға, қаңырап қалған түрмелерді қайтадан толтыруға ерікті болды. Олар, армияның революцияшыл ұйымдарын жойғаннан кейін, армияны қайтадан өзінің қолшоқпары етуді, оны революцияға қарсы жұмсауды көздеген еді».

Осындай халге де жеттік-ау! Тіпті «Известиядағы» біздің қас дүшпандарымыз да, жала жабу арқылы контрреволюцияшыл генералдардың қаңрап қалған түрмелерді қайтадан толтырғанын мойындауға мәжбүр болып отыр. Кіммен толтырды, мырзалар-ау? Большевиктермен, интернационалистермен толтырды! Ал сіздер ше, «Известиядағы» мырзалар, түрмелерді біздің жолдастармен толтырып жатқан кезде өздеріңіз қайттіңіздер? Контрреволюцияшыл генералдармен бірге сіздер біздің соңымыздан: айтақ, айтақ, қап аналарды! — деп айқайладыңыздар. Революцияның ең сұрқыя жауларымен бірге сіздер он жылдаған қажырлы күреспен революцияға өзінің шын берілгендігін көрсеткен қарт революционерлерді керіп тастадыңыздар. Калединдермен, Алексинскийлермен, Каринскийлермен, Переверзевтермен, Милюковтармен және Бурцевтермен бірге сіздер большевиктерді түрмеге іліктірдіңіздер, «большевиктер герман ақшасын алыпты» деген жаланы таратуға жол бердіңіздер!..

Сыр шешудің қызығына берілген «Известия» онан әрі былай дейді:

— «Әрине, олар (яғни контрреволюцияшыл генералдар) — бір полктен соң екінші полк позицияларын тастап кетіп жатыр деген хабарлардың жалған екендігін білді, мұндай хабарлардың барлық бөлімдерде дүдәмалдық тудырғанын білді, бөлімдердің: көршілер мен тылдағылар бізді қолдар ма екен, көршілер ендігі кетіп қалған жоқ па екен, егер бір орында қалып койсақ, жау қолына текке ілігіп жүрмес пе екенбіз? — деп қауіптенгенін білді.

Олар осының бәрін де білді, — бірақ революцияға деген әшпендiлік олардың көзіне шел түсірді.

Солай болған соң, полктердің өз позицияларын тастап кеткендігі, ақыл айтқандардың сөзіне ергендігі, олардың митингілерде бұйрықты орындау керек пе, жоқ па деп талқылағандығы таби-

АМЕРИКАЛЫҚ МИЛЛИАРДТАР

Москва кеңесінің нәтижелері анықталып келеді.

«Русские Ведомости»[72] газетінің хабарына қарағанда (17 август, кешкісі):

«Кеше халық бостандығы партиясының Орталық Комитетінің мәжілісі болды. Баяндама жасаған Милюков Орталық Комитеттің мүшелеріне Москва кеңесінің нәтижелері туралы мәселе жөнінде пікір алысуға ұсыныс етті. Шешендер коалиция принципі бірауыздан жақтап сөйледі. Мәжіліске қатысқандардың көпшілігі Москва кеңесі күтуге боларлық нәтижені барынша қамтамасыз етті деген пікірге келді».

Сонымен, Милюков мырзаның партиясы қанағаттанған. Ол коалицияны жақтайды.

«Москва кеңесі, — деп жазады қорғампаздар,— демократияның (яғни қорғампаздардың ғой?) жеңісі болды, басқа түскен қысыл-таяң минуттерде демократия нағыз мемлекеттік күш ретінде бой көрсете білді, Русь еліндегі тірі жанның бәрі де (!) осы демократияның төңерегіне топтасты» («Известия» № 146).

Тегінде, қорғампаздар партиясы да қанағаттанған. Ең болмағанда қанағаттанғансып көрініп отыр, өйткені ол да коалицияны жақтайды.

Ал, үкімет ше? Москва кеңесін ол қалай бағалайды?

«Известияның» (№ 146) хабарына қарағанда, «Уақытша үкімет мүшелерінің жалпы пікірі» мынадай:

«Кеңес шын мағнасында мемлекеттік кеңес болды. Жалпы алғанда үкіметтің сыртқы саясат жөніндегі бағыты да, ішкі саясат жөніндегі бағыты да мақұлданды. Үкіметтің экономикалық программасы жөнінде қарсылық кездескен жоқ. Шындығында, үкіметтің жер жөніндегі саясатын да мінеушілер болмады».

Қысқасы, үкімет те кеңеске риза, өйткені, бақсақ, ол да коалицияны жақтайды екен.

Әңгіме айқын. Үш түрлі күштің: үкіметтің, кадеттердің және қорғампаздардың коалициясы құралуда.

Керенский — Милюков — Церетели қоластындағы «адал коалицияны» әзірінше қамтамасыз етілді деуге болады.

Москва кеңесінің бірінші нәтижесі осындай.

Капитализм жағдайларында бірде-бір кәсіпорны капиталсыз күн көре алмайды. Үкіметтің басқаруымен қазіргі құрылып отырған коалиция — Россиядағы ең ірі кәсіпорны. Бұл кәсіпорны тиісті капиталдар болмайынша, бір сағат та, бір минут те өмір сүре алмайды. Әсіресе қазіргі кезде, есепсіз қаражат жұмсауды керек етіп отырған соғыстың жағдайларында, өмір сүре алмайды. Мынадай сұрақ туады:

Жаңа (мүлде жаңа!) коалиция қандай капиталдар арқылы күнелтпекші?

«Биржёвканы» (17 август, кешкісі) тыңдап қараңыз:

«Москва кеңесі жұмыстарының ең алғашқы нәтижесі, әсіресе американықтардың осы кеңесті ұнатуының нәтижесі айту-

шылардың сөзіне қарағанда, мынау: шетелдік рынокте 5 миллиардтық мемлекеттік заём алуға мүмкіндік туып отыр. Заём америкалық рынокте өткізілмек. Осы заемның арқасында Уақытша үкіметтің кіші финанс программасы орындалмақ».

Жауап айқын. Коалиция америкалық миллиардтар арқылы күнелтпекші, ал осы миллиардтар үшін сонра орыс жұмысшылары мен шаруаларының қансорпа болуына тура келеді.

Орыстың империалистік буржуазиясының (Милюков!), соғысқұмарлардың (Керенский!) және Россияның «тірі жандарына» малайша жағынып отырған ұсақ буржуазия үстемшілерінің (Церетели!) коалициясын Американың империалистік буржуазиясы қаржыландырып отыр, — кәзіргі жағдайдың сыйпаты міне осындай.

Москва кеңесін Америка капиталының «ұнатуы», онысын бес милиардтық заём беруімен білдіруі, — кеңесті шақырған мырзалардың көздегені осы емес пе екен?..

Біркездері Россияда: социализм нұры Батыстан келеді десетін. Ол раста еді. Өйткені біз революция мен социализмді сол Батыстан үйрендік.

Россияда революциялық қозғалыс басталған соң жағдай біраз өзгерді.

1906 жылы, Россияда революцияның бұрынғыша дамып отырған кезінде, Батыс патша реакциясына 2 миллиард сом қарыз беріп, оның ес жыйнауына көмектесті. Россияның финанс жөнінде Батысқа бұрынғыдан бетер кіріптар етілуі арқылы сол кезде шынында да патша өкіметі нығайып алған-ды.

Бұл жағдай жөнінде сол кезде жұрт: Батысыңыз Россияға тек социализмді ғана әкеліп отырған жоқ,

сонымен бірге миллиардтар түріндегі реакцияны да әкеліп отыр десетін.

Қазір бұдан да айқын әсерлі көрініске кездесіп отырмыз. Революция өзінің жеңіп алған табыстарын қорғау үшін бар күшін қарыштап отырған кезде, ал империализм оны құртуға тырысып отырған кезде, — Америка капиталы орыс революциясын біржолата ауыздықтап, Батыстағы ұлғая түскен революциялық қозғалысты бүлдіру үшін Керенскийдің — Милюковтың — Церетелидің коалициясын миллиардтармен жабдықтауда.

Факт осындай.

Рас емес пе: Батысыңыз Россияға социализм мен азаттықтан гөрі, кіріптарлық пен контрреволюцияны көбірек әкеліп отыр.

Ал коалиция дегеніміз одақ. Ендеше Керенскийдің — Милюковтың — Церетелидің одағы кімге қарсы бағытталған?

Тегінде бұл одақ Москва кеңесінде болмағандарға қарсы, сол кеңеске бойкот жасағандарға қарсы, кеңеспен күрескендерге қарсы, яғни Россияның революцияшыл жұмысшыларына қарсы бағытталған.

Америка капиталистері қаржыландырып отыратын Керенскийдің — Милюковтың — Церетелидің «адал коалициясы» Россияның революцияшыл жұмысшыларына қарсы құрылды, — солай ғой, тәрізі, қорғампаз мырзалар?

Солай деп жазып қоялық.

„Пролетарий" № 6,
19 август, 1917 ж.
Басмақала

БҮГІН САЙЛАУ

Бүгін Петроградтың қалалық думасына сайлау болады. Оның нәтижесі сіздерге байланысты, жұмысшы жолдастар мен солдат жолдастар. Сайлау жалпыға бірдей және тең сайлау. Әрбір солдаттың, әрбір жұмысшының, әрбір жұмысшы әйелдің даусы — капиталистің, үй иемденушінің, профессордың, чиновниктің даусына тең болады. Егер осы правоны пайдалана білмесеңіздер, кінә өздеріңізде, тек қана өздеріңізде болады, жолдастар.

Сіздер көше бойларында патша перғауындарына қарсы соғыса білгенсіздер, — біздің партияға дауыс беру арқылы өз мүддeлеріңіз үшін кәзір де күресе біліңіздер.

Сіздер контрреволюцияға қарсы өз праволарыңызды қорғай білгенсіздер, — бүгінгі сайлауда оған сенім көрсетуден кәзір де бастарта біліңіздер!

Сіздер революциядан айнығандардың бетпердесін жұла білгенсіздер, — кәзір де оларға: «Тарт қолыңды!» деп айқайлай біліңіздер.

Алдарыңызда бой көрсетуші, ең алдымен, **Милюковтың партиясы, халық бостандығының партиясы**.

Бұл партия помещиктер мен капиталистердің мүдделерін қорғайды. Бұл партия — жұмысшыларға, шаруалар мен солдаттарға қас, өйткені ол өндірісте жұмысшы бақылауының болуына қарсы, помещик жерлерінің шаруаларға берілуіне қарсы, ол майдандағы солдаттарға өлім жазасын қолдануды жақтайды. Июньнің бас кезінде-ақ майданда дереу шабуыл жасауды талап еткен, сөйтіп жүз мыңдаған адам өмірін сарып қылған нақ осы партия, кадеттердің партиясы. Контрреволюцияның салтанатын көздеген, жұмысшыларды, солдаттар мен матростарды жазалауды көздеген, ақырында, дегеніне жеткен нақ осы партия, кадеттердің партиясы. Милюковтың партиясына дауыс беру дегеніңіз — өз басыңа, өзіңнің әйелдерің мен балаларыңа, тыл мен майдандағы өз туыстарыңа опасыздық істеу деген сөз.

Жолдастар! **Халық бостандығының партиясына бірде-бір дауыс берілмесін!**

Алдарыңызда бой көрсетуші, онан кейін, **қорғампаздар, меньшевиктер мен социалист-революционерлердің партиялары.** Бұл партиялар қала мен деревнядағы ауқатты қожайынсымақтардың мүдделерін қорғайды. Сондықтан әр уақытта, тап күресі үзілді-кесілді түрге енген сайын, олар жұмысшыларға, шаруалар мен солдаттарға қарсы күресте помещиктермен, капиталистермен бір лагерьде болып шығады. Июль күндерінде нақ осылай болды: меньшевиктер мен эсерлердің партиялары буржуазиямен одақтасып алып, жұмысшылар мен солдаттарды қарусыздандырды, талқандады. Москва кеңесінің кезінде де нақ осылай болды, бұл партиялар буржуазиямен одақтасып алып, жұмысшларға және майдандағы солдаттарға қарсы ба-

ғытталған жазалау шаралары мен өлім жазасын бекітті.

Егер кәзіргі кезде контрреволюция женген болса, оның себебі, ашығын айтқанда, эсерлер мен меньшевиктердің партиялары помещиктермен, капиталистермен келісім жасасып, контрреволюцияның революцияны ауыздықтауына көмектесті.

Егер кәзіргі кезде контрреволюция нығая бастаған болса, оның себебі, ашығын айтқанда, эсерлер мен меньшевиктердің партиялары контрреволюцияны халықтың қаһарынан арашалап отыр, революция жалауын жамылып, сол контрреволюцияның әмірін орындап отыр.

Бұл партияларға дауыс беру дегеніңіз — жұмысшылар мен ең кедей шаруаларға қарсы контрреволюциямен одақтасу үшін дауыс беру деген сөз.

Бұл партияларға дауыс беру дегеніңіз — тылда тұтқындау жазасын, майданда өлім жазасын түпкілікті қолдану үшін дауыс беру деген сөз.

Жолдастар! **Қорғампаздарға, меньшевиктерге, социалист-революционерлерге бірде-бір дауыс берілмесін!**

Алдарыңызда бой көрсетуші, ақырында, № 12 «Новая Жизнь» тобы. Бұл топ өмірден де, қозғалыстан да қол үзген тиянақсыз интеллигенттердің ниетін білдіреді. Сондықтан бұл топ революция мен контрреволюцияның арасында, соғыс пен бейбітшіліктің арасында, жұмысшылар мен капиталистердің арасында, помещиктер мен шаруалардың арасында ылғый әрі-сәрі болып жүреді.

Бұл топ, бір жағынан, жұмысшыларды жақтайды, екінші жағынан, капиталистерден де қол үзгісі кел-

мейді, — сондықтан бұл топ жұмысшылар мен солдаттардың июльдегі демонстрациясынан мейлінше арсыздықпен жеріп отыр.

Бұл топ, бір жағынан, шаруаларды жақтайды, екінші жағынан, помещиктерден де қол үзбейді, — сондықтан бұл топ шаруаларға помещиктер жерінің тез берілуіне қарсы болып отыр. Құрылтай жыйналысын күтуді ұсынады, ал оның шақырылуы кейінге қалдырылды, бәлкім, ешқашан шақырылмас та.

«Новая Жизнь» тобы сөз жүзінде бейбітшілікті жақтайды, іс жүзінде — бейбітшілікке қарсы, өйткені бұл топ империалистік соғысты соза беру үшін шығарылған «бостандық заёмын» қолдауға шақырып отыр.

Ал кімде-кім «бостандық заёмын» қолдаса, ол адам соғыстың ұзаққа созылуына жәрдемдеседі, ол адам империализмге көмектеседі, ол адам іс жүзінде интернационализмге қарсы күреседі.

«Новая Жизнь» тобы сөз жүзінде жазалау шаралары мен түрмелерге қарсы, іс жүзінде — жазалау шаралары мен түрмелерді жақтайды, өйткені ол топ жазалау шараларын да, түрмелерді де қолдайтын қорғампаздармен одақ жасасты.

Ал кімде-кім қорғампаздармен одақ жасасса, ол адам контрреволюцияға көмектеседі, ол адам іс жүзінде революцияға қарсы күреседі!

Адамдарды сөзіне қарай емес, ісіне қарай таный біліңіздер, жолдастар!

Партиялар мен топтарды уәделеріне қарай емес, қыймылдарына қарай бағалай біліңіздер.

Егер «Новая Жизнь» тобы, бейбітшілік жолында күрес жүргізуді ұсына отырып, сонымен қатар «бостандық заёмын» қолдауға шақырып отырған болса,

онда, біліп қойыңыздар, оның империалистердің диірменіне су құйғаны.

Егер «Новая Жизнь» тобы, кейде большевиктердің алдында жарамсақтана отырып, сонымен қатар қорғампаздарды қолдап отырған болса, онда, біліп қойыңыздар, оның контореволюцияның диірменіне су құйғаны.

Осы екі жүзді топқа, 12-номердегі тізімге дауыс беру дегеніңіз — қорғампаздарға, өздері контрреволюцияға жалданып отырған қорғампаздарға жалдану деген сөз.

Жолдастар! **«Новая Жизнь» тобына бірле-бір дауыс берілмесін!**

Біздің партия — қала жұмысшылары мен село жұмысшыларының партиясы, ең кедей шаруалардың партиясы, езілгендер мен қаналғандардың партиясы.

Буржуазиялық партиялардың бәрі де, буржуазиялық газеттердің бәрі де, солқылдақ топтар мен тұрлаусыз топтардың бәрі де біздің партияны жек көреді, оған жала жабады.

Неге?

Неге десеңіз:

Тек біздің партия ғана помещиктер мен капиталистерге қарсы революциялық күрес жүргізуді көздейді;

Тек біздің партия ғана помещиктердің жерлерін шаруа Комитеттерінің қолдарына дереу беруді көздейді;

Тек біздің партия ғана өнеркәсіпте барлық капиталистерге қарсы жұмысшы бақылауының болуын көздейді;

Тек біздің партия ғана жалдаптар мен жебірлерге

қарсы қала мен деревня арасында айырбас ісін демократиялық жолмен ұйымдастыруды көздейді;

Тек біздің партия ғана тылда да, майданда да контрреволюцияның толық жойылуын көздейді;

Тек біздің партия ғана жұмысшылардың, шаруалар мен солдаттардың революцияшыл ұйымдарын тайынбай қорғайды;

Тек біздің партия ғана бейбітшілік үшін және халықтардың туысқандығы үшін батыл әрі революцияшыл түрде күреседі;

Тек біздің партия ғана өкіметті жұмысшылар мен кедей шаруалардың жеңіп алуы үшін батыл түрде, тайынбай күреседі;

Тек біздің партия ғана, тек сол ғана майданда өлім жазасының қолданылуын жақтаған жоқ, өзіне ондай масқара таңба жүктырған жоқ.

Міне сондықтан да буржуалар мен помещиктер біздің партияны мейлінше жек көреді.

Міне сондықтан да сіздер бүгін біздің партияға дауыс беруге тиіссіздер.

Жұмысшылар, солдаттар, жұмысшы әйелдер!

Біздің партияға, 6-номерлі тізімге дауыс беріңіздер!

„Пролетарий" № 7,
20 август, 1917 ж.
Басмақала

ПРОВОКАЦИЯЛАР КЕЗЕҢІ

Провокация — контрреволюцияның сыналған құралы.

1848 жылғы июнь қырғынын, 1871 жылы Париждің жауға берілуін, революциямен күресу үшін тыл мен майданда провокация жасалғанын, — буржуазияның нақ осы зұлымдық тәсілдерін кім білмейді?

Бірақ буржуазия осы улы құралды дүние жүзінің еш бір жерінде де біздің Россиядағыдай озбырлықпен, Россиядағыдай шексіз пайдаланған емес.

Буржуазия жұмысшылар мен шаруалардың санын азайту үшін ең арғысы «аштық пен жоқшылықтың құрсаулы шеңгелінің» жәрдемінен де қаймықпайды деп, Рябушинский таяуда ғана жалпыға жария етіп, ашықтан ашық қоқан-лоққы жасаған жоқ па?

Ал енді буржуазия қәзірдің өзінде-ақ сөзден іске көшіп, заводтар мен фабрикаларды жаптырған жоқ па, сөйтіп он мыңдаған жұмысшыларды көшеге шығарып тастаған жоқ па?

Мұның өзі қырғын салуға ілік табу үшін, сөйтіп революцияны қанға батыру үшін жасалған жоспар емес, тек кездейсоқ нәрсе деуге кімнің батылы барады?

Бірақ провокацияның негізгі өрісі тыл емес, майдан болып отыр.

Кейбір генералдардың Риганы жауға бермекші болған ниеті туралы март айының ішінде-ақ әңгіме болып жүрді, бірақ «еріктен тыс жағдайлардың» салдарынан олар бұл ниетін іске асыра алған жоқ.

Быйылғы июльде орыс әскерлері Тарнополь мен Черновицыны қалдырып кетті. Буржуазиялық баспасөздің арсыз жалдамшылары бөрідей шуласып, бұл жөнінде солдаттар мен біздің партияны айыптады. Сонан кейін ше? «Шегінудің арандатудан болғандығы», «Опасыздықтың күн бурын көңілге тоқылған, әбден екшелген жоспар бойынша, қолмен қойғандай іске асырылғандығы» анықталып отыр. Оның бержағында, автомобильдерін өргізіп, сумаңдатып армияны аралатқан және солдаттарға шегінуге бұйрық еткен кейбір генералдар жөнінде ашық әңгіме болып жүр.

Контрреволюционерлер — өздерінің не істеп жүргенін сезбейтін сөзуарлар деуге кімнің батылы барады?

Енді кезек Ригаға келді. Риганың берілгені жөнінде телеграфтан хабар жетті. Буржуазиялық баспасөздің арсыз жалдамшылары: бет-бетімен қашып барады дегенді айтып, кәзір солдаттарды жамандауға кірісті, контрреволюцияшыл Ставка «Вечернее Время» газетіне үн қоса, бар айыпты революцияшыл солдаттарға жүктеуге тырысып отыр. Егер бүгін: «большевиктер жойылсын!» деген ұранмен Нева проспектінде манифестация басталса, оған біз таңырқанбаймыз.

Ал енді Рига түбіндегі комиссардың жәрдемшісі Войтинскийдің телеграммасы солдаттарға жала жабылып отырғандығы жөнінде ешбір күмән қалдырмайды.

«Бүкіл Россияның алдында куәлік етемін, — дейді Войтинский телеграммада, — әскерлер накты ажалға карсы бара отырып, командирлердің барлык бұйрыктарын адал орындады».

Көрген адам осылай деп жазады.

Ал Ставканы алсак, полктер кашып барады деп, солдаттарға жала жабуын кояр емес.

Ал буржуазиялык баспасөзді алсак, майдандағы «опасыздык» туралы шулауын кояр емес.

Контрреволюцияшыл генералдар мен буржуазиялык баспасөздің, солдаттарға жала жабу аркылы, белгілібір жоспарды орындап отырғандығы айкын емес пе?

Осы жоспардың және Тарнополь мен Черновицының манында жүзеге асырылған екінші жоспардың, бейне кос тамшыдай, бір-біріне ұксас екендігі айкын емес пе?

Акырында, Россияда басталған провокациялар кезеңі империалистік буржуазияның құралы екендігі, осы империалистік буржуазияны жою — пролетариат пен революцияшыл солдаттардың ең бірінші міндеті екендігі айкын емес пе?

„Пролетарий" № 8,
22 август, 1917 ж.
Басмакала

«СОЦИАЛИСТ-РЕВОЛЮЦИОНЕРЛЕР» ПАРТИЯСЫНДАҒЫ ЕҢБЕК БӨЛІСІ

Жұмысшы және солдат депутаттарының Петроградтық Советінің соңғы жиналысында эсерлер өлім жазасының жойылуын жақтап дауыс берді және большевиктердің қамауға алынуына қарсы наразылық білдірісті.

Мұның өзі, әрине, өте жақсы және мақтарлық нәрсе.

Бұл жөнінде біз тек кішкене ғана бір сұрақ бергіміз келеді.

Майданда өлім жазасын енгізген кім, большевиктерді қамауға алып отырған кім?

Бұлай еткен эсерлер ғой (кадеттер мен меньшевиктердің ықласты қолғабысы арқасында сөйтті ғой!). Біздің білуімізше, бірінші министр, азамат А. Ф. Керенский — социалист-революционерлер партиясының мүшесі. Петроградтың қалалық думасына сайлау жүргізілгенде оның есімі социалист-революционерлер партиясының кандидаттарының тізімінен көрнекті орын алып отырады.

Жұртқа белгілі, соғыс министрінің серігі азамат

Б. В. Савинков та — социалист-революционерлер партиясының мүшесі.

Ал майданда өлім жазасын қайта енгізудің басты авторлары нақ осы көрнекті екі «социалист-революционерлер» ғой. (Бұларға генерал Корниловты да қосу керек, бірақ бұл адам социалист-революционерлердің партиясына әзірге әлі енген жоқ).

Онан кейін, біздің білетініміз, жер министрі азамат Чернов та социалист-революционерлердің партиясына мүше сияқты.

Ал, ақырында, ішкі істер министрі, яғни министрліктің ішінде Керенскиймен қатар ең көрнекті орында отырған азамат Н. Д. Авксентьев те — социалист-революционерлер партиясының мүшесі.

Ал майданда өлім жазасын енгізгендер де, большевиктерді қамауға алғандар да нақ осы мәртебелі «социалист-революционерлердің» өздері ғой.

Мынадай сұрақ туады: осы социалист-революционерлердің партиясындағы еңбек бөлісі неткен ғажап: оның бір мүшелері өлім жазасының енгізілуіне қарсы барынша наразы болып отырғанда, екіншілері өз қолдарымен осыны енгізетіні қалай?..

Таңғажайып нәрсе! Самодержавиелік құрылысты құлатқанымызға көп болмай-ақ, «европалықтарша» тұра бастағанымызға көп болмай-ақ, біз «европеизмнің» барлық жаман жақтарын бірден үйрене қойдық. Буржуазияшыл-радикал партиялардың кез келгенін, айталық, Франциядағысын, алыңыз. Бұл партия өзін өзі ылғый социалистік партия деп атайды: «радикал-социалистер» партиясы, «тәуелсіз социалистер» партиясы, т. т. және т. с. Сайлаушылардың алдында, бұқараның алдында, «төмендердің» алдында бұл пар-

тиялар әрдәйім «солшылдық» желсөздерді төгіп жібереді — әсіресе сайлау карсаңында, әсіресе, өздерімен бәсекелесіп отырған нағыз социалистік партия өздерін ығыстыра бастаған кезде, бұлар осылай етеді. Сонымен бірге нақ сол «радикал-социалистер» партиясының, нақ сол «тәуелсіз социалистер» партиясының «жоғарыдағы» министрлері, өздерінің сайлаушыларының социалистік тілектерімен зәредей де санаспастан, өзінің буржуазиялық ісін жүргізе береді.

Социалист-революционерлер де кәзір осылай етіп отыр.

Бахытты партия! Өлім жазасын енгізген кім? — Социалист-революционерлер! Өлім жазасына қарсы наразылық білдірген кім? — Социалист-революционерлер! Не қаласаң, соны сұрайсың...

Осындай әрекет арқылы социалист-революционерлер: инабат та болсын (бұқара алдында беделіміз түспесін), қалта да толсын (министрлік портфельдеріміз сақталсын) деп ойлайды.

Бірақ әрбір партияда алауыздық болады: оның бір мүшелері былай ойласа, екіншілері басқаша ойлайды — дер.

Солай ғой, бірақ алауыздықтың да алауыздығы бар. Егер біреулері жендеттерді жақтап отырса, екінші біреулері жендеттерге қарсы болып отырса, бір партияның ішінде мұндай «алауыздықты» үйлестіру қыйын-ақ. Ал егер оның бержағында жендеттерді жақтаушылар — партияның ең жауапты көсемдерінің, министрлерінің нақ өздері болса, бұлар өз ойын жүзеге асырып отырған болса, әрбір саяси ұғымы бар адам партияның саясатына сын таққанда партияның қатарлы мүшелері қостаған және наразылық білдіріп шы-

ғарған белгілібір қарарға қарай сын тақпайды, тек осы министрлердің әрекетіне қарай сын тағады.

Масқара таңба жуылмай қалулы. Социалист-революционерлердің партиясы — өлім жазасының партиясы, жұмысшы партиясының көсемдерін қамайтын түрмешілердің партиясы болып қалулы. Өздерінің партиясының ең көрнекті мүшелері өлім жазасын қайта енгізді, бұл масқара таңбаны эсерлер ешқашанда өзінен жуып кетіре алмайды. Өздерінің үкіметі жұмысшы партиясының көсемдеріне пасықтық жала жабуды қостады, өздерінің үкіметі Ленинге қарсы жаңадан Дрейфус ісін[73] қозғауға әрекет істеді, бұл таңбаны эсерлер ешқашанда өзінен жуып кетіре алмайды...

„Пролетарий" № 9,
23 август, 1917 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

САРЫЛАРДЫҢ ОДАҒЫ

Орыс революциясы — өзінше бір оқшау нәрсе емес. Ол Батыстағы революциялық қозғалыспен тығыз байланысты. Байланысты екені былай тұрсын, ол — барлық елдердегі пролетарлардың ұлы қозғалысының, дүние жүзі капитализмін түп негізімен күйрететін қозғалыстың бір бөлегі. Біздің революцияның әрбір адымы Батыста да өзіне сай қозғалысты сөзсіз туғызатындығы, оның әрбір жеңісі — барлық елдердің жұмысшыларын капиталмен күресуге талпындыра отырып, дүниежүзілік революциялық қозғалыстың жанданып, өсуіне себеп болатындығы әбден түсінікті.

Империализмнің батыс-европалық жалмауыздары мұны білмей отырған жоқ. Сондықтан да олар орыс революциясына қарсы ажалды соғыс жарыялауға ұйғарды.

Біздің революцияның бас кезінде-ақ ағылшын-француз капиталистері оған қарсы жорық ашты. Олардың органдары «Times»[74] пен «Matin»[75] сол кездің өзінде-ақ революцияшыл Советтер мен Комитеттерді сөге жамандап, оларды таратып жіберуге шақырған болатын.

Содан екі ай өткен соң империалистер Швейцариядағы құпия конференцияда «ұлғайып бара жатқан революцияға» қарсы күресу шаралары туралы мәселе көтеріп, өздерінің соққыларын ең алдымен орыс революциясына қарсы жұмсады.

Енді олар ашық шабуылға көше бастады. Бұған Рига түбіндегі жеңілісті сылтау етеді. Оның бержағында, бар бәлені солдаттарға жауып, Россияда контрреволюцияны күшейте беруге шақырып отыр.

«Биржевые Ведомости» газетінің телеграммаларын тыңдаңыз.

Париждан келген телеграмма:

«Екінші армияның кейін шегінуі, яғни дұрысын айтқанда ұрыссыз қашуы және Риганың құлауы мұндағылардың жанын түршіктірді, өздерін ашындырып, қатты түңілдірді.

« Matin »нің пікірінше, осы апатқа себеп болған орыс пацифистері, бұрынғы императордың нашар ақылшылары сияқты, соншалық дарынсыз және тіпті олардан да бетер зиянды болып шықты.

Газеттің айтуынша, сондай машақат әйгілі сабақтарға қарамастан армиялық комитеттер сияқты сорақы мекемелерді бұрынғыша қорғап отырған Ж. және С. Д. Советінің қыңырлығын кісі түсініп болмайды».

Француз капиталистерінің органы міне осылай деп жазады.

Ал Лондоннан келген телеграмма мынадай:

«Daily Chron cle» былай дейді: «Ең алдымен армияда қайта тәртіп орнату қажет. Германдар Галиция мен Буковинаны қандай себептердің арқасында алған болса, қазір де нақ сондай себептердің арқасында өте тез және маңызды жеңіске жетіп отыр, атап айтқанда — орыс әскерлерінде байқалып отырған бұйрықтарға бағынбаушылық, опасыздық себеп болды».

Англияның империалистері міне осылай дейді.

«...Урыссыз қашу... «Сорақы армиялық комитеттер»... «Қайта тәртіп орнату» (оларға өлім жазасы олқы көрініпті!)... «Орыс әскерлеріндегі опасыздық»...

Сол ақшалы қапшықтар қансырап жатқан орыс солдаттарын міне осындай қошеметпен қарсы алып отыр!

Тіпті олар көзімен көргендердің: «армия, шегіне отырып, жауға қарсы ылғый адал түрде урыс жүргізуде», «майдан шебі бузылған ауданда әскерлер өздеріне тапсырылған міндеттерді сөзге келмей, адал орындауда» деп жаппай мойындағанына қарамастан, осындай жала жауып отыр-ау!!!

Бірақ мундағы әңгіме, әрине, солдаттарды қаралап, оларға пасықтықпен жала жауып отырғандықта ғана емес.

Әңгіме мынада: ағылшын-француз капиталистері солдаттарға жала жаба отырып, майдандағы сәтсіздікті Россияның революцияшыл уйымдарын біржолата жою үшін, империализмнің диктатурасын біржолата үстем ету үшін пайдалануды көздейді.

Әңгіменің барлық мәні осында.

Пуришкевич пен Милюков Риганың қулауы жөнінде арамзалықпен көз жасын төгіп, солдаттарға жала жауып отырыған болса, сонымен қатар Советтер мен Комитеттерді сөге жамандап отырған болса, — мунық мәнісі помещиктер мен капиталистерді біржолата үстем ету үшін жазалау шараларын будан былайда жүргізе беруге ілік табылғанына олар қуанады деген сөз.

Батыстың империалистері, Риганың қулағанына «жандарының түршіккені» туралы сандырақтап, бар бәлені солдаттарға жауып отырған болса, сонымен

қатар «сорақы армиялық комитеттерді» қарғап-сілеп отырған болса, — мұның мәнісі Россиядағы революцияшыл ұйымдардың ақырғы қалдықтарын мүлде құрту үшін ілік табылғанына олар қуанады деген сөз.

Солтүстік майданда қазаға ұшырап жатқан орыс солдаттарына қарсы өтірік пен жаланың бірлескен жорығының саяси маңызы осында, тек осында ғана.

Рига түбіндегі соғыс сәтсіздіктерін солдаттарға жала жабу арқылы қансыраған орыс революциясына қарсы пайдалану үшін біздің елдегі империалистер мен Европа империалистерінің одағы құрылып отыр, — қазіргі жағдай міне осындай.

Жұмысшылар мен солдаттар мұны ұмытпасын!

Батыстағы жұмысшылармен одақтасқанда ғана, Батыстағы капитализмнің негіздерін әлсіреткенде ғана, Россияда революция жеңіп шығады деп сенуге болатындығын жұмысшылар мен солдаттар біліп алсын!

Осыны біліп алсын да, олар барлық елдердің революцияшыл жұмысшылары мен солдаттарының қызыл одағын империалистердің сары одағына қарсы қоюға барлық күштерін жұмсайтын болсын.

„Рабочий" № 1,
25 август, 1917 ж.
Басмақала

НЕ ОЛАЙ — НЕ БЫЛАЙ[76]

Оқиғалар ұласуда. Коалициядан соң коалиция құрылып, майдандағы жазалау шараларының артынан тылда да жазалау шаралары жүргізілуде, бірақ «бұдан келіп жатқан пайда шамалы», өйткені осы күнгі дерт, елдегі жаппай бүліншілік, бұрынғыша өсе түсіп, барған сайын қатерлі сипат алуда.

Елге ашаршылық таянды. Қазан мен Н.-Новгород, Ярославль мен Рязань, Харьков пен Ростов, Донец бассейні мен Орталықтағы өнеркәсіпті аудан, Москва мен Петроград, майдан мен таяудағы тыл, — осы пункттердің барлығы және басқа да көптеген пункттер азық-түлік дағдарысына ұшырап отыр. Қазірде аштық бүліктері басталды, ал контрреволюцияның агенттері әзірінше мұны сөлекет түрде пайдаланып келеді...

«Шаруалар астық бермей отыр» — деп налиды түс-тустан.

Ал шаруалардың «астық бермей отырған себебі» «ақмақтығынан» емес, оның себебі, шаруалар үкіметке сенуден қалды, ендігәрі оған «жәрдем еткілері» келмейді. Март пен апрельде шаруалар Советтерге сенетін, солар арқылы үкіметке де сенетін, сондықтан ас-

тық қалаларға да, майданға да ағыл-тегіл барып жатушы еді. Енді олар помещиктердің бақ-дәулетін қорғайтын үкіметке сенуден қала бастады, — сөйтіп астық та көзден ұшты. Шаруалар артық астығын кейінге қалдырып «заман түзелгенше» күте тұруды мақұл көріп отыр.

Шаруалардың «астық бермей отырған» себебі — қаскүнемдіктен емес, оның себебі — шаруалардың астығына айырбастайтын дәнеңе жоқ. Шаруаларға мата, аяқ киім, темір, керосин, қант керек, бірақ оларға апарылып жатқан заттардың мөлшері тым мардымсыз; ал фабрикаттардың орнына жүрмейтін және оның үстіне құны кеміп отырған қағаз ақшаға астықты айырбастауда мағна жоқ.

Біз транспорттың «кері кеткені», оның майданды да, тылды да біркелкі жақсы қамтырлық дәрежеге тіпті жетпей отырғандығы туралы айтып та отырғанымыз жоқ.

Осының барлығы әскерге адам алудың тоқталмай отырғандығымен, оның салдарынан таңдаулы жұмыс күштерінің деревнядан қол үзгендігімен және егіс көлемінің кемп түскенімен байланыстырып алынғанда — сөзсіз азық-түлік тапшылығына әкеліп соғады, бұдан тыл да, майдан да бірдей қасірет шегеді.

Сонымен бірге өнеркәсіп бүліншілігі өсіп, ұлғаюда, мұның өзі де азық-түлік тапшылығын шиеленістіріп отыр.

Көмір мен мұнай «аштығы», темір мен мақта «дағдарысы» тоқыма, металлургия және басқа кәсіп орындарының тоқтап қалуына себеп болып отыр, — осының бәрі елді өнеркәсіп бүліншілігіне ұшырататын,

жаппай жұмыссыздық пен товарсыздықты тудыратын белгілі жағдайлар.

Мұндағы әңгіме көбінесе соғыска жұмыс істеп отырған заводтар мен фабрикалардың бір мезгілде тылдың мұқтаждықтарын да сол дәрежеде өтей алмайтындығында ғана емес, — сонымен қатар, осы «аштықтар» мен «дағдарыстардың» бәрін де капиталдың өзі әдейі шиеленістіріп отырғандығында болып отыр; оның бұлай еткендегі мақсаты — не товардың нарқын арттыру (жалдаптық!), не қымбатшылықтан еңбек ақыны арттыруға тырысатын жұмысшылардың қарсылығын күйрету (капиталистердің итальяндық ереуілі!), не заводтарды жабу арқылы жұмыссыздық тудыру (локауттар!), сөйтіп жұмысшылардың «нысапсыз талаптарына» «біржолата» тыйым салу үшін жұмысшыларды жан түршігерлік халге жеткізу болып табылады.

Донец бассейнінің көмір өнеркәсіпшілерінің өндірісті азайтып, жұмыссыздық тудырып отырғандығы ешкімге де құпия сыр емес.

Каспи сыртындағы өлке бойындағы мақта кәсіпшілерінің, мақта «аштығы» туралы даурыға отырып, өздерінің миллиондаған мақта қорын жалдаптықпен жасырып отырғандығы барша жұртқа мәлім. Ал олардың достары тоқыма фабриканттары, осы жалдаптықтың жемістерін пайдалана отырып, мұны өздері ұйымдастыра отырып, мақтаның тапшылығы туралы екіжүзділікпен даурығады, фабрикаларын жауып, жұмыссыздықты күшейтеді.

Революцияшыл пролетариатты «аштық пен жоқшылықтың құрсаулы шеңгелімен» «алқымнан аламыз»

деп Рябушинскийдің коқан-локқы көрсеткендігі барша жұрттың есінде.

Капиталистердің кәзір сөзден іске көшкендігі, Петроград пен Москваны адамнан женілткендігі, бірсыпыра заводтарды жаптырып тастағандығы барша жұртқа белгілі.

Осының нәтижесінде — өнеркәсіп тіршілігі жансызданып калғалы отыр, мүлде товарсыз калу қаупі туып отыр.

Біз Россияның ауыр финанс дағдарысына ұшырап отырғандығы туралы айтып та отырғанамыз жоқ. Өндіргіш күштердің өспестен жаппай құлдырап отырғандығының үстіне жыл сайын үш миллиард сомдық өсім төлеуді керек ететін 50—55 миллиард сом карыздың өзі орыс финансыларының халі мүшкіл екендігін әбден айқын көрсетеді.

Майдандағы соңғы «сәтсіздіктер», әлдекімнің ептілігімен қасақана ұйымдастырылған «сәтсіздіктер» жалпы жағдайды тек қосымша толықтырып отыр.

Ел көз көріп, құлақ естімеген апатка тоқтаусыз беталып барады.

Кыска мерзімнің ішінде мың бір жаза ойлап шығарған үкімет, бірақ бірде-бір «әлеуметтік реформа» жасамаған үкімет, елді қатерлі қауіптен құтқаруға мүлде қабілетсіз болып отыр.

Ол ол ма. Бір жағынан, империалистік буржуазияның айтканын орындайтын, екінші жағынан, «Комитеттер мен Советтерді» дереу тараткысы келмейтін үкімет оңнан да, солдан да жаппай дүмпулі наразылық тудырып отыр.

Бір жағынан — кадеттер бастаған империалистік буржуазия революцияға карсы «батыл» шаралар кол-

дануды талап етіп, үкіметті тоқпақтауда. Таяуда ғана «генерал-губернаторлардың» «әскери диктатурасының» қажеттігін және «Советтерді қамауға алудың» қажеттігін айтқан Пуришкевич тек кадеттердің ниеттерін ашық білдірді. Кадеттерді одақтас капитал қолдайды, биржада сомның құнын шұғыл кеміту арқылы одақтас капитал үкіметке қысым жасап, былайша зекіріп отыр: «Россия сөйлеуге тиісті емес, соғысуға тиісті» дейді („Daily Express“, қараңыз: «Русская Воля»[77], 18 август).

Бүкіл өкімет империалистерге, отандық империалистер мен одақтас империалистерге берілсін дейді — контрреволюцияның ұраны міне осы.

Екінші жағынан, жерсіздік пен жұмыссыздыққа ұшыраған, жазалау шаралары мен өлім жазасына кіріптар етілген жұмысшылар мен шаруалардың қалың бұқарасының ішінде қатты наразылық күшейіп отыр. Петроградта өткізілген сайлау келісімпаз партиялардың күшін әлсіретіп, беделін түсірді, сөйтіп күні кеше келісімпаздарға сеніп жүрген шаруа-солдат бұқарасының солға қарай бет бұрғандығын өте-мөте айқын көрсетіп берді.

Бүкіл өкімет ең кедей шаруалар қолдап отырған пролетариатқа берілсін, — революцияның ұраны міне осы.

Не олай — не былай!

Не помещиктермен және капиталистермен бір болу керек, онда — контрреволюция толық дәуірлейді.

Не пролетариатпен және ең кедей шаруалармен бір болу керек, онда — революция толық дәуірлейді.

Келісімдер мен коалициялар саясатынан түк шықпайды.

Ал шығар жол қайсы?

Помещиктерден қол үзіп, жерді шаруа Комитеттеріне әперу керек. Шаруалар мұны түсінеді, сонда — астық болады.

Қапиталистерден қол үзіп, банктерді, фабрикаларды, заводтарды демократиялық жолмен бақылау ісін ұйымдастыру керек. Жұмысшылар мұны түсінеді, сонда — «еңбек өнімділігі» артады.

Жалдаптар мен жебірлерден қол үзіп, қала мен деревня арасында айырбас ісін демократиялық жолмен ұйымдастыру керек. Халық мұны түсінеді, сонда — аштық жойылады.

Россияны түс-түстан шырмап алған капиталистік шырмауларды үзіп, бітімнің әділ шарттарын жариялау керек. Сонда армия өзінің не үшін қару ұстап тұрғандығын түсінеді, ал егер Вильгельм мұндай бітімге келмейтін болса, орыс солдаттары оған қарсы арыстанша ұрыс жүргізеді.

Бүкіл өкіметті пролетариат пен ең кедей шаруалардың қолына «өткізу» керек. Батыс жұмысшылары мұны түсінеді, түсінгеннен кейін олар да өздерінің империалистік билеушілерін алқымнан алатын болады.

Мұның өзі соғыстың ақыры және Европадағы жұмысшы революциясының бастамасы болады.

Россияның дамуынан және бүкіл дүниежүзілік жағдайдан көрініп отырған жол міне осы.

„Рабочий" № 1,
25 август, 1917 ж.,
Мақалаға қол қойылмаған

БІЗ ТАЛАП ЕТЕМІЗ

Оқыйғалар өтіп жатыр. Москва кеңесінен кейін — Рига жауға берілді, жазалау шаралары талап етілді. Майдандағы солдаттарды қаралаудың сәті түспегеннен кейін — «большевиктердің заговоры» туралы провокаторлық лақаптар таратылды, сөйтіп тағыда жазалау шаралары талап етілді. Провокаторлық лақаптар әшкереленгеннен кейін — Уақытша үкіметтің тайдырылуын және әскери диктатураның жарыялануын талап еткен Корниловтың ашық аттанысы басталды. Оның бержағында Милюковтың партиясы, халық бостандығының партиясы, нақ июль күндеріндегідей, үкіметтен кетті, сөйтіп Корниловтың контрреволюциялық заговорын ашық қолдады.

Осының нәтижесінде — әскери диктатураны орнату үшін Корниловтың полктері Петроградқа жорық жасады, Уақытша үкімет Корниловты тайдырды, Керенский дағдарыс туралы мәлімдеме жасады, Кишкин заговорға қатысы болған кадет партиясынан кетті, революцияшыл директория дейтін құрылды.

Сонымен:

Контрреволюцияға «большевиктік заговордың» ке-

рек болғандығы, мұның өзі «большевиктерді жуасыту керек» деген сылтаумен Петроградқа келе жатқан Корниловқа жол ашу үшін керек болғандығы **факт.**

«Русская Воля» және «Биржёвка» газеттерінен бастап «Новое Время» және «Речь» газеттеріне дейінгі бүкіл буржуазиялық баспасөздің Корниловқа көмектескендігі, бұл күндері «большевиктердің заговоры» туралы үдете лақап таратқандығы **факт.**

Корниловтың кәзіргі аттанысы — июльде Тарнопольды, августа Риганы жауға берген, сөйтіп майдандағы «сәтсіздіктерді» контрреволюцияның «біржолата» үстемдік етуі үшін пайдалануды көздеген контрреволюцияшыл командалық үстемшілердің белгілі әрекеттерінің жалғасы екендігі **факт.**

Кадет партиясының кәзір, июль күндеріндегісіндей, майдандағы опасыздармен және тылдағы ең зұлым контрреволюционерлермен бір лагерьде болып шыққандығы **факт.**

Біздің партияның кадеттерді буржуазиялық контрреволюцияға дем берушілер деп көрсеткені дұрыс болып шықты.

Біздің партияның контрреволюцияға карсы үзілді-кесілді күрес жүргізуді және «сабактас» адамдарды (Каледінді және баскаларын) камуға алуды июньнің алғашкы күндерінде-ак талап еткені дұрыс болып шыкты.

Контрреволюция кеше ғана басталған жок, оның басталуы Корниловтың заговорымен ғана байланысты емес. Контрреволюция ең кем дегенде июнь айында, үкімет, майданда шабуылға көшіп, катаң жазалау шараларын жүргізуге кіріскен кезде басталды; контрреволюцияшыл генералдар, Тарнопольды жауға беріп,

бар айыпты солдаттарға аударып, майданда өлім жазасын енгіздірген кезде басталды; кадеттер, июль айында-ақ үкіметке көлденең келіп, одақтас капиталдың көмегіне сүйене отырып, Уақытша үкіметтің ішінде өз гегемониясын орнатқан кезде басталды; контрреволюция, ақырында, Орталық Атқару Комитетінің көсемдері — меньшевиктер мен эсерлер кадеттерден қол үзудің орнына, сөйтіп июль демонстранттарымен бірігудің орнына өз қаруын жұмысшылар мен солдаттарға қарсы жұмсаған кезде басталды.

Бұл факт, мұны мойындамау өрескелдік болар еді.

Коалициялық үкімет пен Корнилов партиясының арасында жүргізіліп жатқан кәзіргі күресте алысушы күштер революция мен контрреволюция емес, контрреволюциялық саясаттың екі түрлі әдісі болып отыр, ал революцияның ең зұлым жауы Корнилов партиясы Риганы жауға бергеннен кейін Петроградқа қарсы жорыққа аттанудан тайынбайды, сөйтіп ескі режимді қайта орнатуға жағдай жасамақ.

Егер Корниловтың контрреволюцияшыл бандалары Петроградқа келе қалғандай болса, жұмысшылар мен солдаттар оларға үзілді-кесілді тойтарыс беру үшін барлық шараларды қолданады.

Революция дұшпандарының арам қолмен Россияның астанасын ластауына жұмысшылар мен солдаттар жол бермейді.

Олар революцияның айбынды туын жан-тәнімен қорғайды.

Бірақ олар революцияның туын қорғағанда өздерінің рухына мейлінше жат бір диктатураның орнына жаттығы одан кем соқпайтын екінші диктатураны ор-

нату үшін қорғамайды, орыс революциясының толық жеңіп шығуына жол ашу үшін қорғайды.

Қазір, бүліншілік пен соғыстың қыспағында елдің тынысы тарылып отырған кезде, ал контрреволюцияшыл құзғындар елді біржолата құртпақшы болып отырған кезде, революция елді қыйраудан, бүлінуден аман сақтау үшін қажетті барлық күш-құралдарды өз тарапынан табуға тиісті.

Қазір «билеуші» топтардың біреулерін екіншілерімен алмастыру немесе диктатура жөніндегі құйқылжу керек емес, қазір буржуазиялық контрреволюцияны толық жойып, Россия халықтарының көпшілігінің мүделері үшін үзілді-кесілді шаралар қолдану керек.

Осыларды ескере отырып, большевиктер партиясы мынаны талап етеді:

1) Тылдағы және майдандағы контрреволюцияшыл генералдарды дереу аластау керек, олардың орнына солдаттар мен офицерлердің тарапынан сайлангандарды қою керек, сөйтіп, жалпы алғанда, армияны төменнен жоғарыға дейін демократияландыру керек.

2) Армияда демократиялық тәртіп орнатуға бірденбір қабілеті күшті революцияшыл солдат ұйымдарын қалпына келтіру керек.

3) Жазалау шаралары атаулының бәрін, ең алдымен өлім жазасын түгел жою керек.

4) Помещиктердің барлық жерлерін дереу шаруа Комитеттерінің қарамағына беріп, ең кедей шаруаларды көлік-сайманмен қамтамасыз ету керек.

5) Заң бойынша 8 сағаттық жұмыс күнін белгілеп, фабрикаларды, заводтарды, банктерді демократиялық жолмен бақылау ісін ұйымдастыру керек, мұнда жұ-

мысшылардың өкілдері басым болуын қамтамасыз ету керек.

6) Финанс шаруашылығын толық демократияландыру керек, ең алдымен — капиталдарға және капиталистік мүліктерге аяусыз салық салып, соғыстан түскен сорақы пайдаларды конфискациялау керек.

7) Қала мен деревня арасындағы айырбас ісін дұрыс ұйымдастырып, қаланы керекті азық-түлікпен, деревняны қажетті товармен қамтамасыз ету керек.

8) Россия халықтарының өз билігі өзінде болу правосын дереу жариялау керек.

9) Бостандықты қалпына келтіріп, демократиялық республика жөнінде декрет шығарып, Құрылтай жиналысын дереу шақыру керек.

10) Одақтастармен жасалған құпия келісімдерді бұзып, жаппай демократиялық бітім шарттарын ұсыну керек.

Партияның айтатыны: бұл талаптарды жүзеге асырмайынша жарты жыл бойы соғыстың және жалпы бүліншіліктің қыспағында қалып отырған революцияны аман сақтау мүмкін емес.

Партияның айтатыны: бұл талаптарды жүзеге асырудың бірден-бір жолы, капиталистерден қол үзу керек, буржуазиялық контрреволюцияны толық жою керек, сөйтіп елдегі өкімет билігін революцияшыл жұмысшылардың, шаруалар мен солдаттардың қолына беру керек.

Ел мен революцияны күйреуден аман сақтарлық бірден-бір жол осы.

„Рабочий" № 4,
28 август, 1917 ж.
Басмақала

ЗАГОВОР ӘЛІ ТОҚТАЛҒАН ЖОҚ[79]

Олар кімдер?

Кеше біз контрреволюцияға дем берушілер — кадеттер екендігін жазғанбыз. Біз тек «лақаптарға» ғана сүйенген жоқпыз, сонымен бірге июльде Тарнопольдің «берілген» кезіндегі және августа Корниловтың заговор жасаған кезіндегі қысыл-таяң минуттарда кадеттердің үкіметтен кеткендігі жөніндегі жалпыға белгілі фактыларға да сүйендік. Өйткені июльде де, августа да кадеттердің майдандағы опасыздармен және тылдағы ең зұлым контрреволюционерлермен бір лагерьде болып, орыс халқына қарсы шыққандығы кездейсоқ нәрсе емес.

Бүгін «Известия» мен қорғампаздар, кадеттермен келісім жасағыш осы кәдімгі келісімпаздар, кадеттер туралы біздің кешегі айтқандарымызды қалтқысыз растап отыр.

«Мұны (яғни әскери диктатураны) тек генерал Корнилов қана емес, сонымен бірге, кәзіргі кезде Ставкада отырған қоғам қайраткерлерінің белгілі тобы да қалайтындығын Львов жасырған жоқ», — деп жазады қорғампаздар («Известия»).

Сонымен:

Ставка — контрреволюцияның штаб-ордасы екендігі факт.

Бас штабтың «белгілі қоғам қайраткерлерінен» құралғандығы **факт.**

Ал осы «қоғам қайраткерлері» кімдер?

Тағыда тыңдаңыз:

«Кадет партиясының өкілдерімен идеялас және тікелей байланысты болып отырған бірсыпыра қоғам қайраткерлерінің заговорға қатысқандығы күмәнсіз анықталды» («Известия»).

Сонымен:

Күні кеше елдегі «кадет партиясының өкілдері» сияқты «тірі жандармен» ауыз жаласқан қорғампаз мырзалардың бүгінгі күні оларды революцияға қарсы заговор жасаушылар деген атаққа іліктіруге мәжбүр болып отырғандығы **факт.**

Заговорды ұйымдастырып, оған жөн сілтеп отырғандар «кадет партиясының өкілдері» екендігі **факт.**

Біздің партияның: революцияның жеңуінің бірінші шарты — кадеттерден қол үзу керек деп көрсеткені дұрыс болып шықты.

Олардың көздейтіні не?

Кеше біз Корниловтың партиясы — орыс революциясының ең зұлым жауы, Корнилов Риганы бергеннен кейінгі жерде, тек контрреволюцияның жеңісін қамтамасыз ету үшін Петроградты да жауға беруден тайынбайды деп жазғанбыз.

Бүгін «Известия» біздің осы айтқанымызды қалтқысыз растап отыр:

Бүліктің іс жүзіндегі нағыз дем берушісі, бас штабтың бастығы генерал Лукомский былай дейді: «Уақытша үкімет генерал Корниловтың талаптарына көнбейтін болса, майдандағы қыр-

ғый-кабақ күрестің нәтижесінде майдан шебінің бұзылуы және душпанның біз күтпеген жерлерге жетіп келуі мүмкін».

Рас емес пе: мұның өзі, айталық, Петроградты жауға бермекші болып қорқытумен барабар ғой?

Ал бұдан да анық мәлімдеме мынадай:

«Генерал Лукомский, тегінде, заговордың табысты болуын көздеп, отанға тікелей опасыздық істеуден тайынбайды. Генерал Корниловтың талаптарын орындаудан бастартқан күнде майданда азамат соғысы туады, майдан ашылады, сөйтіп сепараттық бітімнің масқарашылығы кездеседі деп оның қоқан-лоққы көрсетуін заговордың табысты болуын қамтамасыз ету үшін немістермен келісім жасауға берік бел байлағандық деп бағалау керек, бұдан басқаша бағалау мүмкін емес».

Есітіп отырсыздар ғой: «немістермен келісім жасамақ», «майдан ашылмақ», «сепараттық бітім болмақ»...

«Заговорға қатысқан» кадеттер, Ставкада отырып алып, «майдан ашылады», «немістермен келісім жасалады» деген қоқан-лоққыны бүркеуде, — нағыз «сатқыншылар» мен «опасыздар» міне осылар!

«Майдан ашқыш» осы батырлар «опасыз» деп айыптап, «неміс ақшасы» дегенді ойлап шығарып, әлденеше айлар бойы біздің партияны қаралады. «Новое Время» және «Биржёвка» газеттеріндегі, «Речь» және «Русская Воля» газеттеріндегі, банктердің сары жалдамшылары болып істейтіндер осы зұлымдық ертегіні әлденеше айлар бойы шатпақтады. Ал енді ше? Енді тіпті қорғампаздар да майдандағы опасыздық — командалық құрамның және оған идеялық дем берушілердің әрекеті екендігін мойындауға мәжбүр болып отыр.

Жұмысшылар мен солдаттар мұны ұмытпасын!

Бұлар буржуазиялық баспасөздің солдаттар мен большевиктер «опасыздық жасады» деп провокациялық түрде айқай салулары генералдар мен кадет партиясының «қоғам қайраткерлерінің» нағыз опасыздығын тек бүркегендік болып табылатынын біліп қойсын.

Бұлар егер буржуазиялық баспасөз солдаттардың «опасыздығы» туралы ұлый бастайтын болса, мұнысы — осы баспасөзге дем берушілердің кінәны солдаттарға аударуға тырысу арқылы қазірдің өзінде-ақ опасыздық әзірлегендігінің анық белгісі болатындығын біліп қойсын.

Жұмысшылар мен солдаттар осыны біліп алсын да, бұдан тиісті қортындылар жасасын.

Олардың көздейтіні не екенін білгіңіз келе ме?

Олар «майданның ашылуын» көздейді және «немістермен келісім жасауды» көздейді, соғыстан қажыған солдаттарды сепараттық бітім идеясы арқылы өздерінің сондарына ертіп алып, онан соң оларды революцияға қарсы аттандырмақ болады.

Ставкадағы бұл сатқыншыларға рақым болмауға тиісті екенін жұмысшылар мен солдаттар түсінеді.

Заговор әлі тоқталған жоқ...

Оқиғалар өтіп жатыр. Жаңа фактылар мен лақаптар көз алдымызда зымырап өтіп жатыр. Корниловтың немістермен келіссөз жүргізгені туралы әлі жете анықталмаған лақаптар тарап жүр. Корнилов полктерінің Питер түбіндегі революцияшыл солдаттармен атысқандығы туралы жұрт ашық әңгіме етуде. Корниловтың «манифесі» шықты, мұнда ол өзін дикта-

тор деп жарыялайды, орыс революциясы табыстарының жауы екенін және оның көрін казушысы екенін жарыялайды.

Ал Уакытша үкімет, жауларды жауша карсы алудың орнына, генерал Алексеевпен кеңесуді макұл көріп отыр, Корниловка кайта-кайта сөз салып, Россияны ашықтан сатып отырған заговоршыларға кайта-кайта токтау айтып жүр.

Ал «революцияшыл демократия» дейтіндер жаңа кеңеске, «Москва кеңесінің үлгісімен өткізілетін, елдегі барлық тірі жандардың өкілдері катысатын айрықша кеңеске» дайындалып отыр («Известияны» караңыз).

Сонымен бірге, күні кеше «большевиктердің заговоры» туралы даурығысып жүрген кадеттер, бүгінгі күні, Корниловтың заговорының әшкереленуінен есеңгіреп, «сабырлы болуға», «келісімге келуге» шакырып отыр («Речьті» караңыз).

Анығында, большевиктердің заговоры туралы даурыға отырып, өздері революция мен орыс халкына карсы заговор ұйымдастыратын нақ әлігі «тірі жандармен» жаңадан келісім «жасауды» көздеп жүр.

Бірақ олар, бұл келісімпаздар, қожайынның ықтиярынсыз есеп жасап отыр. Өйткені елдің нағыз қожайыны, жұмысшылар мен солдаттар, революцияның жауларымен ешқандай кеңес жүргізгісі келмейді. Аудандар мен полктерден келіп жаткан ақпарлар жұмысшылардың күш жыйнауда екенін, солдаттардың кару сайлап отырғандығын түгел бір ауыздан сыйпаттайды. Анығында, жұмысшылар жаулармен жауларша сөйлесуді макұл көреді.

Басқаша болуы мүмкін де емес: жаулармен кеңеспес болар, егесер болар.

Заговор әлі тоқталған жоқ, — тойтарыс беруге әзірленіңдер!

„Рабочий“ № 5, екінші рет төтенше шығарылуы.
28 август, 1917 ж.
Басмақала

БУРЖУАЗИЯМЕН КЕЛІСУГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСЕЙІК

Помещиктер мен капиталистердің контрреволюциясы күйретілді, бірақ әлі біржолата құртылған жоқ.

Корниловшыл генералдар қыйратылды, бірақ революцияның салтанаты әлі қамтамасыз етілген жоқ.

Неге?

Неге десеңіз, жаулармен аяусыз күресудің орнына, келісімпаздар олармен келіссөз жүргізіп отыр.

Неге десеңіз, помещиктер мен капиталистерден қол үзудің орнына, қорғампаздар олармен келісім жасасып отыр.

Неге десеңіз, оларды заңнан тыс деп жарыялаудың орнына, үкімет оларды министрліктерге шақырып отыр.

Россияның оңтүстігінде генерал Каледин революцияға қарсы көтеріліс ұйымдастырып отыр, — ал оның досы, генерал Алексеев, бас штабтың бастығы болып тағайындалып отыр.

Россияның астанасында Милюковтың партиясы контрреволюцияны ашықтан-ашық қолдап отыр, — ал оның өкілдері, Маклаковтар мен Кишкиндер, министрліктерге шақырылып отыр.

Революцияға қарсы жасалып отырған бұл қылмысқа тыйым салатын уақыт жетті!

Жаулармен келісу емес, ұрысу керек деп үзілді-кесілді және біржолата айтатын уақыт жетті!

Помещиктер мен капиталистерге қарсы, генералдар мен банкирлерге қарсы, Россия халықтарының мүдделері үшін, бейбітшілік үшін, бостандық үшін, жер үшін күресейік, — біздің ұранымыз міне осы.

Буржуазия мен помещиктерден қол үзу керек, — бірінші міндет міне осы.

Жұмысшылар мен шаруалардың үкіметін орнату керек, — екінші міндет міне осы.

«Рабочий» № 9,
31 август, 1917 ж.
Басмақала

ДАҒДАРЫС ЖӘНЕ ДИРЕКТОРИЯ

Корниловтың заговоры басталып, өкімет құлағаннан кейін, заговор күйретіліп, Керенскийдің — Кишкиннің министрлігі құрылғаннан кейін, «жаңадан» дағдарыс туып, Церетели — Гоц нақ сол Керенскиймен «жаңадан» келіссөз жүргізгеннен кейін, — біз, ақырында, бес адамнан құралған «жаңа» (мүлде жаңа!) үкіметті көріп отырмыз.

Керенский, Терещенко, Верховский, Вердеревский және Никитин, бес адамдық «директория» — Керенский «сайлаған», Керенский бекіткен, Керенскийдің алдында жауапты және жұмысшыларға, шаруалар мен солдаттарға тәуелсіз «жаңа» өкімет міне осындай.

Бұл өкімет кадеттерге де нақ осылай тәуелсіз деушілер бар, бірақ бұл нағыз барып тұрған сандырақ. Өйткені үкіметте кадеттердің ресми өкілдерінің жоқтығы оның кадеттерге толық тәуелді екенін тек қана бүркейтін амал.

Жұрт көзіне — эсер Керенский, Жоғарғы бас қолбасшы. Іс жүзінде — кадеттердің қолшоқпары генерал Алексеев бас штабты, яғни майданның барлық тізгіндерін өз қолына алып, билеп-төстеп отыр.

Жұрт көзіне — кадеттерге тәуелсіз (ойнамаңыз!) «солшыл» директория. Іс жүзінде — кадеттердің колшокпарлары министрліктерді басқарып, іс жүзінде мемлекеттің барлық істерін меңгеріп отыр.

Сөз жүзінде — кадеттерден кол үзілген. Іс жүзінде — кадеттердің тылдағы және майдандағы колшокпарларымен келісім жасалып отыр.

Директория — кадеттермен жасалған одақты бүркейтін бүркеніш; Керенскийдің диктатурасы — помещиктер мен капиталистердің диктатурасын халықтың ызасынан қорғайтын бетперде, — кәзіргі жағдай міне осындай.

Алда — «тірі жандар» өкілдерінің жаңа кеңесі болмақ, онда Церетели мен Авксентьев мырзалар, осы кәдімгі келісімпаздар, күні кеше кадеттермен жасалған астыртын келісімді әйгілі және ашық келісімге айналдырмақшы, сөйтіп жұмысшылар мен шаруалардың жауларының айызын қандырмақшы.

Соңғы алты айдың ішінде еліміз өкіметтің катты дағдарысын үш рет бастан кешірді. Дағдарыс әрдайым буржуазиямен келісім жасау арқылы шешіліп отырды, оның бержағында жұмысшылар мен шаруалар әрдайым құралақан калып отырды.

Неге?

Неге десеңіз, эсерлер мен меньшевиктердің ұсақ буржуазиялық партиялары, өкімет үшін күреске араласқанда, әрдайым помещиктер мен капиталистердің жағына шығып кетіп отырды, дауды әрдайым кадеттердің пайдасына шешіп отырды.

Корниловтың заговоры кадеттердің түгелдей контрреволюцияшыл екендігін ашып берді. Қорғампаздар кадеттердің опасыздығы туралы үш күн ұдайы дау-

рықты, контрреволюциямен алғашқы соқтығысқандақ құлап түскен коалицияның жарамсыздығы туралы олар үш күн ұдайы даурықты. Ал енді ше? Осыдан кейін, олар нақ сол масқараланған кадеттермен жасалған бояма коалицияны қабылдаудан басқа тәуір амал таппады.

Күні кеше ғана Орталық атқару комитетінің кор ғампаз көпшілігі өзінің дауыс беруі арқылы жұмысшылар мен шаруалардың негізгі мүдделерін елеусіз қалдырып, кадеттермен қалтарыста жасалған келісімнің нәтижесінде құрылған бес адамдық директорияны «қолдауға» ұйғарды.

Сол күні, өкіметтің дағдарысы шиеленіскен күні, өкімет үшін күрестің күшейген күні, меньшевиктер мен эсерлер күлі көкке ұшырылған Корниловтың әруағын сыйлап, помещиктер мен капиталистердің өкімет билігін өз қолдарында сақтап қалуына тағыда көмектесті, контрреволюцияшыл кадеттердің жұмысшылар мен шаруаларды құралақан қалдыруына тағыда көмектесті.

Орталық Атқару Комитетіндегі кешегі дауыс берудің саяси мағнасы осы, тек осы ғана.

Мұны жұмысшылар біліп алсын, мұны шаруалар біліп алсын, сөйтіп бұдан тиісті қортындылар шығарсын.

Кешегі әйгілі коалициялар қандай осал болса, бүгінгі астыртын коалиция да сондай осал: помещик пен шаруа арасында, капиталист пен жұмысшы арасында берік келісімнің жасалуы мүмкін емес. Сондықтан, өкімет үшін күрестің аяқталмағаны былай тұрсын, қайта, керісінше, бұл күрес барған сайын күшейіп, шиеленісуде.

Эсерлер мен меньшевиктер бұқара арасында ықпал жүргізіп отырған кезде, бұл күресте өздерінің сөзсіз жеңіліске ұшырай беретінін жұмысшылар біліп алсын.

Өкіметті қолға алу үшін шаруалар мен солдаттар бұқарасын келісімпаздардан, эсерлер мен меньшевиктерден айырып алу қажет екенін, осы бұқараны революцияшыл пролетариаттың төңрегіне топтастыру қажет екенін жұмысшылар ұмытпасын.

Олар мұны ұмытпасын және шаруалар мен солдаттардың көзін ашсын, олардың алдында эсерлер мен меньшевиктердің сатқыншылығын әшкерелесін.

Бұқара арасындағы эсерлік-меньшевиктік ықпалға қарсы аяусыз күрес жүргізу керек, шаруалар мен солдаттарды пролетариат партиясының туы төңрегіне топтастыру жөнінде талмай жұмыс істеу керек, — жаңа ғана бастан кешірілген дағдарыстың сабағы міне осындай.

„Рабочий Путь“ № 1,
3 сентябрь, 1917 ж.
Басмақала

ӨЗ ЖОЛЫМЕН

Маркс Германиядағы 1848 жылғы революцияның әлсіздігінің себебі, бір есептен, сол — онда революцияны түрткілеп, оны күрес отында нығайтарлықтай күшті контрреволюция болған жоқ деп түсіндірген еді.

Бұл жағынан алып қарағанда, біз, орыстар, тағдырға налый алмаймыз, өйткені бізде контрреволюция бар, оның үстіне әбден іргелі контрреволюция бар. Ал генералдық-буржуазиялық контрреволюцияның соңғы аттаныстары және бұған революция қозғалысының қарама-қарсы толқыны революцияның нақ контрреволюцияға қарсы тартыстарда өсіп, нығайып отырғандығын өте-мөте айқын көрсетіп берді.

Буржуазияның июль — август айларындағы әрекеттерінен қыйрап, өлуге айналған Советтер мен Комитеттер, осы тартыстарда қайтадан жанданып, құлашын жайды.

Революция осы ұйымдардың арқасында контрреволюцияға үстем боларлықтай дәрежеге жетті.

Кәзір, корниловшылдар бейберекет шегініп бара-жатқан кезде, ал Керенский өзгенің жеңіс даңқын әдепсіздікпен өзіне теліп отырған кезде, кәзір өте-мөте

айқындалып отырған нәрсе сол — бұл ұйымдар болмаса, темір жол, солдат, матрос, шаруа, жұмысшы, почта-телеграф Комитеттері мен басқа да «өзі билейтін» Комитеттер болмаса, олар революциялық бастама жасап, айбынды қыймыл көрсетпеген болса, революция құрыған болар еді.

Сондықтан бұл ұйымдарды барынша қадірлеп отыру керек. Бұл ұйымдарды нығайтып, ұлғайту жөніндегі біздің жұмысымыз барынша жігерлі түрде жүргізілуі керек. «Өзі билейтін» Комитеттер өмір сүріп, өркендей берсін, нығая түсіп, жеңіске жетсін, — революция достарының ұраны міне осы болуға тиіс.

Тек орыс халқының жаулары ғана, нағыз қас жаулары ғана осы ұйымдардың бүтіндігіне қол сұғады.

Оның бержағында Керенскийдің үкіметі контрреволюция аттанысының алғашқы күндерінен бастап-ақ «өзі билейтін» Комитеттерге сұқтанып қарайтын болды. Корниловшылдыққа қарсы күресерлік дәрмені де, зауқы да болмаған бұл үкімет, бұқарадан және бұқара қозғалысынан контрреволюциядан қорыққанынан бетер қорқатын бұл үкімет, Корниловтың аттанысының алғашқы күндерінен бастап-ақ Питер Комитетінің контрреволюцияға қарсы халықтық күрес ұйымдастыруына бөгет жасап отырды. Корниловшылдыққа қарсы күрес жөніндегі осы қаскүнемдігін үкімет ылғый қолданып келді

Бірақ бұл бұл ма. Төртінші сентябрьде Керенскийдің үкіметі арнаулы бұйрық шығарып, революцияшыл Комитеттерге қарсы ашық соғыс жариялады, оларды заңнан тыс етіп қойды. Осы Комитеттердің жұмысын «бейбастақ әрекет» деп міней келіп, үкімет былай дейді:

«Бейбастақ әрекеттерге бұдан былай жол берілуге тиісті емес, сондықтан Уақытша үкімет бұларды республикаға зиянды, бейбастақ әрекеттер деп санап, бұған қарсы күреседі».

Керенский, сірә, «директорияның» орнына әлі «консулат» келіп орнамағанын, ал оның өзі Россия республикасының бірінші консулы емес екендігін ұмытқан көрінеді.

Керенский, сірә, «директория» мен «консулаттың» аралығында мемлекеттік төңкеріс болғандығын, мұндай бұйрықтар шығарудан бұрын сол төңкерісті жасау керек екендігін білмейтін көрінеді.

Керенский тылдағы және майдандағы «өзі билейтін» Комитеттерге қарсы күрес жүргізгенде өзінің Калединдер мен Корниловтарға, тек соларға ғана сүйенуіне тура келетіндігін білмейді, ал оның өзі соңғылардың тағдырын қалайда ұмытпағаны жөн...

Революцияшыл Комитеттер Керенскийдің арқа жақтан жұмсаған соққысына лайықты тойтарыс береді деп, біз кәміл сенеміз.

Революцияшыл Комитеттер өз жолынан аумайды деп, біз берік сенім білдіреміз.

Ал егер «директорияның» жолы мен революцияшыл Комитеттердің жолы біржолата екі айырылып кеткен болса, онда «директорияның» өз соры.

Контрреволюциялық қауіп әлі арылған жоқ, — революцияшыл Комитеттер жасасын!

Рабочий Путь" № 3,
6 сентябрь, 1917 ж.
Бағмақола

КАДЕТТЕРДЕН ҚОЛ ҮЗУ ТУРАЛЫ

Корниловшылдықтың тек жаман жағы ғана бар емес. Өмірдегі құбылыс атаулының бәрі сияқты, оның жақсы жағы да бар. Корниловшылдық нақ революцияның өміріне оқталды. Бұл күмәнсіз нәрсе. Бірақ революцияға оқтала отырып және қоғамның барлық күштеріне қозғау сала отырып, ол осы арқылы бір жағынан, революцияны түрткіледі, — оны зор белсенділікке, ұйымшылдыққа итермеледі, екінші жағынан — таптар мен партиялардың ақыйқат сырын ашып берді, олардың бетпердесін жұлды, олардың шын бейнесін көріп-білуге көмектесті.

Өмір сүруден қала жаздаған тылдағы Советтердің және майдандағы Комитеттердің лезде жанданып, өз дерінің жұмысын күшейтулеріне корниловшылдық себеп болды.

Кадеттердің контрреволюцияшылдығы туралы қазір барша жұрттың, оның ішінде, күні кеше сол кадеттермен келісім жасауды «жан-тәнімен» қалап жүргендердің әңгіме ете бастауына корниловшылдық себеп болды.

«Болып өткен оқыйғадан кейін» тіпті эсерлер мен

меньшевиктердің де ендігі жерде кадеттермен коалиция жасауды лайық көрмей отырғандығы факт.

Тіпті Керенский құрастырған бес адамдық «директориянын» да кадеттердің ресми өкілдерінсіз-ақ күн көруге тиісті болғандығы факт.

Кадеттерден қол үзу — «демократияшыл» партиялардың парызы болып алды деп ойлауға болады.

Корниловшылдықтың жақсы жағы міне осында.

Ал кадеттерден қол үзу дегеніміз не?

Айталық, эсерлер мен меньшевиктер белгілі партияның мүшелері ретіндегі кадеттерден «біржолата» қол үзді дейік. Бірақ бұдан: олар империалистік буржуазияның өкілдері ретіндегі кадеттердің саясатынан қол үзді деуге бола ма?

Жоқ, болмайды.

Айталық, 12 сентябрьде болатын демократиялық кеңесте қорғампаздар кадеттерден тыс жаңа өкімет құрады дейік, ал Керенский осындай қарарға бағынады дейік. Бірақ бұдан: олар империалистік буржуазияның өкілдері ретіндегі кадеттердің саясатынан қол үзді деуге бола ма?

Жоқ, болмайды.

Капиталдың өкілдері, өздері министрлердің кабинетіне енбестен-ақ, оған ұсақ буржуазиялық «социалистерді» «жіберіп отыратындығы» жөнінде, сөйтіп, өздері калтарыста калып, өздерінің калағанын басқаларға істетіп, елді тоқтаусыз тонап отыратындығы жөнінде Францияның империалистік республикасының тәжрибесінен көп мысалдар келтіруге болады. Францияның финанс шонжарлары, министрліктердің басына «социалистерді» (Бриан! Вивиани!) ұсына отырып,

өздері солардың сыртында түрып, өз табының саясатын ойдағыдай жүргізіп келгендігін біз тарихтан білеміз.

Мүндай кадеттік емес министрлер кабинетінің Россияда да өмір сүруі әбден ықтыймал, бірақ бүл кабинет, айталық, Россияны өзінің телімдігіне айналдырып отырған одақтас капиталдың қысымының тегеурінімен, немесе баска жағдайлардың тегеурінімен бірден-бір мүмкін саясат деп кадеттік саясатты жүргізуді керек деп таба алады.

Ең жаман болған күнде кадеттердің мүндай кабинетке ешбір қарсы бола қоймайтындығын айтып жатудың қажеті де жоқ, өйткені кадеттік саясатты кім жүргізсе, ол жүргізсін, бәрі бір емес пе: тек ол саясат жүргізілсе болғаны да!

Анығында, мәселенің тетігі үкіметтің қандай адамдардан қүралатындығында емес, оның жүргізетін саясатында болып отыр.

Сондықтан кімде-кім кадеттерден тек дүшпан көзі үшін ғана емес, шындап қол үзем дейтін болса, ол адам, ең алдымен, кадеттік саясаттан қол үзуге тиіс.

Ал кадеттердің саясатынан қол үзу дегеніміз — помещиктерден қол үзіп, олардың жерін шаруа Комитеттеріне әперу керек деген сөз, мүндай шараның кейбір күдіретті банктерге ауыр соққы болып тиетіндігіне қарамастан, осылай ету керек деген сөз.

Кадеттердің саясатынан қол үзу дегеніміз — капиталистерден қол үзіп, өндірісте және өнім бөлуде жүмысшы бақылауын орнату керек деген сөз, бүл арада капиталистердің пайдаларына қол сүғуға тура келетіндігіне қарамастан, осылай ету керек деген сөз.

Кадеттердің саясатынан қол үзу дегеніміз — талаушылық соғыстан және қүпия шарттардан қол үзу

керек деген сөз, мұндай шараның одақтастардың империалистік билеушілеріне ауыр соққы болып тиетіндігіне қарамастан, осылай ету керек деген сөз.

Меньшевиктер мен эсерлер кадеттерден осылайша қол үзуге бара ала ма?

Жоқ, бара алмайды. Өйткені бұлай еткен күнде олар қорғампаз болудан қалар еді, яғни майданда соғысты жақтаудан, тылда таптардың бітісуін жақтаудан қалар еді.

Ендеше кадеттерден қол үзу туралы меньшевиктер мен эсерлердің қоймастан шуласып жүргендегі ойы не?

— Кадеттерден сөз жүзінде ғана қол үзу, — бар болғаны осы!

Әңгіме былай: Корниловтың заговоры сәтсіздікке ұшырағаннан кейін, Милюковтың партиясының контрреволюциялық сыры әшкереленгеннен кейін, бұл партиямен келісім жасаудың өзі жұмысшылар мен солдаттардың арасында тым ұнамсыз нәрсе болып қалды: меньшевиктер мен эсерлер осындай келісімге бой ұрса-ақ болғаны, олар өздерінің бұрынғы армиясының ақырғы қалдығынан лезде айрылады. Сондықтан оларға ашық келісімнің орнына астыртын келісімге бой ұруға тура келіп отыр. Кадеттерден қол үзу туралы дақпырттың, кадеттермен жасалған астыртын келісімді бүркейтін дақпырттың мәнісі осы. Жұрт көзіне — кадеттер жойылсын дейді! Іс жүзінде — кадеттермен одақ жасалсын дейді! Жұрт көзіне — үкімет кадеттерсіз болсын дейді! Іс жүзінде — «дәулеттілер үстемдігін» жүргізетін отандық және одақтық кадеттерге арналған үкімет.

Ал бұдан шығатын қорытынды сол — Россия саяси

дамудың жаңа бір кезеңіне кіріп отыр, бұл кезеңде империалистік буржуазиямен ашық келісім жасасу қауіпті іске айналып отыр. Біз құрамы жағынан кадеттік емес үкіметтердің, солай бола тұрса да империалистік буржуазияның әмірін орындағыш үкіметтердің дәуірін бастан кешіріп отырмыз.

Таяуда туған «директория» — осындай үкімет құру жөніндегі алғашқы әрекет болып табылады.

12 сентябрьде шақырылатын кеңес, егер бұл құр дақпыртпен аяқталмайтын болса, нақ осындай, бәлкім, «бұдан да солшылдау» үкімет құруға әрекеттенеді деп ойлау керек.

Алдыңғы қатарлы жұмысшылардың міндеті — мұндай кадеттік емес үкіметтердің бетпердесін жұлып тастап, олардың нағыз кадеттік бейнесін бұқараға көрсету болып табылады.

„Рабочий Путь" № 3.
6 сентябрь, 1917 ж.
Қол қойған: К. Ст.

ЕКІНШІ ТОЛҚЫН

Орыс революциясының бірінші толқыны патша өкіметіне қарсы күрес ұранымен басталды. Ол кезде революцияның негізгі күштері ретінде бой көрсеткендер жұмысшылар мен солдаттар болды. Бірақ олар бірден-бір күш болған жоқ. Олармен қатар либералдық буржуалар да (кадеттер) және ағылшын-француз капиталистері де бой көрсетті; булардың алғашқылары патша өкіметінен жерігенде оның Константинопольға жол салуға дәрменсіз болғандығы үшін жеріді, ал екіншілері патша өкіметінен айнығанда оның Германиямен сепараттық бітім жасасуға талпынғандығы үшін айныды.

Сонымен әлденендей бір жасырын коалиция құрылды, соның тегеурінімен патша өкіметі өмір төрінен кетуге тиісті болды. Онсоң патша өкіметі құлаған күннің ертеңіне-ақ осы жасырын коалиция жарық коалицияға айналды, сөйтіп бул Уақытша үкімет пен Петроградтық Советтің арасындағы, кадеттер мен «революцияшыл демократияның» арасындағы белгілі шарттың формасына енді.

Бірақ бул күштер әртүрлі мақсаттар көздеді. Ка-

деттер мен ағылшын-француз капиталистерінің көздегені бұқараның революциялық жігерін империалистік үлкен соғыстың мақсатына пайдалану үшін тек кіші революция жасау болса, — жұмысшылар мен солдаттар, мұның керісінше, ескі режимнің бүтіндей күйретілуін және ұлы революцияның толық жеңуін көздеді, сөйтіп помещиктерді төңкеріп тастап, империалистік буржуазияны ауыздықтап, соғыстың тоқтатылуын, әділ бітімнің қамтамасыз етілуін көздеді.

Осы іргелі қайшылық революцияның бұдан былайда дамуына негіз болды. Осы қайшылықтың өзі кадеттермен жасалған коалицияның осалдығын күн ілгері көрсетті.

Өкімет дағдарыстары дейтіндердің бәрі де, ең соңғы августағы дағдарысына дейін, осы қайшылықтың көрінісі болып табылады.

Ал егер осы дағдарыстардың кезінде табысқа жетуші әрдайым империалистік буржуазия болып отырған болса, егер дағдарыс «шешілген» сайын жұмысшылар мен солдаттар алдауға түсіріліп, коалиция белгілі формада сақталып қалып отырған болса — онда оның себебі империалистік буржуазияның аса ұйымшыл және финанс жағынан қуатты болғандығынан ғана емес, сонымен қатар ұсақ буржуазияның бұлталақ басшылары және жалпы алғанда ұсақ буржуазиялы еліміздің ұсақ буржуазиясының қалың бұқарасын әзірге әлі өзінің соңына ертіп жүрген эсерлер мен меньшевиктердің партиялары әрдайым «баррикаданың арғы жағына» шығып кетіп жүр, өкімет жолындағы күресті кадеттердің пайдасына шешіп жүр.

Кадеттермен жасалған коалиция июль күндерінде, коалицияның мүшелері біртұтас ұрыс майданын құ-

рып, өзінің қаруын «большевиктік» жұмысшылар мен солдаттарға қарсы жұмсаған кезде қатты күшейді.

Бұл жағынан алып қарағанда Москва кеңесі июль күндерінің тек жаңғырығы болды, ал большевиктердің кеңеске енгізілмеуі елдің «тірі жандарымен» жасалған «адал коалицияны» нығайту жолындағы қажетті амал еді, өйткені большевиктердің шеттетілуі кадеттермен жасалған коалицияның беріктігіне қажетті шарт болып есептелді.

Корниловтың көтерілісіне дейін істің жайы осылай еді.

Корниловтың аттанысынан бастап жағдай өзгерді.

Кадеттермен жасалған одақтың Корниловтармен және Калединдермен жасалған одаққа айналғалы тұрғаны, бұл одақтың тек... большевиктерге ғана емес, сонымен бірге бүкіл орыс революциясына қарсы, революция жеңістерінің нақ аман сақталуына қарсы одақ болатындығы Москва кеңесінің өзінде-ақ айқындалған-ды. Москва кеңесіне бойкот жариялаудың және Москва жұмысшыларының ереуіл наразылық білдіруінің нәтижесінде контрреволюциялық жыйынның бетпердесі жұлынып, заговоршылардың жоспарлары бұзылды, сөйтіп мұның өзі ол кезде осы жағынан тек ескерту болып қана қойған жоқ, сонымен қатар — әзір тұруға шақырған үндеу болды. Бұл үндеудің айдалада адасқанның зары болып қалмағандығы мәлім: сол кездің өзінде-ақ бірсыпыра қалалар ереуіл-наразылық көрсету арқылы бұған үн қосты...

Бұл қаһарлы қайраттың белгісі еді.

Корнилов көтерілісінің нәтижесінде қайнаған революциялық ызаның тек қақпағы ашылды, тұсауға іліккен революцияның тек тұсауы жазылды, сөйтіп бұл

жағдай революцияны түрткілеп, оны алға итермеледі.

Контрреволюциялық күштермен шайқасудың шарпуылы үстінде, сөз бен уәде тікелей күрестің нақты нәтижесі арқылы тексерілетін кезенде, — нақ осы арада революцияның шын достары мен қас жаулары, жұмысшылардың, шаруалардың, солдаттардың шын одақтастары мен дұшпандары айқын көрінді.

Әралуан материалдардың құрақтарынан әбден құныттап құрастырылған Уақытша үкімет Корнилов көтерілісінің алғашқы екпінімен-ақ қақырап түсті.

«Күйініштi», бірақ факт: «революцияны қорғау» туралы мылжыңдау керек болған кезде коалиция мығым күш болып көрінеді, — ал революцияны қатерлі қауіптен шындап қорғау керек болған кезде коалиция құр кеуде болып шығады.

Кадеттер ашықтан-ашық корниловшылдармен ынтымақтасып, үкіметтен кетті. Алуан түсті және алуан дәрежелі империалистердің бәрі де, банкирлер мен фабриканттар, заводшылар мен жалдаптар, помещиктер мен генералдар, «Новое Время» газетіндегі қаламды қарақшылар мен «Биржёвкадағы» сужүрек провокаторлар, — осылардың бәрі де кадеттерді басшы етіп, ағылшын-француздың империалистік шонжарларымен одақтаса отырып, контрреволюционерлермен бірге бір лагерьге шығып отыр, — революцияға қарсы және революцияның жеңістеріне қарсы күресіп отыр.

Кадеттермен жасалған одақ — шаруаларға қарсы помещиктермен, жұмысшыларға қарсы капиталистермен, солдаттарға қарсы генералдармен жасалған одақ екендігі айқындалып отыр.

Кімде-кім Милюковпен келісім жасаса, оның осы арқылы Корниловпен келісім жасайтындығы, оның

революцияға қарсы шығуға тиісті болатындығы айқындалып отыр, өйткені Милюков пен Корнилов — «бір тұлғадұр».

Осы ақыйқатты көмескі түрде ұғынудың өзі жаппай революциялық жаңа қозғалысқа негіз болып отыр, орыс революциясының екінші толқынына негіз болып отыр.

Егер бірінші толқын кадеттермен жасалған коалицияның салтанатты жеңісімен аяқталған болса (Москва кеңесі!), ал екінші толқын сол коалицияның күйреуімен, кадеттерге қарсы ашық соғыс жүргізумен басталып отыр.

Тылдағы және майдандағы мерт болуға айналған Советтер мен Комитеттер генералдық-кадеттік контрреволюцияға қарсы күресте жанданып, нығаюға бет алып келеді.

Генералдық-кадеттік контрреволюцияға қарсы күресте жұмысшылар мен солдаттардың, матростар мен шаруалардың, темір жолшылар мен почта-телеграф қызметкерлерінің жаңа революцияшыл Комитеттері құрылып жатыр.

Осы күрестің шарпуылымен жер-жерлерде, Москва мен Кавказда, Питер мен Оралда, Одесса мен Харьковта жаңа өкімет органдары құралып жатыр.

Мұндағы әңгіме эсерлер мен меньшевиктердің жаңа қарарларында емес; бұлардың соңғы күндер ішінде солшылданғаны күмәнсіз, әрине, мұның өзінің де маңызы кем емес.

Әңгіме «большевизмнің жеңгендігінде» де емес; ал буржуазиялық баспасөз «День» және «Воля Народа» газеттеріндегі үрейі ұшқан филистерлерге большевизмнің елесін құбыжық етіп көрсетіп отыр.

Әңгіме мынада: кадеттерге қарсы күресте және олардың еркінен тыс жаңа өкімет, ашық арпалыста контрреволюцияның жасақтарын жеңген өкімет өсіп келеді.

Әңгіме мынада: осы өкімет, қорғаныстан шабуылға көшіп, помещиктер мен капиталистердің негізгі мүдделеріне сөзсіз нұқсан келтіріп, осы арқылы жұмысшылар мен шаруалардың қалың бұқарасын өзінің төңрегіне топтастырып отыр.

Әңгіме мынада: осы «танылмаған» өкімет, осылайша әрекет істей отырып, өмірдің тауқыметімен өзінің «орныққаны» туралы мәселе қоюға мәжбүр болып отыр, ал контрреволюцияшыл заговоршылармен көрер көзге бауырлас екендігін білдірген «ресми» өкімет берік табан тірегінен айырылып отыр.

Әңгіме, ақырында, мынада: жаңа қалалар мен облыстарда шапшаң өріс алған революцияның жаңа толқыны кезінде Керенскийдің үкіметі, күні кеше корниловтық контрреволюцияға қарсы батыл күресуден қорыққан болса, бүгінгі күні Корниловпен және тыл мен майдандағы корниловшылдармен бірігіп отыр, сонымен қатар революцияның ордаларын бұзуға, жұмысшылардың, солдаттар мен шаруалардың «өзі билейтін» Комитеттерін таратуға «бұйрық» беріп отыр.

Керенский Корниловтармен және Калединдермен неғұрлым ынтымақтасқан сайын, халық пен үкіметтің арасындағы жік соғұрлым үлкейіп отыр, Советтер мен Уақытша үкіметтің арасындағы алшақтық соғұрлым ұлғайып отыр.

Ескі келісімпаздық ұрандардың құрып бітетіндігі — жеке партиялардың қарарларынан емес, осы фактылардан көрінеді.

Біз кадеттерден қол үзгендіктің шамасын асыра бағалаудан аулақпыз. Бұл әзірінше формальды түрде ғана қол үзгендік екенін біз білеміз. Бірақ осылай қол үзудің өзі де, бастама ретінде — айтақаларлықтай ілгері басқандық. Ойлауымызша, қалған жағын кадеттердің өздері-ақ іске асырады. Олар кәзірдің өзінде-ақ Демократиялық кеңеске бойкот жариялап отыр. Орталық атқару комитетіндегі айлакер стратегтер сауда мен өнеркәсіп өкілдерін «өздерінің торына түсірмек» болған еді, бірақ олар кадеттердің ізімен кетіп отыр. Ойлауымызша, олар мұнымен де тынбай, заводтар мен фабрикаларды жаба бермек, «демократияның» органдарына кредит беруден бастартпақ, сөйтіп, бүліншілік пен аштықты қасақана шиеленістіре бермек. Ал «демократия» болса, бүліншілік пен аштыққа қарсы күрескенде, буржуазияға қарсы батыл күреске сөзсіз тартылмақ, сөйтіп кадеттерден бұрынғыдан гөрі де алшақ кетпек...

Осы болашақ тұрғысынан және осыған байланысты 12 сентябрьде шақырылатын Демократиялық кеңестің айрықша күрделі маңызы бар. Кеңес немен тынар екен, ол өкіметті «ала ма», Керенский «көне ме», — бұл сұраулардың бәріне де жауап беруге әзірінше мүмкіндік жоқ. Мүмкін, кеңестің басшылары «келісімнің» әйтеуір бір айлалы тұжырымын табар да. Бірақ әңгіме, әрине, мұнда емес. Революцияның іргелі мәселелері, әсіресе өкімет туралы мәселе, кеңестерде шешілмейді. Әйткенмен бір күмәнсіз нәрсе сол, — кеңес соңғы күндердің қорытындыларын жасайды, күштердің есебін алады, орыс революциясының болып өткен бірінші толқыны мен болғалы тұрған екінші толқынының арасындағы айырманы ашып көрсетеді.

Сөйтіп, біздің білетініміз:

Онда, бірінші толқын кезінде, — патша өкіметіне қарсы және оның қалдықтарына қарсы күрес жүргізіліп еді. Мұнда, екінші толқын кезінде, — помещиктер мен капиталистерге қарсы күрес жүргізіледі.

Онда — кадеттермен одақ жасалған еді. Мұнда — олардан қол үзіледі.

Онда — большевиктер шеттетілген еді.

Мұнда — кадеттер шеттетіледі.

Онда — ағылшын-француз капиталымен одақ жасалып, соғыс өршіді. Мұнда — одан қол үзетін және бітім болатын, жалпыға бірдей, әділ бітім болатын кез жақындап келеді.

Демократиялық кеңес мәселені қалай шешсе де, революцияның екінші толқыны осындай жолмен, тек қана осындай жолмен жүреді.

„Рабочий Путь" № 6,
9 сентябрь, 1917 ж.
Қол қойған: К. Сталин

ШЕТЕЛДІКТЕР ЖӘНЕ КОРНИЛОВТЫҢ ЗАГОВОРЫ

Корниловтың заговорына байланысты соңғы кезде шетелдіктердің Россиядан жаппай кете бастағандығы байқалады. Буржуазиялық баспасөздегі жалдамшылар осы жағдайды «бітім туралы лақаптармен» немесе тіпті Питерде және Москвада «большевизмнің үстем болғандығымен» байланыстырмақшы. Бірақ бұл — сарылардың даурықпалы, орашолақ айласы, кетушіліктің шын себебін оқушыдан жасыру үшін қолданып жүрген айласы. Кетушіліктің шын себебі — кейбір шетелдіктердің Корниловтың заговорымен сөзсіз байланысты болғандығында, ал енді осы батырсынған мырзалар жауапкершіліктен ептеп жалтарып кетуге тырысады.

«Тағы дивизиямен» бірге Питерге қарай сапар шеккен сауытты машиналарды басқарушы адамдардың шетелдіктер болғандығы мәлім.

Елшіліктердің Ставкадағы кейбір окілдерінің Корниловтың заговоры туралы білгендігі былай тұрсын, тіпті сол заговорды әзірлеу жөнінде Корниловқа көмектескендігі мәлім.

Лондоннан тіке Москва кеңесіне келген, онан соң

Ставкаға «беталған», «Times» газетінің және Лондондағы империалистік шонжарлардың агенті авантюрист Аладьиннің — Корнилов көтерілісінің дәнекері және бірінші жыршысы болғандығы мәлім.

Россиядағы ең көрнекті елшіліктің көрнекті бір өкілінің июнь айында-ақ Калединнің және баскалардың контрреволюциялық әрекеттерімен өзін анық байланыстырғандығы, өз патрондарының кассасынан айтаkаларлық қаржы бергізіп, солармен өзінің байланысын нығайтқандығы жұртқа мәлім.

«Times» және «Temps»[79] газеттері Корнилов көтерілісі сәтсіздікке ұшырағанда ашық күйініп, революцияшыл Комитеттер мен Советтерді сөгіп-балағаттағандығы жұртқа мәлім.

Уақытша үкіметтің майдандағы комиссарларының Россияда Орталық Африкадағы европалықтарша мінез көрсетіп жүрген кейбір шетелдіктерге айқын ескерту жасауға мәжбүр болғандығы жұртқа мәлім.

Шетелдіктердің, анығында, нақ осындай «шараларға» байланысты жаппай кете бастағандығы жұртқа мәлім, оның бержағында орыстың өкімет орындары, бағалы «куәлерді» қолдан шығарғылары келмей, осындай кетушілікке қарсы шара қолдануға мәжбүр болды, ал Бьюкенен (Бьюкененнің дәл өзі!), тәрізі, әшкереленуден қорыққса керек, британ колониясының мүшелеріне Россиядан кетуге ұсыныс етіп, ода өзінше «шара» қолданды. Кәзір Бьюкенен: Ұлы Британия елшісі Петроградтағы Британия колониясының барлық мүшелеріне Россиядан кетуге ұсыныс етіпті деген «лақаптарды» «үзілді-кесілді теріске шығаратын мәлімдеме» жасап отыр («Речь» газетін қараңыз). Бірақ, біріншіден, нақ осы ғажап «мәлімдеменің» өзі тек қана

«лақаптарды» растайды. Екіншіден, кейбір шетелдіктер: («барлығы» емес, тек кей біреулері ғана!) әлдеқашан кетіп қалған кезде — тайып тұрған кезде мұндай жалған «мәлімдемелер» кәзір кімге керек?

Қайыра айтамыз, мұның бәрі мәлім де, әбден ескшелген де нәрселер.

Бұл туралы тіпті «тілсіз тастар да» күңренуде.

Ал егер, осының бәрін көре тұрып, қайдағы бір «үкімет топтары», әсіресе буржуазиялық баспасөз, «кінәні» большевиктерге аударып, мәселені елеусіз қалдыруға тырысып отырған болса, мұның өзі — осы «топтардың» да, осы баспасөздің де «кейбір шетелдіктердің» контрреволюциялық ниеттерін «өз ішінен» түгел қостайтындығын көрсететін айқын белгі.

«Социалистік ой-пікірдің» органы «День» газетіне құлақ салыңыздар.

> «Шетелдіктердің — французтар мен ағылшындардың — Россиядан жаппай кете бастағандығы жөнінде Уақытша үкімет топтары мынадай жағдайды қынжыла атап көрсетеді: өзіміз бастан кешіріп отырған тұрлаусыз жағдайда шетелдіктер өздерін қауіпке ұшыратпауды мақұл көретіндігі ешбір таңданарлық нәрсе емес. Амал не, большевиктер толық жеңетін болса, шетелдік державалардың өкілдері Россиядан кетуді мақұл көреді деушілердің пікірі қыйсынсыз емес қой» («День», 10 сентябрь).

Большевизмнің елесінен үрейленген филистерлердің органы міне осылай деп жазады.

Уақытша үкіметтің ешкім білмейтін қайдағы бір «топтары» міне осыны «атап көрсетеді», оның үстіне «қынжыла атап көрсетеді».

Ешбір күмәнсіз нәрсе: барлық елдердегі сарылар орыс революциясына қарсы заговор ұйымдастырып, өзара бірігіп отыр; банктік органдардағы қапыпезер

қаламшылар «большевиктік қауіп» туралы даурықпалы жалған сөздермен осы «жұмысты» бүркемекші болып жүр; ал үкіметтің ешкімге белгісіз «топтары», ағылшын-француз империалистерінің əмірін орындап, большевиктерді фарисейлікпен қаралап отыр, қашып бара жатқан қылмыстыларды Россиядағы «тұрлаусыз жағдай» туралы жалған сөздермен дөрекі түрде бүркеп отыр.

Неткен көрініс...

„Рабочий Путь" № 8,
12 сентябрь, 1917 ж.
Қол қойған: К.

ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ КЕҢЕС ЖӨНІНДЕ

Бүгін Демократиялық кеңес ашылады.

Советтердің съезін шақырмай, не себепті кеңес шақырып отырғандықтары туралы сөз қозғамай-ақ қояйық. Күмәнсіз нәрсе мынау: съезд сайлаған Орталық атқару комитеті тарихи қыйын минуттарда Советтердің съезіне сүйенбей, буржуазияшыл элементтер қатысатын кеңеске сүйенді, — сөйтіп революцияшыл таптардың еркін формальды түрде дөрекі бұзып қана қойған жоқ, сонымен қатар оны адам айтқысыз түрде революцияға қарсы таптардың еркімен алмастырып отыр. Сірә, Орталық атқару комитеті көсемдерінің қайткен күнде де цензалық элементтерді өткізіп жіберейік деген «идеясы» болған болуы керек...

Сонымен қатар, ашық тартыста контрреволюцияның отрядтарын жеңіп шыққан жұмысшылар мен солдаттардың толып жатқан Советтері өкімет туралы мәселені шешуге арналған кеңесте дауыс беру правосынан айрылып отырғанда, тікелей де, жанамалап та контрреволюцияны жақтаған цензалық элементтерге дауыс беру правосының беріліп отырғандығы туралы да сөз қозғамай-ақ қояйық. Революциялардың тарихында

жұмысшылар мен шаруалардың қауіп-қатерді мойнына алып, өздері ғана жеке күресулеріне буржуазия жалпы алғанда ешбір қарсы болған емес, бірақ жеңіп шыққан жұмысшылар мен шаруалардың өз жеңісінің жемістерін өздері пайдаланып, өкімет басына отыруына буржуазия әрқашан қарсы күресіп келді. Біз Орталық атқару комитеті бұл жөнінде буржуазияның жолына түсіп, өзінің абройын мүлде кетіреді деп ойлаған жоқ едік...

Жұмысшылар мен солдаттардың толып жатқан жергілікті ұйымдарының тыл мен майданда да, Россияның орталық ауданы мен Харьковте де, Донец бассейні мен Сибирьде де, Самара мен Двинскіде де — революцияның праволарын бұл сияқты сорақы түрде бұзушылыққа қарсы қатты наразылық көрсеткендігі әбден түсінікті нәрсе.

Алайда, қайталап айтайын, бұл туралы сөз қозғамай-ақ қояйық. Басты мәселеге көшейік.

Бұл кеңес «революциялық өкімет құру» жөніндегі қажетті шарттарды белгілеу үшін шақырылып отыр.

Сонымен, өкіметті қалай ұйымдастыру керек?

Күмән жоқ, қолдағы бар нәрсені ғана ұйымдастыруға болады, — басқалардың қолында тұрған өкіметті ұйымдастыру мүмкін емес. Өзінің қолында жоқ өкіметті, Керенскийдің қолында тұрған өкіметті, Керенскийдің Питерде бір рет «Советтер мен большевиктерге» қарсы жұмсаған өкіметін ұйымдастырмақ болып отырған кеңес — міне мұндай кеңес сөзден іске көшуге келген кезде-ақ салған жерден өте сорақы халге ұшырауы мүмкін.

Өйткені екінің бірі:

Не кеңес, еш нәрсеге қарамастан, өкіметті шыны-

мен өз қолына «алады», — ал бұлай болғанда кеңестің жеңіспен алынған революциялық өкіметті ұйымдастыру туралы айтуына болады және айтуы да керек.

Не кеңес өкіметті өз қолына «алмайды», Керенскиймен айрылысып кете алмайды, — ал бұлай болғанда өкіметті ұйымдастыру туралы айтылып жүрген сөздер лажсыз құр мылжың болып қала береді.

Ал айталық — бір минутке осылай делік, — бір ғажап себептің арқасында өкімет қолға алынды делік, сөйтіп оны тек ұйымдастыру жұмысы ғана қалды делік. Сонда оны қалай ұйымдастыру керек? Оны қандай негіздерге сүйеніп құру керек? — деген сұрау туады.

— Буржуазиямен коалиция жасасу арқылы! — деп шулап жауап береді Авксентьевтер мен Церетелилер.

— Буржуазиямен коалиция жасасудан басқа амал жоқ! — деп даурығады «День», «Воля Народа» сияқты және империалистік буржуазияның басқа да итаршылары.

Бірақ біз алты айдан бері буржуазиямен коалиция жасап келеміз. Бұл коалиция — бүліншілік пен жанға батқан аштықты шиелендіргеннен басқа, соғысты және шаруашылықтың күйреуін соза түскеннен басқа, өкіметтің төрт рет болған дағдарысы мен Корниловтың көтерілісінен басқа, елді әбден әлсіретіп, оны финанс жағынан Батысқа кіріптар еткеннен басқа бізге не көрсетті?

Әлде келісімпаз мырзалар үшін мұның өзі аз болып отыр ма?

Коалицияның күш, қуаты туралы, революция «негізінің кеңеюі», т. с. туралы әңгіме етіп жүр. Олай болса буржуазиямен жасасқан коалиция, кадеттермен жасасқан коалиция Корнилов көтерілісінің алғашқы жа-

лыны шыға бастағанда-ақ не себепті күл-талқан болды? Онда кадеттер үкіметті тастап, қашып кеткен жоқ па еді? Ал коалицияның «күші» болса қайда қалды, бұл жерде революция «негізінің кеңеюі» дегені қайда?

Қашқындармен одақтасу арқылы «революцияны қорғауға» болмайтынын келісімпаз мырзалардың түсінетін кездері болар ма екен?

Корнилов көтерілісі болған күндерде революцияны және оның жеңістерін қорғап қалған кім?

Мүмкін «либералшыл буржуазия» қорғап қалған болар? Бірақ ол бұл күндерде революцияға және оның Комитеттеріне қарсы корниловшылдармен бір лагерьде болды. Милюков пен Маклаков қазір бұл туралы жасырмай-ақ ашық айтып жүр.

Мүмкін «сауда-өнеркәсіптік таптар» қорғап қалған болар? Бірақ бұл күндері олар да Корниловпен бір топта болды. Корниловтың бұрынғы Ставкасында болған «қоғам қайраткерлері» — Гучков, Рябушинский және олардың серіктері қазір бұл туралы жасырмай-ақ ашық айтып жүр.

Буржуазиямен коалиция жасасу — Корниловтармен және Лукомскийлермен одақтасу болып табылатындығын келісімпаз мырзалардың түсінетін кездері болар ма екен?

Өнеркәсіптің күйреуінің шиеленіскендігі туралы әңгіме етіп жүр, оның бержағында қолдағы бар нақтылы фактылар арқылы капиталист-локаутшылардың өндірісті әдейі қысқартып отырғандығы әшкереленіп отыр... Шикі заттардың жеткіліксіздігі туралы әңгіме етіп жүр, оның бер жағында қолдағы бар нақтылы фактылар арқылы купец-саудагерлердің мақтаны, көмірді, т. с. заттарды жасырып отырғандығы әшкереле-

ЕКІ БАҒЫТ

Революцияның негізгі мәселесі — өкімет туралы мәселе. Революцияның сыйпаты, оның барысы және немен аяқталатындығы — өкімет кімнің қолында отыр, өкімет басында отырған қай тап, міне бүтіндей осыған байланысты болады. Өкімет дағдарысы дейтініңіз — таптардың өкімет үшін күресінің сыртқы көрінісі ғана болады, онан басқа түк те емес. Революция заманының негізгі бір тамаша қасиеті сол — мұнда өкімет үшін болатын күрес өте күшті және өте ашық түрде болады. Бізде өкіметтің «ұдайы» дағдарысқа ұшырайтын себебі де осыдан, оның үстіне муны соғыс, бүліншілік және ашаршылық шиеленістіріп жібереді. Қазіргі күндерде бірде-бір «кенестің», бірде-бір «съездің» өкімет туралы мәселеге соқпай кете алмайтындығы сыяқты «адам таңғаларлық» фактының болатын себебі де осыдан.

Александр театрында мәжліс құрып отырған Демократиялық кеңес те бұл мәселеге соқпай кете алмайды.

Бұл кеңесте өкімет мәселесі жөнінде екі бағыт белгіленіп отыр.

Бірінші бағыт — кадеттер партиясымен ашықтан ашық коалиция жасау бағыты. Бұл бағытты меньшевиктер мен эсерлерден құралған қорғампаздар уағыздап отыр. Бұл бағытты кеңесте кәдімгі қарғылы келісімпаз Церетели жақтады.

Екінші бағыт — кадеттер партиясынан мүлде ажырасу бағыты. Бұл бағытты біздің партия және эсерлер мен меньшевиктерден шыққан интернационалистер уағыздап отыр. Бұл бағытты кеңесте Каменев жақтады.

Бірінші бағыт халықтың үстінен империалистік буржуазияның өкіметін орнатуға әкеп соғады. Өйткені коалициялық үкіметтің тәжрибесі кадеттермен коалиция жасау дегеніңіз — жер берілмей отырған шаруаға помещиктің үстемдік етуі болатындығын, жұмыссыздыққа душар етіліп отырған жұмысшыға капиталистің үстемдік етуі болатындығын, соғыс пен бүліншіліктің, ашаршылық пен күйзелушіліктің жемі болып отырған көпшілікке азшылықтың үстемдік етуі болатындығын көрсетіп отыр.

Екінші бағыт помещиктер мен капиталистердің үстінен халықтың өкіметін орнатуға әкеп соғады. Өйткені кадеттер партиясынан қол үзу дегеніңіз — шаруаларды жермен қамтамасыз етудің, жұмысшылардың қолына бақылау ісін әперудің, еңбекшілердің көпшілігін — әділетті бітіммен қамтамасыз етудің нақ өзі болып табылады.

Бірінші бағыт, бүкіл өкімет билігін толығымен қазіргі үкіметтің қолында қалдыра отырып, оған өзінің сенетіндігін білдіреді.

Екінші бағыт — бұл үкіметке сенбейді, ол өкімет

билігінің жұмысшы, шаруа және солдат Советтерінің тікелей өкілдерінің қолына көшуі үшін күреседі.

Осындайлық келісімге келмейтін екі бағытты келісімге келтіруді арман етіп жүрген адамдар бар. Мәселен, ондай адамдардың бірі — Чернов, ол кеңесте кадеттерге қарсы сөйледі, бірақ, егер (!) капиталистер өздерінің мүдделерінен бастартатын болса (!), олармен коалиция жасау керек деді. Черновтың «бағытының» ішкі жағында жалғандық бар екендігі өзінен өзі-ақ түсінікті, бірақ мұнда мәселе бағыттың қайшылығында емес, мәселе оның кадеттер партиясымен коалиция жасау жөніндегі Церетелидің қоқысын жасырын түрде сүйреп шығып отырғандығында болып отыр.

Өйткені бұл бағыт Керенскийге жол ашады, «кеңестің платформасына сүйене отырып», үкіметті қандай платформаға болса да қол қоюдан қашпайтын, бірақ оны орындамайтын түрліше Бурышкиндер мен Кишкиндер сияқты адамдармен «толықтыру» үшін жол ашады.

Өйткені ол, нақ осы жалған «бағыт», Керенскийдің қолына кеңесші дауысты «предпарламент» сияқты қару береді, сөйтіп оның Советтер мен Комитеттерге қарсы күрес жүргізуін жеңілдетеді.

Черновтың «ұстаған жолы» — Церетелидің ұстаған жолының дәл өзі, бірақ бұл аңқау адамдардың кейбіреуін «коалицияның» торына түсіру үшін «қулықпен» бүркелген жол.

Кеңес Черновтың ізімен кетеді деп ойлауға дәлел бар.

Бірақ кеңес ең соңғы саты емес.

Жоғарыда суреттелген екі бағыт өмірдегі бар нәрседен ғана шығып отыр. Ал өмірде бір ғана өкімет

емес, екі өкімет болып отыр: ресми өкімет — Директория, және ресми емес өкімет — Советтер мен Комитеттер болып отыр.

Осы екі өкіметтің арасындағы күрес әзірше тымырық күйінде және айқын анықталмаған күйінде жүріп жатыр, — бұл қазіргі жағдайдың ерекшелігі болып табылады.

Сірә, бұл кеңестің — өкімет туралы мәселені директорияның пайдасына шешетін таразының артық тасы болып шығуы мүмкін.

Бірақ құпия түрдегі және ашық түрдегі келісімпаз мырзалар мынаны ұмытпасын: директорияны жақтаған адам буржуазияның өкіметін орнатады, ол адам жұмысшылар мен солдаттардың бұқарасына сөзсіз қарсы шығады, ол адам Советтер мен Комитеттерге қарсы шығуға тиіс.

Соңғы сөздің революцияшыл Комитеттер мен Советтерге тиісті екендігін келісімпаз мырзалардың білмеулері мүмкін емес.

„Рабочий Путь" № 12,
16 сентябрь, 1917 ж.
Басмақала

БҮКІЛ ӨКІМЕТ СОВЕТТЕРГЕ БЕРІЛСІН!

Революция жүріп жатыр. Июль күндерінде оқ тиіп, Москва кеңесінде «жерге көмілген» болса да, революция қайтадан басын көтеріп отыр, ескі кедергілерді қыйратып, жаңа өкімет құруға кірісіп отыр. Контрреволюция бекіністерінің бірінші қатары алынды. Корниловтың соңынан іле-шала Каледин де шегініп барады. Бұрын өлім аузынан қалған Советтер қызу күрес үстінде қайтадан тіріліп келеді. Советтер тізгінді қайтадан өз қолдарына алып, революцияшыл бұқараны бастап отыр.

Бүкіл өкімет Советтерге берілсін! — жаңа қозғалыстың ұраны міне осындай.

Керенскийдің үкіметі жаңа қозғалысқа қарсы күреске шығып отыр. Ол Корнилов көтерілісінің бірінші күндерінде-ақ революциялық Комитеттерді таратам деп қорқытқан болатын, корниловшылдыққа қарсы күресті «бейбастақтық» деп кінәлаған болатын. Содан бері Комитеттерге қарсы күрес барған сайын күшейіп отырды, бұл күрес соңғы кезде ашық соғысқа айналды.

Симферополь Советі Корнилов заговорына қатысқан, жұртқа әйгілі Рябушинскийді тұтқынға алды. Ал

Керенскийдің үкіметі, бұған жауап ретінде, «Рябушинскийді босату жөнінде және оны заңсыз тұтқынға алған адамдарды жауапқа тарту жөнінде шаралар қолдану» («Речь») туралы нұсқау берді.

Ташкентте бүкіл өкімет Советтердің қолына көшіп отыр, оның бержағында ескі өкімет орындары өзгертіліп отыр. Ал Керенскийдің үкіметі, бұған жауап ретінде, «бірсыпыра шаралар қолданып отыр, ол шаралар әзірше құпия шаралар, бірақ олар жұмысшы және солдат депутаттарының Ташкенттік Советінің бетімен кеткен қайраткерлеріне барынша айықтыратындай етіп әсер етуге тиіс» («Русские Ведомости»).

Советтер Корниловтың және оның серіктерінің ісін барлық жағынан қарап, қатты тексеруді талап етіп отыр. Ал Керенскийдің үкіметі, бұған жауап ретінде, «тергеу жұмысына адамдарды аз тартып, істі өте тежеп отыр, Корниловтың қылмысын тек бүлік істегендік деп қана бағаламай, оны отанға опасыздық жасау деп бағалауға мүмкіншілік беретін кейбір зор маңызы бар мәліметтерді пайдаланбай отыр» (Шубниковтың баяндамасы, «Новая Жизнь»).

Советтер буржуазиядан қол үзуді, ең алдымен кадеттерден қол үзуді талап етіп отыр. Ал Керенескийдің үкіметі, бұған жауап ретінде, Кишкиндермен және Коноваловтармен келісім сөз жүргізіп жүр, оларды үкіметке кіруге шақырып, үкіметті Советтерден «тәуелсіз» деп жарялап отыр.

Бүкіл өкімет империалистік буржуазияға берілсін! — Керенский үкіметінің ұраны міне осындай.

Күмән болуы мүмкін емес. Біздің алдымызда екі өкімет тұр: Керенский мен оның үкіметінің өкіметі және Советтер мен Комитеттердің өкіметі тұр.

Осы екі өкіметтің арасындағы күрес — басымыздан кешіріп отырған уақыттың ерекше сыйпаты болып табылады.

Не Керенскийдің үкіметінің өкіметі болады, — ал онда помещиктер мен капиталистердің үстемдігі орнайды, соғыс пен бүліншілік бола береді.

Не Советтердің өкіметі болады, — ал онда жұмысшылар мен шаруалардың үстемдігі орнайды, бейбітшілік орнап, бүліншілік жойылады.

Өмірдің өзі мәселені осылай, тек осылай етіп қойып отыр.

Өкімет дағдарысқа ұшыраған сайын бұл мәселені революция әрдайым қайталап қойып отырды. Келісімпаз мырзалар бұған тура жауап беруден әрдайым бұлтарып келді және бұлтарып, өкіметті жаулардың қолына беріп келді. Советтердің съезін шақырудың орнына кеңес шақыру арқылы келісімпаздар жауап беруден тағыда бұлтарып шығып, өкіметті буржуазияның қолына бергісі келді. Бірақ олар есебінен жаңылды. Енді бұлтаруға болмайтын уақыт туды.

Өмірдің өзі қойып отырған тікелей сұрауға әрі анық, әрі ашық жауап беру керек болып отыр.

Не Советтерді жақтау керек, не оларға қарсы шығу керек!

Келісімпаз мырзалар қалаған жағына шықсын.

„Рабочий Путь" № 13,
17 сентябрь, 1917 ж.
Басмақала

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ МАЙДАН ТУРАЛЫ

«Дело Народаның» эсерлері большевиктерге риза емес. Олар большевиктерді сөгеді, большевиктерді балағаттайды, ақырында, большевиктерді қорқытып та қояды. Не үшін десеңізші? «Шексіз демагогиялығы» үшін, «фракцияшыл сектанттығы» үшін, «жікшілдігі» үшін, «революциялық тәртібі» болмағандығы үшін. Қысқасы: большевиктердің «Дело Народадағы» эсерлермен бірлесуге қарсы болғандығы үшін.

«Дело Народаның» эсерлерімен бірлесу керек дейсіз... Бірақ өзіңіз ойлаңызшы, кәзіргі кезде ондай бірліктің болуы мүмкін бе.

Питердегі Демократиялық кеңес құрғақ сөздер сөйлеумен бастығып, ал кеңесті бастаушылар революцияны «аман сақтау» шарттарын белгілеуге асығып жатқан болса, оның бержағында Бьюкенен — Милюков дем беріп отырған Керенскийдің үкіметі «өз» жолымен кетіп барады, — ал бұған қарамастан Россияда жаңа өкіметтің өсуі жөніндегі шешуші процесс, өмір сүру үшін жанталаса күресіп отырған нағыз халықтық, нағыз революциялық өкіметтің өсуі жөніндегі шешуші процесс жүріп жатыр. Бір жағынан — революцияны

бастап отырған, контрреволюцияға қарсы күресті басқарып отырған Совет бар; контрреволюция әлі қыйрап болған жоқ, тек кейін шегінді, ебін тауып үкіметтің артына тығылып қалды. Екінші жағынан — контрреволюционерлерді қорғап, корниловшылдармен (кадеттер!) келісім жасап отырған, өзі талқандалып қалмас үшін Советтерді талқандау мақсатын көздеп, Советтерге қарсы соғыс жарыялап отырған Керенскийдің үкіметі бар.

Бұл күресте кім жеңеді — кәзірде істің тетігі осында болып отыр.

Не Советтердің өкіметі жеңеді, — онда революция жеңеді, әділетті бітім болады.

Не Керенскийдің үкіметінің өктемдігі жеңеді, ал онда — контрреволюция жеңеді, «соғыс ақырына дейін»... Россияны әбден сарыққанға шейін созылады.

Кеңес мәселені шешіп отырған жоқ, ол тек осы күресті ғана көрсетіп отыр, әрине, өте кешігіп көрсетіп отыр.

Сондықтан кәзіргі кезде негізгі нәрсе революцияны «аман сақтау» жөнінде жалпы тұжырымды сөз тауып жазуда емес, — Керенскийдің үкіметіне қарсы күресіп отырған Советтерге тікелей көмек көрсетуде болып отыр.

Сіздер біріккен революциялық майданның болуын тілейсіздер ме? Онда Советтерді сүйеңіздер, Керенскийдің үкіметінен қол үзіңіздер, сонда бірлік өзінен өзі орнайды. Майдан бірлігі жарыс сөзден тумайды, күрес үстінде туады.

Советтер кадеттердің комиссарларын орындарынан алуды талап етеді. Ал Керенскийдің үкіметі, күшпен

қорқытып, оларға жарамсыз комиссарларды апарып таңа береді...

«Дело Народадағы» азаматтар, сіздер кімді жақтайсыздар, Советтерді жақтайсыздар ма әлде Керенскийдің комиссарларын жақтайсыздар ма?

Ташкенттегі көпшілігі эсерлер болып отырған Совет ескі чиновниктерді орындарынан түсіріп, өкіметті өз қолына алды. Ал Керенскийдің үкіметі Ташкентке жазалау экспедициясын жіберіп, ескі өкіметті қайта орнатуды, Советті «жазалауды», тағыда басқаларды істеуді талап етіп отыр...

«Дело Народадағы» азаматтар, сіздер кімді жақтайсыздар, Ташкент Советін жақтайсыздар ма әлде Керенскийдің жазалау экспедициясын жақтайсыздар ма?

— Бұл сұрауға жауап жоқ. Өйткені «Дело Народаның» жолын ұстаушылардың тарапынан Керенский мырзаның бұл сияқты контрреволюциялық істеріне қарсы бірде-бір наразылық, бірде-бір күресушілік болғанын біз білмейміз.

Ақылға қонбайтын нәрсе, бірақ факт. Директорияда отырған Питердегі эсер Керенский «пулеметтермен» қаруланып алып, Ташкент Советінде отырған эсерлерге қарсы жорыққа шығады, ал эсерлер партиясының орталық органы «Дело Народа», мұның оған қатысы жоқтай, ақылгөйсіп үндемейді! Эсер Керенский Ташкент эсерлерімен кескілесуге түскелі отыр, ал «Дело Народа» Керенскийдің қырғындау «бұйрығын» басып шығарып, ол жөнінде үндемей өтуді мүмкін деп тауып отыр, сірә, «бейтараптық» сақтағылары келетін болар!

Бірақ орталық органы біле тұра жол беріп, мүше-

лері бірін бірі кескілеуге дейін баратын да партия бола ма екен?

Бізге революциялық майданның бірлігі туралы айтады. Сонда кіммен бірлік жасау керек?

Өзінің пікірін айтпаған эсерлер партяисымен бірлік жасау керек пе, өйткені ол жұмған аузын ашпай отыр ғой?

Әлде Советтерді қыйратқалы отырған Керенскийдің тобымен бірлік жасау керек пе?

Немесе революция үшін және оның жеңістері үшін жаңа өкімет құрып отырған Ташкент эсерлерінің тобымен бірлік жасау керек пе?

Біз Ташкент Советін жақтауға дайынбыз, біз революцияшыл эсерлермен бірге тізе қосып күресеміз, біздің олармен майданымыз бір болады.

Бірақ «Дело Народадағы» азаматтардың ташкенттіктер мен Керенскийді қатар сүйеуге болмайтындығын түсінер кезі болар ма екен, өйткені ташкенттіктерді сүйеген адам Керенскийден қол үзеді ғой?

Керенскийдің үкіметінен кол үзбеу арқылы, «бейтараптық» сақтау арқылы өздерінің ташкенттік жолдастарының ісіне опасыздық жасайтындығын олардың түсінер кезі болар ма екен?

Большевиктермен бір майданда болуды талап етуден бұрын не Керенскиймен, не солшыл эсерлермен ашықтан ашық ажырасып, ең алдымен сол бірлікті өздерінің үйінде, өздерінің партиясының ішінде, орнату керек екендігін олардың түсінер кезі болар ма екен?

Сіздер большевиктермен бір майданда болуды тілейсіздер ме? Онда Керенскийдің үкіметінен қол үзіңіздер, өкімет үшін күресіп отырған Советтерді қолдаңыздар — сонда бірлік те болады.

Корнилов көтерілісі күндері кезінде не себепті бірлік оп-оңай және ешбір қыйыншылықсыз орнай қалды?

Неге десеніз, ол кезде бірлік бітпейтін жарыс сөздің нәтижесінде емес, контрреволюцияға қарсы ашық күрес үстінде туды.

Контрреволюция әлі әбден қыйратылған жок. Ол тек кейін шегінді, Керенскийдің үкіметінің артына тығылып отыр. Егер революция жеңгісі келетін болса, онда ол контрреволюция бекіністерінің осы айтылған, екінші қатарын да алуға тиіс. Советтердің өкімет үшін ойдағыдай жүргізіп отырған күресі дегеніміз — нақ осы жеңісті аяқтау болып табылады. Кімде-кім «баррикаданың сыртында» қалғысы келмесе, кімде-кім Советтердің оғы астында қалғысы келмесе, кімде-кім революцияның жеңуін тілейтін болса, ол адам Керенскийдің үкіметінен қол үзуге тиіс, ол адам Советтердің күресін қолдауға тиіс.

Сіздер революциялық майданның бір болуын тілейсіздер ме?

Онда директорияға қарсы күресіп отырған Советтерді қолдаңыздар, контрреволюцияға қарсы күресті батыл түрде және ақырына дейін қолдаңыздар, — міне сонда, Корнилов көтерілісі күндеріндегі сыяқты, бірлік оп-оңай және табиғи түрде өзінен өзі құрылады.

Советтермен бірге боласыздар ма әлде оларға қарсы шығасыздар ма? — қалаған жақтарыңызға шығыңыздар, «Дело Народадағы» азаматтар!

„Рабочий Путь" № 14.
19 сентябрь, 1917 ж.
Басмақала

БҰҒАУ СОҒЫП ЖАТЫР

Келісімпаздардың машинасы қызу жұмысқа кірісті. Қысқы орда, кездесуге арналған саяси үй, қонақтарға толы. Мұнда кім жоқ дейсіз: Москваның корниловшылдары мен Питердің савинковшылдары да бар. Корниловтың «министрі» Набоков пен қарусыздандыру жұмысының батыры Церетели де бар, Советтердің қас дұшпаны Кишкин мен атышулы локаутшы Коновалов та бар, саяси қашқындар партиясының өкілдері (кадеттер!) және Беркенгеймнің тұқымынан шыққан кооперацияның шонжарлары да бар, жазалау экспедициясы партиясының өкілдері (эсерлер!) және Душечкин сияқты ондшыл земствошылар да бар, директорияның саяси жеңгетайлары мен «әлеумет қайраткерлерінен» шыққан қалтасы қалың белгілі адамдар да бар, — мұнда жыйналған қадірлі қонақтар міне осындай.

Бір жағынан — кадеттер мен өнеркәсіпшілер.

Екінші жағынан — қорғампаздар мен кооператорлар.

Бірінші жағында негізгі тірек болатын өнеркәсіпшілер және кадеттер армиясы бар.

Екінші жағында негізгі тірек болатын кооператорлар және қорғампаздар армиясы бар, өйткені қорғампаздар Советтерді жоғалтып алғаннан соң өздерінің ескі жолына, кооператорларға қайта қосылуға тиіс болды.

— «Большевиктерді өздеріңнен бөліп аластасаңдар», сонда ғана «буржуазия мен демократияның бірыңғай майданы бірігеді», — дейді Кишкин қорғампаздарға.

— Орындауға даярмыз, — деп жауап береді оған Авксентьев, — бірақ ең алдымен «мемлекеттік көзқарасты» белгілеп алуға мүмкіндік беріңіз.

— «Большевизмнің өсіп отырғандығымен буржуазияның санасуы керек, сондықтан коалициялық өкімет құру жөніндегі мәселе демократия жөніндегі мәселеден кем болмауы керек», — деп Беркенгейм Авксентьевке құлақ қағыс етеді.

— Орындауға даярмыз, — деп жауап береді оған Авксентьев.

Естідіңіздер ме: коалициялық өкімет большевизмге қарсы күресу үшін, яғни Советтерге қарсы, яғни жұмысшылар мен солдаттарға қарсы күресу үшін керек болып отыр.

— Предпарламент «кеңесші дауысты орын» болу керек, ал өкімет — онан «тәуелсіз» болу керек, — дейді Набоков.

— Орындауға даярмыз, — деп жауап береді оған Церетели, өйткені «Церетели Уақытша үкіметтің предпарламент алдында ресми түрде... жауапты болмауын» («Речь») қостайды.

— Өкіметті предпарламент құрмайды, қайта, керісінше, предпарламентті өкімет құрады, «өкімет пред-

парламенттің құрамын, міндетін және іс жүргізу тәртібін жариялайды», — дейді кадеттердің декларациясы.

— Мақұл, — деп жауап береді оған Церетели, — «бұл мекемені өкімет нығытуы керек» («Новая Жизнь») және өкімет «оның құрылыс формасын» («Речь») анықтауы керек.

Ал Қысқы ордада отырған ақ ниет делдал Керенский мырза беделін сала, былай дейді:

1) «Өкіметті ұйымдастыру және оның құрамын толықтыру кәзіргі кезде тек Уақытша үкіметтің ғана ісі».

2) «Бұл кеңеске (предпарламентке) парламенттің істейтін істері мен праволары берілмейді».

3) «Уақытша үкімет бұл кеңестің алдында жауапты бола алмайды» (Речь»).

Қысқасы, Керенский кадеттерге «толық қосылып отыр», ал қорғампаздар оны орындауға даяр, — бұдан артық не керек?

Прокоповичтің Қысқы ордадан шығып бара жатып: «келісімге келдік деп есептеуге болады» деген сөзі тегін айтылған емес.

Рас, кеңес кеше ғана кадеттермен коалиция жасауға қарсы екендігін білдірген болатын, бірақ кәдімгі қарғылы келісімпаздардың мұнымен жұмысы не? Олардың Советтер съезін шақырудың орнына кеңес шақырып, революциялық демократияның еркін бұзуға батылы барып отырғанда, — кеңестің өзінің еркін бұзғанда олардың несі кетпек? Алғаш рет адым басу ғана қыйын.

Рас, кеңес кеше ғана — өкіметті предпарламент «құрады», ол өкімет предпарламенттің алдында «жауапты» болады, деп қарар шығарды, бірақ кәдімгі қарғылы келісімпаздардың мұнымен жұмысы не: тек

коалиция дәурен сүрсе болғаны, ал кеңестің шығарған қарарларына келсек... коалицияның тамырына балта шауып отырғанда, ол қарарлардың қандай бағасы болмақ?

Бишара болған «Демократиялық кеңес»-ай!

Бишара болған сенімшіл-аңқау делегаттар-ай!

Олар өздерінің көсемдері нағыз барып тұрған опасыздық жасайды деп күтіп пе еді?

Біздің партияның айтқаны: бұқараның революциялық қозғалысынан күш алмай, буржуазияшыл саясатшылдардың келісімпаздық әрекеттерінен күш алатын ұсақ буржуазияшыл эсерлер мен меньшевиктер дербес саясат жүргізе алмайды деп айтқаны дұрыс болып шықты.

Біздің партияның айтқаны: келісім жасау саясаты революцияның мүдделеріне опасыздық жасауға әкеп соғады, деп айтқаны дұрыс болып шықты.

Қорғампаздықтың саясат жағынан күйреген адамдарының революция жауларын қуанту үшін Россия халықтарына салынатын бұғауды өз қолдарымен соғып жатқандығын қазіргі кезде жұрттың бәрі көріп отыр.

Кадеттердің алдағы жеңісті болжап, қол қысып қуанып, қанағаттанып отырғандығы тегін емес.

Келісімпаз мырзалардың, «соққы жеген иттер құсап», кінәлі түрмен иіліп отырғандығы тегін емес.

Керенскийдің сөздерінен жеңіс сарындарының естіліп отырғандығы да тегін емес.

Я, олар масайрауда.

Бірақ олардың «жеңісі» тұрақсыз жеңіс, олардың масайрауы да өткінші масайрау, өйткені олар өздерінің жоспарларын қожайынсыз, халықсыз жасап отыр.

Өйткені алданып отырған жұмысшылар мен солдаттардың, ақырында, өздерінің шешуші сөзін айтатын уақыт, кадеттердің іші куыс құрғақ «жеңісінің» талқанын шығаратын уақыт жақын.

Ал егер коалицияның барлық қоқсықтарымен бірге келісімпаздардың өздерінің қорғампаздық қоқсықтарының да күлі көкке ұшатын болса, онда келісімпаз мырзалар мұны өздерінен көрсін.

„Рабочий Путь" 19.
24 сентябрь, 1917 ж.
Басмақала

БУРЖУАЗИЯ ДИКТАТУРАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ

Кеңес жөніндегі жасаған арамдықтарынан кейін үкіметтің масқара болып құлауынан соң, Москваның биржашыларымен болған «әңгімелерден» және Бьюкенен сәрмен жасырын барып сөйлескен сөздерден соң, Қысқы ордада болған сүйіспендік жолығысулардан және келісімпаздар тарапынан жасалған бірнеше опасыздықтардан соң, — ақырында, «жаңа» (тіпті жаңа!) үкімет құрылып отыр.

Алты министр-капиталистер «кабинеттің» ұйтқысы болып отыр, ал он министр — «социалистер», олардың айтқандарын жүзеге асырушылар ретінде, алдыңғыларға қызмет істейтін болып отыр.

Үкіметтің декларациясы әлі жарияланған жоқ, бірақ оның негіздері белгілі: «анархияға қарсы күресу» (Советтерге қарсы деп оқыңыз!), «бүліншілікке қарсы күресу» (ереуілдерге қарсы деп оқыңыз!), «армияның жауынгерлігін көтеру» (соғысты созу және «тәртіп» орнату деп оқыңыз!) сияқтылар.

Жалпы айтқанда Керенскийдің — Коноваловтың үкіметінің «программасы» осындай.

Мұның мәнісі: шаруалар жер ала алмайды, жұмысшылар бақылау ісін жүргізе алмайды, Россия бітім жасай алмайды деген сөз.

Керенскийдің — Коноваловтың үкіметі — соғыстың және буржуазия диктатурасының үкіметі болып табылады.

Он министр — «социалистер» — бетперде, бұған тасаланып империалистік буржуазия жұмысшылардың, шаруалардың және солдаттардың үстінен үстемдігін нығайту жолында жұмыс жүргізеді.

Корниловтың тікелей және генералша жайдан жай жүзеге асырғысы келген ісін «жаңа» үкімет даурығып шу көтермей-ақ, бірте-бірте, «социалистердің» өздерінің қолдарымен жүзеге асыруға тырысып отыр.

Буржуазия диктатурасының пролетариат пен революцияшыл шаруалардың диктатурасынан қандай айырмасы бар?

Оның айырмасы мынау: буржуазия диктатурасы — азшылықтың көпшілікке үстемдік етуі болады, ол үстемдік көпшілікке зорлық жасау арқылы ғана іске асады, көпшілікке қарсы азамат соғысын жүргізуді тілейді. Ал пролетариат пен революцияшыл шаруалардың диктатурасы дегеніміз — көпшіліктің азшылыққа үстемдік етуі болып табылады, сондықтан азамат соғысынсыз-ақ тұра алады. Бірақ бұдан мынадай қортынды шығады: «жаңа» үкімет кейбір сәтсіз аттаныстарды қасақана болғызып отыру саясатын, сөйтіп солдаттарды жұмысшыларға қарсы өшіктіру, немесе майданды тылға өшіктіру, революцияның күшін қанға тоғыту саясатын жүргізеді.

Оның тағыда бір айырмасы мынау: буржуазия диктатурасы — құпия, жасырын, астыртын жүргізілетін

диктатура, бұқараны алдау үшін белгілібір сыпайы келген бетпердені керек ететін диктатура. Ал пролетариат пен революцияшыл шаруалардың диктатурасы дегеніміз — ашық диктатура, бұқараның диктатурасы, ішкі істерде жұртты алдауды және сыртқы істерде құпия дипломатия жүргізуді қажет етпейтін диктатура. Бірақ бұдан мынадай қортынды шығады: біздің буржуазияшыл диктаторлар ел өміріндегі ең негізгі мәселелерді, мәселен, соғыс пен бітім туралы мәселелерді, бұқараға қарсы астыртын әрекет жасау арқылы, бұқараның сыртынан және бұқараны қатыстырмай шешуге тырысады.

Мұны Керенский — Коновалов үкіметінің алғашқы бет алыстарының өзі де анық көрсетіп отыр. Төрелігін өзіңіз беріңіз. Сыртқы саясат жөніндегі ең жауапты орындар кадетшіл-корниловшыл шонжарлардың қолына беріліп отыр. Терещенко — сыртқы істер министрі, Набоков — Лондондағы елші, Маклаков — Париждағы елші, Ефремов — Берндегі елші болып отыр, бұл калада кәзірде бітім туралы халықаралық конференция (алдын ала болатын!) шақырылып отыр. Ал сонымен осындай адамдар, бұқарадан қол үзген, бұқараның қас дұшпаны болып отырған адамдар, миллиондаған солдаттардың өмірімен байланысты соғыс пен бітім мәселелерін шешпек!

Тағыда болып отырған бір нәрсе: газеттердің хабарына қарағанда «Керенский, Терещенко. Верховский, Вердеревский бүгін Ставкаға жүреді», онда «Терещенконың қатысуымен майдандағы жалпы жағдайды талқылаудан басқа, шет ел державаларының Ставка жа-

ындағы әскери агенттерінің де кеңесі өткізіледі» (кешкі «Биржёвка»)... Осының барлығы — одақтық конференцияның болу алдында істеліп жатқан нәрселер, ол конференцияға Терещенко мырзаның Санчо-Пансосы етіп, әйгілі Церетелиді де ертіп барғалы отыр. Империализмнің ісіне әбден берілген бұл адамдар, отанымыз бен одақтас елдердің империалистерінің мүдделерінен басқа, не туралы сыбырласпақ, ал олардың бітім мен соғыс туралы астыртын жүргізетін келісім сөздері халықтың мүдделеріне қарсы астыртын әрекет туралы болмағанда, не туралы болмақ?

Күмәндану мүмкін емес. Керенский — Коновалов үкіметі — империалистік буржуазия диктатурасының үкіметі. Қасақана азамат соғысын ашу — оның ішкі саясаты. Соғыс пен бітім мәселелерін жасырын шешу — оның сыртқы саясаты. Россия халқының көпшілігіне азшылықтың үстемдігін орнату — оның түпкі мақсаты.

Орыс революциясының көсемі болып отырған пролетариаттың міндеті — бұл үкіметтің бетпердесін сыпырып алып, бұқараға оның нағыз контрреволюциялық бейнесін көрсету болады. Пролетариаттың міндеті — солдаттар мен шаруалардың қалың тобын өзінің төңірегіне бірлестіріп, оларды мезгілі жетпей аттаныс жасаудан тоқтату болады. Пролетариаттың міндеті — тобын біріктіріп, болашақ ұрыстарға тынбай дайындалу болып табылады.

Астананың жұмысшылары мен солдаттары істің басын бастап отыр, олар Керенский — Коновалов үкі-

метіне сенімсіздік білдіріп, бұқараны «жеке аттаныстарға шығуды қоя тұрып, өз Советтерінің төңрегіне жиналып, қатар түзеуге» шақырып отыр (Петроград Советінің қарарын қараңыз[80]).

Ендігі сөз провинциянікі.

„Рабочий Путь" № 21,
27 сентябрь, 1917 ж.
Басмақала

ХАБАРЛАР

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ЕРЕУІЛІ ЖӘНЕ ДЕМОКРАТИЗМНІҢ БАНКРОТТАРЫ

Орасан зор көлемде ұйғарылған және тамаша ұйымдастырылған теміржолшылар ереуілі[81] аяқталуға айналған тәрізді. Жеңіп шығатын теміржолшылар болып отыр, өйткені корниловтық-қорғампаздық лагерьдің ойыншық коалициясының елдегі бүкіл демократияның қуатты тегеуріне қарсы төтеп бере алмайтындығы өзінен өзі айқын. Ереуіл теміржолшылардың қаскүнемдігінен емес, директорияның революцияға қарсы саясатының салдарынан «туғандығы» қазір жұрттың бәріне мәлім. Елді ереуілге еріксіз душар еткен темір жол Комитеттері емес, Керенский — Никитин тарапынан жасалған контрреволюциялық қоқан-лоққының салдары екендігі қазір жұрттың бәріне мәлім. Бұл ереуілге бөгет жасаудың өзі темір жолдарды милитаризациялағандық болар еді және... империалистік буржуазияның өкіметін нығайтқандық болар еді, мұның өзі де қазір жұрттың бәріне мәлім. Керенскийдің — Никитиннің тарапынан жабылған пасық жалаға жауап қайырып, теміржолшылар әбден орынды түрде олардың өздерін өлтіре айыптап отыр:

«Отанға опасыздық істеген біз емеспіз, Керенский мен Никитин азаматтар, қайта сіздер өз идеалдарыңыздан танып кеттіңіздер, ал Уақытша үкімет — өз уәделерінен танды, сондықтан қазір ешқандай сөз де, ешқандай қоқан-лоққы да бізді қайтадан тоқтата алмайды».

Қайыра айтайық, мұның бәрі барша жұртқа мәлім де, белгілі де.

Алайда, өздерін демократпыз деп атайтын адамдар, бақсақ, дүниеде бар екен, олар осы қысыл-таяң минутте теміржолшыларға тас атуды лайық көреді, олар мұнысымен «Речь» және «Новое Время» газеттеріндегі жалмауыздардың диірменіне су құйып отырғандығын түсінбейді немесе түсінгілері келмейді.

Біздің айтып отырғанымыз меньшевиктік «Рабочая Газетаның» редакциясы.

«Стихияның ығына ерді», ереуіл жарияланды деп ереуілдің басшыларын айыптай келіп, газет былайша доқ көрсетеді:

«Теміржолшылардың бас штабының мұнысын демократия кешірмейді. Бүкіл елдің, бүкіл демократияның мүдделерін бұлайша оп-оңай саудаға салуға болмайды» («Рабочая Газета» № 170).

Ақылға қонбайтын нәрсе, бірақ факт: демократиядан жұрдай осы ұсқынсыз газет шын демократияға, теміржолшы еңбекшілерге доқ көрсетуге өзін праволы деп есептейді.

«Демократия кешірмейді»... Ал сіздер қай демократияның атынан сөйлеп отырсыздар, «Рабочая Газетадағы» мырзалар?

Советтер демократиясының атынан, сіздерден кеткен және өзінің еркіне кеңесте сіздер қиянат жасаған демократияның атынан сөйлеп отырған жоқсыздар ма?

Бірак осы демократияның атынан сөйлеуге сіздерге кім право берді?

Әлде, мүмкін, сіздер кеңесте Советтердің еркіне қыянат жасаған, ал Қысқы ордада болған «келіссөздер» кезінде кеңестің өзін сатқан Церетели мен Данның, Либердің және басқа қыянатшылдардың атынан сөйлеп отырған боларсыздар?

Бірақ демократияның бұл опасыздарын «бүкіл елдің демократиясымен» қатар қоюға сіздерге кім право берді?

«Рабочая Газетаның» жолы мен «бүкіл елдегі демократияның» жолы біржолата екі айрылып кеткендігін сіздердің түсінер кездеріңіз болар ма екен?

Демократизмнің бишара банкроттары...

* * *

ОРЫС ШАРУАЛАРЫ ЖӘНЕ ЕСУАСТАР ПАРТИЯСЫ

Советтерге қарсы үкіметтің күресі жөніндегі негізгі мәселеде соц.-революционерлер партиясында бірыңғай тоқтам болмай шықты деп біз таяуда жазған болатынбыз. Эсерлердің оңшыл жағы жазалаушы экспедициялар ұйымдастыра отырып, «анархиялық» Советтерді талқандауға (Ташкентті еске алыңыздар!) шақырған кезде, солшыл жағы Советтерді қолдады, — ал санасына гамлеттік күдік ұялаған черновшыл орталықтың өз пікірі болған жоқ, ол «бейтарап» қалуды мақұл көрді. Рас, кейіннен орталық «өзін өзі тапты»,

Ташкент Советінен эсерлер партиясының мүшелерін кері шақыртты, сөйтіп жазалаушы экспедициялардың саясатын қолдады. Бірақ кері шақырту эсерлер партиясының масқара болғандығын көрсеткенін, өйткені Ташкент Советінен эсерлер кетпеді, ал «контрреволюциялық қыймылдар» жасаған Совет емес, Керенскийдің үкіметі мен оның итаршылары екендігін кәзір кім білмейді?..

Бірақ эсерлер осы «оқыйғадан» құтылмай жатып, бұдан да сорақы тағы бір «оқыйғаға» қайтадан кездесті. Біздің айтып отырғанымыз предпарламент дейтінде жер мәселесі жөнінде олардың қалай дауыс бергендігі туралы.

Әңгіме былай предпарламентте 14 август декларациясы[82] талқыланғанда солшыл эсерлер помещиктердің барлық жерлері шаруа Комитеттерінің қарамағына берілсін деп ұсыныс енгізді. Демократияның міндеті осы ұсынысты қолдау екендігі туралы айтып жатудың қажеті бар ма? Жер мәселесі біздің революцияның негізгі мәселесі екендігі туралы тағыда айтып жатудың қажеті бар ма? Сонда ше? Большевиктер мен солшыл эсерлер жерді шаруаларға беруді ұсынған кезде, оңшыл эсерлер либерданшылдармен[83] бірге бұл ұсынысқа қарсы шықты, — черновшыл орталықтың бұл жолы да «өз пікірі» болмай шықты, мәселені дауысқа саларда олар қалыс қалды.

«Мұжық министрі» Чернов помещиктердің жерлері шаруаларға берілсін деуге батылы бармай, мәселені шешуді шаруалардың еркін бұрмалаушы қыянатшылдарға тапсырып отыр!

Орыс революциясының қыйын-қыстау кезеңінде эсерлер партиясының, «аграрлық революция» мен «ин-

теградлдық социализм» партиясының шаруалар туралы негізгі мәселе жөнінде белгілі тоқтамы болмай шықты!

Шындығында, бұл есуас көкмылжыңдардың партиясы! Орыстың байғұс шаруалары-ай...

„Рабочий Путь" № 21,
27 сентябрь, 1917 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

ЖҰМЫСШЫЛАРҒА ҚАРСЫ ЖОРЫҚ

Бұдан бір апта бұрын-ақ буржуазия баспасөзі Донец бассейінінің жұмысшыларын қаралауға кірісті. «Анархия», «кәсіп орындарын талқандау», қызметкерлерді «қамау, ұрып-соғу» өріс алды деседі — буржуазиялық сатылған газеттердің жұмысшылар туралы айтпаған өтірік-өсегі қалды ма екен? Донец жұмысшыларына қарсы жорық жасалғалы жатқанын, сондай жорыққа үкіметтің жол аршып жатқанын сол кездің өзінде-ақ аңғаруға болатын еді. Шынында да, үкімет буржуазияшыл жалдамшылардың байбаламына «құлақ аспай қалған жоқ». Сондықтан да оның өзі буржуазия диктатурасының үкіметі ғой. Газеттердің хабарына қарағанда, Уақытша үкімет жанындағы экономикалық бас комитет, әрине, Керенскийдің «ықлас білдіруінің» арқасында, «диктаторлық зор өкілдігі бар бір кісіні... Харьков пен Донец бассейініне жіберу қажет деп тапты. Бұл кісіге өнеркәсіпшілерді жұмыс істей беруге мәжбүр ету және жұмысшы бұқарасын тыныштандырарлықтай дәрежеде оған ықпал жүргізу ісі тапсырылуға тиісті. Осы жіберілетін кісінің қарамағы-

на үкімет билігіндегі күштеу құралдарының барлығы да берілмек» («Торгово-Промышленная Газета»[84], 26 сентябрь).

Назар аударыңыз: «күштеу құралдары» бар «диктатор» жіберілмек... Әзірше белгісіз осы «диктаторды» кімге қарсы жібергелі отыр? Мүмкін, үш айдан бері өндірісті қасақана қысқартып, қылмысты түрде жұмыссыздықты шиеленістіріп отырған, ал енді барша жұрттың көз алдында локауттар жасап, елдің шаруашылық тіршілігін кері кетіру қаупін туғызып отырған Донец кәсіп иелеріне қарсы жіберілетін болар?

Әрине, олай емес!

Экономикалық бас комитет тіке былай дейді: бар айып кәсіп иелерінде емес, «қаскүнем үгітшілерде», өйткені: «Қолдағы мәліметтерге қарағанда, ондағы бұзақылықтар қаскүнем үгітшілердің жеке топтарының салдарынан туыпты» (мұны да әлгі газеттен қараңыз).

«Күштеу құралдары» бар «диктаторды» ең алдымен нақ соларға қарсы жібергелі отыр.

Бірақ іс мұнымен бітпейді. «Биржёвканың» хабарына қарағанда, өнеркәсіпшілердің Харьков конференциясы былай деп қаулы алған:

1) «Қызметкерлер мен жұмысшыларды жұмыстан шығару және жұмысқа алу кәсіп орындарының ерекше правосы болып табылады».

2) «Жұмысшы депутаттары Советінің өндірісті басқаруға араласып, өндірісті бақылауына жол берілмейді».

3) «Жұмысшы депутаттары Советінің, атқару комитеттерінің және кәсіпшілік одақтарының мүшелерін жабдықтап, ақы төлеу жөніндегі шығындарды өндіріс орындары төлей алмайды».

4) «Жұмысшыларға қаншалық қосымша ақы төленсе де, олардың тұрмыстары жеңілденбейді» («Биржевые Ведомости», 27 сентябрь).

Қысқасы: өнеркәсіпшілер жұмысшыларға және олардың ұйымдарына соғыс жариялап отыр.

Локаутшы Коноваловтың үкіметі жұмысшыларға қарсы жүргізілетін осы соғысты басқарудан ешбір таймнбайтындығын айтпаса да болады.

Ал жұмысшылар ұрыссыз берілмейді, сондықтан бұл үшін «диктатор» мен «күштеу құраллары» керек болады.

Ішкі сырдың ашылуы оп-оңай.

Қорғаныс мүдделеріне жұмыс істейтін кәсіп орындарын милитаризациялаудың жобасын жазғаны үшін Савинков контрреволюционер аталды.

Осы жобаның іске асырылуын талап еткені үшін Корнилов опасыздық жасаушы деп айыпталды.

Жұмысшы бұқарасына қарсы соғыс жүргізу үшін, олардың ұйымдарын талқандау үшін «күштеу құралдарының барлығымен» жабдықталған, шексіз билік алған «диктаторды» Донец бассейніне «ешбір сөзге келмей» жібергелі отырған үкіметті не деп атау керек?

«Социалист»-министр мырзалар бұл жөнінде не айта алар екен?

„Рабочий Путь" № 22,
28 сентябрь, 1917 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

КҮТЕРСІЗДЕР — ҚҮДЕР ҮЗЕРСІЗДЕР...

Кәзіргі жағдайдың өзгешелігі — үкімет пен халық бұқарасының арасында өткелсіз шыңырау пайда болды, революцияның алғашқы айларында болмаған бұл шыңырау Корнилов көтерілісінің нәтижесінде пайда болды.

Патша өкіметі жеңілгеннен кейін, революцияның бірінші күндерінен бастап-ақ, өкімет билігі империалистік буржуазияның қолына тиді. Өкімет басына жұмысшылар мен солдаттар емес, ат төбеліндей кадеттік империалистер отырды. Бұлай болған себебі не және ат төбеліндей буржуазия үстемшілері, тегінде, ол кезде неге сүйенді? Әңгіме мынада: жұмысшылар, әсіресе, солдаттар буржуазияға сенді, буржуазиямен одақтаса отырып, астық пен жерге, бітім мен бостандыққа қолымыз жетеді деп үміттенді. Бұқара буржуазияға «санасыз сенгіштікпен» қарады — буржуазия үстемшілері ол кезде міне осыған сүйенді. Буржуазиямен жасалған коалиция осы сенімнің және осы үстемдіктің көрінісі ғана болды.

Бірақ революцияның алты айы текке өткен жоқ. Астық орнына аштық, еңбек ақыны арттыру орнына—

жұмыссыздық, жер орнына — құрғақ уәде, бостандық орнына — Советтерге қарсы күрес, бітім орнына Россияны әбден тыйтықтатқан соғыс, Тарнополь мен Рига түбінде корниловшылардың опасыздығы кез болды — буржуазиямен жасалған коалицияның бұқараға бергені міне осы болды. Корнилов көтерілісі коалицияның алты айлық тәжрибесінің қортындыларын ғана жасады, кадеттердің опасыздығын және олармен келісім жасау саясатының қатерлі екендігін әшкереледі.

Мұның бәрі, әлбетте, текке кеткен жоқ. Бұқараның буржуазияға «санасыз-сенгіштік» көзқарасы жоғалды. Кадеттермен жасалған коалицияның орнына олардан қол үзу пайда болды. Буржуазияға сенушіліктің орнына оған өшпенділік қозды. Буржуазияның үстемдігі өзінің сенімді тірегінен айрылды.

Рас, қорғампаздардың келісімпаздық айла-шарғылары арқылы, қулық-сұмдықтары арқылы, Бьюкенен мен кадеттік корниловшылдардың жәрдемдесуі арқылы, жұмысшылар мен солдаттардың көрнеу сенбей отырғанына қарамастан, —қалайда келісімпаздар, мезгілі өткен, көне-тоз коалицияны алдамшылықпен шығара қойып, ескі буржуазиялық диктатураның «жаңа» үкіметін құрастырды.

Бірақ, біріншіден, бұл коалиция өзексіз коалиция, өйткені Қысқы ордада жасалған бұл коалиция ел ішінде наразылық тудырып, тойтарысқа кездесіп отыр.

Екіншіден, бұл үкімет негізсіз үкімет, өйткені мұның табан тірер тірегі жоқ, бұқара бұған сенбейді, тілектес те емес, қайта мұны жек көреді.

Үкімет пен елдің арасында өткелсіз шыңыраудың пайда болған себебі міне осыдан.

Егер бұл үкімет сонда да өкімет басында қалып

отырған болса, егер мұның өзі азшылықтың айтқанын орындап, көрнеу өшіккен көпшілікке үстемдік жүргізбекші болып отырған болса, онда үкіметтің бір нәрсеге ғана: бұқараға зорлық істеуге ғана сүйене алатындығы айқын. Бұл сияқты үкіметтің басқа ешбір тірегі жоқ және болуы да мүмкін емес.

Сондықтан Керенский — Коновалов үкіметінің алғашқы адымы — Ташкенттегі Советті талқандау болғандығы кездейсоқ нәрсе емес.

Бұл үкіметтің кәзірде Донец бассейініндегі жұмысшы қозғалысын басуға кірісіп, сол жаққа құпия сырлы «диктаторды» жіберіп отырғандығы да кездейсоқ нәрсе емес.

Өзінің кешегі мәжілісінде үкіметтің шаруа «қыймылдарына» қарсы соғыс жариялап, мынадай қарар алғаны да кездейсоқ нәрсе емес:

«Жер-жерлерде Уақытша үкіметтің комитеттері құрылсын, олар анархияға қарсы күрес жүргізіп, тәртіпсіздікті басуға міндетті болсын» («Биржёвка»).

Мұның бәрі кездейсоқ нәрсе емес.

Бұқараның сенімінен айрылған, сонда да өкімет басында орнығып қалуды тілейтін буржуазия диктатурасы үкіметінің «анархия» мен «тәртіпсіздік» болмайынша күні жоқ, үкімет осыларға қарсы күрес жүргізу арқылы өмір сүрмек болады. Ол үкімет ұйқтап жатып, түс көреді, түсінде большевиктер «көтеріліс жасапты», немесе шаруалар помещиктерді «талқандапты», немесе теміржолшылар «қатерлі ереуіл туғызып», майданды астықсыз қалдырыпты... Осының бәрі үкіметке «керек-ақ», атап айтқанда шаруаларды жұмысшыларға қарсы, майданды тылға қарсы қою үшін, сөйтіп осы арқылы

қару жұмсау қажеттілігін туғызып, өзінің тұрақсыз жағдайын уақытша нығайтып алу үшін керек.

Өйткені елдің сенімінен айрылған, бұқараның өшпенділігін өршіткен үкімет «азамат соғысын» қоздырушы үкімет болып табылады, одан басқа түк те емес екенін, енді, түсінетін уақыт жетті.

Уақытша үкіметтің ресми органы «Речь» газетінің: «азамат соғысын жариялау үшін большевиктердің уақыт сайлап алуына мүмкіншілік бермеу керек» деп үкіметті алдын-ала сақтандырып отырғандығы, «олар (большевиктер) жаппай аттаныс жасау үшін қолайлы кезең сайлап алғанша шыдап, күтіп отыруға» болмайды деп оған ақыл айтқандығы тегін нәрсе емес («Речь», сәрсенбі).

Я, олар халық қанын ішуге құмартуда...

Бірақ олар босқа үміттенеді, бекерге арамтер болады.

Революцияшыл пролетариат саналы және ұйымдасқан түрде жеңіске қарай бет алуда. Шаруалар мен солдаттар ынтымақтылықпен, зор сеніммен оның төңрегіне топтасуда. Бүкіл өкімет Советтерге берілсін! — деген ұран барған сайын күшті сарынмен естіледі.

Қысқы ордадағы қағаз жүзіндегі коалиция... оның өзі тегеурінге төтеп бере алар ма екен?

Сіздер: большевиктер бытыраңқы, мезгілсіз аттаныс жасаса екен дейсіздер ғой?

Күтерсіздер — күдер үзерсіздер, корниловшыл мырзалар.

„Рабочий Путь“ № 23,
29 сентябрь, 1917 ж.
Басмақала

ХАБАРЛАР

«ТҮРЛАУСЫЗДАР» ПАРТИЯСЫ ЖӘНЕ ОРЫС СОЛДАТТАРЫ

Патша өкіметінің заманында соц.-революционерлердің партиясы әр үйдің төбесінен: помещиктердің жерлерін шаруаларға әперу қажет деп даурығысқан еді. Ол кезде шаруалар эсерлерге сенетін, сондықтан оларды өздерінің шаруалық партиясы деп есептеп, олардың төңрегіне топтасқан болатын.

Патша өкіметі құлағаннан кейін, революция жеңгеннен кейін сөзден іске көшетін, ақырында, эсерлердің жер туралы «алтын сөздерін» жүзеге асыратын уақыт жетті. Бірақ... (атышулы «бірақ»!) эсерлер бұлталаққа басты, тұтыға сөйлеп, шаруаларға Құрылтай жыйналысына дейін жер мәселесін қозғамай кідіре тұру керек деп ұсыныс етті, ал оның бержағында Құрылтай жыйналысы кейінге қалдырылды.

Жерді іс жүзінде шаруаларға беруден гөрі жер туралы және шаруалар туралы даурығу оңай болып шықты. Бақсақ, эсерлердің шаруаларға сөз жүзінде ғана «жаны ашыған» екен, ал сөзден іске көшетін уақыт жеткенде — олар тайсалып шығып, Құрылтай жыйналысын бетке ұстауды мақұл көрді.

Шаруалар бұған күшті аграрлық қозғалыс жасау-

мен, помещиктердің жерлерін өз бетімен басып алумен, «бөтеннің» құрал-сайманын «немденумен» жауап берді, сөйтіп эсерлердің аялдау саясатына сенбестік білдірді.

Эсерлік министрлер де шаруаларға есесін жіберген жоқ, ондаған, жүздеген шаруаларды, жер комитеттерінің мүшелерін қамауға алды. Эсер министрлер эсерлердің уәделерін жүзеге асырғандығы үшін эсер шаруаларды қамауға алып отыр, — біздің көз алдымызда өріс алып отырған оқиға міне осындай.

Осының нәтижесінде — эсерлер партиясы түгелдей күл-талқан болды, бұл жағдай әсіресе предпарламентте дауыс берерде өте-мөте айқын көрінді, сонда солшыл эсерлер жердің шаруаларға дереу берілуін жақтап дауыс берді, оңшыл эсерлер — қарсы болды, ал өз орталығымен бірге Чернов, эсерлер партиясының Гамлеті, терең ойлы пішінде қалыс қалды.

Бұған жауап ретінде солдаттар эсерлер партиясынан жаппай кете бастады.

Эсерлер партиясынан әзірше кетпеген солдаттардың бір бөлегі «тұрлаусыздықты» жою негізінде енді партияның бірлігін жасауды «партияның Орталық Комитетінен» қатты «өтініп сұрайды».

Тыңдаңыздар:

«Петроградтың, Царское Селоның, Петергофтың және басқаларының полктері мен арнаулы бөлімдерінің әскери ұйымдары өкілдерінің біріккен кеңесі партия үшін қазіргі ауыр кезеңде партия көпшілігін... программаға негіздеп топтастыруды қажет деп санайды; бұл программа партияның тұрлаусыз бейнесін жойып, партиядағы барлық өмірге қабілетті элементтерді топтастырар еді... сөйтіп біріккен кеңес ауыл шаруашылығында пайдаланылатын барлық жерлерді жер комитеттерінің қарамағына дереу аперу керек... дейді...» («Дело Народа»).

Сонымен, «жерді дереу эперу» туралы мәселе тағыда қойылып отыр!

Осы талапты мойындату негізінде солдаттар эсерлердің «партиядағы өмірге қабілетті элементтерінің» бәрін топтастырамыз деп үміттенеді!

Аңқаулар! Олар революционер Камковты, кадет Авксентьевті және «түрлаусыз» Черновты, бірқатар сәтсіздіктерден кейін де, тағыда бір арбаға жекпек болады!

Солдат жолдастар, эсерлер партиясының енді жоқ екенін, — тек «түрлаусыз» түлға ғана бар екенін, мүның бір бөлегі савинковшылдармен шатысып кеткендігін, екінші бөлегі — революционерлердің қатарында қалғанын, ал үшінші бөлегі, іс жүзінде савинковшылдарды бүркеп, бір орында дәрменсіз күйде шыйыршық атып түрғанын түсінетін уақыт жетті.

Осыны түсініп, біріқпес нәрсені біріктірем деп әрекеттенуді қоятын уақыт жетті...

* * *

ЗАГОВОРШЫЛАР ӨКІМЕТ БАСЫНДА

«Общее Дело»[85] деген өз газетінде Бурцев бүгін былай деп жазады:

«Ешқандай корниловтық заговор болған жоқ! — деп қәзір кесіп айтуға болады. Шындығында болған нәрсе мүлде басқаша: большевиктерге қарсы күресу туралы үкімет генерал Корниловпен шарт жасасқан! Үкімет өкілдерінің генерал Корниловпен келіскен нәрсесі, — большевиктерге қарсы күресу, — әралуан партиялардың: демократияшыл партиялардың да, социалистік партиялардың да өкілдерінің көксеп жүрген арманы еді. Қырсыққа айналған нақ сол 26 августқа дейін олардың бәрі де генерал Корни-

ловты төніп келген большевиктік қауіптен құтқарушы адамымыз деп санады».

«Заговор» емес, «шарт» жасалды деп бадырайтып жазды Бурцев.

Онікі дұрыс. Бұл жөнінде оның айтқаны сөзсіз дұрыс. Большевиктерге қарсы, яғни жұмысшы табына қарсы, революцияшыл армия мен шаруаларға қарсы заговор ұйымдастыру туралы шарт жасалды, — **революцияға қарсы заговор туралы шарт** жасалды!

Мұны біз Корнилов бүлігінің алғашқы күндерінен бастап-ақ айтып келеміз, мұны сыйпаттайтын ондаған, жүздеген фактылар бар, ешкім бекер дей алмаған әшкерелеулер бұл жөнінде ешбір күлік қалдырмай отыр.

Ал солай бола тұрса да заговоршылар өкімет басында отыр немесе өкімет төңрегінде жүр. Ал солай бола тұрса да ойын әлі біткен жоқ, тергеуді ойыншық етушілік, «революцияны» ойыншық етушілік әлі тыйылған жоқ...

Заговоршылармен коалиция жасалды, заговоршы үкімет құрылды — бақсақ, қорғампаз мырзалар жұмысшылар мен солдаттарды міне осылай сыйлапты!

„Рабочий Путь" № 23,
29 сентябрь, 1917 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

ҚАҒАЗ ЖҮЗІНДЕГІ КОАЛИЦИЯ

Бүліншілік туралы айтушылар бар. Бүліншілік туралы жазушылар бар. «Анархиялық» пікірдегі жұмысшыларға жиі-жиі айып тағып, бүліншіліктің елесімен қорқытушылар бар. Бірақ фабрикаларды жауып, жұмысшыларды жұмыссыздыққа ұшырату арқылы үнемі бүліншілікті тудырып, оны қасақана шиеленістіріп отырған капиталистер екенін ешкімнің де ашық мойындағысы келмейді. Бұл мәселе жөнінде «Биржёвкада» қызық хабар басылды.

«Министр Прокоповичтің басқаруымен Орехов-Зуев ауданының комиссиясы жасаған шарт орындалмағандықтан Москва губерниясының Павлов посадындағы орыс-француз мақта-жіп иіру қоғамының фабрикасында жанжал шықты. Фабрикада 4 000-ға жуық жұмысшы істейді. Аралық соттың қаулысына кәсіп иелерінің бағынғысы келмегендігінен және кәсіп иелерінің еңбек өнімділігін әдейі төмендетіп отырғандығынан қауіпті жағдай туғанын жұмысшылар комитеті еңбек министрлігіне хабарлады. 4 ай бойы келіссөз жүргізілді, ал кәзір заводтың жабылу қаупі туып отыр. Сонымен бірге орыс-француз қоғамы фабрикасының басқармасы француз елшілігіне жұмысшылар аралық соттың қаулысына бағынғылары келмейді және бұзақылық істеп, ойран салмақшы болып жүр деп мәлімдеді. Француз елшілігі сыртқы істер министрлігіне сөз салып, ұрыс-қағысты жоюға көмектесуді өтінді».

Сонда ше? «Фабриканың басқармасы да», «француз елшілігі де» локаутшы-капиталисті ақтауға тырысып, жұмысшыларға нахақтан жала жапқан болып шықты. Тыңдаңыздар:

«Іс еңбек министрлігінің москвалық комиссарына берілді, ол жергілікті жерде жанжалмен танысқан соң, фабрика администрациясы аралық соттың қаулысын орындаудан үнемі бас тартып отырғандығы туралы еңбек министрлігіне хабарлады. Еңбек министрлігінің москвалық комиссарының ақпары сыртқы істер министрлігіне жіберілді».

Көріп отырсыздар, тіпті контрреволюцияшыл министрліктің комиссарының өзі де жұмысшылардікі дұрыс екенін мойындауға тиісті болды.

Бірақ іс мұнымен бітпейді. Нақ сол «Биржёвка» бұрынғыдан да қызық басқа бір фактыны хабарлап отыр.

«Москвадан еңбек министрлігіне мынадай хабар келді: А. В. Смирновтың фабрикасында администрация шикізат пен отынның жеткіліксіздігінен және күрделі ремонт жасау қажет болғандықтан 3 000 жұмысшы істейтін фабриканы жабатындығы туралы жарияласан. «Москвотоптың» және Москва завод кеңесінің өкілдерінен құрылған комиссия фабриканың жұмысшы комитетімен бірге кәсіп орнын тексеріп, мынадай қортындыға келді: кәсіп орнын жабу себептері дәлелсіз, өйткені жұмыс істеу үшін жеткілікті мөлшерде шикізат бар, ал ремонтты жұмысты тоқтатпай-ақ жүргізуге болады. Бұдан кейін жұмысшылар өндіріс иесін қамауға алды. Земство жыйыны фабрикаға секвестр жасалсын деп ұйғарды. Жанжалды шешуге Покровский атқару комитеті мен Уақытша үкіметтің уездік комиссары қатысуда».

Фактылар осындай.

Эсерлер мен меньшевиктердің ішіндегі келісімпаздар елдің «тірі жандарымен» коалиция жасау қажет деп әр үйдің төбесінен айқайлап, Москва өнеркәсіпші-

лерін атап көрсетеді. Сонымен бірге олар әңгіме Қысқы ордадағы сөз жүзіндегі коалиция туралы емес, әңгіме елімізде шын коалиция жасау туралы болып отыр дегенді әр дәйім баса айтады...

Біздің сұрағымыз:

Жұмыссыздықты қасақана шиеленістіріп отырған фабриканттар мен фабриканттарды осындай әрекеті үшін қамауға алып отырған жұмысшылар арасында, Уақытша үкімет комиссарларының қостап қатысуы арқылы қамауға алып отырған жұмысшылардың арасында белгілібір шын коалицияның болуы мүмкін бе?

Қылмысты локаутшылармен коалиция жасауды қоймастан дәріптеп жүрген «революцияшыл» мылжыңдардың топастығында шек бар ма сірә?

Коалицияның осы келемеж даңғырашылары қазіргі кезде, Қысқы орда ішінде жасалған және күні бұрын күйреуге айналған қағаз жүзіндегі коалициядан басқа ешқандай коалицияның болуы мүмкін емес екенін аңғара ма екен?

Рабочий Путь № 21,
10 сентябрь, 1917 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

ХАБАРЛАР

ДЕРЕВНЯ АШЫҒУДА

Қалалардағы азық-түлік дағдарысы туралы кәзір жұрттың бәрі айтып жүр. Аштықтың «құрсаулы шеңгелінің» елестері қалалардың төбесінен төнуде. Бірақ аштықтың деревняға да жеткенін ешкімнің мойындағысы келмейді. «Аграрлық тәртіпсіздіктер» мен «ойрандардың» қақ жартысы кәзір нақ осы аштықтың салдарынан туып отырғандығын ешкімнің түсінгісі келмейді.

Аграрлық «тәртіпсіздіктер» туралы шаруаның жазған хаты мынау:

«Біз сияқты «қараңғы жандарға, шаруаларға» түсіндірсеңіз екен деп сізден сұрағым келеді, ойран неліктен туып отыр? Сіз мұның бәрін істеушілер бұзықтар мен қаңғыбастар, маскүнем алба-жұлба адамдар деп ойлайсыз, бірақ сіз аздап қателесесіз. Булар қаңғыбастар да, алба-жұлба адамдар да емес, — бұлар аштықтан есіргендер. Мәселен, мен Муром уезі, Арефин болысы туралы жазып отырмын. Бізді мұндағылар аштан қатырмақшы. Бізге айына адам басына бес қадақ ұн береді. Біздің хал-жайымызды аңғарып, пайымдап қараңызшы. Бүйтіп қалай күнелтпекпіз? Мұндағы ойрандаушылар шарап ішіп, мастықтан есіргендер емес, біз өзіміз «аштықтан есіріп жүрміз»» («Биржёвканы» қараңыз).

«День» және «Русская Воля» газеттеріндегі буржуазиялық сілімтір кәндендер деревняның байлығы

туралы, мұжықтың дарқан дәулеті және басқалары туралы тынымсыз шәуілдеседі. Ал фактыларға қарасақ, деревняның аштыққа ұшырап, тыйтықтағандығы, аштықтың салдарынан туатын құрқұлақ және басқа аурулардың жайлағандығы анық көрінеді. Деревняның халі күннен күнге ауырлауда, өйткені Керенскийдің — Коноваловтың үкіметі деревняға астықтың орнына жаңадан жазалаушы экспедициялар сайлап отыр, ал алдағы қыс мұжықты бұрынғыдан да ауыр жаңа қыспаққа салғалы тұр.

Әлгі шаруа тағы былай деп жазады:

«Көп ұзамай қыс түседі, өзен катады, сонда бізге аштан өлуге тура келеді. Теміржол станциясы бізден қашық. Біз нан іздеп көшеге шығамыз. Бізді не десеңіз о деңіз, аштық бізге еріксіз осыны істетеді» («Биржёвка»).

Шаруаның терең сырлы хикаясы міне осындай.

Эсерлер мен меньшевиктердің ішіндегі келісімпаздар коалицияның және коалициялық үкіметтің құтқарғыш құдіреті күшті деп дабыл қаққан еді. Кәзір бізде «коалиция» да, «коалициялық үкімет» те бар. Сонда:

Бұл үкіметтің құтқарғыш құдіреті қайсы?

Бұл үкімет ашыққан деревняға жазалаушы экспедициялар жіберуден басқа не жақсылық істей алады?

Шаруаның ешбір қалтқысыз хаты өздерінің коалициялық шатпағына айтылған ажалды үкім екенін келісімпаз мырзалар сезе ме екен?

* * *

ФАБРИКАЛАРДАҒЫ АШТЫҚ

Фабрикалы аудандар бұдан да ауыр қыспаққа түсіп отыр. Фабрика халқына аштықтың қоңсы қонғаны бір

бұл емес, ал қазір мұнда аштық өте-мөте асқынып кетті. Соғысқа дейін жыл сайын 400 — 500 миллион пұт астықты шетке шығарып келген Россия, қазір, соғыс кезінде, өз жұмысшыларын асырауға да дәрменсіз болып отыр. Фабрикаларда жұмыс тоқталуда, жұмысшылар жұмыстан қашып жатыр, өйткені фабрикалы аудандарда нан жоқ, азық-түлік жоқ.

Әр тұстан мынадай хабарлар келіп жатыр.

«Шуядан мынадай телеграмма келді: бүкіл уезде отын жару жұмысы тоқтатылды. Астық жоқ. Жұмысшылар үшін азық-түліктің жоқтығынан Корюковтың шақпақ қант заводы жабылып қалғалы тұр. Қызылша шіри бастады. Ярцевтегі (Смоленскі губерниясы) мақта-жіп иіру тоқыма мануфактурасының он екі мың халқы мүшкіл жағдайда. Ұн мен ақталған дән қоры мүлде таусылды. Губерниялық азық-түлік комитетінің жәрдем беруге мұршасы жоқ. Жұмысшылар, азық-түлік алмаған соң, қобалжый бастаулы. Тәртіпсіздіктің болуы сөзсіз. Кувшинов (Тверь губерниясы) серіктігінің қағаз фабрикасының Старосталар советі былай деп телеграмма жіберіпті: жұмысшылар аштыққа ұшырағалы тұр. Барлық жерде де астық бермей қойды. Дереу көмектесуіңізді сұраймыз. Вичугадағы Морокин серіктігі фабрикасының басқармасы былай деп телеграмма жіберіпті: азық-түлік мәселесі қауіпті болып бара жатыр. Жұмысшылар ашығып, қобалжуда. Жабдықтау жөнінде жедел шаралар қолдану қажет. Осы серіктіктің фабрикалық комитеті министрлікке былай деп телеграмма берген: жұмысшыларды ұнмен жедел жабдықтауыңызды қатты өтініп сұраймыз, өйткені ашығу басталды».

Фактылар осындай.

Егінші аудандар фабрикалы аудандардан өздеріне товардың өте аз барып жатқанын айтып, налыйды. Сондықтан олар да фабрикалы ауданарға астықты соғұрлым аз жібереді. Бірақ фабрикалы аудандарда астықтың жетімсіздігінен жұмысшылар фабрикалардан кетуде, фабрика жұмысы қысқартылуда, демек, дерев-

няға жіберілетін товарлар саны бұдан былай да кеми бермек, ал мұның өзі фабрикаға келетін астықтың мөлшерін бұрынғыдан да азайта түседі, фабрикаларда аштықты бұрынғыдан да күшейтіп, жұмысшылардың фабрикалардан бұрынғыдан да көп кетуіне себеп болады.

Мынадай сұрақ туады:

Жұмысшылар мен шаруаларды темір қыспаққа алып отырған осы мүшкіл жағдайдан құтылудың жолы қайсы?

Коалициялық үкімет дейтін үкімет ашығушы өнеркәсіпті аудандарға астыртын жіберіп жатқан атышулы «диктаторлардан» басқа не бере алмақшы?

Осы күнге дейін өздері қолдап отырған империалистік буржуазия Россияны тұйыққа тірегенін, бұл тұйықтан құтылу үшін тонаушылық соғысты тоқтату керек екенін, бұдан басқа құтылар жол жоқ екенін келісімпаз мырзалар сезе ме екен?

„Рабочий Путь“ № 26,
3 октябрь, 1917 ж
Мақалаға қол қойылмаған

ӨЗІН ӨЗІ ДҮРЕЛЕДІ

Таяуда ғана Ташкентте «ең бір дағдылы» оқиға болды, қазір Россияда «мұндайлар көп-ақ». Ташкенттің жұмысшылары мен солдаттары оқиғалардың революцияшылдандырғыш логикасына еріп, Советтердің Атқару комитетінің ескі құрамына сенбестік білдірді, сөйтіп жаңа революцияшыл Комитет сайлады, корниловтық өкімет орындарын құлатты, жаңа өкімет орындарын құрды, өкімет билігін өз қолдарына алды. Осылай болуы-ақ мұң екен, Уақытша үкіметтің ұрдажықтары Ташкенттің «анархистік» Советіне соғыс жариялады. Ал Советтің көпшілігі, фактылардың айтуына қарағанда, «анархистер» емес, эсерлер болып отыр. Бірақ, Уақытша үкіметтегі «жуасытушылар» бұл жағын ескеріп не қылсын.

«Дело Народа» газетіндегі эсерлік Гамлеттер, Керенскийдің төңрегінде қоқыйлана жүгіріп, маңызданған пішінмен Ташкент Советін «контрреволюцияшыл» деп жариялады, эсерлерді Ташкенттегі Советтен кері шақырып алуды талап етті, Түркстанда «революциялық тәртіп» орнату қажет деп тапты.

Тіпті қаудыраған Орталық атқару комитеті де байғұс ташкенттіктерді бір теуіп қалуды мақұл көрді...

Тек біздің партия ғана үкіметтің және оның агенттерінің контрреволюциялық қастық әрекеттеріне қарсы шығып, Ташкенттің революцияшыл Советін ақырына дейін, батыл қолдап отырды.

Ал енді ше?

Бас-аяғы бірнеше апта өтті, «көңілдің желігі басылды», кеше Ташкенттен келген делегат Ташкентте болған «оқиғаның» шын сырын бізге ашып берді, — ташкенттіктер, Уақытша үкімет агенттерінің контрреволюциялық қылықтарына қарамастан, өздерінің революциялық борышын адал орындаған болып шықты.

Жұмысшы және солдат депутаттарының Петроградтық Советі ташкенттік жолдастарға сенім көрсету туралы біраўыздан қаулы алды және «Совет Ташкенттің революцияшыл демократиясының әділетті талаптарын қолдауға толық дайын екенін білдірді, мұны Советтің барлық фракциялары жақтап» дауыс берді. Онсоң дауыс беру мәселесі жөнінде эсерлер партиясының атынан сөйлеген Широкова: партия большевиктердің қарарын жақтап дауыс береді деді.

Ал Ташкент Советінен эсерлерді кері шақырып алу мәселесін қалай ету керек? Бұл Советтің «контрреволюцияшылдығы», бұл Советтің «жарамсыз қылығы» қайда құрыды?

Мұның бәрі кәзір ұмытылды...

Енді не деріңіз бар? Біз эсерлердің бұлайша «бет бұрғанын» құттықтаймыз: ештен кеш жақсы.

Бірақ «Дело Народа» басшылары бұдан екі апта бұрын, Ташкент Советінен қорқақтықпен теріс айналып кетіп, өздерін өздері аяусыз дүрелегенін сезе ме екен?

„Рабочий Путь" № 27
4 октябрь, 1917 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

РЕВОЛЮЦИЯҒА ҚАРСЫ ЗАГОВОР

Таяуда «Общее Дело» газетінде Бурцев: «Ешқандай корниловтық заговор болған жоқ», — Корнилов пен Керенский үкіметінің арасында соғыс диктатурасын орнату мақсатымен большевиктер мен Советтерді жою туралы «шарт қана болды» деп жазды. Бурцев өз көзқарасын дәлелдеу үшін заговордың тарихын суреттейтін, бірнеше документтерден құралған Корниловтың «түсінік хатын» «Общее Делоның» 6-номерінде басып шығарды. Бурцевтің бүкіл осы әрекетінің жақын арадағы мақсаты — Корнилов үшін қолайлы жағдай туғызу, сөйтіп оны соттау ісін мүмкін емес нәрсе ету болып табылады.

Корниловтың материалдарын толық деп танудан біз аулақпыз. Корнилов опасыздық жасағандығы жөнінде тағылған айыптардан өзін арашалаумен бірге, мәселен, заговорға қатысы болған кейбір адамдар мен ұйымдарды ауызға алмайды, ең алдымен, куәлердің жауабына қарағанда, Ставкадағы елшіліктердің мүлде екінші дәрежелі орында болмаған кейбір өкілдерін ауызға алмайды. Тағыда бір атап көрсетерлік нәрсе, Корниловтың «түсінік хаты» Бурцевтің тыңшылық редакциясы-

қан өтті, сондықтан ол «хаттың» кейбір жерлерін, бәлкім, өте маңызды жерлерін алып тастады. Сонда да «хат» документ ретінде қалайда үлкен құнды нәрсе болып табылады. Осы документке куәлердің теңсалмақты жауаптары қарама-қарсы қойылғанша, біз мұны документ деп есептемекшіміз.

Сондықтан біз осы документ жөнінде оқушымен әңгімелесуді қажет деп санаймыз.

Олар кімдер?

Олар, Корниловтың кеңесшілері мен рухтандырушылары, кімдер, ол өзінің заговоршылдық ойларын, ең алдымен, кімдерге сеніп айтқан?

«Елдің жағдайы туралы және ел мен армияны толық бүлінуден құтқару үшін қажетті шаралар туралы мәселені талқылауға — дейді Корнилов, — мен М. Родзянконы, князь Г. Львовты және П. Милюковты қатыстырмақ болдым, оларға телеграммалар жіберіп, 29 августан қалмай Ставкаға келулерін өтіндім».

Корниловтың өз мойындауы бойынша оның басты кеңесшілері міне осылар.

Бірақ іс мұнымен бітпейді. Кеңесшілері мен рухтандырушыларынан басқа басты серіктері де болды, Корнилов соларға сенді, соларға арқа сүйеді, солармен бірлесіп өзінің заговорын іске асырмақ болды.

Тыңдап қараңыз:

«Председатель ретінде Жоғарғы басқомандашының, министр-орынбасар ретінде Керенскийдің, Савинковтың, генерал Алексеевтің, адмирал Колчактың және Филоненконың қатысуымен «халық қорғаныс советінің» жобасы жасалған еді. Осы қорғаныс советі коллективтік диктатураны жүзеге асыруға тиісті болды, өйткені жеке диктатура орнату ұнамсыз нәрсе деп табыл-

ды. Басқа министрлердің орындарына Тахтамышев, Третьяков, Покровский, Игнатьев, Аладьин, Плеханов, Львов және Завойко мырзалар белгіленген еді».

Корниловқа дем беріп отырған және одан өздеріне демеу алып келген, халық сыртынан Корниловпен сырласқан және Москва кеңесінде оған қол шапалақтаған құрметті заговоршылардың шүйіркелес компаниясы міне осындай. Халық бостандығы партиясының бастығы **Милюков**; қоғам қайраткерлері советінің бастығы **Родзянко**; өнеркәсіпшілердің бастығы **Третьяков**; эсерлер ішіндегі қорғампаздардың бастығы **Керенский**; меньшевиктер ішіндегі қорғампаздардың ұстазы **Плеханов**; Лондондағы белгісіз бір фирманың агенті **Аладьин**, — корниловшылдықтың сенімі мен үміті, контрреволюцияның жаны мен жүйкесі міне осылар.

Оларды тарих ұмытпас деп, ал замандастары оларға тиісті баға берер деп сенеміз.

Олардың мақсаттары

Олардың мақсаттары «түсінікті және айқын»: «Россияны сақтап қалу» үшін — «армияның жауынгерлік дәрежесін көтеру» және «тылды сауықтыру».

Армияның жауынгерлігін көтеру үшін «мен былай деп көрсеттім», — дейді Корнилов:

«Соғыс майданында өлім жазасы туралы заңды дереу қайта енгізу қажет».

Ал тылды сауықтыру үшін «мен былай деп көрсеттім», — дейді тағыда Корнилов:

«Өлім жазасы және әскери-революциялық соттар туралы заңды ішкі округтерге де қолдану қажет, өйткені бейбастақ, үйретілмеген, насихатталған солдаттар бандасы түрінде тылдан

жасақтар алып отырғанда, армияның жауынгерлік дәрежесін калпына келтіру жөніндегі шаралардың кандайы болса да ойдағыдай нәтиже бермейді».

Бірак іс мұнымен бітпейді. Корниловтың ойынша, «соғыстың мақсаттарына жету үшін»... үш армия болуға тиіс: «окоптардағы армия, тылда — жұмысшы армиясы мен темір жол армиясы». Баскаша айтканда, әскери «тәртіпті», барлық салдарымен қоса, корғаныс үшін жұмыс істеуші заводтарға және темір жолдарға тарату «қажет», яғни оларды милитаризациялау «қажет».

Сонымен, майданда өлім жазасын колдану, тылда өлім жазасын қолдану, заводтар мен темір жолдарды милитаризациялау, елді «соғыс» лагеріне айналдыру, сөйтіп, осының бәрінің тынағы ретінде, Корниловтың басқаруымен әскери диктатура орнату, — бақсақ, заговоршылар компаниясының көздеген мақсаттары осылар екен.

Бұл мақсаттар Москва кеңесінен бурын-ак даңқы шыққан айрықша «баяндамада» айтылған. Бұл мақсаттар, «Корниловтың талаптары» ретінде, Корниловтың телеграммалары мен «хатында» кездеседі.

Бұл «талаптар» Керенский үкіметіне мәлім бе еді?

— Сөзсіз мәлім еді.

Керенскийдің үкіметі Корниловка косылып па еді?

— Косылғаны анық.

«Савинков пен Филоненко мырзалар бұрын қол қойған, армия мен тылды сауықтыру шаралары туралы жалпы баяндамаға қол койғаннан кейін,—дейді Корнилов,—оны Уакытша үкіметтің Керенский, Некрасов және Терещенко мырзалар бас коскан жеке кеңесіне білдірдім. Баяндама каралған кезде үкіметтің мен ұсынған шаралардың бәріне косылатындығы жөнінде, ал ол шаралар-

ды жүзеге асыру мәселесі үкімет шараларының қарқынына байланысты екендігі маған анық айтылды».

Савинков та нақ осыны айтып, 24 августа Корниловқа: «сіздің талаптарыңызды Уақытша үкімет жақын арада орындайды» деді.

Корниловтың мақсаттары халық бостандығы партиясына мәлім бе еді?

— Сөзсіз мәлім еді.

Ол партия Корниловқа қосылып па еді?

— Қосылғаны анық. Өйткені халық бостандығы партиясының орталық органы «Речь» газеті «генерал Корниловтың идеалдарына толығынан қосылатындығын» ашық айтты.

Халық бостандығы партиясы — буржуазия диктатурасының партиясы деп айтқан біздің партияның пікірі дұрыс болып шықты.

Керенскийдің үкіметі — осындай диктатураны бүркейтін бүркеніш деп айтқан біздің партияның пікірі дұрыс болып шықты.

Кәзір, корниловшылдар бірінші соққыдан ес жыйған кезде, өкімет басында отырған заговоршылар «армияның жауынгерлік дәрежесін көтеру» және «тылды сауықтыру» туралы қайтадан сөз көтере бастады.

Жұмысшылар мен солдаттар «армияның жауынгерлік дәрежесін көтеру» және «тылды сауықтыру» деген сөз тыл мен майданда өлім жазасын қолдану деген сөз екендігін есте сақтауға тиіс.

Олардың жолы

Мақсаттары сыяқты, олардың жолы да «түсінікті және айқын». Ол — большевизмді жою, Советтерді та-

рату, Петроградты айрықша соғыс губернаторлығы етіп бөліп шығару, Кронштадты қарусыздандыру. Бір сөзбен айтқанда — революцияны талқандау. Осы үшін үшінші атты әскер корпусы қажет болды. Осы үшін тағы дивизия қажет болды.

Петроград соғыс губернаторлығының шегарасын белгілеу мәселесін Корниловпен бірге талқылағаннан кейін Савинков Корниловқа былай дейді:

— «Сонымен, Лавр Георгиевич, сіздің талаптарыңызды Уақытша үкімет жақын арада орындайды; бірақ бұған байланысты Петроградта күрделі қысылшаң жағдай туып кетуі мүмкін деп үкімет қауіптенеді. Әрине, өзіңізге мәлім, шамамен алғанда, 28 не 29 августа Петроградта большевиктер күрделі аттаныс жасар деп күтіп отырмыз. Уақытша үкімет арқылы жүзеге асырылатын сіздің талаптарыңыз жарияланса, мұның өзі, әрине, большевиктердің аттанысына сылтау болады. Біздің қоластымыздағы әскерлер саны жеткілікті, бірақ біз оларға толық арқа сүйей алмаймыз. Оның үстіне, Ж. және С. Д. Советінің жаңа заңға қалай қарайтындығы әлі белгісіз. Бұл да үкіметке қарсы шығуы мүмкін, онда біз өз әскерлерімізге арқа сүйей алмаймыз. Сондықтан августың аяқ кезінде 3-нші атты әскер корпусы Петроградқа әкелініп, Уақытша үкіметтің қарамағына берілсін деп әмір етуіңізді сұраймын. Ал егер, большевиктермен қатар, Ж. және С. Д. Советінің мүшелері де аттанысқа шығатын болса, онда біздің оларға да қарсы әрекет етуімізге тура келеді».

Онсоң Савинков мейлінше батыл және мейлінше аяусыз қимылдау керек екендігін айтты. Бұған Корнилов былай деген: «басқаша қимылдаудың реті де жоқ. Большевиктер мен Ж. және С. Д. Советінің аттанысы болатын болса, онда бұл аттаныс бар күшпен басылады».

Осы шараларды тікелей орындау үшін үшінші атты әскер корпусы мен байырғы дивизияның бастығы гене-

рал Крымовка Корнилов мынадай «екі міндет» жүктеген:

«1) Менен (Корниловтан) немесе сол жердің өзінде большевиктердің аттанысы басталғаны туралы хабар алған күнде, корпусты бастап дереу Петроградқа қарай жылжу керек, қаланы алып, большевиктердің қозғалысына қосылған Петроград гарнизонының бөлімдерін қарусыздандыру керек, Петроград халқын да қарусыздандырып, Советтерді таратып жіберу керек.

2) Осы міндетті орындап болған соң генерал Крымов артиллериялы бір бригаданы Ораниенбаумға бөлуге және, онда барысымен, Кронштадт гарнизонының қамалды қарусыздандыруын, сөйтіп материкке өтуін талап етуге тиісті болды.

Кронштадт қамалын қарусыздандыру жөнінде және оның гарнизонын алып кету жөнінде министр-председательдің рұқсаты 8 августа берілді, ал Теңіз бас штабының осы жөніндегі баяндамасы министр-председательдің жолдамасымен, адмирал Максимовтың хатымен қоса Жоғарғы баскомандашы штабының бастығына тапсырылды».

Революцияға және оның табыстарына қарсы заговоршылардың шүйіркелес компаниясының жолы осындай.

Керенскийдің үкіметі осы дозақы жоспарды түгел білгені былай тұрсын, осы жоспарды жасауға өзі қатысып, Корниловпен бірге осыны жүзеге асырмақшы болды.

Сол кездің өзінде соғыс министрлігін басқарған Савинков мұны ашық айтады, ал оның барша жұртқа белгілі осы мәлімдемесін әлі ешкім бекерге шығарған жоқ.

Мәлімдемесі мынау:

«Тарихи дәлдікті анықтау үшін мен мынаны айтуды өз борышым деп есептеймін: мен, министр-председательдің тапсыруы бойынша, Петроградта соғыс жағдайын жүзеге асыруды қамтама-

сыз ету үшін және қай тараптан болса да Уақытша үкіметке қарсы жасалған өшпенділік әрекеттердің бәрін де басу үшін сізден (Корниловтан) атты әскер корпусын сұрадым...»

Түсінікті шығар деймін.

Корниловтың жоспары жөнінде кадеттер партиясы білді ме?

— Әбден білген еді.

Өйткені осы партияның орталық органы, «Речь» газеті, корниловтық көтерілістің қарсаңында «большевиктік көтеріліс» туралы провокаторлық лақаптарды жанталаса таратып, Петроград пен Кронштадтқа Корниловтың баса көктеп кіруіне осы арқылы жол аршыды.

Өйткені Петроградқа басып кірудің жоспарлары туралы Савинков пен Корниловтың арасында болған барлық келіссөздерге кадеттер партиясының өкілі Маклаков мырзаның «өз басы» қатысып отырды, қатысқандығы Корниловтың «хатынан» көрінеді. Біздің білуімізше, ол кезде Уақытша үкіметтің жанында немесе оның өзінде Маклаков ешқандай ресми орында жоқ болатын, — ендеше ол осы келіссөздерге өз партиясының өкілі ретінде қатыспағанда, кім болып қатысты дейсіз?

Фактылар осындай.

Керенскийдің үкіметі — буржуазиялық контрреволюцияның үкіметі, корниловшылдыққа арқа сүйейтін үкімет және корниловшылдықтан бір ғана айырмасы біраз «батылсыздау» үкімет деп айтқан біздің партияның пікірі дұрыс болып шықты.

Контрреволюцияның идеялық және саяси тізгіндері кадеттер партиясының Орталық комитетіне барып

түйіседі деп айтқан біздің партияның пікірі дұрыс болып шықты.

Егер питерлік және могилевтік заговоршылардың контрреволюциялық жоспары іске аспай қалған болса, онда бұл үшін Керенский мен Корниловты, немесе Маклаков пен Савинковты кінәлау керек емес, олар «таратып жіберуге» қамданған, бірақ қарсы тұруға өздерінің күштері жетпеген нақ сол Советтерді кінәлау керек.

Қазір, корниловшылдар естерін жыйнап, келісімпаздардың көмегімен өкіметке ұрланып өткен кезде, Советтерге қарсы күресу мәселесі қайтадан алға қойылып отыр. Егер жұмысшылар мен солдаттар корниловшылдардың үкіметіне қарсы жүргізілетін күресте Советтерді қолдамаса, онда өздері әскери диктатураның темір табанына түсіп қалуы ықтыймал екенін олар ұмытпауға тиіс.

Империалистік буржуазияның диктатурасы

Заговоршылар Корнилов пен Милюков, Аладьин мен Филоненко, Керенский мен князь Львов, Родзянко мен Савинков революцияға қарсы орнатпақ болып сөз байласқан «коллективтік диктатура» деген не? Осы диктатураны олар қандай саяси формаларға қалыптастырмақ болды?

«Коллективтік диктатураны» орнатып, жөнге салу үшін олар қандай саяси мекемелердің болуы қажет деп есептеді?

Документтерге сөз берейік.

«Генерал Корнилов Филоненкодан: туып отырған ауыр жағдайдан құтылудың бірден-бір жолы — әскери диктатураны жарыялау ғана деп есептемейсіз бе деп сұрады.

Филоненко: диктатор туралы нақтылы түрде ойлағанда, қазіргі жагдайда диктатор болатын кісі тек қана генерал Корнилов деп білемін деді. Жеке диктатураға карсы Филоненко мынадай пікір айтты. генерал Корниловтың өзі саяси жағдайды жете білмейді, сондыктан да оның диктатурасының кезінде жел бірушілер тобы аталатындар толып кеткен болар еді. Демократияшыл топтар мен республикашыл топтар бұған карсы шығуға, демек, жеке диктатураға да қарсы шығуға тиіс болады.

Генерал Корнилов. Үкімет ешқандай шаралар қолданбай отырған болса, не істерсін?

Филоненко. Шығар жол директорияны кұру аркылы табылуы мүмкін. Үкімет кұрамынан кіші соғыс кабинетін бөліп шығару кажет, бұған ерекше қажырлы адамдар енуге тиіс, «халык қорғанысының советі» деп немесе басқаша аталатын — әңгіме атында емес — осы кабинетке Керенский, генерал Корнилов және Савинков сөзсіз қатысуға тиіс. Осы кіші кабинет ел қорғау міндетін өзінің ең бірінші міндеті етіп қоюға тиіс. Директорияның жобасын үкімет осы түрде кабылдауға тиіс.

Корнилов. Дұрыс айтасыз. Директория кажет-ақ және мүмкіні болғанша тез болғаны жақсы...» («Новое Время»).

Ал онан кейін:

«Председатель ретінде Жоғарғы баскомандашының, министрорынбасар ретінде А. Ф. Керенскийдің, Савинков мырзаның, генерал Алексеевтің, адмирал Колчактың және Филоненко мырзаның қатысуымен «халық қорғаныс советінің» жобасы жасалған еді.

Осы қорғаныс советі коллективтік диктатураны жүзеге асыруға тиісті болды, өйткені жеке диктатура орнату ұнамсыз нәрсе деп табылды» («Общее Дело»).

Сонымен, директория — Корниловтың — Керенскийдің «коллективтік диктатурасы» қалыптасуға тиісті болған саяси форма осы еді.

Корниловтың «бүлігі» іске аспағаннан кейінгі жерде директорияны кұрғанда, Керенский нақ сол корни-

ловтық диктатураны баска құралдармен іске асырып келді, бұл кәзір әркімге айқын болып отыр.

Белгілі түнгі мәжілісте Керенскийдің директориясын жақтап сөз сөйлей отырып, алжыған Орталық Атқару Комитеті генерал Корниловтың контрреволюциялық жоспарын жақтап дауыс берді, бұл кәзір әркімге айқын болып отыр.

Керенскийдің директориясын өршелене қорғай отырып, «Дело Народа» газетіндегі данышпандар, оны өздері де сезбестен, әйгілі және жасырын корниловшылдардың айызын қандырып, революцияны сатып кетті, бұл кәзір әркімге айқын болып отыр.

Директория — контрреволюция диктатурасының бүркеншті формасы деп айтқан біздің партияның пікірі дұрыс болып шықты.

Бірақ жалғыз директориямен «ұзаққа бармайсын», Контрреволюцияның қулары демократизмнің жемісін татқан елді ешбір «демократиялық» бүркеншсіз-ақ, жалғыз директорияның ғана жәрдемімен «билеуге» болмайтындығын білмей қалған жоқ. Директория формасындағы «коллективтік диктатура» — табылған нәрсе! Бірақ оны жаланаштап не керек. Оны қайдағы бір «предпарламентпен» бүркеген жақсы емес пе? «Демократиялық предпарламент» өмір сүріп, мылжыңдай берсін, — тек мемлекеттік аппарат директорияның қолында болатын болсын! Корниловтың қосшысы Завойко мырза, Лондондағы белгісіз бір фирманың агенті Аладьин мырза және Милюковтың досы Корниловтың «өзі» — осы «предпарламенттің» алдында «жауапты» болатын (ойнамаңыз!) директорияның тірегі мен бүркеніші ретінде «предпарламенттің» жобасын бірінші болып ұсынды.

Документке сөз берейік.

«Генерал Корнилов пен оның төңрегіндегілер директорияны құруды талап еткенде, оның ел алдында жауапкер болмауын көздеген жоқ.

Өкілдік орган туралы Аладьин ұсынған жобаны өте-мөте мақұлдап жақтаушылардың бірі М. М. Филоненко болып табылады, ал үкімет Құрылтай жыйналысы шақырылғанша осы органның алдында жауапты болуға тиісті.

Аладьинның ойынша, осы өкілдік органға 4-ші Мемлекеттік дума (оңшыл жағынан басқасы және оның барлық енжар мүшелерінен тысқарғылары), алғашқы үш думаның солшыл элементтері, Ж. және С. Д. Советтері Орталық атқару комитетінің делегациясы (партиялардың өкілдігіне шек қойылмайды) және өкілдік органның құрамына сол органның өзі қосымша енгізетін Брешко-Брешковская, Кропоткин, Фигнер, т. б. сыяқты 10 — 20 аса көрнекті революцияшыл қайраткерлер кіруге тиіс болды. Сонымен «предпарламент» идеясын алғаш рет ойлап тапқан А. Ф. Аладьин болды» («Новое Время»).

Сонымен, «предпарламенті» — Корниловтың — Керенскийдің «коллективтік диктатурасы» үшін «демократиялық» тірек болуға тиісті болған «өкілдік органы» міне осы.

Құрылтай жыйналысы «шақырылғанға дейін» өз алдында үкіметті «жауапты» ететін орган ретіндегі «предпарламент», Құрылтай жыйналысы шақырылғанға дейін оның орнын басатын «предпарламент»; егер Құрылтай жыйналысының шақырылуы кейінге қалдырылса, соның орнын басатын «предпарламент»; Құрылтай жыйналысының шақырылуын кейінге қалдыруға «заңды негіз» беретін (масайрандар, заңшылар!) «предпарламент»; Құрылтай жыйналысын болғызбаудың құралы ретіндегі «предпарламент», — революцияға қарсы заговоршылардың контрреволюциялық «демократизмінің» бар мәні осында.

Екі күннен кейін шақырылатын корниловтық «предпарламентке» «рыйзалық беріп», Керенский революцияға қарсы заговоршылардың **нақ сол контрреволюциялық жоспарын** тек басқаша құралдармен орындап отыр, бұл кәзір әркімге айқын болып отыр.

Авксентьевтер мен Дандар «предпарламентті» ұйымдастырып, бұл үшін бірнеше оңбағандық істер жасап, революцияға және оның табыстарына қарсы, әйгілі және жасырын корниловшылдарға қызмет етіп келді, бұл кәзір әркімге айкын болып отыр.

«Дело Народа» газетіндегі данышпандар Құрылтай жыйналысы туралы айқайлай отырып, сонымен қатар корниловтық «предпарламентті» нығайта отырып, Құрылтай жыйналысын болғызбау жолында қызмет істеп жүр, бұл кәзір әркімге айқын болып отыр.

Корниловтың шәкірттері болу — «Демократиялық кеңестегі» «жауапты» мылжыңдардың, Церетели мен Черновтардың, Авксентьевтер мен Дандардың қолдарынан бар келгені міне осы болды.

* * *

Бірінші қортынды

«Корниловтың ісінен» біздің кездестіріп отырғанымыз Уақытша үкіметке қарсы «бүлік» емес, және атаққұмар генералдың жай ғана «авантюрасы» да емес, біздің кездестіріп отырғанымыз революцияға қарсы жасалған нағыз заговор екендігі, ұйымдастырылған және әбден ойланып істелген заговор екендігі жоғарыда қаралған документтерден көрінеді.

Заговорды ұйымдастырушылар мен рухтандырушылар: генералитеттің контрреволюцияшыл бөлегі, ка-

деттер партиясының өкілдері, москвалық «қоғам қайраткерлерінің» өкілдері, Уақытша үкіметтің аса «білімпаз» мүшелері және — маңызы жағынан кем соқпайтындар! — кейбір елшіліктердің кейбір өкілдері (олар туралы Корниловтың «хаты» дәнеңе айтпайды).

Яғни Москва кеңесінде, «Россияның айтулы көсемі» деп, Корниловты «масаттана» қарсы алғандардың бәрі.

«Корниловтың заговоры» — Россияның революцияшыл таптарына қарсы, пролетариат пен шаруаларға қарсы империалистік буржуазияның заговоры.

Заговордың мақсаты: революцияны талқандап, империалистік буржуазияның диктатурасын орнату.

Заговоршылардың арасында алауыздықтар болды, бірақ ұсақ, саны ғана бар алауыздықтар еді. Ол алауыздықтар «үкімет шараларының қарқыны» жөнінде туды: Керенский сақтықпен, жан-жағына қарайлап барып қыймылдауды көздеді, ал Корнилов «тіке омырауға салды». Бірақ негізгі мәселеде бәрінің ойы бір жерден шығып отырды: олар аңкауларды алдау үшін «демократияшыл» предпарламентпен бүркелген директорияның «коллективтік диктатурасы» түріндегі империалистік буржуазияның диктатурасын орнатуды көздеді.

Империалистік буржуазия диктатурасының негізгі өзгешелігі неде?

Ең алдымен негізгі өзгешелігі: мұндай диктатура — соғысқұмар, қанаушы азшылықтың еңбекшілерге және бейбітшілікті аңсаушы көпшілікке жүргізетін үстемдігі болып табылады. Корниловтың «хатын» оқып көріңіздер, үкімет мүшелерімен жүргізген «келіссөздерін» қарап шығыңыздар: онда революцияны басудың ша-

ралары туралы айтылады, буржуазиялық құрылысты нығайтудың және империалистік соғысты созудың жолдары туралы айтылады, бірақ онда жерді талап етіп отырған шаруалар туралы, астықты талап етіп отырған жұмысшылар туралы, бейбітшілікті аңсап отырған азаматтардың көпшілігі туралы бір ауыз сөз жоқ. Ол-ол ма, «хаттың» өзі басынан аяғына дейін — бұқараны темір қыспақта ұстау қажет, ал ел билеу тізгіні ат төбеліндей диктаторлардың қолында болуға тиіс деген пікірге негізделген.

Екіншіден, негізгі өзгешелігі: империалистік буржуазияның диктатурасы — бұқараны алдауға бағытталған құпия, жасырын, бүркемелі диктатура. «Хатпен» танысыңыздар, сонда заговоршы мырзалар өздерінің жауыздық жоспарлары мен құпия қулық-сұмдықтарын бұқарадан ғана жасырып қоймай, өздерінің сыбайластары мен партиялас «достарынан» да жасыруға тырысып баққанын түсінесіздер. Бұқараны алдау үшін «демократиялық» предпарламенттің жоспары құрастырылды, өйткені тыл мен майданда өлім жазасы қолданылып отырғанда қандай демократизм бола қоймақшы! Бұқараны алдау үшін «Россия республикасы» сақталып қалды, өйткені бес диктатордан құралған азғана топ толық үстемдік етіп отырғанда қандай республика бола қоймақшы!

Ақырында, негізгі өзгешелігі: империалистік буржуазияның диктатурасы — бұқараға зорлық жасауға сүйенетін диктатура. Мұндай диктатураның бұқараға үздіксіз зорлық жасаудан басқа ешқандай «сенімді» тірегі жоқ, және болуы да мүмкін емес. Тыл мен майданда өлім жазасын қолдану, заводтар мен темір жолдарды милитаризациялау, ату — бұл диктатураның

арсеналы міне осындай. Зорлықты арқау еткен «демократиялық» алдау; «демократиялық» алдауды бүркеніш еткен зорлық, — империалистік буржуазия диктатурасының басы да, аяғы да міне осындай.

Заговоршылар Россияда нақ осындай диктатура орнатуды көздеген еді.

* * *

Екінші қортынды

Біз заговордың себебі жеке бір адамдардың қаскүнемдігінен болды деп есептеуден аулақпыз. Біз заговор оны бастаушылардың мансапқорлығынан болды деп түсіндіруден де аулақпыз. Қонтрреволюциялық заговордың себептері терең жатыр. Ол себептерді империалистік соғыстың жағдайларынан іздеу керек. Ол себептерді осы соғыс қажеттігінен іздеу керек. Майданда шабуыл саясаты, Уақытша үкімет июнь айында қабыл алған саясат, жүргізілді, — контрреволюционерлердің заговорына жағдай жасаған негізді міне осыдан іздеу керек. Барлық жерлерде, барлық соғысушы мемлекеттерде, империалистік соғыс жағдайында жүргізілген шабуыл саясаты — бостандық атаулыны жоюды, соғыс жағдайын енгізуді, «темір тәртіп» орнатуды қажет етіп отырды, өйткені барынша кең бостандықтар кезінде дүние жүзі жыртқыштары туғызған қырғынға бұқараны бейпіл айдап салу қыйсынсыз нәрсе. Бұл жөнінде Россияның қағаберісте қалуы мүмкін емес еді.

Империалистік шонжарлардың, отандық және одақтас шонжарлардың, қысымымен июнь айында майдан-

да шабуыл жарияланады. Солдаттар үндемей-түндемей шабуылға шығудан бас тартады. Полктер таратыла бастайды. Бұл шара нәтижесіз болып шығады. Сол себепті армия «ұрысқа жарамсыз» болып табылады. Армияның «жауынгерлік дәрежесін арттыру» мақсатымен Корнилов (тек Корнилов қана емес!) солдаттардың митингілері мен жыйналыстарына алдын ала тыйым салып, майданда өлім жазасын енгізу туралы заң шығаруды талап етеді. Тылдағы солдаттар мен жұмысшылар, майдандағы солдаттардың ашу-ызасын көтермелеп, бұған қарсы наразылық білдіреді. Осыған жауап ретінде майдандағы генералдар буржуазияның қолдауымен өлім жазасын тылда да қолдануды, заводтар мен темір жолдарды милитаризациялауды талап етеді. Диктатураның жоспары мен заговор осы шаралардың тек табиғи дамуы болып табылады. Корниловтың «хатында» айқын баяндалған, «темір тәртіпті қалпына келтірудің» және контрреволюцияны дамытудың қысқаша тарихы міне осындай. Империалистік соғыстың жағдайларында шабуыл жүргізу қажеттігінің негізінде туған контрреволюция майданнан келді. Заговордың көздеген мақсаты — бұрыннан бар контрреволюцияны ұйымдастырып, қалыптастырып, оны бүкіл Россияға тарату болды.

Патшалық Думаның үшінші июньдік көкжалдары одақтастармен нық бірлесе отырып, «дереу» шабуыл жасауды июньнің бас кезінде-ақ талап еткенде, өздерінің не істегендерін білген еді. Олар, контрреволюцияның сыналған қулары, шабуыл саясаты өзінің ізінше контрреволюцияны сөзсіз әкелетінін білген еді.

Сол кезде Советтер съезіне жасаған мәлімдемесінде біздің партияның: майдандағы шабуыл революция-

ға катерлі қауіп туғызады деп ескерткені дұрыс болып шықты.

Біздің партияның мәлімдемесін қабыл алмаған корғампаздардың көсемдері өздерінің саяси шалалығын және империалистік буржуазияға идея жағынан кіріптар екендігін тағыда дәлелдеп берді.

Бұдан қандай қортынды туады?

Кортынды біреу. Талқыланып отырған заговор — империалистік соғыстың талаптарынан және шабуыл саясатынан туған контрреволюцияның жалғасы. Осы соғыс пен осындай саясат барда, — контрреволюциялық заговорлардың қаупі де бола бермек. Осындай қауіптен революцияны қорғап қалу үшін — империалистік соғысты токтату керек, шабуыл саясатының мүмкіндігін жою керек, демократиялық бітімді жеңіп алу керек.

* * *

Үшінші қортынды

Корнилов пен оның «сыбайластары» тұткынға алынды. Үкімет ұйымдастырған тергеу комиссиясы істі «тығыз түрде» жүргізіп жатыр. Уақытша үкімет өзін жоғарғы судьяға балап отыр. Корниловқа және оның «сыбайластарына» «бүлікшілердің» ролі берілді. «Речьтегі» және «Новое Времядағы» жұртшылыққа Корниловты қорғаушылардың ролі берілді. «Сот қызық болады», — деседі жаңалыққа әуестер. «Сотта талай маңызды жағдайлар әшкереленеді» — деп білгішсінеді «Дело Народа».

Бүлік кімге карсы? Әрине, революцияға карсы! Ал ол революция қайда? Әрине, Уақытша үкіметте, өйтке-

ні бүлік Уақытша үкіметке қарсы көтерілген. Нақ осы революцияның өзі кімдерден құралған? «Айнымас» Керенскийден, кадеттер партиясының өкілдерінен, москвалық «қоғам қайраткерлерінің» өкілдерінен және осы джентльмендердің тасасында тұрған бір сэрден құралған. Бірінші дауыс: «Ал онда Корнилов жетіспей тұр ғой?». Екінші дауыс: «мұнда Корниловтың не орны бар: оған айыпкерлер орнына барып отыруға бұйырылған»...

Алайда, пердені түсірейік. Корнилов шынында да революцияға қарсы заговор ұйымдастырды. Бірақ ол жалғыз болған жоқ. Оның Милюков пен Родзянкодай, Львов пен Маклаковтай, Филоненко мен Набоковтай рухтандырушылары болды. Оның Керенский мен Савинковтай, Алексеев пен Калединдей серіктері болды. Осылардың және осы тектес джентльмендердің қазір бостандықта жайбарақат серуен құрып жүргендігі, бостандықта серуен құрып жүргені былай тұрсын, тіпті Корниловтың «өзінің» конституциясы бойынша елді «билеп» те отырғандығы ертегі ме. Ақырында, Корниловты орыстың және ағылшын-француздың империалистік буржуазиясы қолдап келді, осы империалистік буржуазияның мүдделері үшін Корниловтың әлгі серіктерінің бәрі де енді елді «билеп» отыр. Жалғыз Корниловқа болатын соттың өзі бишара және кісі күлерлік комедия екендігі айқын емес пе? Екінші жағынан, империалистік буржуазияны, революцияға қарсы заговор жөніндегі осы басты айыпкерді, сотқа қалай тарту керек? Заң министрлігіндегі данышпан қолөнершілерау, — шешіңіздерші!

Әңгіме, тегінде, комедиялы сотта емес. Әңгіме мынада: Корниловтық аттаныстан кейін, даурықпалы

қамау істері мен «қатаң» тергеуден кейін өкімет билігі тағыда бүтіндей және ешбір қалдықсыз корниловшылардың қолдарында «болып шықты». Корниловтың қарудың күшімен орындағысы келгенін, енді өкімет басында тұрған корниловшылдар, басқаша құралдармен болса да, біртіндеп, бірақ бұлжытпастан іске асыруда. Тіпті корниловтық «предпарламент» те жүзеге асырылды.

Әңгіме мынада: революцияға қарсы заговорды «жоюдың» сәті түскеннен кейін біз тағыда заговоршылар штабының, нақ сол Керенский мен Терещенконың, кадеттер партиясы мен «қоғам қайраткерлерінің» нақ сол өкілдерінің, нақ сол сэрлер мен сэрлер тектес генералдардың қоластында қалған «болып шықтық». Бұлардың арасында тек Корнилов жоқ, бірақ Корниловтан сэр Алексеевтің қай жері кем: бірде-бір маңызды мемлекеттік іс онсыз шешілмейді және ол, бақсақ, Келісу конференциясына Россияның ба, Англияның ба өкілі болып қатысады екен ғой?

Заговоршылардың бұл «үкіметіне» ендігәрі төзуге болмайды, әңгіме осында.

Революцияны жаңа заговорлардың қатерлі қаупіне ұшыратпайық десек, заговоршылардың бұл «үкіметіне» сенуге болмайды, әңгіме осында.

Я, революцияға қарсы заговоршыларды соттайтын сот керек. Сот болғанда комедиялы және жалған сот емес, шын, халықтық сот керек. Бұл соттың мәні заговоршылардың кәзіргі «үкіметіне» мүдделерін іске асырғызып отырған империалистік буржуазияны өкімет билігінен айыруда. Бұл соттың мәні өкіметті төменнен жоғарыға дейін корниловшыл элементтерден біржолата тазартуда.

Біз жоғарыда айттық, империалистік соғыс аяқталмайынша және демократиялық бітімге қол жетпейінше контрреволюцияның заговорларынан революцияны қорғап қалу мүмкін емес. Ал өкімет басында қазіргі «үкімет» тұрғанда, демократиялық бітім туралы арман етуге де болмайды. Осындай бітімге жету үшін бұл өкіметті «жұлып тастап», орнына жаңа өкіметті «қою» керек.

Бұл үшін өкіметті жаңа, революцияшыл таптардың қолдарына, пролетариат пен революцияшыл шаруалардың қолдарына әперу керек. Бұл үшін өкіметті революцияшыл бұқара ұйымдарының ішіне, жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің ішіне жыйнақтау керек.

Осы таптар мен осы ұйымдар, тек осылар ғана, корниловтық заговордан революцияны сақтап қалды. Нақ осылар революцияның жеңісін қамтамасыз етеді.

Империалистік буржуазияға және оның агенттеріне — заговоршыларға жасалатын соттың мәні міне осында болмақ.

* * *

Екі сұрақ

Бірінші сұрақ. Бұдан бірнеше апта бұрын, өкіметтің (Корниловтың емес, өкіметтің!) революцияға қарсы заговоры туралы машақатты әшкерелеулер алғашқы рет баспасөзде шыға бастаған кезде, большевиктік фракция Орталық атқару комитетіне «корниловтық жорық» дәуіріндегі Уақытша үкіметтің бұрынғы мүшелері Авксентьев пен Скобелевке жолдап сұрақ енгізді. Бұл сұрақта Уақытша үкіметке қарсы бағытталған

әшкерелеулер мәселесі жайында Авксентьев пен Скобелевтің демократия алдындағы ар-ұяттық борышы және міндеттері бойынша өздерінің беруге тиісті болған жауаптарын алу көзделді. Біздің фракцияның енгізген сұрағын Орталық атқару комитетінің Бюросы нақ сол күні қабыл алды, сонымен, бұл сұрақ «бүкіл революцияшыл демократияның» сұрағы болды. Содан бері бір ай өтіп барады, әшкерелеулер үсті-үстіне құйылып жатыр, масқаралығы бірінен бірі өтеді, ал Авксентьев пен Скобелев, өздеріне бұл мәселенің бейнебір қатысы жоқтай-ақ, жұмған ауыздарын ашпастан әлі үн қатпай келеді. Осы «жауапты» азаматтардың жай адамгершіліктің негізгі ережелерін еске алатын және, ақыр соңында, «бүкіл революцияшыл демократияның» тарапынан өздеріне жолданған сұраққа жауап беретін кезі келгенін оқушылар мақұлдамас па екен?

Екінші сұрақ. Керенскийдің үкіметі жөніндегі жаңа әшкерелеулердің нағыз қызу кезеңінде «Дело Народа» оқушыларды осы үкіметке «төзе тұруға» шақырды. Құрылтай жиналысына дейін «күтуге» шақырды. «Елді сақтап қалу» үшін осы үкіметті өз қолдарымен құрған адамдардың аузынан қазір «төзе тұру» туралы әңгіме есіту, әрине, кісі күлерлік нәрсе. Япырау олар үкіметті құрғанда, жанға батқанмен «аз уақытқа» оған «төзе тұру» үшін ғана құрды ма екен?.. Ал Керенскийдің үкіметіне «төзе тұру» деген сөздің мәнісі не? Оның мәнісі сан миллион халықтың тағдырын революцияға қарсы заговоршылардың қолдарына беріп қою деген сөз. Оның мәнісі соғыс пен бітімнің тағдырын империалистік буржуазия агенттерінің қолдарына беріп қою деген сөз. Оның мәнісі Құрылтай жиналысының тағ-

дырын тынымсыз контрреволюционерлердің қолдарына беріп қою деген сөз. Өзінің саяси тағдырын революцияға қарсы заговоршылар «үкіметінің» тағдырымен байланыстырған «социалистік» партияны қалай атау керек? Эсерлер партиясының көсемдерінің «аңқаулығы» туралы айтушылар бар. «Дело Народаның» «соқырлығы» туралы айтушылар бар. Сөз жоқ, эсерлердің «жауапты» көсемдері осы «ізгіліктерден» құралақан емес. Бірақ... саясаттағы аңқаулық опасыздықпен ұштасып жатқан қылмыс екендігін оқушылар мақұлдамас па екен?

„Рабочий Путь" № 27, 28 және 30;
4, 6 және 7 октябрь, 1917 ж.
Қол қойған: К. Сталин

ҚҰРЫЛТАЙ ЖЫЙНАЛЫСЫН БОЛДЫРМАЙ ОТЫРҒАН КІМДЕР?

Келісімпаздықтың мылжыңдары предпарламент туралы сөздерін судай сапырып отырған кезде, ал олардың жолбикелері, Құрылтай жыйналысына қырсық істеді деген сылтаумен большевиктерге қарсы күресіп отырған кезде, контрреволюцияның қулары Құрылтай жыйналысын шынымен болдырмау үшін қазірдің өзінде өз күштерін байқап отыр.

Бұдан бір апта бұрын ғана «Дон казактарының» көсемдері «халықтың әзірленбегендігі» себепті Құрылтай жыйналысын сайлауды кейінге қалдыру керек деп ұсыныс етті.

Содан екі күн өткен соң кадеттік «Речьтің» жақын әріптесі «День» газеті: «аграрлық тәртіпсіздіктердің толқыны... Құрылтай жыйналысын сайлауды кейінге қалдыруы мүмкін» деп айтып салды.

Ал кеше телеграф мынадай хабар жеткізді: қазір Уақытша үкіметке жөн сілтеп отырғандардың нақ өздері — Москвадағы «қоғам қайраткерлері» де Құрылтай жыйналысын сайлауды «мүмкін емес деп біледі».

«Мемлекеттік думаның мүшесі Н. Н. Львов: елде анархия болып тұрғанда техникалық және саяси себептермен қазіргі уақыт-

та сайлау жүргізу мүмкін емес деп көрсетті. Ал Кузьмин-Караваев: Құрылтай жыйналысына өкімет әзір емес, ешкандай заң жобалары жасалған жоқ деп қосты».

Анығында, буржуазия Құрылтай жыйналысының сайлауын болғызбауды көздеп отыр.

Анығында, кәзір, буржуазия контрреволюциялық предпарламент түрінде өзіне «демократиялық» бүркеніш жасап, Уақытша үкіметке бекініп алған кезде, — Құрылтай жыйналысының мерзімін тағыда «кейінге қалдыру» үшін ол өз күшін жеткілікті деп есептеп отыр.

«Известия» мен «Дело Народа» газеттеріндегі келісімпаз мырзалар осы қауіпке нені қарсы қоя алар екен?

Егер Уақытша үкімет «елдің үніне құлақ асып», «қоғам қайраткерлерінің» ізімен кетіп, Құрылтай жыйналысының сайлауын кейінге қалдырса, олар Уақытша үкіметке нені қарсы қоя алар екен?

Бәлкім, атышулы предпарламентті қарсы қояр? Бірақ Корниловтың жоспары бойынша құрылған және Керенский үкіметінің мерездерін бүркеуге арналған предпарламенттің дүниеге келген себебі, Құрылтай жыйналысы кейінге қалдырылса, соның орнын басу ғой. Құрылтай жыйналысы жолындағы күресте осы корниловтық түсік не бермек?

Бәлкім, алжыған Орталық атқару комитетін қарсы қояр? Бірақ, бұқарадан қол үзген, біресе теміржолшыларды, біресе Советтерді жиі-жиі теуіп қалып отыратын бұл мекеменің қандай беделі бола қоймақшы?

Бәлкім, «Дело Народа» сондай ұнамсыз — жалған сарынмен сөз етіп отырған «ұлы орыс революциясы» шығар? Бірақ «Дело Народа» газетіндегі данышпандардың өздері: революция Құрылтай жыйналысымен сыйыспайды («не революция, не Құрылтай жыйналысы»!)

деп отыр ғой. Құрылтай жыйналысы жолындағы күресте «революцияның қуаты» туралы бос сөздердің қандай күші бола коймақшы?

Ал буржуазияның контрреволюциялық әрекеттеріне қарсы қоярлық күш қайсы?

Ол күш — өсе түскен орыс революциясы. Келісімпаздар оған сенбейді. Бірақ бұдан революцияның өсе беруіне, деревняны қамтып, помещиктік өкіметтің тіректерін жоя беруіне нұқсан келмейді.

Меньшевиктер мен эсерлер Советтердің съезіне[86] қарсы күресе отырып, корниловтық предпарламентті нығайта отырып, Құрылтай жыйналысын буржуазияның болғызбауына көмектесіп келеді. Бірақ бұл жолмен жүре берсе, өсіп келе жатқан революциямен шайқасуларына тура келетінін олар біліп қойсын.

„Рабочий Путь" № 28,
8 октябрь, 1917 ж.
Басмақала

ҚОНТРРЕВОЛЮЦИЯ КҮШ ЖЫЙНАУДА, — ТОЙТАРЫС БЕРУГЕ ӘЗІРЛЕНІҢДЕР

Революция өмір сүруде. Корниловтық «бүлікті» тыйып, майданды серпілткеннен кейін, қалаларды шарлап, фабрикалы аудандарды жандандырғаннан кейін, — революция помещиктік өкіметтің жексұрын тіректерін талқандай отырып, енді деревняға қарай аяқ басуда.

Келісімпаздықтың соңғы тірегі солқылдауда. Корниловшылдыққа қарсы күрес жұмысшылар мен солдаттардың келісімпаздық жалған үміттерін жойды, оларды біздің партияның төңрегіне топтастырды. Помещиктерге қарсы күрес шаруалардың келісімпаздық жалған үміттерін жояды, оларды жұмысшылар мен солдаттардың төңрегіне жыйнайды.

Қорғампаздарға қарсы күресте және қорғампаздардың еркінен тыс жұмысшылардың, солдаттар мен шаруалардың революциялық майданы құрылуда. Келісімпаздарға қарсы күресте және олардың еркінен тыс бұл майдан күшейіп, нығаюда.

Меньшевиктер мен эсерлердің келісімпаздарын өз ортасынан аластай отырып, революция өз күштерін жыйнауда.

Сонымен қатар контрреволюция да өз күштерін жыйнауда.

Контрреволюцияның ұясы мен ордасы — кадеттер партиясы бірінші болып күрес ашып, Корнилов үшін үгіт жүргізуде. Өкіметті өз қолдарына басып алып, Супориннің босағасындағы кәндендерді шынжырдан босатып жібергеннен кейін, эсерлік-меньшевиктік-корниловтық предпарламентті бүркеніш етіп, өзіне контрреволюцияшыл генералдар тарапынан қолғабыс көрсетілуін қамтамасыз еткеннен кейін, — кадеттер партиясы революцияны талқандау қаупін туғыза отырып, жаңа корниловшылдықты әзірлеуде.

Москвадағы «қоғам қайраткерлерінің одағы», локаутшылармен «аштықтың құрсаулы шеңгелінің» одағы, Корниловтың солдаттар мен жұмысшыларды түншықтыруына, тылдағы Советтер мен майдандағы Комитеттерді таратуына көмектескен нақ осы одақ, — екі күннен кейін «екінші Москва кеңесін» өткізгелі отыр, «казак әскерлері одағының» өкілдерін бұл кеңеске қызулана шақырып отыр.

Майданда, әсіресе оңтүстік пен батыста, корниловшыл генералдардың жасырын одағы қара ниеттік «жұмысқа» жарамды күштердің бәрін өз төңрегіне жыйнап, революцияға қарсы жанталаса жаңа жорық ұйымдастыруда...

Ал Керенскийдің үкіметі, Корниловпен қосыла революцияға қарсы заговор ұйымдастырған нақ осы үкімет Петроградты немістерге беріп, Рябушинскийлермен және Бурышкиндермен бірге, Калединдермен және Алексеевтермен бірге, революцияға қарсы бұрынғыдан да жойқын, жаңа заговор ұйымдастыру үшін Москваға қашуға әзірленуде.

Күмәндану мүмкін емес. Революция майданына қарама-карсы контрреволюция майданы, капиталистер мен помещиктер майданы, Керенский үкіметі мен предпарламент майданы құрылып, нығаюда. Контрреволюция жаңа корниловшылдықты әзірлеуде.

Корниловшылдықтың бірінші заговоры іске аспады. Бірақ контрреволюция күйретілген жоқ. Ол тек кейін шегінді, Керенскийдің үкіметінің тасасына жасырынып, жаңа позицияларға бекініп алды.

Революцияны ұзақ уақыт қауіптен сақтау үшін корниловшылдықтың кәзіргі әзірленіп жатқан екінші заговоры түп тамырымен жанышталуға тиіс.

Жұмысшылар мен солдаттардың күш жұмсауы арқасында, тылдағы Советтер мен майдандағы Комитеттердің күш жұмсауы арқасында контрреволюцияның бірінші аттанысы іске аспай қалды.

Ұлы революцияның бар қуаты арқылы контрреволюцияның екінші аттанысын жойып жіберу үшін Советтер мен Комитеттер барлық шараларды қолдануға тиіс.

Күрес бейбітшілік пен астық үшін, жер мен бостандық үшін капиталистер мен помещиктерге карсы, жалдаптар мен жебірлерге қарсы, опасыздар мен сатқыншыларға қарсы жүргізіліп отырғандығын, ұйымдасып жатқан корниловшылдықты біржолата құрткысы келмейтіндердің бәріне қарсы жүргізіліп отырғандығын жұмысышлар мен солдаттар біліп қойсын, шаруалар мен матростар біліп қойсын.

Корниловшылдар күш жыйнауда, — тойтарыс беруге әзірленіңдер!

„Рабочий Путь" № 32,
10 октябрь, 1917 ж.
Басмақала

ПРЕДПАРЛАМЕНТ КІМГЕ КЕРЕК?

Корнилов бұдан бірнеше ай бұрын Советтерді тарату ісін жоспарлай отырып, әскери диктатураны ұйымдастыра отырып, сонымен бірге «демократиялық» предпарламент құруға ұйғарды.

Не үшін?

Советтерді предпарламентпен ауыстырып, корниловшылдықтың контрреволюциялық жаратылысын осы арқылы бүркеу үшін, корниловтық «реформалардың» шын мақсаттары жөнінде халықты алдау үшін осылай етті.

Корниловтық көтеріліс «жойылғаннан» кейін Керенский мен кадеттер, Чернов пен москвалық өнеркәсіпшілер, буржуазияның «жаңа» коалициялық диктатурасын ұйымдастыра отырып, сонымен бірге корниловтық предпарламент құруға ұйғарды.

Не үшін?

Бәлкім, Советтермен күресу үшін болар? Бәлкім, корниловшылдықтан ала-бөтен айырмашылығы жоқ керенскийшілдікті бүркеу үшін болар? Авксентьев: предпарламент «отанды қорғау» үшін құрылған деп сендіреді. Чернов Авксентьевтің пікірін «дамыта» ке-

ліп: предпарламенттің мақсаты «ел мен республиканы қорғау» деп сендіреді. Бірақ Корниловтың өзі де, әскери диктатураны енгізе отырып, оны предпарламентпен бүркей отырып, «ел мен республиканы қорғауды» ойлап еді ғой. Авксентьевше-Черновша «қорғаудың» корниловша «қорғаудан» айырмашылығы бар ма?

Сонымен, қазіргі корниловтық түсіктің — предпарламент дейтін нәрсенің дүниеге келген себебі не?

Предпарламенттің тұңғыш архитекторларының бірі, кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, Мемлекеттік думаның Уақытша комитетінің бұрынғы мүшесі, қазір предпарламенттің мүшесі, Аджемов мырзаны тыңдап көрейік. Соны тыңдайық, әйткені басқаларынан гөрі ол ашық айтады:

«Предпарламенттің міндеті, ең алдымен, — үкіметке табан тірейтін негіз жасау, оған өкіметті әперу болуға тиіс, ал қазіргі кезде онда өкімет билігі, әрине, жоқ».

Ал үкіметке осы «өкімет» не үшін керек? Ол кімге қарсы бағытталуға тиіс?

Тыңдай беріңіздер:

«Предпарламент, — деді Аджемов, — репетициядан өте алар ма екен, оның өзі жұмысшы және солдат депутаттарының Советтеріне тиісті тойтарыс бере алар ма екен, негізгі мәселе міне осында болып отыр. Совет пен предпарламент біріне бірі қарсы қойылған, дәл сондай-ақ екі айдан кейін нақ осы ұйымдар Құрылтай жиналысына да қарсы қойылады, бұған күмәндануға болмайды. Егер предпарламент сынақтан өтсе, онда жұмыстың жөнге салынуы мүмкін» (қараңыз: «День», жексенбі).

Міне бұл сөз-ақ! Міне бұл ашық айтылған, керек десеңіз, шыншылдықпен айтылған!

Предпарламент үкіметтің «өкіметін» «Советтерге

тойтарыс беру» үшін құрады, өйткені предпарламентті, тек соны ғана, Советтерге «қарсы қоя алуы» мүмкін.

Предпарламенттің «елді қорғау» үшін емес, Советтермен күресу үшін дүниеге келгендігін енді біз білетін боламыз. Демократияның қатарынан қашқан қашқындар — меньшевиктер мен эсерлер предпарламентті паналағандығын, паналағанда «елді қорғау» үшін емес, Советтерге қарсы буржуазияның күресіне көмектесу үшін паналағандығын енді біз білетін боламыз. Советтердің съезіне қарсы олардың жанталаса күресіп отырғандығы тегін емес.

«Егер предпарламент сынақтан өтсе, онда жұмыстың жөнге салынуы мүмкін», — деп үміттенеді Аджемов мырза.

Жұмысшылар мен солдаттар корниловтық түсіктің «сынақтан өте» алмауы үшін, ал оның қара ниеттік «жұмысының жөнге» салынбауы үшін барлық шараларды қолданады.

„Рабочий Путь" № 32,
10 октябрь, 1917 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

СОВЕТТЕР ӨКІМЕТІ

Революцияның алғашқы күндерінде «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деген ұран жаңалық еді. Апрельде «Советтер өкіметі» алғаш рет Уақытша үкіметтің өкіметіне қарсы қойылады. Бұл кезде астанадағылардың көпшілігі Милюковсыз — Гучковсыз Уақытша үкіметті жақтайды. Июньде жұмысшылар мен солдаттардың орасан көпшілігі ашықтан-ашық бұл ұранды дұрыс деп табады. Уақытша үкімет астанада енді оқшау қалдырылады. Июльде «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деген ұранның маңында астананың революцияшыл көпшілігі мен Львов — Керенский үкіметінің арасында күрес өршиді. Келісімпаз Орталық атқару комитеті, провинцияның мешеулігіне сүйеніп, үкімет жағына шығады. Күрес үкіметтің пайдасына шешіледі. Совет өкіметін жақтаушылар заңнан тысқары деп жарияланады. «Социалистік» жазалау шаралары мен «республикалық» түрмелердің, бонапартистік аңдулар мен әскери заговорлардың, майдандағы ату мен тылдағы «кеңестердің» қиылы кезеңі басталады. Бұл — августың аяғына дейінгі жағдай. Августың аяғында жағдай шұғыл өзгереді. Корни-

ловтық көтеріліс революцияның барлық күштерінің жұмылдырылуына себеп болады. Июль — августа өлуге айналған тылдағы Советтер мен майдандағы Комитеттер енді «кенеттен» жандана бастайды. Жанданады да, Сибирь мен Кавказда, Финляндия мен Оралда, Одесса мен Харьковта өкіметті өз қолдарына алады. Осылай болмағанда, өкіметті алмағанда, революция талқандалған болар еді. Сөйтіп, апрельде Питердегі большевиктердің «кішкене тобы» жарияланған «Советтер өкіметін» августың аяғында Россиядағы революцияшыл таптар жаппай дерлік таныйды.

«Советтер өкіметі» деген ұранның көп тараған ұран екені былай тұрсын, сонымен бірге революцияның жеңуі жолындағы күрестегі бірден-бір сенімді құрал екендігі, кез болған жағдайдан құтылудың бірден-бір жолы екендігі кәзір барша жұртқа айқын.

«Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деген ұранды, ақырында, жүзеге асыратын уақыт жетті.

Ал «Советтер өкіметі» деген не және оның басқа өкімет атаулыдан айырмасы қандай?

Өкіметті Советтерге беру дегеннің мәнісі — «бір тектес» демократиялық үкімет құру деген сөз, «социалистік» министрлерден жаңа «кабинет» ұйымдастыру деген сөз, және, жалпы алғанда, Уақытша үкіметтің адамдар құрамы жөнінде «елеулі өзгерістер» жасау деген сөз деушілер бар. Бірақ бұл дұрыс емес. Мұндағы әңгіме әсте Уақытша үкіметтің бір адамдарының орнына екінші адамдарды қоюда емес. Әңгіме жаңа, революцияшыл таптардың ел ішіндегі жағдайдың қожайыны болып шығуында болып отыр. Әңгіме өкіметтің пролетариатпен революцияшыл шаруалардың қолына өтуінде болып отыр. Ал бұл үшін бір ғана

үкіметті ауыстырудың өзі мүлде жеткіліксіз. Бұл үшін, ең алдымен, үкіметтің барлық ведомстволары мен мекемелерінде түбірінен тазарту жүргізіп, корниловшылдарды барлық жерлерден қуып шығу қажет, барлық жерлерде жұмысшы табы мен шаруаларға шын берілген адамдарды қою қажет. Тек сонда ғана, тек осылай еткенде ғана «орталықта және жергілікті жерлерде» өкімет билігі Советтерге өтеді деуге болады.

Уақытша үкіметтің «социалистік» министрлерінің барша жұртқа белгілі дәрменсіздігінің себебі не? Бұл министрлердің Уақытша үкіметтен тысқарғы адамдардың қолындағы бишара ойыншық болғандығының себебі не (Чернов пен Скобелевтің, Зарудный мен Пешехоновтың «Демократиялық кеңесте» жасаған «баяндамаларын» еске түсіріңіздер!)? Ең алдымен оның себебі, ведомстволар бұлардың жетегінде болған жоқ, қайта бұлардың өздері ведомстволардың жетегінде болды. Оның тағыда бір себебі, әрбір ведомство қамал болып отыр, мұнда әлі күнге дейін патша дәуіріндегі бюрократтар отырып келеді, олар министрлердің ізгі тілектерін «бос сөзге» айналдырып отыр, өкіметтің қандайда болмасын революциялық шарасына кесел келтіруден тайынбай жүр. Өкімет билігі сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де Советтерге өтуі үшін бұл қамалдарды алу қажет және кадеттік-патшалық тәртіптің малайларын ол жерлерден қуып шығып, олардың орнына сайланып белгіленетін және ауыстырылып отыратын, революция ісіне берілген қызметкерлерді қою қажет.

Өкімет Советтерге берілсін дегеніміз —тыл мен майдандағы үкіметтік мекемелердің қандайын болса

да түгелінен, төменнен жоғарыға дейін бүтіндей тазарту деген сөз.

Өкімет Советтерге берілсін дегеніміз — тыл мен майдандағы «бастықтардың» қандайы болса да түгелінен сайланып қойылып, ауыстырылып отыратын болсын деген сөз.

Өкімет Советтерге берілсін дегеніміз — қала мен деревнядағы, армия мен флоттағы, «ведомстволар» мен «құрамалардағы», темір жолдар мен почта-телеграф мекемелеріндегі «өкімет өкілдері» сайланып қойылып, ауыстырылып отыратын болсын деген сөз.

Өкімет Советтерге берілсін дегеніміз — пролетариат пен революцияшыл шаруалардың диктатурасы деген сөз.

Бұл диктатура империалистік буржуазияның диктатурасынан, Керенский мен Терещенконың ықлас білдіріп қатысулары арқылы Корнилов пен Милюков жақында ғана орнатпақ болған нақ сол диктатурадан мүлде өзгеше.

Пролетариат пен революцияшыл шаруалардың диктатурасы — демократиялық бітім үшін, өндірісте және өнім бөлуде жұмысшы бақылауының болуы үшін, шаруаларға жер беру үшін, халыққа астық беру үшін еңбекші көпшіліктің қанаушы азшылыққа, помещиктер мен капиталистерге, саудагерлер мен банкирлерге жүргізетін диктатурасы болып табылады.

Пролетариат пен революцияшыл шаруалардың диктатурасы — заговорсыз және астыртын әрекетсіз барша жұрттың көз алдында жүзеге асырылатын ашық түрдегі бұқаралық диктатура болып табылады. Өйткені әртүрлі «жеңілдету» арқылы жұмыссыздықты шиеленістіріп отырған локаутшы капиталистерге,

өнімнің бағасын жоғарылатып, ашаршылық тудырып отырған банкир-жалдаптарға рақым болмайтындығын мұндай диктатура ешбір жасырмайды.

Пролетариат пен шаруалардың диктатурасы — бұқараға зорлық істемейтін диктатура, бұқараның еркін білдіретін диктатура, осы бұқара жауларының еркін ауыздықтайтын диктатура болып табылады.

«Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деген ұранның таптық мәні осындай.

Ішкі және сыртқы саясат оқиғалары, созалаң соғыс және бейбітшілікті аңсау, майдандағы жеңілістер және астананы қорғау мәселесі, Уақытша үкіметтің шіріктігі мен Москваға «көшу» мәселесі, бүліншілік пен аштық, жұмыссыздық пен күйзеліс — міне осының бәрі Россияның революцияшыл таптарын өкіметті алуға тоқтаусыз құлшындырып отыр. Мұның мәнісі еліміз қазірде-ақ пролетариат пен революцияшыл шаруалар диктатурасын орнату дәрежесіне жетті деген сөз.

«Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деген революциялық ұранды, ақырында, жүзеге асыратын уақыт жетті.

„Рабочий Путь" № 35,
13 октябрь, 1917 ж.
Бас мақала

СҮРҚЫЯЛЫҚ ЕМТИХАНЫ

Революцияның тегеуірінімен жарға тықсырылған буржуазиялық бишікештер үкіметі Петроградтан қашуды ойлағанымыз жоқ еді, астананы жауға бергіміз келген жоқ еді деген өтірік сылтауларды жаудырып, жауап беруден сытылып кетпекші болып жүр.

Астанадағы жағдайды «қолайсыз» деп тауып, үкімет Москваға «көшеді» деген хабар күні кеше шаршы жұртқа жарияланған еді («Известия»!). Петроградты жауға «беру» туралы («қорғаныс комиссиясы»[87]!) күні кеше ашықтан-ашық сөз болған еді, сонымен бірге үкімет астана маңындағы зеңбіректерді әкетуді талап еткен еді. Керенский мен Корниловтың революцияға қарсы заговоры жөніндегі серігі помещик Родзянко үкіметтің астананы «беру» туралы қарарын құттықтап, Петроградқа, флотқа және Советтерге өлім тілеген еді. Күні кеше бұл қарарға «Лондон» қосылып, үкіметтің Петроград пен флоттан тез құтылуын тілеген еді. Күні кеше осының бәрі болған еді... Ал бүгінгі күні үкіметтегі үрейі ұшқан бишікештер, астананы қорғауға табанды түрде бел байлаған флот пен гарнизонның алдында бейберекет шегінуде, шатасып, бірі-

не бірі қайшы келіп, — қорқақтарша фактыларды бүркеуге әрекеттенеді, кеше ғана сондай сәтсіз және колапайсыз түрде өздері сатып кетпекші болған революцияның алдында өздерін өздері ақтауға тырысады.

Оның бержағында Керенскийдің «көшуді» көктемге қалдыру жөніндегі «үзілді-кесілді» мәлімдемесін Кишкиннің кейбір мемлекеттік мекемелерді Москваға «кәзірден бастап-ақ көшіре беруге болады» деген сондайлық үзілді-кесілді мәлімдемесі теріске шығарып отыр. Ал «қорғаныс комиссиясының» баяндамашысы Б. Богданов та (мүлде большевик емес!) үзілді-кесілді былай дейді: «үкімет тарапынан **Петроградты қалдыру ниеті** айқындалды, сонымен қатар демократияның қалың топтары үкіметтің кету фактысынан **Петроградты беру** мүмкіндігін байқады» («Известия») Кешкі газеттердің хабары бойынша, «Уақытша үкіметтің Москваға көшуін жақтаушылар... **көпшілік** дауыс алғанын» («Русские Ведомости») біз айтып та отырғанымыз жоқ.

Уақытша үкіметтегі бишара, ұсақ жандар! Олар, халықты ылғый алдап келген осы жандар, — өздерінің бейберекет шегінуін бүркеуге тырысып, бұқараны тағыда алдаудан басқа ешбір амал таба алар ма?

Егер алдаумен ғана тынса, бишікештер — бишікеш те болмас еді. Шегіне отырып, өтірікті бүркеніш ете отырып, Керенский бір қатар айып тағып біздің партияға меңзейді, «ойраншылдықтың қайтадан өріс алғаны» туралы, «революцияның қауіпті жаулары» туралы «бопсалау» және «бұқараның құлқын бұзушылық» туралы, «жазықсыз құрбан болғандардың қанына малынған қолдар», т. б. туралы сандырақтайды.

Керенский, Корниловпен және Савинковпен бірігіп

революция мен Советтерге қарсы заговор ұйымдастырған, алдау арқылы үшінші атты әскер корпусын астанаға жақындатқан кәдімгі Керенский, «революция жауларына» қарсы сөйлеп отыр!..

Керенский, астықтың бағасын арттырып, деревняны ойраншылдық пен өрт салуға итермелеген кәдімгі Керенский, «ойраншылдықтың қайтадан өріс алуына» қарсы сөйлеп отыр! Қорғампаздық-эсерлік газет «Власть Народаны» оқып шығып, өздеріңіз төрелік айтыңыздар:

«Біздің кейбір тілшілеріміз: соңғы тәртіпсіздіктердің туған себебі тұрақты бағаның арттырылуына байланысты деп білу керек деп жазады. Жаңа баға тіршілік дәрежесін бірден жаппай қымбаттатып жіберді. Осыдан наразылық, өшпенділік, басы артық күйгелектік пайда болды, осының нәтижесінде тобыр ойрандау ісіне бұрынғыдан гөрі тезірек бой урады!..» (№ 140).

Керенский, пасық Вонлярлярскийлер мен Щукиндер бастаған охранниктер мен тыңшылар тобын қайта тірілтіп, революцияны ластап, оның таза мінез-құлқын бурмалаған кәдімгі Керенский, «бұқараның құлқын бузушылыққа» қарсы сөйлеп отыр!..

Керенский, өзінің тәртібі басынан аягына дейін демократия жөніндегі шылғый бопса болып табылатын Керенский, генерал Хабаловтан ешбір қалыспастан, Финляндия жағалауларындағы болмаған десантты қубыжық етіп, «Демократиялық кеңесті» ашықтан-ашық бопсалаған кәдімгі Керенский, «бопсаға» қарсы сөйлеп отыр!..

Керенский, осы жылғы июньде майдандағы авантюристік шабуылдың құрбаны болған он мыңдаған солдаттардың жазықсыз қанына қолы анық малын-

тің, августың аяк кезінде аскынып кеткен заговорды бүркейтін бетперде ғана болып шыкты.

Москва кенесінің «тірі жандарымен» жасалған коалицияны асыра мактау аркылы, өздерінің заговоршыл-корниловшылдарға кызмет істегендіктерін эсерлер мен меньшевиктер білді ме екен? Большевиктерді «шеттету аркылы» және Советтер мен Комитеттердің іргесінен ор казу аркылы, өздерінің контрреволюцияға кызмет істегендіктерін, революцияның штрейкбрехерлері болып жазылғанын «Дело Народадағы» либералдык мещандар мен «Известиядағы» буржуазия дабылшылдары білді ме екен?

Корнилов көтерілісі бар сырды ашып берді. Ол көтеріліс кадеттердің және олармен жасалған коалицияның контрреволюциялык сырын әшкереледі. Ол көтеріліс генералдык-кадеттік одак тарапынан революцияға төніп тұрған кауіпті толык әшкереледі. Егер тылдағы Советтер мен майдандағы Комитеттер болмаған болса, революция талкандалған болар еді, өйткені корғампаздар Калединмен бірлесіп, нак осыларға карсы сөз байласкан болатын.

Корнилов көтерілісінің ауыр күндерінде меньшевиктер мен эсерлердің кронштадтыктар колтығын, «большевиктік» Советтер мен Комитеттер колтығын паналауға мәжбүр болғаны мәлім; ал бұдан бұрын олар нак соларға карсы Калединмен және баска «тірі жандармен» коалиция жасаскан болатын.

Берілген сабак бағалы да, ұғымды да еді.

Бірак... адам баласы ұмытшак келеді. Әсіресе «Известиядағы» және түрлаусыз «Дело Народадағы» кашкындар ұмытшак-ак.

Корнилов көтерілісінен бері небәрі бір айдан аса уақыт өтті. Енді корниловшылдық мүлде жойылды деп ұйғаруға болар еді. Бірақ «тағдірдің жазуымен» және Керенскийдің әмірімен осы аз уақыттың ішінде біз жаңа корниловшылдықтың дәуіріне кездесіп отырмыз. Корнилов «қамауға алынды». Бірақ корниловшылдықтың көсемдері өкімет басында отыр. «Тірі жандармен» жасалған ескі коалиция бұзылды. Бірақ оның есесіне корниловшылдармен жаңа коалиция жасалғалы отыр. Москва кеңесі, казактардың атаманы Карауловтың көксегеніндей, «ұзақ парламентке» айнала қойған жоқ. Бірақ оның есесіне, «ескі совтттік ұйымның орнын басарлық» корниловтық предпарламент құрылды. Қаражүзділердің Москвада болған бірінші кеңесі адыра қалды. Бірақ оның есесіне жақын арада Москвада қаражүзділердің екінші кеңесі ашылды; ол кеңестің басшысы помещик Родзянко ашық түрде былай деді: **«егер Советтер мен флот құрыса, ал Петроградты немістер алса, мен қуанамын»**. Үкімет Корниловты соттағансып отыр. Ал ол іс жүзінде Корниловтың «келуіне» жағдай жасап отыр, ол үшін Калединмен және Корниловпен сөз байласып отыр, революцияшыл әскерлерді Петроградтан кетіруге әрекеттеніп жүр, Москваға қашуға дайындалып, Петроградты жауға беруге әзірленіп отыр, Балтық флотының қыйратылуын, Петроградты немістердің алуын және... Корнилов сәрдің таққа мінуін тықыршып күтетін «біздің қаһарман одақтастарымызбен» ауыз жаласып отыр...

Біздің ескісінен анағұрлым қауіпті жаңа корниловшылдықтың қарсаңында өмір сүріп отырғандығымыз анық емес пе?

Біздің кәзір өте сақ болуымыз және жауынгерше толық дайын тұруымыз керек екендігі анық емес пе?

Кәзіргі кезде Советтер мен революцияшыл Комитеттердің бұрынғыдан анағұрлым қажет екендігі анық емес пе?

Корниловшылдықтан қорғанудың тетігі қайсы, контрреволюцияның болашақ шабуылын бұқара қозғалысының барлық пәрменімен баса алатын революцияның тірегі неде?

Тірегі, әрине, малайлық етуші предпарламентте емес!

Қорғанудың бірден-бір тетігі — Советтер екендігі және соларға еріп отырған жұмысшылар мен солдаттар бұқарасы екендігі анық емес пе?

Болашақ контрреволюциядан реолюцияны қорғайтын күш Советтер екендігі, тек қана Советтер екендігі анық емес пе?

Ал революционерлердің міндеті —осы ұйымдарды аман сақтап, нығайту, олардың төңірегіне жұмысшы және шаруа бұқарасын топтастыру, бұл ұйымдарды облыстық және бүкілроссиялық съездермен байланыстыру болуы тиіс еді.

Бірақ «Известиядағы» және «Дело Народадағы» безгіншілер, Корнилов күндерінің «ауыр сындарын» ұмытып, міне бірнеше күннен бері Советтердің маңызын кетіру ісімен, Советтерді жамандау ісімен, Советтердің облыстық және Бүкілроссиялық съездерін болғызбау ісімен, Советтерді кері кетіріп, бүлдіру ісімен шұғылданып отыр.

«Жергілікті Советтердің ролі кеміп барады, — дейді «Известия». — Советтер жалпы демократиялық ұйым болудан қалды... Советтердің уақытша ұйымының орнына біз тұрмыстың мем-

лекеттік және жергілікті құрылысының толық және барлық жағы сайма-сай түпкілікті ұйымын орнатқалы отырмыз. Самодержавие және сонымен бірге бүкіл бюрократтық тәртіп құлаған кезде, біз депутаттар Советтерін уақытша барақ ретінде құрған болатынбыз, барлық демократия соның ішінен өзіне баспана тапсын деген болатынбыз. Қазір барақтың орнына жаңа құрылыстың түпкілікті тас үйі салынып жатыр, сондықтан, әлбетте, жұрт үйдің әрбір қабаты біткен сайын, бірте-бірте бараптан анағұрлым жайлы үйге көшіп жатыр».

Советтердің зор шыдамдылығы арқасында пақыршылап күнелтіп отырған және ар-ұяттан айрылған «Известия», Советтердің Орталық атқару комитетінің органы, осылай дейді.

Ал тұрлаусыз «Дело Народадағы» Ляпкин-Тяпкиндер, «Известияның» артынан ақсай басып, терең оймен: Советтердің съезін болғызбау керек, өйткені — революцияны және Құрылтай жыйналысын «қорғаудың» кілті осыны болғызбауда дейді.

Естисіздер ме? «Уақытша ұйым» дегені — патша өкіметін және оның озбырлығын жойған революцияшыл Советтер. «Барлық жағы сайма-сай, түпкілікті ұйым» дегені — Алексеевке және Керенскийге қызмет ететін малайлық предпарламент. «Уақытша барақ» дегені — Корниловтың отрядтарын ыдыратқан Советтер. «Түпкілікті тас үй» дегені — күш жыйнаушы контрреволюцияны өзінің мылжың сөзімен бүркеу үшін құрылып отырған корниловтық түсік, предпарламент. Ана жақта айқай-шулы қызу революциялық өмір. Мына жерде байсалды және «жанға жайлы» контрреволюциялық кеңсе. Сондықтан «Известия» мен «Дело Народа» газеттеріндегі қашқындардың Смольный институтының «барағынан» Қысқы сарайдың «тас үйіне» жалмажан қоныс аударғандығына, сөйтіп өздерін «ре

волюция көсемдері» деген атақтан айырып, сэр Алексеевтің атқосшылары болып жалданғандығына таңдануға бола ма?

Советтерді жою керек, — дейді сэр Алексеев.

Орындауға даярмыз, — дейді «Известия», — Қысқы сарайдағы «тас үйдің» соңғы «қабатын» салып бітіріңізші, ал «біз» оған дейін Смольный институтының «барақтарын» бұзып боламыз.

Советтерді предпарламентпен ауыстыру керек,— дейді мистер Аджемов.

Орындауға даярмыз, тек алдымен Советтердің съезін шақыруға кедергі жасауға мүмкіндік беріңіз, — дейді оған «Дело Народа» газетіндегілер.

Жаңа корниловшылдықтың қарсаңында, контрреволюция Москвада өзінің съезін шақырып отырған кезде, корниловшылдар өзінің күшін жыйнап болып, деревняда қырғын жасап отырған кезде, қалада ашаршылық пен жұмыссыздық туғызып отырған кезде, Құрылтай жыйналысын болдырмауға әрекеттеніп, революцияға қарсы жаңа аттаныс жасау үшін тылда да, майданда да ашық түрде күш жыйнап жатқан кезде олар осы айтқанын қазірде де істеп отыр?

Мұның өзі революция мен оның жеңістеріне тікелей қастық істегендік болмағанда не болмақшы?

Бұлардың өздері революция мен оның ұйымдарының пасық штрейкбрехерлері болмағанда кім болмақшы?

Осыдан кейін егер бұлар, «Известия» және «Дело Народа» газеттеріндегі мырзалар, болашақ корниловшылдықтың «ауыр кезеңінде» «бұрынғыша» жұмысшыларға контрреволюциядан қорғауды өтініп, «қайыршыларша қолдарын созатын» болса, Советтерге

ұйымдасқан жұмысшылар мен солдаттар бұған қалай қарауға тиіс?..

Жұмысшылар әдетте ереуілдің штрейкбрехерлерін қол арбаға салып,.аулақ шығарып тастап отырады.

Шаруалар әдетте жалпы істің штрейкбрехерлерінің беттеріне нағлет таңбасын басып отырады.

Революция мен оның ұйымдарының жексұрын штрейкбрехерлерінің беттеріне тиісінше масқара таңбасын басу құралын Советтердің табатындығына біз күмәнданбаймыз.

„Рабочий Путь" № 37,
16 октябрь, 1917 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ МӘЖІЛІСІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

16 октябрь, 1917 ж.

Көтеріліс күнін мақсатқа сәйкес етіп белгілеуге тиіспіз. Қарарды тек осылайша ғана түсіну керек[88]. Үкімет тарапынан шабуыл жасалғанша күте тұру керек деушілер бар, бірақ шабуыл дегеннің өзі не екенін түсіну керек. Астықтың нарқын арттыру, Донец ауданына казактардың жіберілуі, т. т. — осының бәрі де шабуыл жасағандық болып табылады. Егер әскери шабуыл жасалмайтын болса, онда қашанға дейін күту керек? Каменев пен Зиновьевтің енгізіп отырған ұсыныстары, шынында контрреволюцияның дайындалып, ұйымдасуына мүмкіндік береді. Біз шексіз шегіне берсек, революцияны ұтқызамыз. Контрреволюцияның ұйымдасуына мүмкіндік бермеу үшін біздің көтеріліс күнін және оның жағдайларын белгілеу мүмкіншілігін қамтамасыз еткеніміз дұрыс емес пе?

Сталин жолдас халықаралық қарым-қатнастарды талдауға көшеді, қазіргі кезде сенімнің күшті болуы керек екендігін дәлелдейді. Мұнда екі бағыт бар: бірінші бағыт революцияның жеңуін көздейді және Батысқа көз жібереді, екінші бағыт — революцияға сенбейді және тек қана оппозиция болып қалғысы келеді.

Әскерлерді кетіруге руқсат беруден бастартып, Петроград Советі қәзірдің өзінде-ақ көтеріліс жасау жолына түсіп отыр. Флот қәзірдің өзінде-ақ көтеріліс жасап отыр, өйткені ол Керенскийге қарсы шықты. Демек, біз көтеріліс жасау жолына үзілді-кесілді, батыл түсуге тиіспіз.

Орталық Комитет пленумында жазылған қысқаша жазулар

«ӨҢКИГЕН ӨҢШЕҢ ӨГІЗДЕР АНТАЛАДЫ»

Дайын болыңдар! — деп большевиктер ұран көтерді. Бұл — жағдайдың шиеленісіп, контрреволюцияның күш жыйнауы себепті туған ұран; контрреволюция революцияға шабуыл жасамақшы, контрреволюция астананы Вильгельмге өткізіп, революцияны бассыз қалдырмақ болып отыр, контрреволюция астанадан революцияшыл армияны кетіріп, астананы әлсіретуді көздеп отыр.

Бірақ біздің партияның көтерген революциялық ұранын жұрттың бәрі бірдей түсініп отырған жоқ.

Жұмысшылар оны «өздерінше» түсініп, қарулана бастады. Олар, жұмысшылар, толып жатқан «ақылды» және «білімпаз» интеллигенттерден әлде қайда көреген.

Солдаттар жұмысшылардан қалысқан жоқ. Күні кеше астана гарнизонының полктік және роталық Комитеттерінің жыйналысында солдаттар орасан көпшілік дауыспен қаулы алып, революцияны және оның көсемі — Петроград Советін жан-тәнімен қорғауға ұйғарысты, оның алғашқы шақыруымен-ақ қолға қару алуға міндеттенді.

Жұмысшылар мен солдаттардың жайы осылай.

Ал басқа топтардың жайы бұлай емес.

Істің жай-жапсарын буржуазия біледі. Ол «артық сөз сөйлемей-ақ», Қысқы орданың қасына зеңбіректер орната қойды, өйткені оның өз «прапорщиктері» мен «юнкерлері» бар, бұларды тарих ұмытпас деп сенеміз.

«День» және «Воля Народа» газеттеріндегі буржуазия агенттері біздің партияға қарсы жорық ашты, большевиктерді қаражүзділермен «араластырып», «көтерілістің мерзімі» туралы большевиктерден тақақтап сұрастыра бастады.

Олардың құйыршықтары, Керенскийдің малайлары, Бинасиктер мен Дандар, «Орталық Атқару Комитеті» қол қойған үндеу арқылы қаһар төгіп, аттаныска шықпауға шақырып отыр, «День» және «Воля Народа» сияқты, «көтерілістің мерзімі» туралы сұрақ қойып отыр, жұмысшылар мен солдаттарды Кишкиндер мен Коноваловтардың алдарына жығылып, бас ұруға шақырып отыр.

Ал «Новая Жизнь» газетіндегі үрейі ұшқан күйгелектер сабыр-тақаттан айрылды, өйткені олар «ендігі жерде үндемей отыра алмайды», сондықтан большевиктердің аттаныска қашан шығатынын айтсаңыздар екен деп олар бізге жалбарынып отыр.

Бір сөзбен айтқанда, жұмысшылар мен солдаттарды есептемегенде, шын мағнасында: «өңкиген өңшең өгіздер анталады» дегеннің нақ өзі болып отыр, бұлар жала жауып, арыз етеді, доқ көрсетіп, жалбарынады, сұрау беріп, жауап алады.

Біздің жауабымыз.

Буржуазия мен оның «аппараты» туралы: олармен біз басқаша сөйлесеміз.

Буржуазияның агенттері мен малайлары туралы: біз оларды контрразведкаға жібереміз, маршрутын, «День» газетіндегі провокаторлар жасаған «аттаныстың» болар «күні» мен «сағаты» туралы олар сол контрразведкадан «білулері» мүмкін, сөйтіп өздері де мұны басқа тиісті адамдарға «білдіре» алады.

Бинасиктер, Дандар туралы және Керенскийдің Орталық атқару комитетіндегі басқа да малайлары туралы: жұмысшыларға, солдаттарға және шаруаларға қарсы болып, Кишкиннің — Керенскийдің үкіметінің жағына шығып кеткен «батырларға» — біз есеп бермейміз. Бірақ біз оларды, штрейкбрехерліктің осы батырларын, Советтер съезінің алдында, күні кеше өздері болдырмауға әрекеттенген съездің алдында, ал бүгінгі күні Советтердің тегеурініне шыдай алмай, шақыруға өздері мәжбүр болып отырған съездің алдында жауап бергізуге тырысамыз.

«Новая Жизнь» газетіндегі күйгелектерді алсақ, тегінде олардың бізден не тілеп отырғандығы бізге онша түсінікті емес.

Егер олардың тілегі — үрейі ұшқан интеллигенттердің күшін күн бұрын жыйнап, айталық, — Финляндияға... уақтылы қашып үлгіру үшін көтерілістің «күнін» білу болса, — онда біз оларды тек... мақтаймыз, өйткені біз «жалпы алғанда» күш жыйнауды жақтаймыз.

Егер олар көтерілістің «күні» туралы сұрағанда өздерінің «болат» жүйке тамырларын тыныштандыру үшін сұрап отырған болса, онда біз оларға мынаны айтамыз: тіпті көтерілістің «күні» белгіленген күнде де, тіпті большевиктер бұл туралы олардың «құлақта-

рына сыбырлап» хабарлаған күнде де, бұдан біздің күйгелектерге титтей де «шыпа» бола коймас еді: жаңа «сұраулар», долдану, тағы басқалары қайта қозған болар еді.

Ал егер олардың тілегі, — біздің партиядан іргелерін аулақ салуды көздеп, бізге қарсы демонстрация жасау болса, онда біз оларды тағыда тек қана мақтай аламыз: өйткені, біріншіден, бұл ақылға сыярлық іcті, ықтимал «шиеленісулер» мен «сәтсіздіктерден» кейін, тиісті адамдар, сөз жоқ, есепке алатын болады; екіншіден, мұның өзі жұмысшылар мен солдаттардың санасына айқын ұғым енгізіп, олар, ақырында, «Новая Жизнь» газетінің екінші рет (июль күндері!) революция қатарынан қашып шығып, Бурцевтердің — Суворипдердің қарақшы жасағына барып қосылғандығын түсінетін болады. Ал біздің қашанда айқындықты жақтайтынымызды әркім-ақ біледі.

Әлде, мүмкін, олардың «үндемей» отыра алмауының себебі, интеллигенттік сан-сапалақтың отандық батпағындағылардың бәрі де кәзір жалпылама қаңқылдап кеткендігінен шығар? Горькийдің «үндемеске болмайды» деуінің мәнісі осы емес пе екен? Ақылға қонбайтын нәрсе, бірақ факт. Помещиктер мен олардың малайлары шаруаларды жаннан түңілерлік және аштық «бүліктерін» жасарлық халге же...ізген кезде олар үндемей, қарап отырды. Капиталистер мен олардың құйыршықтары жұмысшыларды бүкілроссиялық локаутқа және жұмыссыздыққа ұшыратпақ болған кезде, олар үндемей, қарап отырды. Контрреволюция астананы жауға беруге және одан армияны кетіруге әрекеттенген кезде, олар үндемей отыра білді. Бірақ бұл адамдар революцияның авангарды, Петроград Со-

веті, алданған жұмысшылар мен шаруаларды қорғауға шыққан кезде, бақсақ, «үндемей отыра алмайды» екен! Сөйтіп олардың бірінші сөзі — контрреволюцияны кінәлайтын сөз емес, — жоқ, олар революцияның өзін кінәлайды; олар дастарқан үстінде революция туралы лепіріп сөйлейді де, нағыз жауапты кезең келгенде, одан, обадан қашқандай, қаша жөнеледі! Мұның өзі «ғажап» нәрсе емес пе?

Орыс революциясы беделділердің талайын құлатып тастаған. Революцияның куаттылығы, бір есептен, мынада: ол «атақты есімдердің» алдында бас иген емес, не оларды қызметке алып отырды, не оларды, егер олар революциядан сабақ алып үйренгісі келмесе, келмеске кетіріп отырды. Кейіннен революция керек етпей тастаған осындай «атақты есімдер» — толып жатыр. Плеханов, Кропоткин, Брешковская, Засулич және басқа осылар сияқты жалпы ескі революционерлер; олардың тамаша жері де өздерінің сондай ескілігінде. Біз осы «ардагерлердің» даңқы Горькийге ұйқы бермей жүр ғой деп қорқамыз. Біз Горькийдің соларға, архивке, «сұмдық» саңқы ауды ғой деп қорқамыз.

Қайтеміз, еріктінің еркі бар... Революция өзінің өліктерін аяуды да, азалауды да білмейді...

„Рабочий Путь" № 41,
20 октя . 1917 ж.
Мақалаға қол қойылмаған

БІЗ НЕ ІСТЕУІМІЗ КЕРЕК?

Февраль айында солдаттар мен жұмысшылар патшаны құлатты. Бірақ, патшаны жеңгеннен кейін, олар өкіметті өздерінің қолдарына алуды қаламады. Оңбаған пастырьлар — эсерлер мен меньшевиктер басқарған жұмысшылар мен солдаттар өкіметті өз еріктерімен помещиктер мем капиталистердің қолшоқпарларына: Милюковтар мен Львовтарға, Гучковтар мен Коноваловтарға тапсырды.

Мұның өзі жеңімпаздардың қатерлі қатесі болды. Қазір майдандағы солдаттар, тылдағы жұмысшылар мен шаруалар осы қатенің тақсіретін тартып отыр.

Патшаны құлатқанда, жұмысшылар астық пен жұмыс аламыз деп ойлаған еді. Бірақ оның орнына олар қымбатшылық пен ашаршылық, локауттар мен жұмыссыздық «алды».

Неге?

— Неге десеңіз, үкімет басында отырғандар капиталистер мен жалдаптардың қолшоқпарлары, олар жұмысшыларды аштан қатырып жеңуді көздейді.

Патшаны құлатқанда, шаруалар жер аламыз деп ойлаған еді. Бірақ оның орнына олар өздерінің депу-

таттарының қамалуын және жазалаушы экспедицияларды «алды».

Неге?

— Неге десеңіз, үкімет басында отырғандар помещиктердің колшокпарлары, олар шаруаларға еш уақытта да жер бермек емес.

Патшаны құлатқанда, солдаттар бітім аламыз деп ойлаған еді. Бірақ оның орнына олар келесі күзге дейін созылғалы отырған созалаң соғысты «алды».

Неге?

— Неге десеңіз, үкімет басында отырғандар ағылшын-француз банктерінің қолшокпарлары, соғыстың «тез» бітуі оларға тиімді емес, өйткені олар соғыстың арқасында тонаушылықпен пайдаға кенеліп отыр.

Патшаны құлатқанда, халық екі — үш айдың ішінде Құрылтай жыйналысы шақырылар деп ойлаған еді. Бірақ Құрылтай жыйналысының шақырылуы бір рет кейінге қалдырылды, ал кәзір жаулар оны мүлде шақыртпауға көрер көзге әрекеттеніп жүр.

Неге?

— Неге десеңіз, үкімет басында отырғандар халық жаулары, Құрылтай жыйналысын уақтылы шақыру оларға тиімді емес.

Февраль революциясы жеңгеннен кейін өкімет билігі помещиктер мен капиталистердің, банкирлер мен жалдаптардың, алыпсатарлар мен жебірлердің қолдарында қалып қойды, — жұмысшылар мен солдаттардың қатерлі қатесі дегеніміз міне осында болды, тыл мен майдандағы кәзіргі кесепаттардың себебі міне осында болды.

Бұл қатені дереу түзету керек. Бұдан былай аял-

даудың өзі революцияның бүкіл ісін мүлдем құртып жіберуге әкеліп соғатын кезең келіп жетті.

Помещиктер мен капиталистердің қазіргі үкіметінің орнына жұмысшылар мен шаруалардың жаңа үкіметін қою керек.

Өзін халық сайламаған және халық алдында жауап бермейтін қазіргі заңсыз үкіметтің орнына халық танытын, жұмысшылардың, солдаттар мен шаруалардың өкілдері сайлайтын және сол өкілдердің алдында жауап беретін үкіметті қою керек.

Кишкиннің — Коноваловтың үкіметінің орнына жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің үкіметін қою керек.

Февральда істелмей қалған істер қазір істелуге тиіс.

Осылай еткенде, тек осылай еткенде ғана бітімге, нанға, жерге, бостандыққа қолымыз жетеді.

— Жұмысшылар, солдаттар, шаруалар, казактар, барлық еңбекшілер!

Сіздер помещиктер мен капиталистердің қазіргі үкіметінің орнына өкімет басына жұмысшылар мен солдаттардың жаңа үкіметінің келуін қалайсыздар ма?

Сіздер Россияның жаңа үкіметінің, шаруалар талаптарына сәйкес, помещиктер жер иемдену правосынан айырылады, помещиктік барлық жерлер шаруа Комитеттеріне ешбір төлемсіз беріледі деп жариялауын қалайсыздар ма?

Сіздер Россияның жаңа үкіметінің патша жасаған жасырын шарттарды халық алдында жариялап, оларды міндетті нәрсе емес деп тануын, барлық соғысушы халықтарға әділетті бітім ұсынуын қалайсыздар ма?

Сіздер Россияның жаңа үкіметінің ашаршылық пен жұмыссыздықты, бүліншілік пен қымбатшылықты қа-

сақана шиеленістіріп отырған локаутшылар мен жалдаптарды біржолата ауыздықтауын қалайсыздар ма?

Егер сіздер осыны қалайтын болсаңыздар, өздеріңіздің барлық күштеріңізді жыйнаңыздар, бәрлеріңіз, бір кісідей болып, түгел бас көтеріңіздер, жыйналыстар жасаңыздар, өкілдер сайлаңыздар және солар арқылы өздеріңіздің талаптарыңызды ертең Смольныйда ашылатын Советтер съезіне білдіріңіздер.

Егер сіздер бәрлеріңіз де ынтымақты және қажырлы түрде қыймылдайтын болсаңыздар, халық еркіне ешкім де қарсы келе алмайды. Сіздердің аттаныстарыңыз неғұрлым күшті, неғұрлым ұйымдасқан, неғұрлым пәрменді болса, ескі үкімет жаңа үкіметке өзінің орнын соғұрлым бейбітшілікпен бермек. Сонда бүкіл ел халыққа бітім әперу, шаруаларға жер әперу, ашыққандарға астық пен жұмыс әперу жолында батыл түрде, табанды түрде алға басады.

Өкімет жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің қолдарына өтуге тиіс.

Өкімет басында Советтер сайлаған, Советтер ауыстырып отыратын, Советтер алдында жауап беретін жаңа үкімет болуға тиіс.

Тек осындай үкімет қана Құрылтай жыйналысының уақтылы шақырылуын қамтамасыз ете алады.

„Рабочий Путь“ № 44,
24 октябрь, 1917 ж.
Басмақала

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] Интернационалистердің халықаралық конференциясы 1915 жылғы 5 — 8 сентябрьде (23 — 26 августа) Циммервальдта болды. Өзінің манифесінде конференция дүниежүзілік соғысты империалистік соғыс деп тапты; соғыс кредиттерін жақтап дауыс берген және буржуазиялық үкіметтерге қатысқан «социалистердің» ұстаған бағытын мінеді; Европа жұмысшыларын соғысқа қарсы, аннексиясыз және контрибуциясыз бітім жолында күресті күшейтуге шақырды. Интернационалистердің екінші конференциясы 1916 жылғы 24 — 30 (11 — 17) апрельде Кинтальда болды. Кинтальда қабылданған манифест пен қарарлар соғысқа қарсы интернационалдық революциялық қозғалысты дамыту жолында тағыда ілгері басқандық болды. Бірақ Циммервальд конференциясы сияқты, Кинталь конференциясы да большевиктердің: империалистік соғысты азаматтық соғысқа айналдыру, соғыста өздерінің империалистік үкіметтерінің жеңілуін көздеу, III Интернационалды ұйымдастыру жөніндегі ұрандарын қабылдамады. — *6*.

[2] «Бірлік» тобы ұйымдасу жағынан 1917 жылғы мартта қалыптасты; ол топқа біріккендер әсіре оңшыл қорғампаз меньшевиктер болды, мұнда басшылық роль атқарғандар Плеханов және бұрынғы жойымпаздар Бурьянов пен Иорданский еді. Бұл топ Уақытша үкіметті сөзсіз қолдап отырды, империалистік соғысты жүргізе беруді талап етті және қаражүздіктермен бірлесіп большевиктерді қаралады. Ұлы Октябрь социалистік

революциясының күндерінде бұл топтың мүшелері контрреволюциялық «Отан мен революцияны қорғау комитетіне» қатысты. — *10.*

[3] «Речь» («Сөз») — газет, кадеттер партиясының орталық органы; 1906 жылғы февральдан бастап 1917 жылғы 26 октябрьге дейін Петербургте шығып тұрды. — *20.*

[4] «День» («Күн») — газет, 1912 жылдан бастап Петербургте банктердің қаржыларына шығып тұрды; жойымпаз меньшевиктердің қолдарында болды; 1917 жылғы 26 октябрьде контрреволюциялық әрекеті үшін жабылды. — *20.*

[5] Милюковтың журналистермен жасаған әңгімесіне байланысты «Правда» газетінің 1917 жылғы 25 мартта шыққан 17-номерінде «Империалистердің саясаты жойылсын!» деген басмақала басылды; бұл мақала Уақытша үкіметтің сыртқы саясатын сыйпаттауға арналған болатын.

«Правда» газеті февраль революциясынан кейін (1917 жылғы 5 марттан бастап) большевиктер партиясының Орталық Органы болып шыға бастады. 1917 жылғы 15 мартта РСДЖП(б) Орталық Комитеті бюросының кең мәжілісінде «Правда» редакциясының құрамына И. В. Сталин енгізілді. 1917 жылғы апрельде Россияға қайтқансоң «Правдаға» В. И. Ленин басшылық етті. «Правданың» ең көрнекті қызметкерлері: В. М. Молотов, Я. М. Свердлов, М. С. Ольминский, К. Н. Самойлова және басқалар болды. 1917 жылғы 5 июльде юнкерлер мен казактар «Правданың» редакциясын қыйратты. Июль күндерінен кейін, В. И. Лениннің құпия жағдайға көшуіне байланысты, партияның Орталық Органының жауапты редакторы И. В. Сталин болды. 1917 жылғы 23 июльден бастап. РСДЖП(б) Орталық Комитетінің жанындағы Әскери ұйым арқылы, газетті «Рабочий и Солдат» деген атпен шығару ісін ұйымдастырудың сәті түсті. Партияның Орталық Комитеті: партияның Орталық Органы құрылғанша соның міндеттерін «Рабочий и Солдат» газеті атқаратын болсын деп нұсқау берді. Июль — октябрь кезінде партияның Орталық Органы жұмысшылар мен солдаттарды большевиктер партиясының төңірегіне біріктіру жөнінде және қарулы көтерілісті дайындау

жөнінде зор жұмыс жүргізді. 1917 жылғы 13 августан бастап большевиктердің Орталық Органы «Пролетарий» деген атпен, ол жабылған соң «Рабочий» деген атпен, одан соң «Рабочий Путь» деген атпен шықты. Соңғысы 1917 жылғы 26 октябрьге дейін шығып тұрды. 1917 жылғы 27 октябрьден бастап большевиктер партиясының Орталық Органы қайтадан «Правда» деген атпен шыға бастады. — *22.*

6 «Вечернее Время» («Кешкі Уақыт») — реакциялық бағыттағы кешкі газет, ұйымдастырған — А. С. Суворин; 1911 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шығып тұрды. — *23.*

7 «Дело Народа» («Халық Ісі») — эсерлердің газеті, 1917 жылғы 15 марттан 1918 жылғы январьға дейін Петербургте шығып тұрды. — *25.*

8 Зондербунд — Швейцариядағы жеті католиктік кантонның реакцияшыл одағы, 1845 жылы құрылған және өзі елдің саяси бытыраңқы болуын жақтаған. 1847 жылы Зондербундтің және Швейцарияда өкіметті орталықтандыруды жақтаған басқа кантондардың арасында қарулы күрес жүргізілді. Соғыс Зондербундтің жеңілуімен және Швейцарияның мемлекеттер одағынан біртұтас одақтық мемлекетке айналуымен аяқталды. — *27.*

9 РСДЖП(б)ның Бүкілроссиялық VII (Апрель) конференциясы 1917 жылғы 24 — 29 апрельде Петроградта болды. Бұл — большевиктердің бірінші жария конференциясы еді. Партия өмірінде бұл конференция съездің міндетін атқарды. В. И. Ленин қазіргі кезең туралы баяндамасында өзі бұдан бұрын Апрель тезистерінде айтқан қағидаларды дамытты. И. В. Сталин конференцияда В. И. Лениннің қазіргі кезең туралы мәселе жөніндегі қарарын жақтап сөйледі және ұлт мәселесі жөнінде баяндама жасады. Конференция Россиядағы социалистік революцияға қарсы шыққан, ал ұлт мәселесінде ұлтшылдық-шовинистік позицияда болған Каменевтің, Рыковтың, Зиновьевтің, Бухариннің және Пятаковтың оппортунистік, капитулянттік позициясын қатты мінеді. Апрель конференциясы большевиктер партиясына буржуазиялық-демократиялық ре-

волюцияны социалистік революцияға ұластыру жөнінде бағыт сілтеді. Апрель конференциясының ұлт мәселесі жөніндегі қарарын қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», I бөлім, 6-басылуы, 1940, 233-бет. — *31*.

10 РК(б)П-ның VIII съезі 1919 жылғы 18 — 23 мартта Москвада болды. Съезд Бухарин мен Пятаковтың ұлт мәселесі жөніндегі ұлы державалық, шовинистік көзқарастарына үзілді-кесілді соққы берді. Съезде қабылданған «РК(б)П программасын» қараңыз. «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», I бөлім, 6-басылуы, 1940, 281 — 295-беттер. — *33*.

11 Қараңыз: «Коминтерннің 1920 жылғы июль — августа болған екінші конгресі. М., 1934, 492-бет. — *33*.

12 Шингаревтің телеграммасының тексті В. И. Лениннің «Помещиктер мен шаруалардың арасындағы «ерікті келісім бе?»» деген мақаласында келтірілген; ол мақала «Правданың» 1917 жылғы 15 апрельде шыққан 33-номерінде басылды (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, XX том, 169-бет). — *37*.

13 Петроград Советінің Атқару Комитеті шақырған, жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкілроссиялық кеңесі 1917 жылғы 29 марттан 3 апрельге дейін Петроградта болды; кеңес меньшевиктер мен эсерлердің ықпалымен өтті. — *46*.

14 Уақытша үкіметтің сыртқы істер министрі, кадеттердің басшысы Милюковтің 1917 жылғы 18 апрельде одақтас державаларға жіберген нотасы патша өкіметі жасаған шарттардан Уақытша үкіметтің айнымайтындығын растады және ол нотада үкіметтің империалистік соғысты жүргізе беруге дайын екендігі айтылды. Нота Петроград жұмысшылары мен солдаттарының ішінде орасан зор наразылық туғызды. — *49*.

15 Патшаның фаворитқасы Кшесинскаяның сарайын февраль революциясы күндерінде революцияшыл солдаттар басып алған болатын. Онда большевиктердің Орталық және Петроградтың

Комитеттері, РСДЖП(б) Орталык Комитетінің жанындағы Әскери ұйым солдаттардың клубы және жұмысшылар мен солдаттардың баска да ұйымдары тұрды. — *51.*

10 Мария сарайында өткізілген кеңестен кейін 1917 жылы 22 апрельде Уақытша үкімет Милюковтың нотасы жөнінде «түсінік» жарыялап, онда: «жауды үзілді-кесілді жеңу» деген ұранды үкімет «халыктардың өздерін өздері билеуі негізінде тыныштыкты бейбітшілік орнату» мағнасында түсінеді деді. Жұмысшы және солдат депутаттарының Петроградтык Советінің келісімпаз Аткару комитеті үкіметтің енгізген түзетулері мен берген «түсініктерін» канағаттанарлык деп тауып, «дау бітті» деп жарыялады. — *52.*

11 Бунд — «Польшадағы, Литвадағы және Россиядағы жалпы еврейлік жұмысшы одағы» — 1897 жылғы октябрьде ұйымдасқан (караңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, І-том, казакша 439-бет, 7-ескерту). — *59.*

12 Болыстар мен поселкелерден келген өкілдердің съезінде сайланған Шлиссельбург уезінің уездік революцияшыл халык Комитеті жер мәселесін шешу жөнінде шаралар колданды. Бұл Комитеттің жер жөніндегі комиссиясы былай деп каулы алды: 1) шіркеулерге, монастырьларға, патша ұрпактарына және жеке иемденушілерге тиісті бос жаткан жерлерді кауымдасып жырту керек; 2) кажетті көлік-сайман ең төмен бағамен жеке меншіктегі имениелерден және складтардан алынсын, т. т. Осы карарға сәйкес болыстык комитеттер уездегі бүкіл жер корын өздерінің бакылауларына алды, ауылшаруашылык саймандарының есебін алды, орман-тоғайларға күзет койды, бос жаткан жерлерді жырту ісін ұйымдастырды, тағы баска осы сиякты істер істеді. — *64.*

13 «Солдатская Правданың» 1917 жылғы 3 майда шыккан 13-номеріне арналған косымшада РДСЖП(б)-ның Бүкілроссиялык VII (Апрель) конференциясының карарлары басылып шыкты. — *73.*

[20] Петроградтың аудандық думаларын сайлауға дайындық ісі 1917 жылғы апрельде басталды, «Правда», большевиктер партиясының Петроградтық және аудандық комитеттері жұмысшылар мен солдаттарды сайлауға белсенді түрде катысып, большевиктердің тізімдеріне дауыс беруге шақырды. 1917 жылғы 10 майда И. В. Сталиннің катысуымен РСДЖП(б) Петроградтық комитетінің мәжілісі болды; ол мәжілісте муниципалдық науканның барысы туралы жалпықалалық және аудандық комиссиялардың баяндамалары тыңдалды. Петроградтың аудандық думаларын сайлау ісі 1917 жылғы 27 майдан 5 июньге дейін жүргізілді. Сайлаудың нәтижесіне арнап И. В. Сталин «Петроградтағы муниципалдық сайлаудың қортындылары жөнінде» деген мақала жазды (осы томның 101-бетін қараңыз). — *74.*

[21] Трудовиктер, немесе «еңбек тобы», — ұсақбуржуазияшыл демократтардың тобы; ол 1906 жылғы апрельде I Мемлекеттік думадағы шаруа депутаттарынан құрылған. 1917 жылы трудовиктер «халықтық социалистік» партияға қосылды. — *79.*

[22] «Халықшыл социалистер» (энестер) — ұсақбуржуазиялық ұйым; 1906 жылы құрылды, бұлар — эсерлердің оңшыл жағынан бөлініп шыққандар. Энестер конституциялық монархияның шегінен шықпайтын саяси талаптар ұсынды. Ленин оларды «социал-кадеттер» және «эсерлік меньшевиктер» деп атады. 1917 жылғы февраль революциясынан кейін энестер партиясы басқа ұсақбуржуазияшыл «социалистік» партиялардың ішінде ең оңшыл позициялардың бірінде болды. Октябрь революциясынан соң энестер контрреволюцияшыл ұйымдарға қатысты. — *79.*

[23] «Рабочая Газета» («Жұмысшы Газеті») — меньшевиктер партиясының орталық органы; 1917 жылғы 7 марттан бастап Петроградта шығып тұрды. Газет Октябрь революциясынан кейін көп ұзамай жабылды. — *80.*

[24] «Ауданаралық» («Біріккен социал-демократтардың ауданаралық ұйымы») 1913 жылы Петербургте құрылды. Оған меньше-

вик троцкистер жэне партиядан бөлініп шыккан бұрынғы большевиктердің бір бөлегі кірді. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде ауданаралыкшылар центристік позицияда болып, большевиктерге карсы күрес жүргізді. 1917 жылы ауданаралыкшылар большевиктер партиясының бағытын қостайтындығын айтты. Сондыктан 1917 жылғы майда Петроградтың аудандык думаларын сайлау кезінде большевиктер ауданаралыкшылармен одақ жасасты. РСДЖП(б) VI съезінде ауданаралыкшылар партияға алынды. Ауданаралыкшылардың Троцкий бастаған бір бөлегі кейін халык жаулары болып шыкты. — *83*.

[38] «Новая Жизнь» («Жаңа Тұрмыс») — меньшевиктердің газеті, 1917 жылғы апрельден бастап Петроградта шығып тұрды. Оның төңрегіне мартовшыл меньшевиктер жэне жартылай меньшевик тектес жеке-дара интеллигенттер топтасты. «Новая Жизнь» тобы келісімпаздар мен большевиктердің ортасында ылғый әрі-сәрі болып жүрді; июль күндерінен кейін бұл топтың мүшелері, қорғампаз меньшевиктермен бірге, бірігу съезіне катысты. Октябрь революциясынан кейін бұл топ, большевиктерге қосылған бірнеше адамдарынан баскасы, Совет өкіметі жөнінде дұшпандық позицияға көшті. «Новая Жизнь» газеті 1918 жылдың жазында жабылды. — *84*.

[26] Шаруалардың Бүкілроссиялық бірінші съезі 1917 жылғы 4—28 майда Петроградта болды. Съездің көпшілігі эсерлер мен соларға жакын топтар болды. Губерниялардан келген шаруа делегаттарының дені деревняның кулак аткамінерлері болатын. — *90*.

[4'] «Солдаттың праволары жөніндегі декларация» — әскери кызметкерлердің негізгі праволары туралы армия мен флот бойынша берілген бұйрық; бұйрыкты Уакытша үкіметтің соғыс министрі Керенский 1917 жылы 11 майда шығарды. Бул «декларация» солдаттардың 1917 жылғы революцияның бірінші күндерінде жеңіп алған праволарын едәуір кемітіп тастады. Петроград Советінің эсерлік-меньшевиктік Аткару комитеті «солдаттың праволары жөніндегі декларацияны» құттыктады, бірак солдаттар мен матростар оны наразылық білдіру митингілерін

жасап қарсы алды, оны правосыздықтың декларациясы деп атады. — *90.*

28 «Вечерняя Биржевка» — «Биржевые Ведомости» газеті, кешкісі. «Биржевые Ведомости» — 1880 жылдан бастап Петербургте шығып тұрған буржуазиялық газет. «Биржевка» деген атақ баспасөздің принципсіздігін және сатылғандығын көрсететін жалпы атақка айналып кетті. 1917 жылы октябрьдің аяқ кезінде Петроград Советінің Әскери-революциялық комитеті бұл газетті жауып тастады. — *91*

29 Швейцарияның социалистік партиясының секретары Роберт Гримм Россияға 1917 жылғы майда келді. Июньнің бас кезінде буржуазиялық газеттерде: Германия мен Россияның арасында сепараттық бітім жасаудың мүмкіндіктерін қарастыру туралы Гримге тапсырма беріліпті деген хабар басылды. Осыған байланысты Уақытша үкімет Гримді Россиядан қуып жіберді. — *95.*

30 Жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкілроссиялық бірінші съезі 1917 жылғы 3 — 24 июньде өткізілді; съезді дайындаған және оны шақырған Петроград Советі болды. Съезде көпшілік болғандар—эсерлер (285 делегат) және меньшевиктер (248 делегат). Ол кезде азшылық болған большевиктердің делегаты 105 адам еді. Съезде большевиктер соғыстың империалистік сыйпатын және буржуазиямен келісім жасаудың қатерлі нәрсе екендігін ашып көрсетті. Уақытша үкіметке көзқарастың қалай болуы керек екендігі туралы және соғыс туралы В. И. Ленин сөз сөйледі, ол меньшевиктер мен эсерлердің келісімпаздық ұрандарына бүкіл өкімет Советтерге өтсін деген талапты қарсы қойды. Съезд меньшевиктер мен эсерлердің ықпалымен өтті. — *99.*

31 «Воля Народа» («Халық Еркі») — газет, эсерлер партиясының оңшыл жағының органы; 1917 жылғы 29 апрельден 24 ноябрьге дейін Петроградта шығып тұрды. — *104.*

32 «Петроградтың барлық еңбекшілеріне, барлық жұмысшылары мен солдаттарына» деген үндеу жұмысшылар мен солдаттар-

дың демонстрациясына байланысты жазылған болатын; ол демонстрацияны РСДЖП(б)-ның Орталык Комитеті мен Петроградтык Комитеті 1917 жылғы 10 июньге белгілеген еді. Тұңғыш рет бұл үндеу прокламация ретінде 9 июньде жарияланып, Петроградтың аудандарына таратылды. Ол үндеу 10 июньде «Правда» және «Солдатская Правда» газеттерінде басылып шыкпакшы еді, бірак 10 июньге қараған түні большевиктердің Орталык Комитеті мен Петроградтык Комитеті демонстрацияны кейінге калдыруға мәжбүр болғандыктан, үндеу «Правда» мен «Солдатская Правданың» стереотиптерінен кесіліп алынды. Үндеудің тексті басылған «Солдатская Правда» газетінің тек біразы ғана тарап үлгірді. 13 июньде ол үндеу «Демонстрация туралы шындык» деген мақаланың артынша «Правданың» 80-номерінде басылды. 1917 жылғы 17 және 18 июньде үндеу, 18 июньге белгіленген жаңа демонстрацияға байланысты, «Правда» газетінде тағыда басылып шыкты.— *107.*

33 «Окопная Правда» — большевиктердің газеті, 1917 жылғы 30 апрельден бастап Ригада шығып тұрды. Бул газеттің бірінші номерлерін Новоладож полкінің солдаттар Комитеті солдаттардың өздерінің каржысына шығарды. 7-номерінен (1917 жылғы 17 майдан) бастап ол газет РСДЖП(б) Рига комитетінің жанындағы әскери ұйымның және орыс секциясының органына айналды, 26-номерінен (1917 жылғы 5 июльден) бастап — XII армияның Рига Комитеті жанындағы әскери ұйымының органы болды, одан соң Латыш өлкесіндегі социал-демократия Орталык Комитетінің жанындағы әскери ұйымның органы болды. 1917 жылғы 21 июльде газет жабылып калды, бірақ арада бір күн өткеннен кейін—23 июльде—«Окопная Правданың» орнына «Окопный Набат» деген газет шыға бастады, ол Латвия социал-демократиясының біріккен әскери ұйымының органы болып, Риганы немістер алғанға дейін шығып тұрды. 12 октябрьден бастап «Окопный Набат» Венден каласында кайтадан шыға бастады. 1917 жылғы 29 октябрьден бастап бұл газет бұрынғыша, «Окопная Правда» болып аталды. Сол уакыттан бастап газет 1918 жылғы февральға дейін үздіксіз шығып тұрды. — *113.*

[34] «Солдатская Правда» — большевиктердің газеті, 1917 жылғы 15 апрельден бастап РСДЖП(б) Петроградтық Комитетінің жанындағы әскери ұйымның органы ретінде, ал 19 майдан бастап РСДЖП(б) Орталық Комитетінің жанындағы Әскери ұйымның органы ретінде шыға бастады. Петроградтың жұмысшылары мен солдаттарына «Солдатская Правданың» беделі күшті болды. Газетті шығарып, майдандағы солдаттардың арасына тегін тарату үшін жұмысшылар ақша жыйнап беріп отырды. Газеттің тиражы 50 мың данаға дейін жеткізілді, оның тең жарымы майданға жіберіліп отырды. 1917 жылғы июль күндерінде Уақытша үкімет «Правдамен» бірге «Солдатская Правданы» да қыйратып жауып тастады; Октябрь революциясынан кейінгі алғашқы күндерде газет қайтадан шыға бастады. Бұл газет 1918 жылғы мартқа дейін шығып тұрды. — *118.*

[35] «Труд» баспаханасын, большевиктік газеттер мен кітаптарды басып шығарып отырған осы баспахананы РСДЖП(б) Орталық Комитеті 1917 жылы 22 апрельде сатып алды. «Правданың» шақыруы бойынша ол баспахананы сатып алуға керекті ақшаны жұмысшылар мен солдаттардың өздері жыйнап берді. 1917 жылғы 6 июльде баспахананы юнкерлер мен казактардың отрядтары қыйратып тастады. — *118.*

[36] Большевиктердің Петроградта өткізілген жалпықалалық екінші (төтенше) конференциясы 1917 жылғы 1 июльде шақырылды. Оған партияның 32 220 мүшесінен 145 делегат қатысты. Конференцияның төтенше шақырылған себебі — майданда шабуылдың басталуына байланысты, Уақытша үкіметтің Петроградтан революцияшыл әскерлерді кетіріп, қаланы революцияшыл жұмысшылардан «босату» сыяқты әрекеттеріне байланысты Петроградта және бүкіл елде саяси жағдайдың шиеленісуі болды. 3 — 5 июльдегі оқыйғаларға байланысты, конференцияның мәжілісі тоқталып, тек 16 июльде ғана қайтадан басталды. Оның бұдан былайғы бүкіл жұмысы И. В. Сталиннің тікелей басшылығымен жүргізілді. — *122.*

[37] Москвада болған төтенше кеңесті — Москвадағы мемлекеттік кеңесті — 1917 жылғы 12 августа Уақытша үкімет шақырған

болатын. Кеңеске катысқандардың көпшілігі помещиктердің, буржуазияның, генералитеттің, офицерлердің және казак атқа мінерлерінің өкілдері болды. Советтерден және Орталык атқару комитетінен барған делегаттар кілең меньшевиктер мен эсерлер еді. Бұл кеңесте Корнилов, Алексеев, Каледин және басқалар революцияны басудың программасын айтып сөз сөйледі. Керенский өзінің сөзінде революцияны басатындығын және шаруалардың помещиктік жерлерді тартып алуларына тыйым салатындығын айтып күш көрсетті. Большевиктер партиясының Орталык Комитеті И. В. Сталин жазған үндеуінде пролетариатты Москва кеңесіне карсы наразылық білдіруге шакырды. Кеңес ашылған күні большевиктер Москвада бір күндік ереуіл ұйымдастырды; бұл ереуілге 100 мыңнан астам адам катысты. Наразылык білдірген митингілер мен ереуілдер баска да бірнеше калаларда болып өтті. Москва кеңесінің контрреволюциялык мәнін әшкерелеуге арнап И. В. Сталин бірсыпыра макалалар жазды (осы томның 217, 225, 237, 242 және баска беттерін караңыз). — *127.*

38 1917 жылғы 5 июльде Гельсингфорстан Петроградка Балтық соғыс-теңіз флотының делегациясы келді. Делегацияның мұнда келулеріне себеп болған нәрсе: Уакытша үкімет Балтык флотының кемелерін 3 — 4 июльде Петроградтағы демонстрацияға белсене катыскан революцияшыл Кронштадт матростарына карсы жұмсауға әрекеттенген еді. 7 июльде 67 адамнан құралған Балтык делегациясы Уакытша үкіметтің әмірі бойынша камауға алынды. — *127.*

39 Сестрорецк жұмысшыларын карусыздандыру ісі 1917 жылы 11 июльде Уакытша үкіметтің әмірі бойынша және эсерлік-меньшевиктік Орталык аткару комитетінің рұкcаты бойынша жүргізілді. Жұмысшыларга: каруларыңды тапсырыңдар деп ультиматум жасады, тапсырмаған күнде карулы күш жұмсайтынын айтып коркытты. Сестрорецк соғыс заводының заводтык комитетінің мүшелері, большевиктер, камауға алынды. — *127.*

40 1917 жылғы 8 июльде Уакытша үкімет жарыялаған декларацияда бірсыпыра демагогиялык уәделер болды; сол уәделер

арқылы Уақытша үкімет, эсерлер мен меньшевиктер 3 — 5 июльдегі оқыйғалардан кейін бұқараны тыныштандырмақ болды. Империалистік соғысты жүргізе беруге жұртты шақыра отырып, Уақытша үкімет белгіленген мерзімде — 17 сентябрьде — Құрылтай жыйылысының сайлауын өткізу жөнінде, 8 сағаттық жұмыс күні туралы, әлеуметтік қамсыздандыру туралы заң жобаларын жасау жөнінде, тағы басқалар жөнінде уәде берді. 8 июль декларациясы нағыз формальды декларация бола тұрса да, кадеттер оған қарсы шықты, өздерінің үкіметке қатысуының шарты есебінде осы декларацияны бұзуды талап етті. — *134*.

41 Қамковшылдар — эсерлер партиясының солшыл жағының басшыларының бірі — Б. Қамковтың (Кац) жақтастары, бұлар 1917 жылғы февраль революциясынан кейін көп ұзамай, бір жақ болып ұйымдасқан-ды. — *137*.

42 «Контрреволюцияның жеңісі» деген мақала Кронштадта шығатын «Пролетарское Дело» газетінің 1917 жылғы 19 июльдегі 5-номерінде «Контрреволюцияның салтанаты» деген тақырыппен басылды. — *147*.

43 Бұл — Ф. Шиллердің «Фиесконың Генуядағы заговоры» деген трагедиясындағы кейіпкерлердің бірі, Тунис мавры Мулей-Гассанның сөздері (Ф. Шиллер. Шығармалар, II том, «Академия» баспасы, 1936, 260-бет). — *151*.

44 А. Гендерсон — ағылшын жұмысшы партиясының (лейбористердің) басшыларының бірі. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Гендерсон социал-шовинист болды, Ллойд-Джордж үкіметіне мүше болды.

А. Тома—Француз социалистік партиясының басшыларының бірі, бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде социал-шовинист болды, француздың министрлер кабинетінің құрамына кірген. — *151*.

45 «Петроградтың барлық еңбекшілеріне, барлық жұмысшылары мен солдаттарына» деген үндеу, 3 — 5 июльдегі оқыйғаларға

байланысты. большевиктердің Петроградтық жалпықалалық II конференциясының тапсыруы бойынша жазылған. 1917 жылғы 25 июльде (газеттің бірінші бетінде 24 июль деп уақыты қате көрсетілген) бұл үндеу «Рабочий и Солдат» газетінің 2-номерінде басылып шықты; 1 августа жұмысшылар мен солдаттардың талабы бойынша үндеу сол газеттің 8-номерінде екінші рет басылды. — *154.*

[46] 21 июльдегі кеңесті, эсерлер мен меньшевиктер «тарихи» кеңес деп атаған кеңесті, Уақытша үкімет шақырған болатын, оны шақырған себебі: кадеттер үкіметтен кеткендіктен және Керенский орнынан түсетіндігін білдіргендіктен — үкімет дағдарысы туған болатын. Кеңеске буржуазияшыл және келісімпаз партиялардың өкілдері қатысты. Кеңесте кадеттер өзінің істері жөнінде советтерге және демократиялық партияларға бағынбайтын, жазалау шаралары арқылы армияда «тәртіпті» қайта орнату қолынан келетін және басқаларын істей алатын үкімет құруды талап етті. Эсерлер мен меньшевиктер осы талаптарға көніп, жаңа Уақытша үкімет құрастыру жөнінде Керенскийге право берді. — *157.*

[47] Бұл — Американың демократ ақыны У. Уитманның өлеңдерінен алынған сөздер (қараңыз: «Революциялық өлеңдер жыйнағы», РСДЖП Петербург комитетінің баспасы, 1916, 9-бет). — *160.*

[48] Мұнда большевиктердің 1917 жылғы 1 — 3 және 16 — 20 июльде Петроградта өткізілген жалпықалалық төтенше конференциясы туралы (36-ескертуді қараңыз) және меньшевиктердің 15 — 16 июльде болған екінші жалпықалалық конференциясы туралы айтылып отыр. — *162.*

[49] «Құрылтай жыйналысын сайлау жөнінде» деген мақала Құрылтай жыйналысын сайлау науқанының басталуына байланысты жазылған болатын, ол сайлауды Уақытша үкімет 1917 жылғы 17 сентябрьге белгілеген еді. Мақаланың бірінші бөлімі «Правданың» 1917 жылғы 5 июльде шыққан 99-номерінде басылды. Бірақ июль күндерінен соң «Правда» жабылып қалғандықтан, мақаланың басылуы тоқтатылған болатын. Тек 1917

жылғы 27 июльде ғана «Рабочий и Солдат» газетінің 4-номерінде мақала толық басылып шықты. —*167*.

50 Бүкілроссиялық шаруалар одағы — усақбуржуазиялық уйым, ол 1905 жылы құрылған. Бұл одақ саяси бостандықтың болуын, Құрылтай жыйналысының шақырылуы және жерді жеке меншіктенудің жойылуын талап етті. 1906 жылы Шаруалар одағы ыдырап кетті. 1917 жылы Одақ өз жумысын қайта бастап, 31 июльде Москвада Бүкілроссиялық съезд шақырды. Ол съезд: Уақытша үкіметті толық қолдау керек, империалистік соғысты жүргізе беру керек, шаруалардың помещиктік жерлерді тартып алуларына қарсы болу керек деген пікір айтты. 1917 жылдың күзінде Шаруалар одағының бас комитетінің кейбір мүшелері шаруа көтерілістеріне қарсы қолданылған жазалау шараларына қатысты. —*167*.

51 Петроград гарнизонының шаруа депутаттарының Советі, кейін шаруа депутаттарының Петроградтық Советі деп аталған Совет, 1917 жылғы 14 апрельде Петроградтағы әскери бөлімдердің және кейбір кәсіпорындардың өкілдерінен құрылған болатын. Совет өзінің негізгі міндеті ретінде — бүкіл жерді шаруалардың пайдалануына тегін әперу жолында күрес жүргізуді көздеді. Шаруа депутаттарының Петроградтық Советі оңшыл эсерлердің басшылығындағы шаруа депутаттарының Бүкілроссиялық Советінің келісімпаздық саясатына қарсы күрес жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет деревняда Совет өкіметін уйымдастыруға және жер туралы декретті жүзеге асыру ісіне белсене қатысты. 1918 жылғы февральда, ескі армияны демобилизациялаумен байланысты, Совет өзінің әрекетін тоқтатты. —*170*.

52 РСДЖП (большевиктердің) VI съезі 1917 жылғы 26 июльден 3 августқа дейін Петроградта болды. Съезде мынадай баяндамалар тыңдалып, талқыланды: Орталық Комитеттің саяси және уйымдастыру істері туралы есептері, жергілікті уйымдардың есептері, соғыс және халықаралық жағдай, саяси және экономикалық жағдай, кәсіпшілік қозғалысы, Құрылтай жыйналысын сайлау алдындағы науқан. Съезд партияның жаңа уставын қабылдады және жастардың одақтарын уйымдастыру ту-

ралы арнаулы қаулы алды. И. В. Сталин Орталық Комитеттің жұмысы туралы есепті баяндама және саяси жағдай туралы баяндама жасады. Съезд партияны социалистік революцияға беталған бағыттан айнытқысы келген Бухарин мен Преображенскийдің троцкистік ұсыныстарын қабылдамай, саяси жағдай туралы И. В. Сталин ұсынған қарарды қабылдады. Съезд қарулы көтеріліс жасау, социалистік революция жасау жөнінде партияға бағыт сілтеді. — *175.*

63 Фридрих Адлер — Австрия социал-демократиясының басшыларының бірі. 1916 жылы, соғысқа қарсылық көрсету ретінде, Австрияның премьер-министрі Штюркті өлтірді, сол үшін 1917 жылғы майда өлім жазасына кесілді. 1918 жылы түрмеден шыққаннан кейін Адлер Октябрь революциясы жөнінде дұшпандық позицияға көшті. — *176.*

64 1917 жылғы 4 июльде жұмысшы кварталдарында мынадай үндеу таратылды:

«Жолдастар, Петроградтың жұмысшылары мен солдаттары! Контрреволюцияшыл буржуазия революцияға ашықтан-ашық карсы шығып отырғандықтан, жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Бүкілроссиялық Советі бүкіл өкіметті өз қолына алатын болсын.

Петроградтың революцияшыл халқының еркі осылай, ол өзінің осы еркін кәзіргі кезде мәжіліс құрып отырған жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Бүкілроссиялық Советтерінің Атқару комитеттеріне бейбіт және ұйымдасқан демонстрация арқылы білдіруге праволы.

Революцияшыл жұмысшылар мен революцияшыл солдаттардың еркі жасасын!

Советтер өкіметі жасасын!

Коалициялық үкімет күйреп қалды; өзі құрылғанда жүзеге асыруға тиісті болған міндеттерді орындауға дәрменсіз болғандықтан үкімет құлады. Революцияның алдында өте зор, аса қиын міндеттер тұр. Революцияшыл пролетариатпен, революцияшыл армиямен және революцияшыл шаруалармен бірлесіп, халықтың жеңістерін нығайтып, ұлғайту ісін тайынбай қолға алатын жаңа өкімет керек. Тек жұмысшы, солдат және

шаруа депутаттары Советтерінің өкіметі ғана осындай өкімет бола алады.

Кеше Петроградтың революцияшыл гарнизоны мен жұмысшылар: «Бүкіл өкімет Советке берілсін!» деген осы ұранды жариялау үшін аттаныска шықты. Біз полктер мен заводтарда етек алған осы қозғалысты бүкіл жұмысшы, солдат және шаруа Петроградының тілегін бейбіт түрде, ұйымдасқан түрде білдіретін қозғалысқа айналдыруға шақырамыз.

РСДЖП Орталық Комитеті
РСДЖП Петербургтік комитеті
РСДЖП Аударалық комитеті
РСДЖП ОК жанындағы Әскери ұйым
Жұмысшы және солдат депутаттары Советінің жұмысшы секциясының комиссиясы". — *183.*

65 «Праваның Листогі» 1917 жылғы 6 июльде «Правда» газетінің кезектегі номерінің орнына шықты, ал «Праваның» редакциясын юнкерлер талқандап кеткен болатын. «Праваның Листогінде» «Сабырлылық пен ұстамдылық» деген атпен РСДЖП(б)-ның Орталық және Петроградтық комитеттерінің, РСДЖП(б) Әскери ұйымының үндеуі басылып шықты. — *185.*

66 «Живое Слово» — Петроградта шығып тұрған бульварлық-каражүздік кейіптес газет. 1917 жылы бұл газет большевиктерге қарсы сойқаншылдық үгіт жүргізді; Октябрь революциясына дейін шығып келді. — *186.*

67 «Жалақорлар сотқа тартылсын!» деген листокті РСДЖП(б) Орталық Комитеті 5 июльден кейін шығарды, ол 1917 жылғы 9 июльде «Волна» газетінде жарияланды, бұл газетті шығарушы РСДЖП(б)-ның Гельсингфорстық комитеті болатын. Ол листокте былай делінген: «Контрреволюция бұқараның арасына ылаң салу арқылы, бұқараны революцияның ең беделді көсемдеріне, революцияға еңбегі сіңген күрескерлерге қарсы өшіктіру арқылы, жай әдіспен-ақ революцияны бассыз қалдырмақшы... Жұмысшы табының көсемдерінің абройы мен

өміріне қарсы ойраншылдар мен жалданба жалақорлардың жасаған пасық заговорының барлық егжей-тегжейлерін дереу және ашық түрде тексеруді біз Уақытша үкіметтен және жұмысшы, солдат депутаттары Советтерінің Орталық атқару комитетінен талап етеміз... Жалақорлар мен өсек таратушылар сотқа тартылсын. Ойраншылдар мен суайттардың беттеріне нағлет таңбасы басылсын!». — *187*.

58 Безработный — Д. З. Мануильскийдің жасырын аты. — *190*.

59 1917 жылғы 27 июльде майданға бара жатқан Богдан Хмельницкий атындағы украин полкінің эшелондарына Киевтің маңындағы станцияларда және Киевтің өзінде казактар мен кирасирлердің тарапынан оқ атылған. — *196*.

60 1-номерлі бұйрықты 1917 жылғы 1 мартта Петроград Советі революцияшыл әскер бөлімдерінің өкілдерінің талабы бойынша шығарды; олар Мемлекеттік думаның Уақытша комитеті жөнінде және оның бөлген әскери комиссиясы жөнінде солдаттардың сенімі азая түскендігін мәлімдеген болатын.

«Бұйрықта» әскер бөлімдеріне (роталарға, батальондарға, тағы сондайларға) солдат Комитеттерін сайлау жөнінде, жұмысшы және солдат депутаттарының Советтеріне өкілдерін жіберу жөнінде ұсыныс етілген, әскер бөлімдерінің қаруы солдат Комитеттерінің қарамағына берілген, әскери комиссияның бұйрықтарын орындағанда ол бұйрықтар жұмысшы және солдат депутаттары Советінің бұйрықтары мен қаулыларына қайшы келмейтін болса ғана орындауға рұхсат етілген, т. б. — *202*.

61 И. В. Сталиннің айтып отырғаны — Лениннің 1917 жылғы июльде жазылған «Ұрандар жөнінде» деген кітапшасы (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар. XXI том, 33-бет). — *207*.

62 «Москва кеңесіне қарсы» деген мақаланы И. В. Сталин 1917 жылғы 5 августа Москва кеңесі туралы мәселені талқылаған РСДЖП(б) Орталық Комитетінің тапсыруы бойынша жазған. Орталық Комитет қарар мен листокті басып шығарып, Орталық Органда Москва кеңесі жөнінде бірсыпра мақалалар

басуға қаулы алды. «Москва кеңесіне қарсы» деген мақала ең алғаш басмақала ретінде «Рабочий и Солдат» газетінің 14 номерінде, одан соң 1917 жылғы 12 августа «Пролетарское Дело» атты Кронштадт газетінде, ал 13 августа партия Орталық Комитетінің үндеуі ретінде «Пролетарий» газетінің 1 номерінде жарияланды. Оның үстіне, «Москва кеңесіне қарсы» деген мақала листок болып шықты.

Үндеу мен листокте мақаланың соңғы жолдарының орнына мынадай сөздер жазылған:

«Жолдастар! «Москва кеңесіне» қарсы наразылық білдіре митингілер ұйымдастырып, қарар алыңыздар! Путиловшыларға қосылып, бүгін «кеңеске» қарсы наразылық білдіру ретінде, қуғын-сүргінге ұшыраушы партия баспасөзінің пайдасына қаржы жыйнаңыздар. Провокацияға берілмеңіздер және бүгін көшеге шығып, қыр көрсетуші болмаңыздар!» — *217*.

⁶⁴ Стокгольм конференциясы туралы мәселе 1917 жылғы апрельде туды. Дания социал-демократы Боргбьерг Петроградқа келіп, Данияның, Норвегияның және Швецияның жұмысшы партияларының біріккен комитетінің атынан Россияның социалистік партияларын бітім жасау мәселесі жөнінде Стокгольмде болатын конференцияға қатысуға шақырды. Эсерлік-меньшевиктік атқару комитеті, онан соң жұмысшы және солдат депутаттарының Петроградтық Советі де Стокгольм конференциясына қатысуға ұйғарып, оны шақыруды өз міндетіне алды. Большевиктердің Бүкілроссиялық VII (Апрель) конференциясы, Стокгольм конференциясының империалистік сыйпатын әшкерелеп, оған қатысуға мүлде қарсы болды. 6 августа, Орталық атқару комитетінің мәжілісінде, Стокгольм конференциясы туралы мәселе талқыланған кезде Каменев сол конференцияға қатысуға шақырып сөз сөйледі. Орталық атқару комитетінің большевиктік фракциясы Каменевтің сөзіне қосылмады, партияның Орталық Комитеті Каменевтің бағытын мінеп, бұл мәселе жөнінде Орталық Органда партияның пікірін білдіруге қаулы алды. 9 августа «Рабочий и Солдат» газетінде И. В. Сталиннің «Тағыда Стокгольм туралы» деген мақаласы жарияланды, ал 16 августа «Пролетарий» газетінде В. И. Лениннің «Каменевтің Стокгольм конференциясы жөнінде Орталық

атқару комитетінде сөйлеген сөзі туралы» деген хаты басылды. —*221.*

64 1917 жылғы апрельде жұмысшы және солдат депутаттарының Петроградтық Советі Стокгольмде болатын конференцияны даярлау үшін битарап және одақтас елдерге делегация жіберуге қаулы алды. Жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкілроссиялық бірінші съезі Петроград Советінің осы қарарын мақұлдады. Делегация Англияда, Францияда, Италияда, Швецияда болды, онда әртүрлі социалистік партиялардың өкілдерімен келіссөз жүргізді. Стокгольм конференциясы шақырылмай қалды. — *222.*

65 Ұзақ парламент — XVII ғасырдағы Англиядағы буржуазиялық революция заманындағы парламент, бұл парламент 13 жыл бойы мәжіліс құрған (1640 — 1653). — *226.*

66 «Қоғам қайраткерлерінің» алғашқы немесе «жеке кеңесі» деген кеңес 1917 жылғы 8 — 10 августа Москвада өткізілді. Бұл кеңестің мақсаты — буржуазия-помещик топтарын және соғыс құмарларды біріктіріп, алдағы Мемлекеттік кеңес жөнінде бір тұтас платформа белгілеу еді. Кеңесте контрреволюцияшыл «қоғам қайраткерлерінің одағы» құрылды. — *228.*

67 1917 жылғы марттың аяғында шақырылған Финляндия сеймі Финляндияның автономия болуын талап етті. Уақытша үкіметпен ұзақ уақыт және нәтижесіз келіссөз жүргізгеннен кейін Финляндия сеймі 1917 жылғы 5 июльде «жоғарғы өкімет туралы заң» қабылдады, бұл заң бойынша сеймнің билігі жалпыроссиялық мекемелердің қарауына жататын сыртқы саясат, әскери заң шығару және әскер басқару мәселелерінен басқа, Финляндияның өмірінің барлық салаларында жүргізілмек еді. 1917 жылғы 18 июльде Уақытша үкімет: сеймнің қабылдаған заңы Құрылтай жиналысының еркінен тыс ауа жайылғандық дегенді айтып, сеймді таратып жіберді. — *233.*

68 Украинаның орталық радасын 1917 жылғы апрельде Украинаның буржуазияшыл және ұсақбуржуазияшыл партиялары мен

топтары құрған. Июль күндерінің карсаңында Украинада ел басқарудың жоғарғы органы ретінде Раданың Бас секретариаты ұйымдастырылды. Петроградтағы июль демонстрациясы талқандалғаннан кейін Уақытша үкімет, ұлттарды езу саясатын жүргізе отырып, Донец бассейінін, Екатеринослав өлкесін және Украинаның басқа да бірнеше аудандарын Украинадан бөліп тастады. Украинадағы жоғарғы өкімет билігі Уақытша үкімет тағайындаған ерекше комиссардың қолына көшті. Солай бола тұрса да, өршіп келе жатқан пролетарлық революциядан қорқып, раданың басшылары көп узамай-ақ Уақытша үкіметпен келісім жасасты, сөйтіп Рада Украинадағы буржуазиялық-ұлтшыл контрреволюцияның тірегі болды. — *233.*

69 «Жұмысшы және солдат депутаттарының Петроградтық Советінің Известиясы» — газет, 1917 жылғы 28 февральдан бастап шыға бастады. Советтердің Бүкілроссиялық I съезінде жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Орталық атқару комитеті құрылғаннан кейін бұл газет Орталық атқару комитетінің органы болды және 1917 жылғы 1 августан (№ 132) бастап «Орталық атқару комитетінің және жұмысшы, солдат депутаттарының Петроградтық Советінің Известиясы» деген атпен шыға бастады. Сол уақыттың ішінде газет үнемі меньшевиктер мен эсерлердің қолында болып, большевиктер партиясына қарсы қатты күрес жүргізіп келді. 1917 жылғы 27 октябрьден бастап, Советтердің Бүкілроссиялық II съезінен кейін, «Известия» Совет өкіметінің ресми органы болды. 1918 жылғы мартта Бүкілроссиялық Орталық атқару комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің көшуіне байланысты газеттің баспасы да Петроградтан Москваға әкелінді. — *239.*

70 1917 жылғы 19 августа неміс армиясы Рига түбіндегі майдан шебін бұзуға кірісті. Орыс әскерлері жауға қатты қарсылық көрсетті, бірақ, Корнилов бастаған жоғарғы командование шегіну туралы бұйрық берді, сөйтіп 21 августа немістер Риганы алды. Корниловтың Риганы жауға бергендегі мақсаты — революцияшыл Петроградқа қауіп төндіріп, Петроградтан революцияшыл әскерлерді кетіру және контрреволюциялық заговордың орындалуын оңайлату еді. — *240.*

71 «Новое Время» («Жаңа Заман») — газет. 1886 жылдан бастап Петроградта шығып тұрған; реакцияшыл дворян топтары мен бюрократ чиновник топтарының органы. 1905 жылдан бастап газет қаражүздіктердің органдарының бірі болды. 1917 жылы октябрьдің аяғында жабылды. — *246.*

72 «Русские Ведомости» — газет. 1863 жылдан бастап Москвада шығып тұрды; либералдық помещиктер мен буржуазияның мүдделерін жақтады. 1918 жылы баска контрреволюциялық газеттермен бірге бұл газет те жабылды. — *264.*

73 Дрейфустың ісі — провокациялық процесс, мұны ұйымдастырғандар — Францияның контрреволюцияшыл топтары; осы процесс бойынша француздың бас штабының офицері, еврей Дрейфусты 1894 жылы соғыс соты, шпиондық жасады және мемлекетке қастық істеді деген көрнеу жалған айыпты сылтау етіп, өмір бойы түрмеде устауға кесті. Дрейфусты жақтап, Францияда өріс алған әлеуметтік қозғалыстың нәтижесінде соттың сатылғандығы әйгіленіп, республикашылдар мен монархистердің арасындағы саяси күрес шиеленісіп кетті. 1899 жылы Дрейфуска кешірім жарияланып, босатылды. 1906 жылы ісі қайтадан қаралғанда, ол ақталды. — *280.*

74 «Times» («Таймс») — ағылшынның ірі буржуазиясының ықпалды газеті. 1788 жылдан бастап Лондонда шығып келеді. — *281.*

75 „Matin" («Матэн») — буржуазиялық газет. 1884 жылдан бастап Парижде шығып келеді. — *281.*

76 «Не олай — не былай» деген мақала бурын біраз қысқартылып, «Пролетарий» газетінің 1917 жылғы 24 августағы 10-номерінде «Шығар жол қайсы?» деген атпен басылып шыққан болатын. — *285.*

77 «Русская Воля» — ірі банкілердің қаржыларына құрылған буржуазиялық газет; 1916 жылғы 15 декабрьден бастап 1917 жылғы 25 октябрьге дейін Петроградта шығып тұрды. — *289.*

78 «Заговор әлі тоқталған жоқ» деген мақала 1917 жылғы 28 августа «Рабочий» газетінің 5-номерінде басылды. Бұл күні Корниловтың бүлігіне байланысты, күнделікті номерінің үстіне, газет екінші рет, жедел түрде бір бетке басылып шықты. Келесі күні, 29 августа, «Заговор әлі тоқталған жоқ» деген мақала «Рабочийдің» 6-номерінде «Саяси хабарлар» деген атпен қайта басылып шықты. — *296.*

79 „Temps" («Тан») — буржуазиялық газет, 1829 жылдан 1942 жылға дейін Парижде шығып тұрған; бұл аралықта 1842 жылдан 1861 жылға дейін шықпаған. — *325.*

80 Петроград Советінің қарары 1917 жылғы 27 сентябрьде «Рабочий Путь» газетінің 21-номерінде жарияланды. — *355.*

81 Теміржолшылардың ереуілі 1917 жылғы 24 сентябрьден 26 сентябрьге дейін болды. Темір жол жұмысшылары мен қызметшілері жалақыны көбейтуді, жұмыс күнін сегіз сағатқа түсіруді, азық-түлікпен жабдықтау ісін жақсартуды талап етті. Бұл ереуіл елдегі барлық темір жолдарды қамтыды, өнеркәсіп жұмысшылары ереуілшілерге тілектестігін білдіріп, жәрдем көрсетті. — *356.*

82 14 августағы декларация — «революциялық демократия» дейтіннің программасы, оны Москвада болған мемлекеттік кеңесте жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Орталық атқару комитетінің эсерлік-меньшевиктік көпшілігінің атынан, шаруа депутаттарының Бүкілроссиялық Советінің Атқару комитетінің және басқа ұйымдардың атынан Чхеидзе жариялады. Декларация Уақытша үкіметті қолдауға шақырды. — *359.*

83 Либерданшылдар (яки либердандар) — меньшевиктердің басшылары Либер мен Данға және олардың жақтастарына тағылып, сіңіп кеткен келемеж атақ; олар 1917 жылғы 25 августа большевиктердің Москвадағы «Социал-Демократ» деген газетінің 141-номерінде Д. Бедныйдың «Либердан» деген фельетоны шыққаннан кейін осылай аталып кетті. — *359.*

[84] «Торгово-Промышленная Газета» («Сауда-Өнеркәсіп Газеті») — буржуазиялық газет, 1893 жылдан 1918 жылға дейін Петроградта шығып тұрды. — *362*.

[85] «Общее Дело» («Ортақ Іс») — күнделікті кешкі газет, 1917 жылғы сентябрь — октябрьде Петроградта шығып тұрды, шығарушы — В. Бурцев. Бұл газет Корниловты жақтап, Советтермен большевиктерге қарсы аласұрып өсек-жала таратты.— *370*.

[86] Жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің шаруа депутаттарының уездік және губерниялық Советтерінің өкілдері қатысқан Бүкілроссиялық II съезі 1917 жылгы 25 октябрьде Петроградта ашылды. Съезд небәрі — 25 және 26 октябрьде— екі мәжіліс өткізді. Съездің ашылар кезінде 649 делегат келді. Съездегі ең үлкен фракция большевиктердің фракциясы болды, олардың делегаты 390 адам еді. Съезд ашылғаннан кейін көп ұзамай-ақ, меньшевиктер, оңшыл эсерлер және бундшылдар социалистік революцияны мойындаудан бастартып, съезден кетіп қалды.

Советтердің II съезі өкімет билігінің Советтер қолына өткендігін жарыялап, бірінші Совет үкіметін — Халық Комиссарлары Советін құрды. Халық Комиссарлары Советінің председателі болып В. И. Ленин, ұлттар істерінің халық комиссары болып — И. В. Сталин сайланды. —*407*.

[87] Ел қорғау жөніндегі комиссия немесе атқару комитеті — жұмысшы және солдат депутаттары Советінің эсерлік-меньшевиктік Орталық атқару комитетінің тарапынан 1917 жылғы 7 августа шақырылған ел қорғау кеңесінде белгіленді. Ел қорғау жөніндегі атқару комитеті Уақытша үкіметтің буржуазиялық-помещиктік контрреволюцияның мүдделерін көздеп жүргізілген соғыс шараларын қолдап отырды (революцияшыл әскерлерді Петроградтан кетіру, т. т.). — *419*.

[88] Мұнда В. И. Ленин жазған және 1917 жылғы 10 октябрьде РСДЖП(б) Орталық Комитетінің мәжілісінде қабылданған қарар туралы айтылып отыр (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, XXI том, 330-бет). — *439*.

ӨМІРБАЯН ХРОНИКАСЫ

(март — октябрь 1917)

12 март.	1917 жылғы февраль революциясы Турухан айдауынан азат еткен И. В. Сталин Петроградқа келеді.
14 март.	И. В. Сталиннің «Жұмысшы және солдат депутаттарының Советтері туралы» деген мақаласы «Правда» газетінің 8-номерінде басылды.
15 март.	РСДЖП(б) Орталық Комитеті бюросының кең кеңесінде И. В. Сталин «Правда» газетінің редакциясына енгізіледі.
16 март.	И. В. Сталиннің «Соғыс туралы» деген мақаласы «Правда» газетінің 10-номерінде басылды.
18 март	Партия Орталық Комитетінің Бюросы И. В. Сталинді жұмысшы және солдат депутаттарының Петроградтық Советі Атқару комитетінің құрамына делегат етеді.
	И. В. Сталиннің «Орыс революциясының жеңіс шарттары туралы» деген мақаласы «Правда» газетінің 12-номерінде басылды.

3 апрель.	И. В. Сталин мен М. И. Ульянова Питер және Сестрорецкі жұмысшылары мен жұмысшы әйелдерінің делегациясымен бірге Белоостров станциясында (Финляндия темір жолы) эмиграциядан қайтқан В. И. Ленинді қарсы алып, оны Петроградқа ертіп барады.
4 апрель.	И. В. Сталин большевиктер партиясының басшы қайраткерлерінің кеңесіне және большевиктер мен меньшевиктердің — Советтердің Бүкілроссиялық кеңесі делегаттарының біріккен мәжілісіне қатысады; онда В. И. Ленин өзінің Апрель тезистерін баяндады.
6 апрель.	И. В. Сталин Орталық Комитет Бюросының мәжілісіне қатысады. В. И. Лениннің Апрель тезистері туралы мәселе жөнінде жарыссөзге шығып сөйлейді.
8 апрель.	И. В. Сталин Петроград Советі Атқару комитетінің «Бостандық заёмы» дегенді қуаттау жөніндегі қарарына қарсы бағытталған наразылық арызға қол қояды.
14 апрель.	И. В. Сталиннің «Жер шаруаларға берілсін» деген мақаласы «Правда» газетінің 32-номерінде басылды.
14 — 22 апрель.	И. В. Сталин РСДЖП(б)-ның Петроградта болған жалпықалалық конференциясының жұмыстарына қатысады.
18 апрель.	И. В. Сталин Васильев Аралының Биржа алаңында болған бірінші май митингісінде «Уақытша үкімет туралы» сөз сөйлейді.
	И. В. Сталиннің «Бірінші май» деген мақаласы «Правда» газетінің 35-номерінде басылды.

20 апрель.	Милюковтың 1917 жылғы 18 апрельдегі нотасына байланысты Мария сарайында шақырылған, Уақытша үкімет пен Мемлекеттік думаның Уақытша комитеті мүшелерінің жұмысшы және солдат депутаттарының Петроградтық Советі Атқару комитетінің өкілдерімен бас қосқан кеңесіне И. В. Сталин Петроград Советі атқару комитетінің мүшесі ретінде қатысады.
24 — 29 апрель.	В. И. Ленин мен И. В. Сталин большевиктер партиясының Бүкілроссиялық VII (Апрель) конференциясының жұмысын басқарады.
24 апрель.	Конференцияда И. В. Сталин қазіргі кезен жөніндегі лениндік қарарды жақтап сөз сөйлейді және В. И. Лениннің баяндамасы бойынша қарар жазатын комиссияға сайланады.
29 апрель.	Конференцияда И. В. Сталин ұлт мәселесі жөнінде баяндама жасап, қортынды сөз сөйлейді. Партияның Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланады.
4 май.	И. В. Сталиннің «Революциядан қалып қойғандар» деген мақаласы «Правда» газетінің 48-номерінде басылды.
10 май.	И. В. Сталин РСДЖП(б) Петроградтық комитетінің мәжілісіне қатысып, Петроград комитетінің ұйымдастыру құрылымы туралы және муниципалдық сайлау мәселелері туралы сөз сөйлейді.
14 май.	Васильев Аралындағы Фондылық биржа үйінде эстон жұмысшылары мен солдаттарының клубы ұйымдастырған концерт-митингіде И. В. Сталин ұлт мәселесі жөнінде сөз сөйлейді.

21, 24 және 26 май.	И. В. Сталиннің «Муниципалдық науқан» деген мақаласы «Правда» газетінің 63, 64 және 66-номерлерінде басылды.
Май.	Большевиктер партиясы Орталық Комитетінің Саяси бюросы құрылады, оның құрамына И. В. Сталин енеді, содан бері оның ауыспас мүшесі болып келеді
3 — 24 июнь.	И. В. Сталин жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкілроссиялық I съезінің мәжілістеріне қатысады.
6 июнь.	В. И. Ленин мен И. В. Сталин Партия Орталық Комитетінің кең мәжілісіне қатысады. И. В. Сталин Лениннің жұмысшылар мен солдаттардың бейбіт демонстрациясын ұйымдастыру туралы ұсынысын қуаттайды.
	РСДЖП(б) Петроградтық комитетінің демонстрация туралы мәселеге арналған жабық мәжілісінде И. В. Сталин Петроградтағы саяси жағдайды шолып сөз сөйлейді.
10 июньге қараған түні.	В. И. Ленин мен И. В. Сталин Советтердің Бүкілроссиялық I съезіндегі большевиктер фракциясының мәжілісіне, онан кейін РСДЖП(б) Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады. В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің ұсынысы бойынша Орталық Комитет 10 июньге белгіленген демонстрацияны өткізбеу туралы қаулы алады.
	В. И. Ленин мен И. В. Сталин мезгілсіз түнде Орталық комитеттің демонстрацияны өткізбеу туралы қаулысына сәйкес «Правдаға» материалдар дайындап, Орталық Комитеттің нұсқауларын жазады.

13 июнь.	И. В. Сталиннің «Кеше және бүгін (Революция кризисі)» деген мақаласы «Солдатская Правда» газетінің 42-номерінде басылды.
15 июнь.	И. В. Сталиннің «Петроградтағы муниципалдық сайлаудың қортындылары жөнінде» деген мақаласы «РСДЖП Орталық Комитетінің жанындағы Баспасөз Бюросы бюллетендерінің» 1-номерінде басылды.
16 — 23 июнь.	В. И. Ленин мен И. В. Сталин РСДЖП(б)-ның майдандағы және тылдағы әскери ұйымдарының Бүкілроссиялық конференциясының жұмысына басшылық етеді.
17 июнь.	И. В. Сталин большевиктер партиясы Орталық Комитетінің атынан РСДЖП(б)-ның майдандағы және тылдағы әскери ұйымдарының Бүкілроссиялық конференциясын құттықтайды.
	РСДЖП(б)-ның Орталық Комитеті мен Петроградтық комитетінің «Петроградтың барлық еңбекшілеріне, барлық жұмысшылары мен солдаттарына» деген, И. В. Сталин жазған үндеуі «Правда» газетінің 84-номерінде басылды.
20 июнь.	Советтердің Бүкілроссиялық I съезі И. В. Сталинді Орталық атқару комитетінің мүшесі етіп сайлайды.
21 июнь.	РСДЖП(б)-ның майдандағы және тылдағы әскери ұйымдарының Бүкілроссиялық конференциясында И. В. Сталин «Ұлт қозғалысы және ұлт полктері туралы» баяндама жасайды. Конференция ұлт мәселесі жөнінде И. В. Сталин ұсынған қарарды қабылдайды.

22 июнь. Орталық атқару комитетінің мәжілісінде И. В. Сталин большевиктер фракциясынан жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Орталық атқару комитетінің Бюросына сайланады.

РСДЖП(б)-ның Орталық Комитеті, Петроград комитеті және әскери ұйымы мүшелерінің арнаулы кеңесінде И. В. Сталин өсіп келе жатқан контрреволюцияға қарсы батыл шаралар қолдануды талап етіп Орталық атқару комитетіне большевиктер фракциясының берген арызын баяндайды.

1 — 3 және 16 — 20 июль. И. В. Сталин мен Я. М. Свердлов большевиктер партиясының Петроградтық ұйымының екінші (төтенше) конференциясының жұмысын басқарады.

3 июль. Большевиктер партиясының Орталық Комитеті бұқараны стихиялы түрде туған демонстрациядан тоқтату үшін И. В. Сталиннің басшылығымен бірқатар шаралар қолданады; қозғалысты тоқтатуға болмайтындығы айқындалған кезде, демонстрацияға бейбіт және ұйымдасқан түр беру үшін, Орталық Комитет демонстрацияға қатысуға қаулы етеді.

4 июль. И. В. Сталин Орталық атқару комитетінің мәжілісінде В. И. Ленин мен большевиктерге жабылған жаланың таралуына тыйым салуды талап етеді.

6 июль. И. В. Сталин Петропавл қамалына барады, онда ол революцияшыл матростарға қарулы қимыл жасаудан тартыну керектігін ұғындыра біледі. И. В. Сталин Петроградтың әскери округі штабының матростарға қарсы қарулы күш жұмсау туралы бұйрығын бұзғызады.

7 — 8 июль.	И. В. Сталин және Г. К. Орджоникидзе В. И. Ленинмен бірге Лениннің Петроградтан жүріп кетуі туралы мәселені шешеді.
8 — 11 июль.	И. В. Сталин В. И. Лениннің Петроградтан жүріп кетуіне жағдай жасайды.
11 июль.	И. В. Сталин мен С. Я. Аллилуев В. И. Ленинді Приморскі вокзалына ұзатып салады, ол сол жерден поезбен Разлив станциясына жүріп кетеді.
11 июль — 7 октябрь.	И. В. Сталин құпия жағдайға көшкен В. И. Ленинмен тығыз байланыс жасайды және оның нұсқаулары бойынша большевиктер партиясының Орталық Комитетінің жұмысына тікелей басшылық етеді.
15 июль.	И. В. Сталиннің «Саптарыңды нығайтыңдар» деген мақаласы «Пролетарское Дело» атты Кронштадт газетінің 2-номерінде басылды.
16 июль.	И. В. Сталин РСДЖП(б) Петроградтық ұйымының екінші (төтенше) конференциясының таңертеңгі мәжілісінде июль оқиғалары туралы Орталық Комитеттің есепті баяндамасын жасайды, кешкі мәжілісінде—қазіргі кезең туралы баяндама жасап, қортынды сөз сөйлейді.
20 июль.	И. В. Сталин конференцияда жұмысшы және солдат депутаттарының Петроградтық Советін қайта сайлау мәселесі жөнінде және басқа мәселелер жөнінде жарыссөзге шығып сөйлейді.
20 — 23 июль.	И. В. Сталин «Петроградтың барлық еңбекшілеріне, барлық жұмысшылары мен солдаттарына» деген үндеу жазады; ол үндеу

	«Рабочий и Солдат» газетінің 2-номерінде басылды.
23 июль.	И. В. Сталиннің «Не болды?» және «Контрреволюцияның жеңісі» деген мақалалары «Рабочий и Солдат» газетінің 1-номерінде басылды.
26 июль — 3 август.	И. В. Сталин мең Я. М. Свердлов большевиктер партиясының VI съезінің жұмысына басшылық етеді.
27 июль.	И. В. Сталин съезде Орталық Комитеттің есепті баяндамасын жасап, қортынды сөз сөйлейді.
30 июль.	И. В. Сталин съезде саяси жағдай туралы баяндама жасайды.
31 июль.	И. В. Сталин съездегі делегаттар тобының қойған сұрақтарына жауап қайырады және саяси жағдай туралы баяндама бойынша қортынды сөз сөйлейді.
31 июль — 3 август.	И. В. Сталин саяси жағдай туралы қарар дайындауға VI съезд белгілеген комиссияның жұмысын басқарады.
3 август.	И. В. Сталин съезге саяси жағдай туралы қарарды баяндайды.
	И. В. Сталин большевиктер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланады.
4 август.	Партия Орталық Комитетінің пленумы И. В. Сталинді «Рабочий и Солдат» газетінің редакторы етіп сайлайды.
5 август.	Партия Орталық Комитетінің пленумы И. В. Сталинді Орталық Комитеттің шағын құрамына сайлайды.

6 август.	И. В. Сталин Партия Орталық Комитетінің шағын құрамының мәжілісіне катысады; онда РСДЖП (большевиктер) Орталық Комитетінің Москва кеңесі туралы қарары бекітіледі.
8 август.	И. В. Сталиннің «Москва кеңесіне карсы» деген мақаласы «Рабочий и Солдат» газетінің 14-номерінде басылды.
9 август.	И. В. Сталиннің «Тағыда Стокгольм туралы» деген мақаласы «Рабочий и Солдат» газетінің 15-номерінде басылды.
13 август.	И. В. Сталин большевиктер партиясы Орталык Комитетінің тапсыруы бойынша партияның Орталық Органы — «Пролетарий» газетінің шығуын ұйымдастырады.
	И. В. Сталиннің «Контрреволюция және Россия халықтары» деген мақаласы «Пролетарий» газетінің 1-номерінде басылды.
16 август.	Орталык Комитет И. В. Сталинді Стокгольм конференциясы туралы карар жазатын комиссияға сайлайды.
17 август.	И. В. Сталин РСДЖП(б) Нарва аудандык комитетінің үйінде «Социал-демократия және калалык сайлау» деген тақырыпта солдаттарға арнап лекция оқыйды.
18 август.	И. В. Сталиннің «Майдандағы жеңілісіміз туралы шындык» және «Майдандағы июль жеңілісінің себептері туралы» деген мақалалары «Пролетарий» газетінің 5-номерінде басылды.

22 август. — И. В. Сталиннің «Провокациялар кезеңі» деген мақаласы «Пролетарий» газетінің 8-номерінде басылды.

25 август. — И. В. Сталиннің «Не олай — не былай» деген мақаласы «Рабочий» газетінің 1-номерінде басылды.

27 август. — Орталық атқару комитетінің мәжілісінде саяси жағдай туралы большевиктер фракциясының И. В. Сталин жазған қарары жарияланады.

28 август. — И. В. Сталиннің «Біз талап етеміз» деген мақаласы «Рабочий» газетінің 4-номерінде басылды.

30 август. — И. В. Сталин партия Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады; онда контрреволюциялық Корнилов аттанысына қарсы күресу мәселесі талқыланды.

31 август. — И. В. Сталин өкімет туралы декларацияны талқылаған Орталық Комитет мәжілісіне қатысады. Партияның Орталық Комитеті И. В. Сталинге Орталық Комитеттің пленумында қазіргі кезеңді шолып баяндама жасауды тапсырады.

И. В. Сталиннің «Буржуазиямен келісуге қарсы күресейік» деген мақаласы «Рабочий» газетінің 9-номерінде басылды.

Август — октябрь. — И. В. Сталин РСДЖП(б)-ның: «Пролетарий», «Рабочий» және «Рабочий Путь» деген атпен шығып тұрған Орталық Органын редакциялайды.

6 сентябрь. И. В. Сталиннің «Өз жолымен» деген мақаласы «Рабочий Путь» газетінің 3-номерінде басылды.

9 сентябрь. И. В. Сталиннің «Екінші толқын» деген мақаласы «Рабочий Путь» газетінің 6-номерінде басылды.

15 сентябрь. Партия Орталық Комитетінің мәжілісінде И. В. Сталин В. И. Лениннің «Большевиктер өкіметті алуға тиісті», «Марксизм және көтеріліс» деген хаттарын өртеуді талап еткен Каменевке қарсы шығып, ол хаттарды аса ірі партия ұйымдарына талқылау үшін жіберуді ұсынады.

17 сентябрь. И. В. Сталиннің «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деген мақаласы «Рабочий Путь» газетінің 13-номерінде басылды.

21 сентябрь. Демократиялық кеңестің большевиктер фракциясының мәжілісінде И. В. Сталин баяндама жасайды, онда В. И. Лениннің предпарламентке бойкот жариялау туралы нұсқауын қоргайды.

23 сентябрь. Партияның Орталық Комитеті Құрылтай жыйналысына большевиктерден ұсынылған кандидаттардың тізімін бекітеді. Кандидаттардың ішінде—В. И. Ленин мен И. В. Сталин бар.

27 сентябрь. И. В. Сталиннің «Буржуазия диктатурасының үкіметі» деген мақаласы «Рабочий Путь» газетінің 21-номерінде басылды.

28 сентябрь. И. В. Сталин Василеостров ауданы большевиктерінің жыйналысында Демократиялық кеңес туралы баяндама жасайды.

29 сентябрь. Партияның Орталық Комитеті сайлау округтері бойынша Құрылтай жиналысына ұсынылған кандидаттардың тізімін жариялау туралы қаулы алады. И. В. Сталиннің кандидатурасы Петроград, Екатеринослав, Закавказье, Ставрополь сайлау округтерінде ұсынылады.

И. В. Сталиннің «Күтерсіздер — күдер үзерсіздер...» — деген мақаласы «Рабочий Путь» газетінің 23-номерінде басылды.

5 октябрь. И. В. Сталин Орталық Комитеттің мәжілісіне қатысады. Сталиннің ұсынысы бойынша Орталық Комитет Солтүстік облысы Советтері съезінің мәжілістері күндерінде Орталық Комитеттің мүшелері, петроградтық және москвалық партия қызметкерлері қатысатын партия кеңесін шақыруға ұйғарады.

8 октябрь. И. В. Сталин Петроградқа құпия түрде қайтып келген В. И. Ленинге жолығады және онымен бірге қарулы көтерілісті дайындау мәселелерін талқылайды.

10 октябрь. В. И. Ленин мен И. В. Сталин партия Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады. Орталық Комитет В. И. Лениннің қарулы көтеріліс туралы қарарын қабылдайды және көтерілісті басқару үшін В. И. Ленин мен И. В. Сталинді бастық етіп жеті адамнан Орталық Комитеттің Саяси бюросын құрады.

И. В. Сталиннің «Контрреволюция күш жинауда, — тойтарыс беруге әзірленіңдер» деген мақаласы «Рабочий Путь» газетінің 32-номерінде басылды.

15 октябрь. И. В. Сталиннің «Сұрқиялық емтиханы» және «Революцияның штрейкбрехерлері» деген мақалалары «Рабочий Путь» газетінің 37-номерінде басылды.

16 октябрь. В. И. Ленин мен И. В. Сталин большевиктер партиясы Орталық Комитетінің кең мәжілісін басқарады. И. В. Сталин қарулы көтеріліс мәселесі жөнінде сатқыншылық істеген Каменев пен Зиновьевтің сөздерін қатты сынайды. Мәжілісте бастығы И. В. Сталин болып көтерілісті басқаратын Партия орталығы сайланады.

20 октябрь. И. В. Сталин партия Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады; Каменев пен Зиновьевтің штрейкбрехерлігі туралы В. И. Лениннің хатын Орталық Комитеттің пленумында талқылауды ұсынады.

И. В. Сталин Петроград Советінің Әскери-революциялық комитетінің бірінші мәжілісіне қатысады.

И. В. Сталин Петроград кәсіпшілік одактары өкілдерінің Смольныйда болған жыйналысында қарулы көтерілісті дайындау мәселесі жөнінде сөз сөйлейді.

21 октябрь. И. В. Сталин партия Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады. Орталық Комитет Петроград Советінің Атқару комитетінде большевиктердің ықпалын күшейту үшін оның құрамына Сталин мен Дзержинскийді енгізуге қаулы етеді; Орталық Комитет Советтердің Бүкілроссиялық II съезіне: жер туралы, соғыс туралы, өкімет туралы (В. И. Ленин), ұлт мәселесі туралы

(И. В. Сталин) баяндамалар мен тезистер дайындау жөнінде Сталиннің ұсынысын қабылдайды; съездің большевиктер фракциясына басшылық ету үшін Сталин мен Свердлов белгіленеді.

24 октябрь. Таңертеңгі сағат 11 де «Рабочий Путь» газетінің кезекті номері шығады, онда И. В. Сталиннің Уақытша үкіметті құлатуға шақырған «Біз не істеуіміз керек?» деген мақаласы басылады.

И. В. Сталин Советтердің Бүкілроссиялық II съезіндегі большевиктер фракциясының мәжілісінде саяси жағдай туралы баяндама жасайды.

Кешке Смольныйға В. И. Ленин келеді. И. В. Сталин оған саяси оқиғалардың барысы туралы баяндайды.

24 — 25 октябрь. В. И. Ленин мен И. В. Сталин Октябрь қарулы көтерілісіне басшылық етеді.

МАЗМҰНЫ

Тираж 50 тысяч экз. (1—25000).
Сдано в набор 20 XI 1947 г.
Подписано к печати
10 I—29 III 1948 г.
Объем 30,75 п. л.
Зак. № 88.
Цена 6 руб.

*

Гостипография № 2
Управления полиграфии и издательств
при Совете Министров Казахской ССР
АЛМА-АТА